

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

ӘӨЖ: 373.2.013.42

Қолжазба құқығында

УМИРБЕКОВА АКЕРКЕ НУРЛАНБЕКОВНА

**Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын
дамыту**

6D010200-Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші:
п.ғ.д., профессор
Жұмабаева А.Е.

Шетелдік ғылыми
кеңесші:
доктор, профессор
Барбара Дринк

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2018

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
КІРІСПЕ.....	6
1 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЗИЯТТЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	16
1.1 «Зияттылық», «әлеуметтік зияттылық» ұғымдарының мәні, құрылымы және мазмұны.....	16
1.2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту жаңартылған мазмұн жағдайындағы оның субъектілігін жетілдіру құралы ретінде.....	46
1.3 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі.....	67
2 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЗИЯТТЫЛЫҒЫН ДАМУ ӘДІСТЕМЕСІ.....	98
2.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың бастапқы деңгейлерінің диагностикасы.....	98
2.2 Әлеуметтік зияттылықты дамытудың әдістемесін жүзеге асыру.....	117
2.3 Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген қалыптастырушы эксперимент және оның нәтижелері.....	134
ҚОРЫТЫНДЫ.....	153
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	155
ҚОСЫМШАЛАР.....	165

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сәйкес сілтемелер пайдаланылған:

Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319-III Заңы. (Редакция 01.01.2016 жылы берілген өзгерістер мен толықтырулармен) ИС BestProfi © 22.04.2016.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы.

Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Халыққа Жолдауы. Астана, 2018ж. 10 қаңтар.

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Жалпы бастауыш білім. – Алматы. 2008

ҚР МЖМБС 5.04.019-2008 «Жоғары білім. Бакалавриат. Негізгі ережелер». – Астана, 2008. – 18б.

ҚР МЖМБС 6.08.012-2009 «5B010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы ҚР МЖМБС. Астана, 2009.

ҚР МЖМБС 6.08.059-2010 «5B010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы ҚР МЖМБС. Астана, 2010.

ҚР МЖМБС 5.04.019-2011 «Жоғары білім. Бакалавриат. Негізгі ережелер». – Астана, 2011. – 17б.

ҚР МЖМБС 6.08.012-2012 «5B010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы ҚР МЖМБС. Астана, 2012.

ҚР МЖМБС 6.08.012-2013 «5B010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы ҚР МЖМБС. Астана, 2013.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген ЖББ МЖМС (ҚР Үкіметінің 13.05.2016 №292 өзгертулермен).

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Зияттылық – зияттылық - (лат. *intellectus* — таным, ұғыну, аңдау) — жеке тұлғаның ақыл-ой қабілеті. Ақыл-ой сезімі адамның таным әрекетімен байланысты. Зияттылық - адамның болмысты тануының негізгі нысаны. Зияттылық - ақпаратты мақсатты бағытта қайта өңдеуге, реттеуге, оқуға қабілеттіліктің күрделі жүйелерінің танымдық іс-әрекеті.

Әлеуметтік - (социальное– латынның «socialis» – «бірге», «жолдастық», «қауымдық» деген сөзінен шыққан) – социологияның категориясы ретінде: 1) адамның қоғамдық өмірінің мәнін; 2) адамның бір-бірінен айырмашылығын; 3) адамның табиғаттың ажырамас бөлігі екендігін; 4) қоғамдық жүйелер құрылымдарын тиімдірек пайдалану жолдарын көрсету үшін қолданылады.

Әлеуметтік зияттылық – әлеуметтік зияттылық адамның ерекше бір мүмкіндігі, ол оның әлеуметтік іс-әрекет аясы, қарым-қатынас және әлеуметтік өзараәрекеттестіктер үдерісінде қалыптасады. Әлеуметтік зияттылық тұлғаның жеке-дара сапасы. Осы негізде әлеуметтік зияттылық тұлғаның өз-өзіне қатынасын, өз іс-әрекетінің нәтижесін болжамдап білуді, өзіндік мінез-құлқын тануды көрсетеді.

Субъективтілік - субъектілік тұлғаның белсенділік, дербестік, бастамашылдық, жауапкершілік сияқты қасиеттердің даму дәрежесін анықтай алады. Субъектілік ұғымы индивид, психикалық іс-әрекет субъектісі және тұлға қасиеттерінің, ерекшеліктерінің өзара байланысуын, ықпалдасуын танытатын категория деңгейіне танылады. Ол тұлғаның дүниетанымын, қатынастарын, мұрат-мүддесін, сенімін, бағыттылығын, даралығын, рухани-адамгершілік сипатын, іс-әрекетін, қарым-қатынас жасау әлеуетін, ерік-жігерін, қылықтарын анықтайтын жүйелі қасиет болап табылады.

Қарым-қатынас – адамдар арасында бірлескен іс-әрекет қажеттілігінен туындайтын, байланыс орнату қажеттілігін арттырушы күрделі үдеріс, екі немесе одан да көп индивидтер арасындағы танымдық немесе эмоционалды ақпарат, тәжірибе, білімдер, біліктер, дағдылар алмасу.

Үйлесімділік - білім беру бағдарламасын жаңарту тұрғысынан білім беру бағдарламасы қалай қабылданып, қалай іс жүзінде орындалатынына қатысы бар барлық компоненттер бірлесіп әрекет етіп, бір-бірін толықтырып, нығайтуы.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР МЖМБС – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

ЖОО – жоғары оқу орны

БОПӨ – бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

ҚРЗ – Қазақстан Республикасының Заңы

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Бүгінгі таңда білім мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жүйе мен адами капиталдың басты факторы болып отыр. Әлемдік білім контекстінде жоғары білім беру саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру және білім берудің ұлттық моделін қалыптастыру сынды заманауи мәселелер бізге болашақта дамудың басым бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді. Демек, еліміздің адами капиталы өркендеген мемлекет ретінде қалыптасуы жоғары білім беру жүйесінің дәрежесінің өсуін міндеттейді.

Қазіргі заманда әлем дамуының жаңа тенденциялары, экономикалық, әлеуметтік, мәдени өзгерістер жоғары білімнің осы жағдайларға бейімделуін талап етеді.

Қоғам сұранысына қарай, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қоғамның негізгі капиталына зияткерлік және адамның жасампаз іс-әрекетті жүзеге асыру мүмкіндігі көрсетіледі [1]. Бұл тұста Қазақстанның заманауи білім беру жүйесінің басты міндеті – болашақ маманның әлеуметтік зияттылығын сақтау, оны демеу және дамыту болып табылады делінген.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Халыққа Жолдауында білім берудің жаңа сапасы жоғары білім беру ісінде жасанды интеллектпен және «үлкен деректермен» жұмыс істеу үшін ақпараттық технологиялар бойынша білім алған түлектер санын көбейту керек, - деп белгіленген [2]. Ендеше бәсекеге қабілетті ұлт, ұлттық сана сезімі мол білікті маман иесі болу үшін, қарқынды цифрлық өсу заманында жеке дамуға қажетті ақпаратты саналы түрде іріктей алуының, қарым-қатынас мүмкіндіктеріне сананың ашық болуы әлеуметтік зияттылық өрістеуімен тікелей байланыста болмақ.

Осы орайда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 3-бабы бойынша білім беру саясаты қағидаларының бірінде: «...әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігінің болуы», - делінген [3]. Жалпы алғанда, жоғарыдағы құжаттардағы талдаулар білім беру мекемелері мен оның басқа да субъектілері үшін бағдарламалық идея болып табылады.

Интеллектуалды (зияткер) ұлт болу үшін болашақ маманның ғылыми, кәсіби, мәдени ақпаратына, білімі және біліктілігіне, педагогикалық-психологиялық, адамгершілік ерекшеліктері мен әлеуметтік ұжымда өзін-өзі ұйымдастыра, басқара алуына баса назар аудару қажеттігі туындап отыр. Ендеше, бүгінде жоғары білім беру жүйесінің ең басты міндеттерінің бірі «ұлттық интеллектінің ұйытқысын» жасау, халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау. Бәсекеге қабілетті маманның маңызды

қасиеттерінің қатарында жасампаз ой, алған білімді іске жарату, жаңа шешімдер қабылдау, айналадағы ақиқаттың заңдылығын тез игеру қабілеті болуы шарт. Аталған қасиеттерді жетілдіру ең алдымен, университет түлектерінде, соның ішінде бастауыш білімнің үздіксіз білім беру жүйесіндегі алғашқы басқыш екенін ескере отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық, ғылыми, экономикалық, әлеуметтік және мәдени салаға тартудың, олардың академиялық, ғылыми-зерттеу жұмыстарының интеграциясының, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың алғышарттарын жасауды талап етеді.

Жоғары білім берудің көп деңгейлі құрылымы, жоғары оқу орнының халықаралық білім беру жүйесіне жоспарлы интеграциялануы және оларды қоғамның талаптарына сай басқару мәселелері білім беру саласына адамның кәсіби жетілуіндегі жаңа тетіктерді енгізуді талап етуде. Сондықтан қоғамның қазіргі даму жағдайында білім беру жүйесіне, маман дайындау сапасына және көбінесе жоғары оқу орнында іргетасы қаланатын кәсіби маңызды қасиеттердің қалыптасу деңгейіне жоғары сұраныстар қойылады. Бұл өз кезегінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби деңгейін арттырудағы өзекті мәселе болмақ. Болашақ педагог мамандар келешектің еншісінде тек білім беруші ғана емес, ол өз шәкірттерінің әлеуметтік-тұлғалық саладағы жетістіктеріне де үлесін қосуына, бағыт-бағдар беруіне болады. Ол үшін педагогтың өзі кәсіби іс-әрекетте де, әлеуметтік өмірде де табысты, бәсекеге қабілетті, зиялы тұлға болуы шарт.

Жоғары білімнің мәні бойынша жоғары оқу орындарының басты мақсаты ретінде реформа жағдайында өзіндік өмірлік және кәсіби траекториясын таба алатын; білгеннен іс-әрекетке көше алатын, өзіндік ішкі мүмкіндіктерін мейлінше кең дәрежеде таныта алатын мамандарды тәрбиелеп шығаруды айта аламыз.

Қазіргі кезде жоғары білімнің мақсатына жаңаша көзқараспен қарасақ, оны дамытудың стратегиялық бағдары – өмірге жауапкершілікпен қарайтын, дүниетанымдық мәдениеті жетілген, зияттылығы дамыған, іскерлік қабілеттілігіне қарым-қатынас жасаудағы мәдениеттілігі сай келетін, гуманистік ойлауы басым білікті мамандардың жаңа ұрпағын қалыптастыру болады.

Жоғары оқу орны болашақ маманның кәсіби қызметінің алдындағы шешім қабылдағыш, жауапты, белсенді, бастамашыл болуын қамтамасыз ететін баспалдағы болғанымен, болашақ педагогтардың әлеуметтік зияттылығын дамыту мәселесінің терең зерделенбеуінен өзекті мәселеге айналып отыр.

Ғылым терминологиясына «әлеуметтік зияттылық» ұғымының енуі 1920 жылы Э. Торндайк есімімен байланысты [4]. Зерттеу мәселесіне қатысты алыс шетел ғалымдарының еңбектерінде Г. Айзенк [5], С. Спирмен [6], Дж. Гилфорд [7], Л.Л. Терстоун [8], Дж. Кильстром [9], Г. Оллпорт [10], Х. Гарднер [11], Р. Селман [12], Р. Стернберг [13] әлеуметтік зияттылықты тұлғааралық жағдайларда жетістікке жету мүмкіндігі ретінде анықтап, құрылымы, қызметі, қалыптасу, даму мәселесі, кәсіби іс-әрекеттегі рөліне байланысы мазмұны

ашылады. Әлеуметтік зияттылық зерттелу кезеңдеріне сәйкес бірқатар ғалымдар өзіндік анықтамаларын беріп өткен: психометриялық амал бағытында: өзге адамдармен дұрыс қарым-қатынас құру, әлеуметтік әдістер кешенін игеру, әлеуметтік мәселелер мен сұрақтарды білу, әлеуметтік топ мүшелерінен шығатын түрткілерге сезімталдылық, өзге адам тұлғалық сипаттамаларын түсіну және оған ену (Ф. Вернон, 1933), әлеуметтік жағдайларды бағалау, адам іс-әрекетін бақылау, әлеуметтік ақпарат (Дж. Вашингтон, 1938), әлеуметтік перцепция, әлеуметтік байқампаздық пен әлеуметтік білім (С.М. Вонг, Дж. Дэй, С. Максвелл, Н. Мира, 1995).

Кейінгі жылдары жақын шетел ғалымдары арасында «әлеуметтік зияттылық» ұғымын алғашқыларының бірі болып М.И. Бобнева [14] қарастырған. Өз еңбектерінде А.А. Бодалев, Б.Ф. Ломов, С.В. Кондратьева, Н.В. Кузьмина, В.Н. Куницына, Ю.Н. Емельянов, В.А. Лабунская, Е.С. Михайлова, М.В. Молоканов, С.А. Рахманкулова, Д.В. Ушаков, А.Л. Южанинова секілді ғалымдар әлеуметтік зияттылық ұғымының теориялық амалдарын, дамыту тетіктері мен үдерістерін, құрылымдық теорияларын, өлшеу әдістерін зерттеген.

Бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау мәселесі, бастауыш білім беру мен бастауыш сынып мұғалімін даярлаудың тарихы мен дамуын және білім беру интеграциясын Т.С. Сабыров [15], Р.М. Қоянбаев [16], Р.К. Бекмағамбетова [17], Қ.Т. Ыбыраимжанов [18], Ә.М. Мұханбетжанова [19] және т.б. ғалымдар зерттеген еңбектер бастауышта оқытуды жетілдіруге, мұғалімдерді даярлаудың сапасын арттыруға қосылған үлес болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларын дамытуда әдіснамалық, технологиялық, дидактикалық және әдістемелік аспектілері: Ш.Х. Құрманалина [20], К.А. Аймағамбетова [21], С.Р. Рахметова [22], А.Е. Жұмабаева [23], Ә.С. Әмірова [24], Т.Қ. Оспанов [25], Қ. Жеделов [26], Қ.А. Сарбасова [27], Ж.Т. Қайыңбаев [28], Г.И. Уәйісова [29], А.Т. Тұралбаева [30], Ә. Уайдуллақызы [31] және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде көрініс тапқан.

Адамның жан-жақты қалыптасуы мен дамуының педагогикалық-психологиялық негіздерін Ю.В. Варданян [32], С.М. Жақыпов [33], И.А. Зимняя [34], В.Г. Зазыкин [35], Ғ.М. Кертаева [36], Н.В. Кузьмина [37], А.К. Маркова [38], А.В. Мудрик [39], Ж.Ы. Намазбаева [40], Х.Т. Шерьязданова [41], Б.А. Тұрғынбаева [42], М.А. Абсатова [43], А.Қ. Рысбаева [44], С.Н. Жиенбаева [45] және т.б. өз еңбектерінде көрсете білген. Әрі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайлардың қарқынды өзгерістері студенттердің педагог қызметінде маңызы жоғары болатын тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруды көкейкесті етеді.

Болашақ маманның кәсіби-тұлғалық сапалары мәселесі аясында тұлға дамуына ықпал етудің әр түрлі аспектілері, жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру және дамыту Қ.Ә. Жаманбаева [46], педагогикалық креативтілігін қалыптастыру Қ.М. Нағымжанова [47], әлеуметтік құзырлығын қалыптастыру Ғ.А. Асқарова [48], зияткерлік әлеуетін дамыту Т.Б. Кенжебаева [49] тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамыту К.Т. Куанжанова [50], әлеуметтік

табыстылығын дамыту А.К. Үсенова [51], әлеуметтік зияттылығы дамуының психологиялық ерекшеліктері К.С. Кенжебаева [52].

Дегенмен жоғары білім беру жүйесін дамытуға қатысты көрсетілгендей іргелі және қолданбалы зерттеулердің, әлеуметтік зияттылық мәселелеріне деген жалпы қызығушылықтың барына қарамастан, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуды нәтижелі етуде әлі де өз шешімін таппаған мәселелер бар екендігі белгілі. Жаңартылған мазмұн жағдайындағы білім беру жүйесіндегі өзгерістер болашақ маманның өз кәсіби әрекетінің субъектісі болуын талап етіп отырғанымен, бұл мәселені тиімді шешу жолдарын іздестіруде ғылыми-теориялық негіздердің жеткіліксіздігі бүгінгі күнде сезілуде. Үнемі өзгерістегі заманда болашақ мамандардың әлеуметтік зияттылығын дамыту аса өзекті мәселеге айналып отыр.

Сонымен қатар жоғары оқу орнындағы білім алушының бойында коммуникативтік дағды мен мүмкіндіктердің қалыптасу деңгейінің жоғары болуы, қарым-қатынас стилдері мен тәсілдерін игеріп, түрлі әлеуметтік рөлдерді тану арқылы, оны өз іс-тәжірибесінде қолдана алу қабілеті бүгінгі күн талабынан шығады. Болашақ мамандардың кәсіби іс-әрекеті барысында тиімділігінің артуы, өзге тұлғалармен қалыпты негізде бірлесе жұмыс істей алуы, өзге пікірлерін тыңдап және қабылдай білуі, өз сезімін білдіруі, көптеген қиындық тудырған жағдайларда шешім іздестіруде нәтижелі мінез-құлық танытуында өзіндік өлшемін табады.

Кейінгі жылдары психология ғылымында жалпы зияттылықтан әлеуметтік зияттылықты ажыратып қарастырады. «Адам-адам» саласында қызмет атқаратын, тіршілік ететін тұлғаның қоғамдағы, социумдағы, әлеуметтік ортадағы өзара әрекеттесу деңгейін әлеуметтік зияттылық айқындайды. Тұлғалық, кәсіби қасиеттердің арасында әлеуметтік зияттылықтың педагог қызметінде алатын орны ерекше. Қарым-қатынас үдерісін және адамдардың мінез-құлқын түсіну, өзара қатынастың түрлі жүйелеріне бейімделу ерекшеліктері, ақыл-ой қабілеті – әлеуметтік зияттылықты анықтайды.

Әлеуметтік зияттылық тұлғаның өзара қатынас, өзара әрекеттесу үдерісіндегі тиімділікті қамтамасыз етеді; ол коммуникациялық және зияткерлік қабілеттердің бір-бірімен байланыста дамуын көрсетеді.

Еліміздегі әлеуметтік үдерістердің қиындауы мен жедел түрде дамуы, жаңа әлеуметтік институттардың құрылуы, жаңа әлеуметтік құбылыстардың орын алуы адам бойында тұлғааралық жағдайлар өрбуін болжай алу, ақпаратты интерпретация жасай алу мүмкіндігінің артуын талап етуде. Адамдар жиі жауапты шешім қабылдауды қажет етуші жағдайлар кезінде әлеуметтік өзара әрекеттестікке даяр еместігін танытады, сол негізде әсіресе болашақ педагог мамандардың дайын болуына басты назар бөлінуінің маңыздылығы артады. Әлеуметтік зияттылық адамдар әрекетін, адам сөзін ұғынуды, сонымен қатар вербалды емес әсерлерді түсінуді қамтамасыз етеді. Бұл мүмкіндік тиімді тұлғааралық өзара әрекеттестік пен әлеуметтік бейімделу керектігін туындатады.

Біз, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуға қарасты ғылыми-философиялық, психологиялық-педагогикалық еңбектерді, ЖОО-да болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың нақты тәжірибесін талдау барысында қарастырып отырған мәселенің бұрын-соңды зерттеу нысаны болмағандығын анықтадық.

Осы орайда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуда:

-бүгінгі күн қоғам талабына сәйкес бастауыш буын педагогының әлеуметтік зияттылық кәсіби-сапасын дамыту қажеттілігі мен оны ЖОО-да дамытудың ғылыми негізделуінің жеткіліксіздігі мен жүзеге асыру әдістемесінің болмауы;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімін даярлаудың бүгінгі жағдайы мен ЖОО-да болашақ маманның әлеуметтік зияттылығын дамытудың мүмкіндіктері толық негізде пайдаланылмауы арасында *қарама-қайшылықтардың* бар екендігі анықталды.

Бұл қарама-қайшылықтар педагогика теориясы мен тәжірибесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту тұғырлары, қағидалары, белгілі бір заңдылықтарға негізделуі, аталған мәселені тиімді шешу тетіктерін анықтау қажеттілігін туындатып, оны теориялық-әдіснамалық және әдістемелік деңгейде қарастыруды талап етеді. Зерттеу мәселесінің өзектілігі мен жоғарыда аталған қарама-қайшылықтардың дұрыс шешімін іздестіру зерттеу жұмысының тақырыбын **«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту»** деп таңдауға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуды теориялық тұрғыда негіздеу және оның әдістемесін жасап, тәжірибеден өткізу.

Зерттеудің нысаны: жоғары оқу орнында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау үдерісі.

Зерттеудің пәні: ЖОО-да кәсіби білім алуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту.

Зерттеудің ғылыми болжамы. *Егер*, ЖОО – да педагогикалық үдерісі теориялық тұрғыда негізделіп, әдіснамалық тұғырлары, компоненттері анықталған, мазмұны мен әдістемесі айқындалған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың құрылымдық – мазмұндық моделі шығармашылықпен қолдануға бағытталса, *онда* студенттердің бұл сапасын дамытудың тиімділігі артады, *өйткені* болашақ маманның әлеуметтік дағдыларын іске қосу арқылы зияттылықты дамытудың субъектісі болуы жүзеге асады.

Зерттеудің міндеттері:

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуды теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау;

- «зияттылық», «әлеуметтік зияттылық» ұғымдарын нақтылау.

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау.

- болашақ мұғалімдердің әлеуметтік зияттылығын дамытудың әдістемесін дайындап, тиімділігін эксперименттік-тәжірибелік жұмыстар арқылы тексеру, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беру.

Зерттеудің жетекші идеясы: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың жүйелілік, синергетикалық, көпсубъектілі, тұлғалық іс-әрекеттік, акмеологиялық тұғырларға негізделген түрде дайындалған әдістемесі тұлғада түзілетін кәсіби-тұлғалық мәнді сапаларының (ойлаудың қалыптан тыс жоғарылығы, сәтті қарым-қатынас жасай білуі, кәсіби құзырлылық, субъект-субъект ортасын құрушы, эмпатия және интуицияның болуы, рефлексиялық мәдениетті, суырып салып айтушылық, кәсіби педагогикалық іс-әрекеттегі шеберлік) дамуына мүмкіндік береді.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері: философиялық таным теориясы, жеке тұлға теориясы, психология мен педагогиканың теориялық тұжырымдамалары, әдіснаманың жүйелілік, синергетикалық, көпсубъектілі, тұлғалық іс-әрекеттік, акмеологиялық тұғырлары алынды.

Зерттеу көздері: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007 ж., №319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда (01.01.2016 жылы берілген өзгерістер мен толықтырулармен); Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Зерттеу мәселесі бойынша отандық және шетел ғалымдарының (философиялық, педагогикалық, психологиялық) еңбектері, педагогикалық зерттеулер, арнайы бағдарламалар, мерзімдік ғылыми-әдістемелік ақпараттар, мектептердің іс-тәжірибе жұмыстары, озат педагогикалық тәжірибелер, автордың жеке педагогикалық іс-тәжірибесі алынды.

Зерттеудің негізгі кезеңдері: зерттеу үш кезең бойынша жүргізілді.

Бірінші кезеңде (2014-2015 ж.ж.) зерттеу мәселесі бойынша материалдар жинақталды, философиялық, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік еңбектерге талдау жасалып, шетелдік және отандық тәжірибелер бойынша материалдар жүйеге келтірілді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту жайлы нормативтік құжаттар, болашақ мамандар даярлау, зияттылық және әлеуметтік зияттылық мәселесінің зерттелу жайы анықталып, зерттеудің ғылыми аппараты құрылды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың теориялық негіздері айқындалды. Теориялық зерделеудегі негізгі категориялардың құрылымы және мазмұндық сипаты түзілді.

Екінші кезеңде (2015-2016 ж.ж.) болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлері анықталды. Студенттерге арнап «Тұлғаның әлеуметтік зияттылығын дамыту негіздері» атты элективті курс және студенттерге арналған «Педагогикалық шеберлік» клубының бағдарламасы мен ережесі жасалды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың диагностикасы жасалды, оны оқу-тәрбие үдерісінде қолдану әдістемесі сынақтан өткізіліп, тәжірибеге енгізілді. Қалыптастыру және бақылау эксперименті жүзеге асты.

Үшінші кезеңде (2016-2017 ж.ж.) болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың диагностикасы, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері сараланып, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар мен нұсқаулар әзірленді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуда тәжірибелік-эксперимент жұмыстары негізінде жаңа нәтижеге қол жеткіздік. Ғылыми-зерттеу жұмысы қорытындыланды, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижесі математикалық-статистикалық өңдеуден өтті. Диссертациялық жұмыстың материалдарының дайындалуы мен жариялануы жүзеге асты.

Зерттеу әдістері: теориялық әдістері: философиялық, психологиялық және педагогикалық, әлеуметтік, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, озық іс-тәжірибелерді жинақтау, контент-талдау, салыстыру, жіктеу, интерпретациялау, модельдеу; эмпирикалық әдістер: бақылау, сауалнама, диагностикалау, сараптау; математикалық статистикалық: эксперименттік мәліметтерді өңдеу, сапалық және сандық тұрғыда сараптау әдістері қолданылды.

Зерттеу базасы: тәжірибелік-педагогикалық жұмыс Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті мен Алматы университетінің 5B010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының студенттерімен өткізілді, тәжірибеге қатысқан жалпы студенттер саны -119 студент.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі:

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту теориялық-әдіснамалық тұрғысынан негізделді;
- «зияттылық», «әлеуметтік зияттылық» ұғымдарының мәні нақтыланды.
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлері анықталды.
- болашақ мұғалімдердің әлеуметтік зияттылығын дамытуды қамтамасыз ететін әдістемесі әзірленіп, тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жағдайында дәйектелді, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілді.

Зерттеу жұмысының тәжірибелік маңыздылығы. «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту» атты элективті курс, студенттерге арналған «Педагогикалық шеберлік» ғылыми клубының ережесі мен бағдарламасы дайындалды.

Зерттеу нәтижелерін жоғары және арнаулы оқу орындарының бастауыш сынып мұғалімін дайындайтын факультеттері мен бөлімдерінде, мектептерде, педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру жүйесінде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың маңыздылығы негізгі категорияларының құрылымы мен мазмұндық сипаты арқылы ашып көрсетіледі;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту тұлғаның кәсіби мәнді сапаларының өзегін құрайтын, өзіндік құндылық бағдарларын іске қосуға және субъект-субъект ортасын құруға бағытталған кәсіби іс-әрекетті қамтамасыз етеді; осылайша әлеуметтік зияттылық –

тұлғаның кәсіби жетістікке жетуін, әлеуметтік мінез-құлық пен әлеуметтік ақпарат интерпретациясын шарттайтын, өз өмірінің белсенді құрылысшысы ретіндегі жоспар құра алуын, бәсекеге қабілетті маман иесі болуын, сапалы білім меңгеруге арналған тиімді іс-әрекетті жүзеге асыруын қамтамасыз ететін тұлғалық-кәсіби құрылым.

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жүйелілік, синергетикалық, көпсубъектілік, тұлғалық іс-әрекеттік, акмеологиялық тұғырларға негізделген өлшемдер мен көрсеткіштердің айқындалуы арқылы мотивациялық, мазмұндық, рефлексивтік-бағалаушылық компоненттердің жиынтығын құрайды және жоғары, орта, төмен деңгейлерге сәйкес жүзеге асырылады;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың әдістемесінің мазмұны («Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту» атты элективті курсы; «Педагогикалық шеберлік» клубының ережесі, бағдарламасы) және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері қорытындыланады.

Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері халықаралық конференцияларда талқыланды: «Білім және ғылымдағы инновациялар» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары (Алматы, 2017), «Педагогика и психология в современном мире: теоретические и практические исследования» атты V халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдарының жинағы – (Москва, 2017), Материали XIII международна научна практична конференция «Бъдещи въпроси от света на науката - 2017» (София, 2017), Материали LVI Международной научно-практической конференции «Молодой исследователь: вызовы и перспективы» (Москва, 2018).

- ғылыми-педагогикалық басылымдарда: «Әлеуметтік зияттылық психологиялық феномен ретінде» (Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Психология» сериясы, №4(45), 2015, Алматы), «Психология ғылымындағы әлеуметтік зияттылық ұғымы» (Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Психология» сериясы, №1 (46), 2016, Алматы), «Кіші мектеп жасындағы баланың әлеуметтік интеллектісінің гендерлік ерекшеліктері» (Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Психология» сериясы, №2(47), 2016, Алматы), «Structural Peculiarities of Social Mental Abilities of Future Teachers» (International Journal of Environmental and Science Education, Turkey, 2016), «Тұлғаның әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері» (Педагогика және психология ғылыми-әдістемелік журнал, 1(30)2017, Алматы), «Болашақ педагог мамандардың әлеуметтік зияттылығының даму мүмкіндіктері» (Қазақстанның ғылымы және өмірі, халықаралық ғылыми-көпшілік журнал, №6(52), 2017 Астана), «Әлеуметтік зияттылықты зерттеудің негізгі амалдары» (ПМУ Хабаршысы, Педагогикалық сериясы №4, 2017, Павлодар), «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың жүйесі»

(Қазақстанның ғылымы және өмірі, халықаралық ғылыми-көпшілік журнал, №1(54), 2018 Астана).

Жарық көрген ғылыми еңбектер: диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша барлығы 12 авторлық бірлестікте жазылған ғылыми жұмыс жарық көрген. Оның 7-уі ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 мақала Scopus базасына енген шет елдік басылымында, 4 мақала халықаралық конференциялар материалдары жинақтарында, ғылыми журналда жарық көрген.

Диссертацияның құрылымы мен мазмұны. Диссертация кіріспеден, 2 бөлімнен, қорытындыдан, пайданылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Жұмыс жалпы 165 бетке компьютермен теріліп басылған, ол 25 кесте, 15 суретпен безендірілген. Әдебиеттер тізімі 155 аталымнан тұрады.

Кіріспеде зерттеу тақырыбының көкейкестілігі негізделеді және мәселенің педагогика ғылымы мен тәжірибесіндегі зерттелу деңгейіне сипаттама беріліп, тақырыбы айқындалады. Зерттеу жұмысының ғылыми аппараты: нысаны, пәні, мақсаты мен міндеттері, жетекші идеясы, зерттеу көздері, зерттеу әдістері мен негізгі кезеңдері, ғылыми жаңалығы мен теориялық мәні, практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалары, зерттеудің ғылыми болжамы, әдіснамалық және теориялық негіздері, зерттеу базасы, зерттеудің маңыздылығы, зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі, оның мақұлдануы, тәжірибеге енгізілуі ашып көрсетіледі.

«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері» атты бірінші тарауда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің әлеуметтік зияттылығы туралы философиялық, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік, ғылыми-әдістемелік еңбектерге теориялық талдау жүргізу арқылы оны дамытудың көкейкесті бағыттары айқындалып, қазіргі кезде бастауыш сынып мұғалімін даярлауды әлеуметтік зияттылық тұрғысынан қарастырудың педагогикалық-психологиялық мәселе боп табылатыны көрсетіледі және «зияттылық», «әлеуметтік зияттылық», «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту» ұғымдарының мәні нақтыланады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың әдіснамалық негізі ретінде жүйелілік, синергетикалық, көпсубъектілі, тұлғалық іс-әрекеттік, акмеологиялық тұғырлар және зерттеудің негізгі қағидалары қарастырылып, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың мотивациялық, мазмұндық және рефлексивтік-бағалаушылық компоненттерінен түзілген құрылымдық-мазмұндық моделі, оның компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері келтіріледі.

«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту әдістемесі» атты екінші тарауда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың мазмұны, оны оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету жолдары қарастырылады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту мақсатында

ұйымдастырылған тәжірибелік-педагогикалық жұмыстардың жүргізілуі сипатталып, оң нәтижелері талданып, қорытындыланады.

Қорытындыда ғылыми болжамды дәлелдейтін зерттеудің негізгі нәтижелері мен тұжырымдары түйінделіп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар мен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту мәселесінің болашақтағы зерттелетін бағыттары көрсетіледі.

Қосымшада зерттеу жұмысына қатысты сауалнамалар, элективті курс көрсетілген мамандықтың оқу жоспары, пайдаланылған диагностикалық материалдар беріледі.

1 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЗИЯТТЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ- ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 «Зияттылық», «әлеуметтік зияттылық» ұғымдарының мәні, құрылымы және мазмұны

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына» атты дәрісінде: «Жеке тұлғаны функционалдық әзірлеу тұжырымдамасынан жеке тұлғаны дамыту тұжырымдамасына көшу жүріп жатыр. Жаңа тұжырымдама білім берудің даралық сипатын көздейді, ол әрбір нақты адамның мүмкіндіктерін және оның өзін-өзі іске асыруы мен өзін-өзі дамытуға қабілеттілігін ескеруге мүмкіндік береді»,– деп атап көрсетеді [53]. Мұндай философиялық ұстаным бүгінгі күні бүкіл әлемде жүріп жатқан ЖОО реформаларының негізін құрайды.

Әлемдік білім беру кеңістігіне ену арқылы, жаңартылған білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды басшылыққа алу негізінде ғылым мен тәжірибені интеграциялау, сол арқылы тұлғаны жетілдіруге және кәсіби шыңдауға бағытталған білім беру және жеке тұлғаның жан-жақты дамуына мүмкіндік жасау міндеті көзделгенін ескерсек, болашақ мамандарды жаңашылдыққа даярлауда олардың педагогикалық әрекетінде зияттылығы дамыған адам болуы қажеттілігі туындайды.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін түзуде ең алдымен адамның зияттылығы философиялық генезистерден бастау алатындығын айтуға болады. Сонымен қатар зияттылық түсінігінің түпкі баламалары ақыл, ой, сана, таным, сөз, қарым-қатынас, мінез-құлық т.б. болып саналады.

Б.з.д. VI және V ғ. аралығында өмір сүрген Эфестік Гераклит идеясын айтсақ, «Ешқашан да рухтың шегіне жету мүмкін емес, қаншама жолдармен тырыссаң да түбіне жету қиын, оның түбі – ол ақыл-ой», – деп тұжырым жасайды. Тіршіліктегі өмір заңдылықтарына бағыну жолындағы әрекеттер шексіз деуге болады. Бұдан шығатын тұжырым дүниенің негізін, яғни сөз, ой, ақыл сынды ұғымдарды ұштастыратын жаратылыс күш ретінде түсініледі. Зияттылық өзінің категорияларының бірі болып саналатын ақылдылық түсінігінен бастау алады [54].

Пифагоршылдықтар ғылымы түпкі мақсатқа қол жеткізу құралы ретінде ақыл-ой, сана сезімнің қалыптасуын атап көрсетеді. Тәжірибелік жарлықтары мен мінез-құлықтың ережелері, ғылымға деген ішкі көзқарастар кейбір жағдайларда сенімнің жемісі ретіндегі аллегориялық шешімде рационалды тазару деп түсіндірілді. Біздіңше, бұл тұста пифагоршылдықтар шындық пен игілікті, таным жолын іздеумен өткізетін өмірдің осындай бастаушылары болғандығын айтады [55].

Парменид VI ғасырдың екінші жартысында Элеяда грек ойына қарқынды әсер еткен идеяларды дамытатын мектептің негізін салды. Парменид зияттылық философиясының төңірегінде негізгі жаңашыл, анығырақ, революционды

ойшыл болды. Оның космологиясы терең концептуалды сипатқа ие, яғни ауыспалы ойлар, таза белсенділік, ойлар мен мадақтар жолы. Парменидтің философиялық тұжырымынан байқайтынымыз, жаратылыстың барлығы ой әрекетімен байланысты болады [56].

Клазомендік Анаксагор: ақылды түсініп, ретке келтіруші гомеомерияның ашылуына үлесін қосқан. Философтың айтуынша, ақыл ғана шектелген, тәуелсіз және басқа ешқандай затпен араласпай, жеке дара болып қалады. Барлық заттар өмір сүретін болғандықтан тар және кең мағынасында оларды ақыл билей отырып, зияттылықты құрайды. Айналым күші болатын жоғары сана да әмбебап айналуға қатысады, – деп тұжырым жасайды [57, с. 100-102]. Бұдан адамның ақылы жоғарылаған сайын зияттылықтың да ауқымы кеңейе түседі деген ой түюге болады.

Сократ өз сөздерінде адам мәселесіне жан-жақты тоқтала келіп: «Шындығына келетін болсақ, мені даналықты іздеуден басқа ештеңе басқара алмайды. Ал осы даналық дегеніміз не? Нақты мағынасында адамзаттың даналығы (яғни адамның адамға қатысты ие болатын білімі) осы білімділікке қатысты, мүмкін мен дана шығармын», – деп өз ойын даналықпен ұштастыра түседі [58, б. 52].

Оны толғандырған: «адам ақиқатының табиғаты мен соңғы шынайылығы неде?», «Адамның негізі не?» деген мәселелер болатын. Бұның нақты жауабы: адам – бұл өзге тіршілік иелерінің ерекше бола бастаған сәттегі жаны [58, б. 65]. Ал Сократ белсенді ойлайтын және бағытталған құндылық ретіндегі санамызды жан деп түсінеді. Біздің ойымызша, Сократ үшін жан – ұят және зияттылықтың жоғарылығы, адамгершілігі бар жеке тұлға. Осы ой-тұжырымдарының негізінде Сократ қазіргі уақытта Еуропаны рухтандырып отырған адамгершілікті және интеллектуалды дәстүрді қалыптастырды деуге негіз бар. Ол әр адамның тұлға ретінде жетілуіне ерекше мән бере келе, «зияттылықты» дамыту – қабілеттерді қалыптастыру жағдайында үйретушінің басты міндеттерінің бірі деп қарастырады, білім алушыларға дайын ұсыныстар бермей, «ақиқатқа жетуді» өздеріне тапсырып отырған. Бұл «сократтық әдістің» қазіргі таңда құндылығы өте жоғары деп ойлаймыз.

Платондық интеллектуализм классикалық және эллинистік грек ойына мағыналы әсер етті. Философ сипаттаған зияттылықтың белгілері: біріншісі – әділдік, екіншісі – шынайылық, үшіншісі – ұстамдылық, төртіншісі – тұрақтылық, бесіншісі – даналық т.б. Бұлар бір-бірімен байланысты, өз дәуірінде бұларға ешкім пікірталас жасамады. Платонның философиялық идеяларынан «Өз рухын өзіне қарату» тұжырымдамасын алға тартуға болады. Себебі мұндағы педагогикалық ойдың түйіні – адам өзі белгілеген шыңдарға жетуі үшін алдымен өзінің зияттылық идеяларымен үйлесімділік табуы тиіс [59].

Интеллектуалды акт сезімдік актіге ұқсас, сондықтан ол «жоғары зияттылық формалардың» ассимиляциялануы немесе қабылдануынан тұрады, бірақ бұл жерде тән және тәндік заттармен байланыс жоқ, осынысымен басым болып отыр.

Белгілі ойшыл Аристотель еңбектерінде зияттылық табиғатының тұлға құрылымындағы маңыздылығы туралы ой тұжырымдарды педагогикалық-психологиялық және әлеуметтік тұрғыда негіздейді. «Ақтуалды зияттылық» пен «әлеуетті зияттылықтың» айырмашылығын көрсетеді.

Аристотель бойынша, «зияттылық сырттан келеді, сол үшін ол құдайдың жаратуынан». Бірақ егер зияттылық жаратылысынан болмайды десек те, ол ерекше сипаттарды көрсетеді, алдымен бұл абсолютті түрдегі сенімсіздіктен көрінеді. «Зияттылық – дейді Аристотель – субстанционалды шындық болып табылады және бұзылмайды. Ойлау белсенділігі әлсірейді, ағзаның қандай да бір ішкі бөлігі әлсіреген немесе бұзылған кезде ол сезімде көрінбейді. Ойлау, жақсы көру немесе жек көру зияттылықтың емес, зияттылыққа ие субъектінің жағдайлары, ...зияттылық – ол құдыретті және бұлжымас қасиеттердің бірі», – деп тұжырымдайды [60]. Бұдан біз зияттылықты адамның өзіне қалай және қайтіп келіп қалғанын білмесе де, аналогия жасау немесе ой толғау арқылы емес, туа біткен, жаратылыстан біткен қасиеті арқылы әмбебап, ақиқат және қажетті шарттар жөнінде адамның қабілеттілігі деп ұғынамыз. Аристотельдің бұл пікірі зияттылықты ерекше қабілет ұғымына теңестіретін қазіргі тұжырымдарға жақын келетіндігін аңғарамыз.

Аристотель зияттылықты төрт түрге бөліп қарастырған. Олар: әлеуетті, белсенді, жүре келе дарыған және әрекетшіл зияттылық. Бұл зияттылық түрлеріне философ төмендегідей сипаттама берген:

- әлеуетті зияттылық, тағы бір баламасы материалды сана. Ол түрлі формаға ие бола алатын жан, жанның бір күші немесе бөлігі. Мұнда заттан бөлек формалар туралы айтылған, зияттылық санада белсенді түрде пайда болмас бұрын, жаннан тыс болған.

- белсенді зияттылық, шынайы сана зияттылық санада іске қосылып ол белсенді немесе жүре пайда болған зияттылыққа айналады.

- жүре келе дарыған зияттылық дегеніміз – ешуақытта да материяда болмаған және онымен мүлдем байланысы жоқ абстракцияланған форма;

- ал әрекетшіл зияттылық осы аталған зияттылық түрлерінің кезекпен іске асуын реттейді [60, б. 17].

Философ-ойшыл зияттылық ұғымын және оның түрлерін ажырата отырып түсіндіруге тырысты. Және де әрбір түрі әрекет еткен сайын екінші түрге өтіп отыратындығын дәлелдеуге ұмтылды. Аристотельдің көзқарасы бойынша ақиқат дүниенің зияттылық дамуындағы рөлі болып табылады. Зияттылық жөнінде шығыс философтарының еңбектерінде адамның мәніне назар аудара отырып, әлеуметтік және биологиялық факторлардың аса күрделі әсері ескеріледі, қоғамдық факторлардың басымдылығы айқындалады.

Адамзат тарихындағы зияттылық мәселесінің ғылыми ойға ұласуы үздіксіз дамуды көрсетеді, сондай-ақ «өзін танудың» немесе «жан қуаты» жайлы ойлардың қалыптасуына түрткі болған, адамтану ілімінің алғашқы қадамын жүйеге түсірген философ Әбу Насыр әл-Фараби болатын. Ұлы ұстаз ақыл-парасат жайлы ілімді саралай келе, «Ақыл дегеніміз – тәжірибе, ол – әрекетшіл зияттылық. адамның еңбек құралдарын өндіру ерекшелігі» деп тұжырымдайды.

Әл-Фарабидің еңбектерінен адамның зияттылығы, қабілеттілігі парасаттылық арқылы қалыптасады деген ой түйеміз [61].

Жантану ілімінің негізін құраушылардың бірі Ж.Баласағұн «Құтты білік» дастанында адамның зияттылығын жақсы мінез құлықпен пара-пар қасиет деп санайды. Адамның ақыл-парасаты барлық нәрсенің мән-мағынасын түсінуге қабілетті деген пікір айтады. Мұнда ақыл-парасат өз кезегінде шыдамдылық пен төзімділіктен, сыйластықтан түзіледі, демек зияттылықтың қалыптасуында ұстамды мінездің маңызы жоғары болмақ [62].

Зияттылықты тірі ағзаның диалектикасы деп санағандардың қатарында И.Кант болды. Философ адамның белсенділігіне терең көңіл бөліп, белсенділігі жоғары категорияны субъект деген пікір қалдырды. И.Канттың іліміне сүйенсек, әлеуметтік зияттылық түсінігін әрекет теориясына қарай ықпалдастырады [63].

Адамның жан-жақты дамуының әлеуметтік үдерістерге тәуелді екендігін XVI және XVII ғғ. алғашқы рет байқаған бірінші гуманистер, социал-ойшылдар Томас Мор және Томмазо Кампанелла. Олардың тұжырымы бойынша, тұлғаның дамуы және оның дүниені тануы түрлі әлеуметтік жағдайларға байланысты болды. Даму – жеке адамды жетілдірудің өте күрделі және диалектикалық үдерісі. Ал жеке адамды дамытудың негізі – оған ғылымның әр түрлі салаларынан теориялық білім беру, оны әрекетпен ұштастыру болады [60, б. 85].

Джон Дьюи (1859-1952) өзінің даму теориясын адамда туа пайда болатын инстинкт және қабілеттермен дәлелдейді. Дьюидің пікірі бойынша, адамның дүниеге келе салысымен-ақ оның бойында дайын талап пен қабілет, зияттылық болады. Сондықтан Д.Дьюи адам табиғатын тәрбие арқылы түбегейлі өзгерту мүмкін емес, керісінше тұқымқуалаушылық факторы арқылы із қуады деп тұжырымдаған [64].

Ж. Пиаженің пікірінше, зияттылық – бұл ассимиляция және аккомодация үдерісінің бірлігін білдіретін ағзаның ортаға бейімделуінің формасы болып табылады. Сондықтан зияттылық мәні физикалық және әлеуметтік шындыққа икемді және бір мезгілде тұрақты бейімделудің жүзеге асу мүмкіндігінде қорытылады, оның негізгі міндеті – орта мен адамның өзара әрекеттесуін құрылымдау және ұйымдастыру. Автор үшін зияттылықтың мәні орта мен ағза арасындағы қатынасты құрылымдауда және оның дамуы біршама қалыпты бейнеленуі болып тұжырымдалады [65].

Оның пікіріне қарама-қайшы келген, ұлы ойшыл А. Құнанбаевтың афоризмдеріндегі жан қуаты – білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен сынды қуаттардың бірлігін құрайды. Бұл тұста ғұламаның еңбектерінен адамның зияттылығы ғылымның рухани кілтіне айналу үшін өмір бойы іздену, білім алу, үйрену қағидатының іске асырылып отыруымен байланысты екендігін аңғарамыз. Ол кемелдену мен жетілуді – адам өмірінің мақсаты екенін айтады [66].

Ғалымдардың пікірлерінен біз зияттылық бір негізде адамның дамуы толықтай қоршаған ортаға тікелей байланыстылығын алға тартса, ал келесі

кезекте сол адамның өмір бойы іздену, білім алуы, үйренуі қоғамның ілгерілеуіне, қоршаған ортаның қалыпты жағдайда дамуын көрсетеді.

Зияттылықтың философиялық ілімдері, психологиялық теориялары мен оның тиімділігін арттырудың педагогикалық, әлеуметтік механизмдері отандық және шетел ғалымдарының еңбектерінде қарастырылған. Сондықтан «зияттылық» ұғымының бейнелілігі әр түрлі болып келеді.

Философтардың зияттылық жайлы пікірлерін гносеологиялық тұрғыдан алғанда, бұл әлеуеттен нақты іске, зияттылықтың енжар жағдайынан индивидуумның саналы әрекетіне өтуді қамтамасыз етеді. Осындай нәрсе иррадиация жолымен әмбебап ұғымдардың көмегімен абстракцияланушы нақтылық ізімен, сондай-ақ әлеуметтік зияттылықтың жоғары деңгейіне өтуі арқылы болады. Демек, жүре келе дамытын және әрекетшіл зияттылық мейлінше күрделілігіне байланысты тек таңдаулыларға (қасиетті зияттылық) ғана тиесілі. Осыған орай тек белсенді зияттылықпен адами индивидуалдылық пен тұлғалық қасиет кең жағдайда дамымайтыны анық деп санаймыз.

Философияда ғалымдар зияттылық мәселесін «тұлғаның белгілі бір әрекетті орындауға жағдай жасайтын жеке ерекшеліктері» дей келе, олар әлеуметтік және тағы басқа іс-әрекеттердің нәтижесінде қалыптасып, кең түрде дамып отыратынын зерделеген.

Философия – білімдердің даму сатыларының әдіснамасының негізі, уақыт өте келе зияттылық түсінігі қорытындыланып, оның шығармашылықпен қайта құрылып, бұл күндері жалпы сипатқа ие болып отырған және әлеуметтік зияттылық жайлы ғылыми білімге қатысты нақтыланатын диалектикалық әдіснаманы ұйымдастыруға бастау болатын әдіснамалық жағдайларды көрсетіп ұсынатын боламыз.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудағы тұлға теориясы адамның тұлға ретінде әлеуметтік, әрекеттілік және шығармашылық мәні жайлы қарастырады. Бұл тұста болашақ мамандарды дайындау жағдайында тұлғаны заманауи даму нәтижесі және мәдениет жаршысы ретінде танытады.

Жалпы философиялық ойларды тұжырымдай келе, әлеуметтік зияттылық, оның тәжірибесінің жаңа ашылымдары мен жаңалықтарының мазмұндарымен ассимиляциялау арқылы: мәдениетті мінез-құлық, таным, ойлау әрекеті, ақыл-парасаттылық, қарым-қатынас, өмір бойы білім алу, белсенділік, тәжірибеге ден қою т.б. сынды ассоциациялармен байланыс табатынын байқауға болады. Бұларды біз зерттеу жұмысымыздың алғышарты ретінде алдық.

Философия, педагогика және психология т.б. ғылымдарының зияттылық, әлеуметтік зияттылық ұғымдары барысында қарастыратын нысандарының негізгісі – адамды тану болады, бірақ әр ғылым өз саласы бойынша зерделейді.

Педагогика және психология ғылымдарының зерттейтін пәні – адам. Оларда зерттеу екі бағытта жүргізіледі де, бір нәтижені көздейді. Нақты айтқанда, психология әлеуметтік зияттылықты дамыту жолындағы адамның мінез-құлқындағы түрлі ерекшеліктерді, оның тетіктерін анықтауды қарастырса, ал педагогика ғылымы бұл тұрғыда әлеуметтік зияттылықты

дамытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін белгілейді.. Педагогика ғылымы болашақ мамандардың әлеуметтік зияттылығын дамытуды психологияның көмегімен қарастырады. Олай дейтініміз, студенттердің әлеуметтік зияттылығын дамытуда әр курс студенттерінің жас ерекшеліктеріне сәйкес психикалық даму заңдылықтарына байланысты, болашақ мамандардың әсіресе таным әрекеттеріне байланысты зияттылық сезімдерін реттеуді психология ғылымы қамтамасыз етіп отырады. Осы орайда, педагогика ғылымы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың диалектикасын, оның өзара байланыстарын, үздіксіз дамуын және қоғамдық дамудағы қарама-қайшылықтарын, біртұтас педагогикалық үдерістегі даму сипатын және ғылыми-педагогикалық әдістемелерінің түзілуін қарастырады.

Ендеше, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту мәселесінің теориялық талдаулары ретінде педагогикалық, психологиялық еңбектерге тоқталуды жөн деп санаймыз.

Өз дәуірінде бастауыш мектеп мұғалімдеріне арнап айтылған Ы. Алтынсариннің педагогикалық көзқарасы былай баяндалады: «Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиіс емес, оларға түсіндіре алмаған өзін кінәлауға тиіс. ...Тәлім-тәрбие, оқыту ісінің нәтижесі шәкірттерден гөрі мұғалімдерге көбірек тәуелді. Кінәнің ең үлкені – бала жанының нәзік қырларын дұрыс сезе алмайтындарында» [67]. Ағартушының бұл пікірінен кіші мектеп жасындағы мамандардың тәлім-тәрбие мен баланың психологиялық, педагогикалық ерекшеліктеріне қарай жұмыс жүйесін білуі шарт екендігін айқын байқауға болады.

Қазақша Уикипедияда (ашық энциклопедиядан алынған мәліметтер) *зияттылық* (ағылшынша *Intelligence quotient; IQ*) — ақыл-ой дамуының, білімділік пен хабардарлық деңгейінің көрсеткіші деп беріледі. Ақыл-ой тұрғысындағы даму деңгейін санға шағып анықтаудың идеясы мен әдістерін тұңғыш рет А.Бине (1903) дамытты; терминді енгізген В.Штерн (1911) болды [68].

Зияттылық ұғымын қарастыру кезінде көптеген пікірлердің тоғысуын көреміз. Аталған ұғым феноменінің мазмұны жан-жақты қарастырылған. Көрнекі ғалым М.А. Холодная пайымдауынша, зияттылық – бұл индивидум ішкі дүниесінің субъективті бейнесін құрумен шартталған психикалық тетіктер жүйесі. Психологиялық тұрғыда зияттылық дербес қажеттіліктерді шынайылықтың объективті талаптарымен сәйкестендіру негізінде белгілі деңгейде реттілікке келтіру. Дегенмен зияттылық ұғымына ғылымда тұрақтанған жалпы көзқарас формалды түрде міндеттерді шешу мүмкіндігі ретінде түсіндіріледі, яғни зияттылық – оны өлшеуші тесттер нәтижесі деген анықтама негізінде, зияткерлік белсенділік табиғи көріністеріне, шығармашылық зияткерлік мүмкіндіктерге, әлеуметтік таным тиімділігіне қарама-қайшы болды. Нәтижесінде, М.А.Холодная пікірінше, «зияттылық орны қарапайым кейіпке енгені, оның адамның психологиялық өмірінде күрделі мәселеге айналуына септігін тигізді» [69].

Белсенді түрде жүргізілген зерттеулер нәтижесінде, тестология ғылымы аясында «жалпы зияттылық» ұғымының қажеттілігі қабылданып, яғни зияткерлік іс-әрекет түрлерінде негізге қандай да қызметтерге ие болады. Уақыт өте келе дербес зияткерлік мүмкіндіктердің қызмет аясы кеңейіп, тестология ғылымынан тыс Г.Гарднердің «множества интеллектов» теориясында өзіндік орынға ие, ғалым зияттылықтың бірнеше дербес түрлерін сипаттады. Олар: лингвистикалық, музыкалық, логикалық-математикалық, кеңістіктік, денелік-кинестетикалық, тұлғааралық, тұлғаишілік.

Г.Гарднер теориясында төмендегідей зияттылық түрлері бар:

-*лингвистикалық зияттылық* – ақпаратты беру немесе ынталандыру, туындату үшін тілді қолдана білу мүмкіндігі (ақын, жазушы, редактор, журналист т.б.);

-*музыкалық зияттылық* – музыкадан ләззәт ала білу немесе құрастыру;

-*логикалық-математикалық зияттылық* – түсінік, белгі, объектілерді басқару жолымен өзара қатынас құрылымы категорияларын зерттей алу мүмкіндігі және жинақы бейнемен зерттеу жүргізу;

-*кеңістіктік зияттылық* – санада объектілерді басқару, қабылдау, көру мүмкіндігі, көзбен – кеңістіктік композициялар құру және қабылдау;

-*денелік-кинестетикалық зияттылық* – спортта, еңбекте, биде қозғалу біліктіліктерін пайдалану;

-*тұлғааралық зияттылық* – өзгелерді түсіне білу және олармен дұрыс қарым-қатынаста болу;

-*тұлғаишілік зияттылық* – өзін түсіне білу мүмкіндігі және өзін-өзі дұрыс қарым-қатынаста ұстау.

Г.Гарднердің ұсынған теориясынан әлеуметтік зияттылық сұрақтары интеллектуалды дарындылық мәселесінің зерттеулерімен тұспа-тұс келеді.

Ол жалпы дарындылық – зияттылықтан өзгеше, оны индивидтің өз ойын жаңа талаптар, мақсаттар мен міндеттерді орындауға саналы түрде бағыттай алатын қабілеті деп, ал арнайы дарындылықты – бұл белгілі бір бағытта ерекше қабілеттер таныта білуі,– деп түсіндіреді. Мысалы, колөнер, сурет, ақындық және т.б. көптеген біріне-бірі байланыссыз арнаулы факторлар түбінде ақыл-ой қабілетін, яғни бұл факторлар өз кезегінде зияттылықты құрайды. Сонымен қатар зияткерлік дарындылықтың байқалуы жан-жақты жағдайларында адамның зияткерлік әлеуетін шынайы бағалау үшін тек бір көрсеткішті пайдалану мүмкіндігін жоққа шығарғанын аңғарамыз [11, р. 55].

Зерттеулерге сүйеніп, «зияттылық» ұғымының көп бейнелі екенін және оған құрамы жағынан жақын келетін категорияларды атап өтуге болады. Олар: қабілеттілік, дарындылық, талант, креативтілік, шығармашылық, данышпандық т.б.

Ал енді зияттылықтың категориялық ұғымдарына жеке тоқталып өтейік. Ф. Гальтон «Таланттың тұқым қуалаушылығы, оның заңдылығы мен шығу тегі» атты еңбегінде адам қоғамда жоғары дәрежелі атақ-даңққа ие болуы үшін жоғары деңгейдегі қабілеттілікті иеленуі қажеттілігін атап өтеді [70]. Яғни қабілеттілік жеке психологиялық ерекшеліктерімен айрықшаланатын адамның

бір немесе бірнеше іс-әрекетті жетістікті орындауы негізінде білім мен біліктілікті жеңіл әрі жылдам меңгеруінің шарты бола алады.

Психологиялық зерттеулерден «қабілет» ұғымына берілген анықтамаларды көре аламыз. Отандық ғалым Т.Тәжібаев қабілетті қасиет ретінде анықтаған, яғни іс-әрекеттің белгілі бір түрін нәтижелі орындауы кезінде көрінетін жеке адам қасиеті [71], осы тұста Ресей ғалымы А.В. Петровский қабілетті ерекшеліктер ретінде таныған, ол бойынша бұл білім алуға қажетті психологиялық ерекшеліктер [72].

Қабілеттердің оқытусыз дамитынын, дегенмен ол өте ұзақ мерзімді үдеріске ұласатындығы жайында біз қабілеттердің даму мәселесін зерттеген ғалымдар еңбектерінен көре аламыз (М. Мұқанов, Т. Тәжібаев, Қ. Жарықбаев, А.В. Петровский).

Зияттылық жаңа жағдайларға бейімделу, тәжірибе негізінде есте сақтау және оқу, өз білімін қоршаған ортада пайдалана алу қабілеттілігі болғандықтан, бұл зияттылық ұғымының бастау алуында қажетті категориялар екенін атап көрсетеміз.

Данышпандық туралы түсінік XX ғ. бас кезінде неміс психологтарының еңбектерінде дарындылық ұғымының бір сатысы ретінде айтылған. Бастапқы кезде өнер саласында орын алған бұл ұғым, кейіннен ғылымға еніп тек ғылыми тұрғыдағы негізделген ойлар қатарынан көрінді. Өнер саласында айтылған ойлар көрнекі ойшыл И. Кант трактаттарында берілген [73].

Ғалым Фребес пайымдауынша, данышпан адам үшін ақыл-парасат шешім қабылдау кезінде жігерлілік танытқан күнде де, нәзіктік сезімде де қалыптаспайды. Данышпандық – тәжірибе негізінде келеді, ал зияттылық өз тәжірибесі негізінде ойын түйіндеу болғандықтан, біз үшін зияттылық рухани жұмысқа қабілеттілігінің ең жоғары түрі және зияткерлік дарындылығының бағалы тұсы ретінде танылады [74].

Көбіне ғалымдар зияттылықты зерттеу кезінде өлшеу амалына жүгінеді, дегенмен «зияттылық» ұғымы мазмұнын шектеуге болатынын Д.Б. Богоявленская, В.Н. Дружинин, М.А. Холодная атап өткен, себебі олар зияттылықтың құрылымы жағынан табиғатын түсінуде қиындықтар болмас үшін арнайы тест алып, оның нәтижелерін нақты келтіретін болған [69, с. 92; 75,76]. Осы орайда Г. Айзенк «биологиялық зияттылық», «әлеуметтік зияттылық» және «психометриялық зияттылық» түсініктерін жеке қарастырған [5, с. 124]. Және де осы үш түрлі зияттылық түрлерінің дамуы үшін бастапқы негіз ретінде «мінез-құлық» зияттылығы алынған. Зияттылықтың заманауи тұрғыдағы анықтама нұсқасын А. Дженсенмен ұсынған: «Зияттылық, немесе жалпы ақыл-ой мүмкіндігі, тиімді түрде операциялды негізде анықталады, яғни көптеген міндеттерді орындаушы негізгі компонент ретінде корреляциялық талдаудың белгілі типі» [77].

Зияттылықты зерттеудің өзге амалдарын қарастыра келе, Дж. Томпсонның пайымдауын атап өтуге болады: «Зияттылық – бұл тікелей идентификацияланушы психикалық сапа емес, ол белгілі мінез-құлықты біріктіріп және қарапайым етуші тек абстрактілі түсінік». С. Бомен бойынша,

зияттылық – бұл «...сананың шынайы қасиеті емес..., ал тек жеке әрекеттерімен бірге алынған тұлға сипаттамасы». У.Найссер бойынша, «зияттылық» түсінігін қолдану кезінде сол арқылы екі объекті арасындағы ұқсастық дәрежесі пайымдалады, оның бірі шынайы адам іс-әрекеті, екіншісі – «идеалды зияткерлік тұлға» прототипі [78].

Біз бірнеше авторлардың еңбектерімен таныса отырып, берілген анықтама мән мазмұнын хронологиялық негізде 1-кестеге түсіру арқылы аша түспекпіз.

Кесте 1 – Ғалымдардың еңбектеріндегі «зияттылық» ұғымының зерттелуі

Авторлар	Мазмұны
Уикипидия ашық энциклопедиясы	Зияттылық - (лат. <i>intellectus</i> — таным, ұғыну, аңдау) — жеке тұлғаның ақыл-ой қабілеті. Ақыл-ой сезімі адамның таным әрекетімен байланысты. Зияттылық - адамның болмысты тануының негізгі нысаны. Зияттылық - ақпаратты мақсатты бағытта қайта өңдеуге, реттеуге, оқуға қабілеттіліктің күрделі жүйелерінің танымдық іс-әрекеті.
Симон және Бине, 1905	Зияттылықты алғашқы өлшеу тесттерін шығарған, бұл қасиетті олар терең қарастыра келе, зияттылық көрсеткіші бар адам – ол дұрыс пайымдаушы, түсініп және ойлай алатын адам, өз бастамашылдығы мен саналы ойы арқылы өмір жағдайларына бейімделе алатын адам.
В. Штерн, 1912	Зияттылық – жаңа өмірлік жағдайларға бейімделудің жалпы мүмкіндігі. Зияттылық тетіктері ішкі саналы әрекетте қажетті міндетті шешуде көрініс табады, яғни саналы әрекет бейсаналы әрекеттен басымдылық танытқан кезде.
К. Дункер, 1965	Зияттылықтың тірек сипаттамасы ретінде инсайт түсінігі. Инсайт тереңдеген сайын, яғни проблемалық жағдаяттарының мәнді ерекшелігі қаншалықты күшті жауап әрекетін анықтаса, соғұрлым зияттылық болып табылады.
Д. Векслер, 1967	Зияттылық – бұл саналы әрекеттің, рационалды ойлаудың, өмір жағдайларына бейімделудің жаһандық мүмкіндігі.
Ж. Пиаже, 1969	Зияттылық – ағзаның қоршаған ортаға бейімделудің неғұрлым жетілген формасы болып табылады. Автор үшін зияттылықтың мәні орта мен ағза арасындағы қатынасты құрылымдауда және оның дамуы біршама адекватты бейнеленуінен көрінеді.
Р.Б. Кеттел, 1971	Тесттер жинағында факторлық талдау негізінде зияттылық 5 дәлелді анықтамасын берген: gc - «кристалданған» (таза) зияттылық – сөздік қорының болуы, қоршаған орта ережелеріне бағыну; gf - «ағымдағы» - зияттылық, тестер арқылы кескіндер мен сандар қатарынан заңдылықтарды анықтау, оперативті ес көлемі, кеңістікті операциялар; gu – «бейнелік» - зияттылық, дивергентті тапсырмаларды орындауда бейнелерді басқару қабілеті; gm – «ес» - мәліметтерді есте сақтау және қайта жаңғырту; gt – «жылдамдық» - зияттылық әрекеттің жоғары жылдамдығы.

1 – кестенің жалғасы

1	2
В.Ю. Крамаренко, 1990	Зияттылықты ақыл-ой қабілеті ретінде және ойлауды ақыл-ой белсенділігі ретінде шектейді. Ол зияттылық формасы ретінде алға шығатын шынайы негіз және оның өзектенуі арасында бір мағыналық сәйкестілік жоқ деген тұжырым ұсынады. Оның пікірінше ойлаудың үстірт құрылымы жиі алдамшы және мәліметсіз болады.
Б.Г. Ананьев, 2000	Зияттылық теориясы мен тұлға теориясының бірлігін көрсетеді. Бір жағынан қажеттілік, қызуғышылық бағдарламасы және тұлғаның белсенділігімен зияттылық белсенділігін анықтайды.
М.А. Холодная, 2002	Зияттылық – бұл индивидум ішкі дүниесінің субъективті бейнесін құрумен шартталған психикалық механизмдер жүйесі. Психологиялық тұрғыда зияттылық дербес қажеттіліктерді шынайылықтың объективті талаптарымен сәйкестендіру негізінде белгілі деңгейде реттілікке келтіру.
Г.Ю. Айзенк, 2004	Зияттылықты үш ұғым аясында қарастырған: биологиялық зияттылық, әлеуметтік зияттылық, психометрикалық зияттылық. Автордың еңбектерінде биологиялық зияттылық тұқымқуалау арқылы беріледі, әлеуметтік зияттылық тұлғаның белгілі бір білімдер мен тәжірибені жинақтау барысында көрініс береді, психометрикалық зияттылық тест арқылы өзіндік өлшемін табады.
А.Н. Воронин, 2004	Автор құрған бірлескен зияткерлік іс-әрекеттегі зияттылық пен креативтіліктің тиімді үлгісіне сәйкес, зияттылық пен креативтіліктің көрінуі тұлғааралық қатынасты қабылдаудың қалыпты болуына, зияткерлік өзара әрекеттестік жағдайларында әлеуметтік бақылау дәрежесі мен өзара әрекеттестікті қатысушылардың қабылдауына байланысты. Зияттылық пен креативтілік көрінуінің тиімділігі әлеуметтік бақылау дәрежесіне кері қатынаста деп қарастырған.
М.К. Акимова, 2006	Зияттылық негізінде сана белсенділігі жатыр, сонымен қатар өзін-өзі реттеу белсенділік деңгейін шешуші міндетті ғана қамтамасыз етеді. Белсенділік және өзін-өзі реттеу зияткерлік өнімділіктің негізгі факторлары болып табылады.
О.В. Бахтина, 2007	Студенттердің зияттылығының құрылымында – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінде төмендегідей түрлері ерекшеленген: лингвистикалық, логикалық-математикалық, кеңістіктік, тәжірибеге бағытталған, тұлғааралық, жеке тұлғалық, нәтижесінде бірлесе отырып педагогтың кәсіби іс-әрекетінің тиімді орындалуын қамтамасыз етеді.

К.Д. Ушинский: «...ой сұранысы өрістей беретін, даму және өсу үстіндегі тіршілік иесімен жұмыс істейтін болғандықтан, адамды біліммен байыта отырып және осы қазынаны пайдалана білуге де үйретуде тек бүгінгі қажеттілікті қанағаттандырып қана қоймай, болашаққа да молшылық қорын жасай білу керек» дейді. Ғалымның пікірінше, әр адам зияттылығы арқылы өздігінен ойлай білуі керек, ал ондай дағды өздігінен білім көзін тауып үйренгенде ғана қалыптасатынын атап көрсетеді [79].

К.Фишер теориялары бойынша зияттылық табиғаты таным арқылы анықталады. Оның тұжырымдауында, зияттылық табиғатын түсіндіруде: тұлға өзін қоршаған болмысты динамикалық тұрғыда өзгерте келе, қоршаған ортаға емес, керісінше, қоршаған ортаны өз іс-әрекетіне қарай қайта құруын көреміз [80].

Жоғарыда берілген авторлардың ойларын тұжырымдай келе, бүгінгі күні қоғам үнемі даму үстінде болуы себепті, тұлғаның ақыл-ой сұранысына деген талап аса жоғары, әрбір тұлға өз табиғатын түсініп, өзін және қоршаған ортаны тану негізінде, білім мен алған білімін тәжірибеде мейлінше кең қолдану арқылы, үздіксіз өзін-өзі дамыту үдерісін іске қосып, қоғам дамуына өз үлесін қосып өз болашағын қамтамасыз ете алады. Әрбір болашақ маманның аталған бағытта дамуы үшін, білім беру үдерісінің мәнді де, мағыналы болуы аса маңызды.

Осы негізде, зияттылық – бұл ашық түсінік, себебі оған көптеген зерттеушілер ұсынған жаңа мінез-құлық типтерін енгізуге болады. Тестологиялық теориялардың құрылымына өзіндік көзқарастар ресей және шетел ғалымдарының еңбектерінде қарастырылған және зияткерлік белсенділік механизмдерін айқындауға бағытталған зияттылықтың белсенді теориялары болды. Олар психологиялық зерттеулер аясында бірнеше негізгі амалдар ерекшеленген:

1. *Феноменологиялық амал*: зияттылық сана мазмұнының ерекше формасы ретінде қарастырылады (М.Вертгеймер, К.Дункер, В.Келлер, Дж.Кэмпбелл және т.б.).

2. *Генетикалық амал*: зияттылық адам және қоршаған орта өзара әрекеттестігінің табиғи жағдайларында қоршаған орта талаптарына бейімделуді күрделендіру салдары ретінде (Ж.Пиаже, У.Р.Чарльзворт).

3. *Әлеуметтік-мәдени амал*: зияттылық жалпы мәдениет әсері және әлеуметтену үдерісінің нәтижесі ретінде (Дж.Бруннер, Л.С.Выготский, Л.Леви-Брюль, А.Р.Лурия және т.б.).

4. *Үдерістік-іс-әрекеттік амал*: зияттылық адам іс-әрекетінің ерекше формасы ретінде (К.А.Абульханова-Славская, А.В.Брушлинский, Л.А.Венгер, С.Л.Рубинштейн және т.б.).

5. *Білім беру амалы*: зияттылық мақсатты оқыту өнімі ретінде (А.Стаатс, Р.Фейерштейн, К.Фишер және т.б.).

6. *Ақпараттық амал*: зияттылық ақпаратты қайта өңдеудің қарапайым үдерістерінің жиынтығы ретінде (Г.Айзенк, Э.Хант, Р.Штернберг және т.б.).

7. *Қызметтік-деңгейлі амал*: зияттылық көпдеңгейлі танымдық үдерістер жүйесі ретінде (Б.Г.Ананьев, Б.М.Величковский, Е.И.Степанова және т.б.).

8. *Реттеуші амал*: зияттылық психикалық белсенділіктің өзіндік реттеуші факторы ретінде (Л.Терстоун және т.б.).

Жоғарыда атап көрсетілген амалдар мен анықтамаларға қарағанда зияттылық феноменінің ғылымда бірегей түсінігі жоқ, осы ретте әлеуметтік зияттылықтың дербес түр ретінде ерекшелену заңдылығы туралы ереже барлық

ғалымдардың пікірлерін құптай отырып қабылданады деген пікірімізді білдіреміз.

Ч. Спирмен өз зерттеулерінде түрлі көрсеткіштердің тобы өзара байланыста болу негізінде бір қабілетті анықтайды деп ұсынған. Ал көрсеткіштер белгілі бір топ факторларына топтасатынын өз зияттылық құрылымының иерархиялық теориясында дәлелдеген. Зияттылық ұғымы пайда болғаннан бері бүгінгі күнге дейін көптеген ғалымдар тобы, «зияттылық» ұғымының моделін, құрылымын көрсетіп кеткен. Атап айтқанда: Тернстоун бойынша зияттылық моделі, Гилфорд бойынша зияттылық моделі, Айзенк бойынша зияттылық моделі, Кеттел бойынша зияттылық моделі, Стенберг бойынша зияттылық моделі.

Гилфорд ұсынған моделде әлеуметтік зияттылыққа қатысты 30 мүмкіндік сипатталған. Олардың біразы адам мінез-құлқын түсінумен, бірі мінез-құлық аясындағы өнімді түрде ойлаумен, бірі бағалаумен байланысты. Дж.Гилфорд тұжырымдамасы бойынша, адамның өзін және өзгені түсінуі вербалды емес сипатта болады [81].

Осы аталған үлгілер қатарынан біз Дж. Гилфорд бойынша зияттылық моделіне кесте түрінде сипаттама береміз, бұл үлгіні таңдау себебіміз негізгі зерттеу мәселесі бойынша әдістеме осы үлгі бойынша жасалған. Дж. Гилфорд бойынша зияттылық құрылымы – зияттылықтың үш жағы: зияттылық мазмұны, зияттылық сипаттамасы, зияттылық нәтижесі 2-кестеде берілген.


Кесте 2 – Дж. Гилфорд бойынша зияттылық құрылымы

<i>Зияттылық мазмұны</i>	<i>Зияттылық сипаттамасы</i>	<i>Зияттылық нәтижесі</i>
<i>объективті белгілік семантикалық мінез-құлықтық</i>	<i>бағалау синтез анализ есте сақтау таным</i>	<i>байымдама өзгеріс жүйе қатынас санат бірлік</i>

2 – кестеден көріп тұрғанымыздай, Дж. Гилфорд бойынша зияттылық құрылымы төмендегідей сипатта болады: таным (ұсынылған материалды қабылдау және түсіну); есте сақтау (ақпаратты есте сақтау және кері қайта айту), конвергентті ойлау (логикалық ойлау), дивергентті ойлау (логикадан тыс, альтернативалық ойлау), бағалау (берілген жағдаят дұрыстығы туралы пікір). Осы берілген сипаттама және осыған дейінгі зерттеген ғалымдар пікірлері негізінде «зияттылық» ұғымының құрылымын беруді жөн деп санаймыз.

Сонымен, «зияттылық» ұғымы әдебиеттерге сүйену негізінде адамның көп деңгейлі танымдық үдерістер жүйесі, психикалық белсенділіктің өзіндік реттеуші факторы, ақпаратты қайта өңдеудің қарапайым жиынтығы, сана мазмұнының ерекше формасы, іс-әрекетінің танып білуге қызығушылық, бағыттылық қабілеті, ойлаудың белсенділігі мен жылдамдығы, ой тереңдігі,

ойлау кеңдігі тұрғысынан қарастырылғандығы анықталды. Осы негізде көрсетілген «зияттылық» құрылымы төмендегі 1 - суретте нақты келтіріледі.



Сурет 1– «Зияттылық» ұғымының құрылымы

Көптеген ғылыми зерттеулерге сүйенсек, «зияттылық» және «әлеуметтік зияттылық» ұғымдары көп бейнелі құрылымды көрсетеді. Бүгінгі күні әлеуметтік және жалпы зияттылық байланысы жөнінде ортақ позиция жоқ. Зияттылықтың жалпы теориясы аясында «әлеуметтік зияттылық» толықтай сипаттамаға ие бола алмайды. Сонымен қатар зерттеушілер атап көрсеткендей тұлғаның жалпы зияткерлік дамуы жоғары әлеуметтік зияттылықтың басты шарты болып табылады. Әлеуметтік және жалпы зияттылық дифференциация сұрақтарының ашық болуы ең алдымен өлшеу құралдарының төмендігіне байланысты. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, көптеген авторлар мен зерттеушілер қабылдаған қағида әр деңгейдегі әлеуметтік зияттылыққа байланысты сыналұшылар тұлғааралық өзара әрекеттестіктегі сәттіліктің түзілімі бойынша түрлі деңгейімен сипатталады [12, с.45].

Заманның даму кезеңдеріне сәйкес психологиялық мектептердің жақтаушылары «әлеуметтік зияттылық» ұғымына:

- басқа адамдармен сыйысу қабілеті (Moss F., Hunt T., 1927);
- қоршаған адамдармен іс жүргізу қабілеті (Hunt T., 1928);

- адамдар туралы білімдер (Strang R., 1930);
- өзгелермен тіл табысу, олардың жағдайын түсіну, өзін өзгенің орнына қоя білу қабілеті (Vernon P.E., 1933)
- өзге адамдардың сезімдерін, көңіл-күйін және әрекетіндегі мотивациясын сыни және дұрыс көзқараспен бағалау қабілеті (Wedek J., 1947) сынды әртүрлі түсініктер беріп отырған.

Ж. Аймауытұлы «Психология» кітабында: «Оқыған азаматтың қызметке тұрақсыздығы, құр даурық боямалығы, берік жол тұтына алмайтындығы – осының бәрі шын әлеумет маман болуға шынықпағандығын көрсетеді», – деп жазады. Ж. Аймауытұлының [82] бұл пайымдауы ЖОО-да болашақ мамандарды даярлауда болашақ маманның ішкі табиғи мүмкіндіктерін ашып, әрбір студенттің сыртқы әлеммен әлеуметтік қарым-қатынастарда өз орнын табуға, өзін шығармашылықпен өзгертуде белсенділік танытуға ықпал етуді көздейді. Бұл тұста әлеуметтік зияттылық педагогикалық қарым-қатынас деңгейімен көрініс табады.

В.А. Сухомлинский: «Мұғалімдік мамандық – бұл адамды тану, адамның күрделі және қызықты, шымшытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүрекпен ұға білу», – деп ұстаздық мамандыққа ерекше баға береді. Демек, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық шеберлігін арттыруда олардың болашақта баламен жұмыс жасай білу қабілеттілігін кәсіби шыңдау аса маңызды. Ал бұл өз кезегінде студенттердің әлеуметтік зияттылығын дамытуды талап етеді [83].

М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінде: «Ұлт мектебін құруда ұстаздар шәкіртінің тұрмыс-тіршілігіне, рухани дамуына, сезімін бағуға байланысты реттеп отыруы тиіс», дей келе, ...адамның өзін-өзі, яғни өз қатасын өзі көре білуі, оның жанының идеалға, қасиетті қияға ұмтылатын мінезі барлығын көрсетеді»,– деп жазады. Сондай-ақ М.Жұмабаев: «Ақыл ісі басталып, суреттеу, ес, қиялды өтіп, ойға жетеді екен. Ақылдың жан көрінісінің ең қымбаты – ой, ой тілі – сөз», – деп қорытындылайды [84]. Бұдан біз адамның өзін-өзі реттеуі мінезден, ал ақылдың шыңына бару – ой және сөзден құралады деген тұжырым жасаймыз. Демек, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуда көркем мінез бен қарым-қатынас орнатудағы ой мен сөздің маңыздылығының жоғары екендігін аңғарамыз.

Э.Торндайк әлеуметтік зияттылықты адамдардың «тұлғааралық қатынасындағы парасаттылығы», яғни қандай да бір белгілі қарым-қатынастарда даналық танытуға қабілеттілігі ретінде қарастырады. Э.Торндайк әлеуметтік зияттылықты зерделегенде екі негізгі қабілетке басты назар аударады:

- *айналасындағыларды түсіне алуға қабілеті;*
- *басқа адамдарға қатысты ақылды әрекеттер танытуға қабілет.*

Даму үдерісінің бастапқы кезеңінде әлеуметтік зияттылықтың тұжырымдамасы сынға алынған. Д.Векслердің ойынша, әлеуметтік зияттылық әлеуметтік ортада көрініс табушы жалпы зияттылыққа тең. Дегенмен

психология ғылымына әлеуметтік зияттылық ұғымын енгізген Э.Торндайктың пайымдауынша, ол жалпы зияттылықтан дербес түрде өмір сүреді. Ғалымның зерттеулері барысында индивидтің өмірдегі, қарым-қатынастағы табыстылығын «зияттылық» және «әлеуметтік» ұғымдарымен байланыста қарастырып, психология, педагогика ғылымдарында талай категориялар жаңа бір қырларынан зерттелді, кейбірі жаңадан түзілді деуге негіз бар [4, р. 231]. Бұдан біздің түйгеніміз: әлеуметтік зияттылық – қарым-қатынастың сәттілікке бастау жолында құрылады.

Көптеген авторлар (Китинг, 1978; Гилфорд, 1967, М.Форд, М.Тисак, 1983) әлеуметтік зияттылықты академиялық қабілеттер немесе формальды зияттылықты қарсы тұратын негізгі менталды қабілеттердің дербес тобы ретінде анықтаған. Әлеуметтік зияттылықтың дамуындағы жоғары деңгейіне жету үшін (Р.Селман бойынша) баланың интеллектуалды дамудың ең жоғары кезеңіне жеткені қуантарлық жағдай, бірақ бәріне міндетті болуы мүмкін емес. Бұл пайымдауында ғалым, формальды-қисынды және әлеуметтік міндеттерді шешу қабілеті арасында қатаң бір мәнді сәйкестіктің болмайтынын атап көрсетеді [12, с. 46].

Әлеуметтік зияттылықты әдістемелік өңдеу мәселелері 1980 жылдарға қатысты. М.Форд және М.Тисак зияттылықты өлшеу негізіне мәселелі жағдаятты тиімді шешу жолдарын қойған. Олар әлеуметтік зияттылық нақты келісілген менталды мүмкіндіктер жиынтығы екенін көрсете білген, ол мүмкіндіктер әлеуметтік ақпаратты өңдеумен тікелей байланысты және формалды ойлау мен академиялық зияттылық тесттері негізіне кіретін мүмкіндіктер тобынан ерекшеленеді.

Егер әлеуметтік зияттылық – интеллектуалдық қабілеттердің дербес мәні, құбылысы, жеке нұсқасы болып табылса, онда адамдар әлеуметтік түсінушілік пен ойдың өлшем тобы бойынша салыстырмалы түрде ұқсас нәтижелерді көрсетуі тиіс, ал әлеуметтік зияттылықтың тест көрсеткіштері зияттылықтың дәстүрлі әлеуметтік емес өлшемдерінің нәтижелеріне қарағанда, әлеуметтік қызмет пен жетілудің едәуір дәл болжамдарын қамтамасыз етуі керек.

М.Е.Форд пен М.С.Тисак әлеуметтік зияттылықты анықтау үшін әдеттегідей, төменде көрсетілген үш өлшемнің бірі қолданылатынын атаған:

-әлеуметтік ақпараттың декодтауына қабілеттілік – вербальдық емес түрткілерді дұрыс әлеуметтік пікірлерді шығаруға дейін тану қабілеті (негізінде мынадай иллюстративтік конструкцияда қолданылады: рөлді қабылдау, өзге адамды қабылдау, әлеуметтік инсайт, тұлғааралық қатынастардан хабардар болу және т.б.);

-әлеуметтік жүріс-тұрыстың тиімділігі мен бейімділігі (иллюстративтік конструкциялары – әлеуметтік-когнитивтік дағдылар қажетті болатын жүріс-тұрыс нәтижелері);

Жоғарыда көрсетілген жіктеме әлеуметтік зияттылықты өлшеудің келесі көзқарастарында көрініс тапты: когнитивтік-вербальды, жүріс-тұрыс және вербальдық емес [85;86]. Бұл тұстағы біздің ойымыз, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуда өзін қалыптастыруы мен

жүзеге асыру тәсілі – қоғамда, еңбек етуде, ұжымда және адамдардың арасында өзінің орнын табу – негізгі өмірлік қатынасының жүзеге асуы болып табылады. Әлеуметтік зияттылығы дамыған болашақ маманның осы қатынас арқылы белсенділігі мен дамуы жүзеге асады, бұл қатынас оның өзі істеген әрбір әрекетінде сапалы жағдайда көрінеді, әрбір шешілетін міндеттердегі өзінің жүріс-тұрысы мен қылықтарын реттеп отырады.

Зияттылықты зерттеудің интеграциялық амалының мысалы ретінде, 1985 жылы жарыққа шығарылған Р.Стернбергтің үш компонентті теориясын келтіруге болады. Осы теорияда зияттылық мақсатқа жете алу икемі ретінде қарастырылады. Стернбергтің «Зияттылықтың тұтастық теориясы» құрамына үш аспект еніп, олар сәйкес субтеорияларды білдіреді:

-жеке тұлғаның ішкі дүниесі және ақпаратты өңдеумен байланысты ойлау тетіктерінің байланысын түсіндіреді (*құрамдастық субтеориясы*).

-алдыңғы тәжірибені қолданумен жаңа жағдаяттың тиімді игерілуін анықтайды (*эмпирикалық зияттылық*).

-*мәнмәтін субтеориясы* – әлеуметтік жағдайдағы зияттылық көрінісі (жағдаяттық зияттылық).

Стернберг жағдаяттық зияттылықтың екі жағын анықтайды: күнделікті мәселелерді шешуде немесе практика барысында көрініс беретін әлеуметтік зияттылық. Р.Стернберг «Креативтіліктің инвестициялық теориясы» атты еңбегінде әлеуметтік зияттылықты шығармашылықтың құрамдас бөлігі деп қарастырады [13, с.186].

Осы орайда ғалымның пікіріне қосыла отырып, бастауыш сынып мұғалімінің шығармашылық әрекеті нақты педагогикалық жағдайдағы қарама-қайшылықты көре алу, оның шешімін өз бетінше іздеу, идеялар туындату, оларды өнертапқыштықпен құрастыру, жаңа идеяның «жарқ» етуі (инсайт), оны іске асыру, нәтижені талдап, қайта ой елегінен өткізу, жетілдіру сияқты кезеңдерден тұратындығын атап өтеміз. Дәл осындай әрекет кезінде мұғалімнің ішкі жан-қуаттары нәрленеді, әлеуметтік зияттылықтың артуы мүмкін болады. Мұғалім үшін бұл тұстағы инвестиция кәсіби жолда жақсы нәтижеге жетуді қамтамасыз етеді.

Қазіргі таңда білім беру ұйымдарының басты міндеті шығармашыл, өзіне сенімі мол, өзіндік белгілі бағытқа ие, қарым-қатынасқа тиімді әрі тез түсе білуші, әлеуметтік ортаға тез бейімделуші тұлға тәрбиелеу болып отыр. Осы тұста әлеуметтік зияттылықтың маңызы зор.

Г.Оллпорт (1937) әлеуметтік зияттылықты адамдар туралы пікір білдіруге, олардың жүріс-тұрысына дұрыс болжам құрудың және тұлғааралық өзара әрекеттесуге бейімделуді қамтамасыз етудің ерекше бір қабілеті ретінде сипаттайды. Г.Оллпорт өз еңбектерінде өзге адамдарды жақсырақ түсінуді қамтамасыз ететін қасиеттердің жиыны деп көрсетеді. Осы қасиеттердің құрылымына әлеуметтік зияттылық жеке қабілет ретінде енген (Allport, 1937) [10, с. 22]. Әлеуметтік зияттылықты индивидтің адами тұрмысқа бейімделуі ретінде қарастырған. Ғалымның зерттеулерінен біздің байқағанымыз: тұлға ретінде адам дамуының сапалы деңгейін, яғни өзінің зияттылығын дамытудағы

кажеттіліктерін кәсіби іс-әрекет арқылы қанағаттандырады. Ол «әлеуметтік зияттылыққа» ерекше тоқталып және оған ерекше бір мүмкіндік ретінде сипаттама беріп, адамдар туралы дұрыс пікір айту, олардың мінез-құлқын сипаттау, тұлғааралық қатынастарда қалыпты бейімделуді қамтамасыз етуші мінез-құлық деп атап өткен. Автордың еңбектерінде әлеуметтік зияттылық – бұл «әлеуметтік күш», ол адамдар арасындағы қарым-қатынас қиындықтарын реттей отырып, әлеуметтік бейімделу болып табылады. Әлеуметтік зияттылықты танымдық мүмкіндікпен емес, көп жағдайда іс-әрекетпен байланыстырады [10, с. 27].

Жоғары деңгейдегі зияттылық адамның әлеуметтік қалыптан тыс мінез-құлық ерекшеліктерімен толықтай жоққа шығарылады. Ақыл-ойында кемшілігі бар жастар бойында әлеуметтік зияттылықты зерттеу кезінде Сиерральта З.Хорхе Бернардо және В.И. Суслов әлеуметтік зияттылықтың когнитивті компонентінің дұрыс қызметі және қалыпты дамуы үшін жалпы зияттылықтың белгілі деңгейі қажет, егер одан төмен болса мінез-құлықты жоспарлау және тану қиындық келтіреді. Сонымен қатар білім алушылардың зияткерлік шектеулігі қарым-қатынас стилі құрылымы мен эмпатия арқылы толықтырылады [9, р. 16].

Қарапайым адамдардың әлеуметтік зияттылық туралы не ойлайтыны туралы түсінік алу үшін Р.Стернберг (1981) «адамдар зияттылығын түсінуге» бет бұрған. Ол вокзалдарда, дүкендерде, кітапханаларда сауалнамалар өткізіп, респонденттерге «интеллектуалды адамның» белгілерін сипаттап беруді ұсынған.

Р.Стернбергтің зерттеуі көрсеткеніндей, әлеуметтік зияттылық ұғымының құрылымына келесіні қосуға болады [9, р.17]:

-практикалық міндеттерді шешу қабілеті: адамның ойы қисынды, дұрыс, проблеманың барлық қырларын көреді; жақсы шешім қабылдайды; маңызды ақпараттың ерекше көздеріне жүгінеді; барлық дәлелдерге құлақ асады және т.б.

-вербальды қабілеттілік: анық және таза артикуляциясымен сөйлейді; оқығанын жақсы ұғынады; сөз қоры дамыған; жазуда қиыншылықтары жоқ; адамдармен қарым-қатынасы тиімді және т.б.

-әлеуметтік құзыреттілік: өзгелерді олардың болмысына сай қабылдайды; кездесулерге кешікпейді; пікірлері әділ; өзге адамдардың қиыншылықтары мен қалауларына сезімтал; талғампаз, қызығушылықтарының ауқымы кең.

Біздің шығаратын қорытындымыз, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту сәтінде Р.Стернбергтің практикалық міндеттерді шешу қабілеті мазмұнына сәйкес, студент жаңалықты практикаға енгізудің алгоритмін құра алатын болады.

Дж. Гилфорд тұжырымдамасына сәйкес, әлеуметтік зияттылық жалпы зияттылық факторынан тәуелсіз зияткерлік мүмкіндіктер жүйесінен тұрады. Дегенмен бұл мүмкіндіктер жалпы зияткерлік мүмкіндіктер сияқты үш айнымалы кеңістікте сипатталады және ол арқылы зияттылық құрылымы

түсіндіріледі: мазмұны, операциялары, нәтижелері, ол өз ретінде әлеуметтік зияттылық деңгейін анықтай түседі [7, с.15].

Жалпы алғанда, индивидтің ойлауының нәтижесі мен үдерісі оның зияттылық мүмкіндігіне байланысты, бірақ ол танымдық және бойындағы дарындылық пен шығармашылық қабілеттің деңгейіне сәйкес дамиды. Онымен философиялық, педагогикалық, психологиялық еңбектерді талдай келе, әлеуметтік зияттылықтың ұғымдық-категориялық аппараты ғылыми білім теориясында төмендегідей сипаттарға ие болды:

Философиялық категория ретінде:

- адамның адамға қатысты ие болатын білімі, рационалды тазаруы;
- космологиялық терең концептуалды сипат;
- ақиқат жолында парасаттылық кезеңі;
- өз рухын өзіне қарату және даналыққа жету жолы.

Психологиялық категория ретінде:

- адамдар туралы білімдер;
- мінез-құлық ерекшелігі арқылы басқа адамдармен сыйысу және істі жүргізе алу қабілеті;
- өзгелердің сезімдерін, көңіл-күйін және әрекетіндегі мотивациясын сыни және дұрыс көзқараспен бағалау қабілеті;
- қабілеттілік пен мотивтерін жүйелеудің даму деңгейіндегі форма.


Педагогикалық категория ретінде:

- «адам-адам» мамандығына икемділік;
- кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас орнатудың жоғары деңгейі;
- өзін-өзі субъективтендіру үшін ішкі ресурстарына әсер ету қабілеті;
- дербес әдістемелік бағытта шеберлігі.

Интегративтік категория ретінде:

- әлеуметтік сензитивтілік;
- әлеуметтік перцепция;
- әлеуметтік зерде;
- әлеуметтік ойлау;
- әлеуметтік бейімделу;
- коммуникативтік құзыреттілік;
- сана сипаттамалары;
- әлеуметтік құзыреттілік.

Осы айтылғандардың графикалық бейнесі төменде 2-суретте келтіріледі.



Сурет 2 - Ғылыми білімдер теориясындағы «әлеуметтік зияттылықтың» ұғымдық-категориялық аппараты

Кейбір әдебиет көздерінде, соның ішінде Ж. Годфруада әлеуметтік зияттылық көп негізді әлеуметтік перцепция немесе әлеуметтік ойлау танымдық үдерістерінің бірімен сәйкестендіріледі. Бұл аталған феномендердің тікелей әлеуметтік психология ғылымында дербес қарастырылуымен байланысты [88]. Д. Майерс өз жұмысында әлеуметтік психология анықтамасын айта отырып, оны адамдардың бірін-бірі тануы туралы ғылым деп көрсеткен. Әлеуметтік ойлау әлеуметтік зияттылыққа жақын ұғым, ол өзіндік бағалау мүмкіндігі ретінде қарастырылып, әлеуметтік ұстанымдар мен наным сенімдерді қабылдауды шарттап отырады [89]. Есейе келе олар белгілі бір нақты іс-әрекетке бағытталады. Біздің пікірімізше, мұнда аталған тұлғааралық

және тұлғаишілік зияттылық, яғни өзін және өзгені түсіне алу мүмкіндігі кейбір деңгейде «әлеуметтік зияттылық» ұғымына жақын. Автор бұл тұста зияттылық түрлері арасындағы белгілі бір қатынасты ажыратпаған, дегенмен оның өзге де түрлері, мысалы музыкалық зияттылық әлеуметтік зияттылыққа кіреді деп тұжырымдайды.

Т.Бьюзен әлеуметтік зияттылықты «біздің өзге адаммен қарым-қатынасқа түсу деңгейімізді анықтайды деп» және оны біліктіліктер мен дағдылар жиынтығы ретінде қарастырады [88, с. 15]. Оның ойынша, әлеуметтік зияттылығы жоғары тұлға: түрлі қоғамдық жағдайларға байланысты әңгімелесу деңгейі, өзге адамдарды тыңдай алуы, өзге адамдар дәл осы сәтте қандай сезімде екенін көре алу, өзін және өз идеяларын өткізе алуы, өзіне және өзгеге деген жағымды психологиялық ұстаным болуы, қиын жағдайлардан дұрыс шыға алуы, өзге адамдармен дұрыс қарым-қатынас орната алуы; топ ішінен ерекшелене білуі секілді қызметтерден тұрады.

Әлеуметтік зияттылық дегеніміз – бұл қарым-қатынас пен әлеуметтік бейімделу табыстылығын анықтайтын интегралды интеллектуалдық қабілет, ол әлеуметтік объектілерді (қарым-қатынас серіктесі ретіндегі адамды немесе адамдардың тобын) бейнелеумен байланысты. Қажетті арнайы қабілеттермен, білімдермен және дағдылармен, сонымен қатар болымды мотивация және мінез қасиеттерімен қатар, әлеуметтік зияттылықты ойлауға, оқуға және кәсіби-практикалық және ғылыми әрекеттерге, сонымен қатар жеке тұлғаның әлеуметтік икемдерге қабілетінің бір алғышарты ретінде қарастыруға болады [90].

Әлеуметтік зияттылықпен жиі негізде өмірлік даналылық зияткерлік дарындылық формасы ретінде сәйкестендіріледі. Даналық – бұл табиғи зияттылықтың бір жағы, өйткені оның күнделікті ақпаратты өңдеу мен бейімделу үдерісіне тікелей қатысы бар. Сонымен қатар даналық зияткерлік есеюдің ерекше күйі, ол күнделікті өмірде көрініс тауып және өмірлік тәжірибе негізінде жинақталады. Бұл тұста әлеуметтік зияттылық өмірлік тәжірибе негізінде жинақталған өзге адамдар іс-әрекетін болжай алу мүмкіндігімен байланысты алынған [91]. Ф.Диттмэн-Коли және Р. Балтес даналық мәселесін талқылай келе, зияткерлік өсу аспектісінде адамның егде шағында туындаушы «синтезделген зияттылық» түсінігін енгізген, ол түрлі тәжірибелердің жинақталуымен сипатталады. Бұл белгілі бір сала аясындағы құзыреттілік – әлеуметтік практикалық өмір аспектілерін түсіну, өзіне деген рефлексиялық қатынас [92].

Холидей және Чандлер сынды зерттеушілер «дана адам» түсінігінің сыналушылар берген мәнін және басқа көптеген пікірлерді талдау негізінде бес факторды ерекшелейді:

-1-фактор – орын алған жағдайды толық негізде түсіну, ол өмірлік тәжірибеге негізделеді (байқампаздық, қабылдау деңгейі, саналы ойға сүйену, барлық ақпаратқа ашық болу, жағдай мәнін көре алу);

-2-фактор – өзге адамдарға деген бағдар (дұрыс кеңес бере білу, көптеген пікірлерді талқылай алу);

-3-фактор – жалпы құзыреттілік (білімі, танымпаздығы, түсіну деңгейінің жоғары болуы);

-4-фактор – интерперсоналды біліктіліктер (жақсы тыңдай алуы, өз жеке басы мәселелеріне үнемі жүгіне бермейтін, байыпты);

-5-фактор – әлеуметтік биязылық (импульсивті емес, ұстамды).

Аталған факторлар әлеуметтік зияттылығы дамыған дана адам портретін құруға мүмкіндік тудырады.

Өз зерттеулерінің нәтижесінде Холидей және Чандлер төмендегідей қорытынды жасаған «даналық – ...есейе келе төмендемейді, жоғарылай түседі, ол зияткерлік зиялылықтың ерекше формасы». Өмірлік жағдайларды зияттылық негізінде шешу «мидағы іс-әрекет» түрінде, яғни саналының бейсаналыдан басымдылық танытуы негізінде іске асады. Осыған орай мәселе шешімі дәл осы сәтте орын алады, ол санадағы болжам, сынап көру, тексеру негізінде іске асады. Мұнда біз зияттылықты ішкі әрекетті орындау мүмкіндігіне негізделген мінез-құлық біліктілігі ретінде көреміз [93].

Шетелдік психологияда әлеуметтік зияттылықтың басқа да тұжырымдамалары кездеседі. Бұл тұжырымдама алғаш рет 1978 жылы шыққан Н.Кэнтордың еңбектерінде қарастырылады. XX ғасырдың екінші жартысында автордың «Жеке тұлға және әлеуметтік зияттылық» деп аталатын жеке кітабы шықты.

Н.Кэнтор әлеуметтік зияттылықты когнитивті құзыреттілікке теңестіреді, ол адамдарға әлеуметтік өмір құбылыстарын өзіне жоғары деңгейде пайдалы түрде қабылдауға мүмкіндік береді.

Н.Кэнтор әлеуметтік зияттылықты адамдарға әлеуметтік өмірдегі оқиғаларды ең аз кездейсоқтықпен және ең көп жеке тұлғалық пайдасымен қабылдауға мүмкіндік беретін әлеуметтік құзыреттілік ретінде ұсынады.

Ғалымның тұжырымынан көретініміз, адамның когнитивті негізі декларативтік және оперативтік (ресімдік) білімдер ретінде анықтала алады, оларды жеке тұлға оқиғаларды сәйкестендіріп түсіндіруде және күнделікті өмірдегі жағдаяттарда жоспарларды түзуде қолданады. Осы түсініктер жеке жадында сақталған және түсіндіру ережелері жеке тұлғаның когнитивті құрылымын құрайды; бірлесе келе, олар жеке тұлғаның тәжірибесін және оның күнделікті тұрмыстағы проблемаларға белгілі көзқарасын құрайды. Осындай білімдердің жиынтығын автор әлеуметтік зияттылық ұғымымен сипаттайды.

Н.Кэнтор өз еңбегінде үш зерттеушілік аспектіні бөліп көрсетеді:

- *проблеманы шешу үшін қажетті тәжірибенің мазмұны мен құрылымы;*

- жағдаят пен олардың мәнмәтіні;

- зияттылықтың *прагматикалық қыры*. Бұл – күнделікті проблемаларды шешу нұсқалары болады.

Н. Кэнтордың [9, р. 66] тұжырымы бойынша қорыта айтсақ, әлеуметтік зияттылықтың репертуары, оны пайдалану динамикасымен әлеуметтік зияттылық жинақталып, жетілетін үдерістері жеке тұлғаға өмірлік қоршаған ортасына бейімделуге мүмкіндік береді. Демек, әлеуметтік зияттылықтың

негізгі мазмұндық құрамдас бөліктері ретінде практикалық міндеттерді шешуге қабілеттілігі, вербальды қабілеттері мен әлеуметтік құзыреттілігі шығады.

Осы ұсынылған анықтамаларды жинақтай келе американ психологы Д. Векслер әлеуметтік зияттылықты жалпы түрде индивид, ол адам тіршілік әрекетіне бейімделуі ретінде анықтауды ұсынған [86, с. 22].

ТМД елдерінде әлеуметтік зияттылық ұғымын алғашқылардың бірі болып 1978 жылы М.И. Бобнева пайдаланған [14, с. 52], ол оны әлеуметтік даму жүйесінде қарастырған. Зерттеуші қалыптасушы тұлға бойындағы әлеуметтік тәжірибе болуы қажеттілігін атап өткен. М.И. Бобневаның пікірінше, тұлғаның толыққанды дамуы үшін әлеуметтік тәжірибені жинақтаудың екі түрі қажет, ұйымдастырылған әлеуметтік оқыту және стихиялы негіздегі әлеуметтік өзара әрекеттестік тәжірибесі, ол тұлғаның белсенді және оқыс дамуын қамтамасыз етеді.

Тұлғаның әлеуметтік-психологиялық дамуы, оның әлеуметтік қалыпты болуын қамтамасыз етуші қасиеттер мен мүмкіндіктердің қалыптасуы болып табылады. Мұндай басты мүмкіндіктер: әлеуметтік елестету және әлеуметтік зияттылық. Бірінші ұғымға қатысты адам өзін шынайы әлеуметтік контекстке ендіре алуы және соған сәйкес өз әрекетін елестете алуы тиіс. Әлеуметтік зияттылық – әлеуметтік зерттеу аясына байланысты күрделі қатынастарды көру мүмкіндігі. М.И. Бобнева пікірінше, әлеуметтік зияттылық адамның ерекше бір мүмкіндігі, ол оның әлеуметтік іс-әрекет аясы, қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттестіктер үдерісінде қалыптасады. Осы тұста көңіл бөлетін маңызды жайт жалпы зияткерлік даму деңгейі тұлғаның әлеуметтік зияттылық деңгейімен байланысты емес. Жоғары деңгейдегі зияткерлік даму қажетті, бірақ тұлғаның әлеуметтік дамуына жеткіліксіз. Ол әлеуметтік дамуға жағымды жағдай жасайды, алайда оған керекті шарттарды құра алмайды. Сонымен қатар М.И. Бобнева жоғары деңгейдегі зияттылық адамның әлеуметтік негіздегі соқырлығымен толықтай жоққа шығарылатынын, яғни оның әлеуметтік негіздегі қалыптан тыс іс-әрекеті мен ұстанымдарының болмайтындығын көрсетеді. Әлеуметтік зияттылық дегеніміз – әлеуметтік аясындағы күрделі қатынастар мен тәуелділіктерді қарастырып, аңғару қабілеті. М.И. Бобнева әлеуметтік зияттылықты адамның қызметі барысында әлеуметтік, қатынасу және әлеуметтік өзара әрекеттесу аясында қалыптасатын ерекше қабілеті ретінде қарастыру қажет деп есептейді. Дамудағы жалпы интеллектуалдық даму деңгейінің әлеуметтік зияттылық деңгейімен бір мәнді байланысты болмайтыны түбегейлі түрде маңызды. Жоғары интеллектуалдық деңгей жеке тұлғаның меншікті әлеуметтік дамуындағы тек қажетті, бірақ жеткіліксіз шарты ғана болып табылады. Ол әлеуметтік дамуға қолайлы жағдайды тудыра алады, бірақ орнын басып оған алғышарт ретінде шыға алмайды. Оған қоса, М.И. Бобнева жоғары зияттылық адамның әлеуметтік бейімсіздігімен, оның мінезіндегі және ұстанымдарындағы әлеуметтік сәйкессіздігімен толық құнын жоғалтуы мүмкін екенін атап көрсетті.

Сондай-ақ Ю.Н. Емельянов «Әлеуметтік зияттылық» ұғымы анықтамасын ұсынған, бұл «әлеуметтік сензитивтілік» ұғымымен тікелей байланысты. Оның

пікірінше, ішкі сезім негізінде адамда дербес «эвристикалар» қалыптасады, олар оны тұлғааралық өзара әрекеттестікке қатысты қорытынды жасау үшін пайдаланады. Ю.Н. Емельянов әлеуметтік зияттылықты практикалық психология іс-әрекетінде әлеуметтік-психологиялық белсенді білім беру көмегімен индивидтің коммуникативті құзыреттілігін көтеру ретінде пайдаланған. Ғалым әлеуметтік зияттылыққа «индивид субъективті танымының мүмкіндіктер аясы» ретінде анықтама беріп, оның ауқымында ойлау үдерістер ерекшеліктеріне негізделген өз-өзін, өзге адамдарды түсінудегі аффективті әсер ету мен әлеуметтік тәжірибе мүмкіндігі ретінде танып, өзара әрекеттестік пен тұлғааралық құбылыстарды жоспарлай білу деп есептеген. Коммуникативті құзыреттілік әлеуметтік контекстер интериоризациясы негізінде қалыптасады. Бұл үдеріс тұрақты және шексіз. Эмпатия сензитивтілік негізі болып табылады, бұл өзгелердің психикалық күйіне, ұмтылыстарына, құндылықтарына, мақсаттарына сезімталдылық, яғни осы сапа әлеуметтік зияттылық мәні болып келеді. Ғалымның еңбегі бойынша, адам есейе келе, эмпатиялық қабілеті өзгереді, ол белгілі бейнелік құралдармен ығыстырылады, яғни әлеуметтік зияттылық дербес психологиялық білім беру деп көрсетіледі. Біздің Сонымен, егер студенттерді тұлғалық жағынан қарастырар болсақ, онда 18-20 жас аралығы бұл адамгершілік және эстетикалық сезімнің белсенді дамуы, мінездің орнығуы мен тұрақтану кезеңі, ең маңыздысы ересек адамның әлеуметтік рөлінің сипатына ие болу: азаматтық, кәсіби-еңбектік толық кешенін меңгеру болады.

А.Р. Лурия кеңес ғалымы ретінде зияттылықты әлеуметтік-мәдени тұрғыда зерттеген. Ол салыстырмалы деңгей жасай отырып, мәдениетаралық зерттеулердің міндеттерінің бірі мәдениет өкілдерінің зияттылық іс-әрекет ерекшеліктерін ұсынды. Бұл өз кезегінде мәдени әсерде басымдық танытып, адамның зияттылығын байқауға мүмкіндік туғызады. Адамның тіл табыса алу икемділіктері мен дағдыларының жоғары деңгейде дамуы, әлеуметтік рөлдер мен тәсілдерді танып, оның қолданбалы тұсын меңгеруі қажет [94].

Әлеуметтік зияттылықтың негізін салушылардың бірі Д.В.Ушаков өз зерттеулері негізінде әлеуметтік зияттылық туралы білімдердің интеграциялануы жалпы зияттылық теориясына келесі ережелер бойынша енеді деп көрсетеді: *әлеуметтік зияттылық* - танымдық мүмкіндік, ол зияттылықтың бір түрі және жалпы заңдылықтарға бағынады. Осы тұста әлеуметтік зияттылық әлеуметтік объектілерді бейнелеуші танымдық үдерістерді реттейді және траекториясын біріктіреді (адамдар тобы, адамдық қарым-қатынас құралы ретінде т.б.). Олар:

- *әлеуметтік зияттылық* қалыптасуының алғышарттарына көбіне адамдардың коммуникациялық (қарым-қатынас) ерекшеліктері кіреді. Мұндағы әлеуметтік зияттылық қасиеті, оның өзге зияттылық түрлері және тұлғалық ерекшеліктерімен байланысының дәлелі.

- «әлеуметтік зияттылыққа» тән ерекшеліктерді оған сәйкес ішкі жүйелер көрсетеді, олар оның негізін құрайды [85, с. 13].

XX ғасырдың 80-жылдарында әлеуметтік зияттылық мәселесіне қатысты зерттеу жүргізген ғалымдар (Ю.З.Гильбух, А.А.Мелик-Пашаев, В.Ж.Чудновский және т.б.) зияттылықты тек ойлау арқылы нәтижеге жете алатынын, белгілі бір әрекетте жақсы нәтижеге жету деп қарастырып қана қоймай, адамның өмір сүру барысында әлеуметтік-тарихи жағдайларға байланысты өзін өзгерте алуы, биіктерге шыға алу мүмкіндіктері ретінде де тани бастайды.

А.Л.Южанинованың еңбектерінде (1984) интеллектуалды құрылымның үш сипаты болатыны көрсетіледі: субъект-объектілік қатынастардың аясын бейнелейтін практикалық зияттылық және қисынды зияттылық, субъект-субектілік қатынастар аясын бейнелейтін әлеуметтік зияттылық. Әлеуметтік зияттылық әлеуметтік-сезімді қабілеттерден, әлеуметтік қатынас техникасынан және әлеуметтік қиялдан құрылады.

Интеллектуалдық әлеует, автордың пікірінше – зияттылық прогрессивтік өзгерістерді анықтайтын психикалық қасиеттер мен тетіктердің санаты. Оның түбегейлі құрамдастары ретінде интеллектуалдық мәртебе, танымдық мотивация, өзін бейнелеуге және өзін анықтауға қабілеттілік, сонымен қатар ой жұмысына қабілеттілік. Ерекше назар тұлғалық аспектіні (мотивациялардың жүйсіне) және еркін дамытын психикалық белсенділік тұрғысындағы даралыққа, өзіне міндет белгілеуге дайындықты зерттеуге бөлінді. Зерттеудің барысында мектеп оқушысының ақыл есін өсіру үшін оқу қызметіне шығармашылықпен тартылуының мәні, денсаулыққа қолайлы жағдай жасайтын фактор ретіндегі ізденіс белсенділігінің мәні көрсетілді. Шығармашылыққа тартылуы –бұл ағзаның эмоционалдық, гуморальдық, эндокриндік жүйелерін белсендіру құралы, жеке тұлғаның жұмысқа қабілеттілігін, тұтастығын нығайту құралы.

Әлеуметтік зияттылыққа жаңа көзқарас В.Н.Куницынаның (1991) еңбектерінде көрініс тапқан. Ғалым әлеуметтік зияттылық туралы жоғарыда талданған түсініктерден ерекшеленетін осы күрделі құбылыстың жеке бір аспектісін – коммуникативтік-тұлғалық әлеуетті атап көрсетеді. Ол мейлінше жинақты және әлеуметтік зияттылықтың ішкі құрылымын, оның түрлі жас кезеңдеріндегі қызмет ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді. Біздіңше, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығы астарларының мәні – ұстаздық әрекеттің, ойлаудың, қарым-қатынастың мәдениетін толықтай меңгеру болатындығын меңзейді [95].

Әлеуметтік зияттылықты күрделі және көп өлшемді психологиялық құрылым деп қарастырып, біз оның келесі құрамдастарын, нақты мәселенің В.Н.Куницынаның еңбектерінде талдануына сүйеніп, атап көрсетеміз [95, с. 85]:

-коммуникативтік-тұлғалық әлеует, мейлінше жинақты және әлеуметтік зияттылықтың спецификалық құрылымы мен оның түрлі жас кезеңдеріндегі қызметі ерекшеліктерін түсінуге жақындауға мүмкіндік береді. Коммуникативті-тұлғалық әлеует (КТӘ), ол қарым-қатынасты жеңілдететін немесе қиындататын қасиеттер кешені, олардың негізінде психологиялық

байланыс орнату және коммуникативті сыйымдылық сияқты интегралды коммуникативті сапалар қалыптасады; бұл әлеуметтік зияттылықтың негізі мен өзегі;

-өзіндік сананың сипаттары – өзін құрметтеу сезімі, қысымдағы импульстардан, теріс тұжырымдардан, сенімсіздіктен еркін болу, жаңа идеяларға ашық болу, Өзінің бейнесі мен Өзінің тұжырымдамасының ерекшеліктері;

-әлеуметтік перцепция, әлеуметтік құбылыстарды түсіну және модельдеуге, адамдар мен олардың мінез-құлық мотивтерін түсінуге қабілеттілік ретінде; тұлғааралық жағдаяттарды болжамдау икемдері.

А.И.Савенков әлеуметтік зияттылықтың екі факторын ажыратады:

1. *Кристалданған әлеуметтік білімдер*, яғни таныс әлеуметтік оқиғалар туралы білімдер, әлеуметтік оқып-үйрену нәтижесінде және меншікті зерттеушілік тәжірибесі барысында алынған білімдер.

2. *Әлеуметтік-когнитивтік икемділік*. Бұл жағдайда сөз әлеуметтік білімдерін белгісіз мәселелерді шешуде қолдануға қабілеті туралы көтеріліп жатыр.

Әлеуметтік зияттылықтың тұжырымдамасын сипаттай отырып, А.И.Савенков оны сипаттайтын өлшемдердің топтарын сипаттайды: когнитивтік, эмоционалдық және мінез-құлық. Әрбір топ мазмұнды түрінде келесідей көрініс беруде:

Когнитивтік: әлеуметтік білімдер – адамдар туралы білімдер, арнайы ережелердің білімдері, басқа адамдарды түсіну; әлеуметтік жады – адам аттары мен беттерін есте сақтау; әлеуметтік түйсік – сезімдерді бағалау, көңіл-күйін анықтау, өзге адамдар әрекеттерінің мотивтерін түсіну, әлеуметтік мәнін шенберінде бақыланатын жүріс-тұрысты сайма-қабылдау қабілеті; әлеуметтік болжамдау – өз әрекеттерінің жоспарларын түзу, өз дамуын қадағалау, меншікті дамуындағы рефлексия және қолданбаған балама мүмкіндіктерін бағалау.

Эмоционалдық: әлеуметтік мәнерлілік, эмоционалдық мәнерлілік, эмоционалдық сезімталдылық және эмоционалдық бақылау; мазасыздану – өзге адамдардың жағдайына кіру, өзін басқаның орнына қоя білу (коммуникативтік және моральдық эгоцентризмнен аса білу); өзін-өзі реттеуге қабілеттілік – өзінің эмоциялары мен меншікті көңіл-күйін реттеу икемі.

Мінез-құлықтық: әлеуметтік қабылдау – сұхбаттасқан адамын тыңдай білу, әзілді түсіну, әлеуметтік өзара әрекеттесу, бірлесіп жұмыс жасауға қабілеттілік пен дайындық, ұжымдық өзара әрекеттесуге және өзара әрекеттесудің жоғары типі – ұжымдық шығармашылыққа қабілеттілік; әлеуметтік бейімделу – түсіндіру және басқа адамдарды сендіру икемі, басқа адамдармен сыйысу қабілеті, қоршаған адамдармен қатынастарында ашық болу.

А.И.Савенковтың әлеуметтік зияттылықты дамыту жағдайындағы осы тұжырымдамалары адамдарға білім беру ортасындағы дамуында оның диагностикасының парадигмасы ретінде қызмет етуде маңызды. Сонымен қатар

көрсетілген өлшемдерді қолдана отырып, әрбір белгіленген параметрлерді анықтау, санымен бағалау шарасын әзірлеуге мүмкіндік береді [91, с. 52]. Осы орайда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуда түзілетін үлгіге өз үлесін берері анық.


Кейінгі жұмыстар қатарында Н.А.Аминова және М.В.Молоканова зерттеулерін ерекшелеуге болады, олар әлеуметтік зияттылық пен кәсіби бағдар байланыстылығын зерттеген. Яғни зерттеу нәтижесіне қарай әлеуметтік зияттылық неғұрлым жоғары болса, соғұрлым зерттеушілік іс-әрекетке бейінділік байқалады. Бұл негізде әлеуметтік зияттылық және оның жеке мүмкіндіктері маманның кәсіби бағдарын анықтаушы белгі ретінде қарастыруға болады деп пайымдаған [95, с. 67].

«Әлеуметтік зияттылық» құрылымын нақтылай түсуде коммуникативті құзыреттілік туралы коммуникативті біліктілік және тұлғааралық қатынастар зияттылығы дегенмен де адамдардың бірлескен іс-әрекеті факторына қатысты екінші кезекте. Сол себепті де коммуникативті құзыреттілікті көтеруге тірек болушы әдістер: индивидке табиғи тұлғааралық қатынастар құру, әлеуметтік-психологиялық елестетуді дамыту жолы ретінде өзге адамдар көзімен әлемді тани білуге жағдай жасау [96].

Сонымен қатар әлеуметтік зияттылық мәселелері аясындағы ғалымдардың еңбектерін талдау барысында біз, ресей ғалымы О.В. Луневаның әлеуметтік зияттылық мәселесінің зерттелу тарихына арналған бірнеше жылдар аясында жүргізілген зерттеулері негізіндегі мақалалармен танысып, өз жұмысымызға маңызы бар хронологиялық кесте құра алдық. Хронологиялық кестеде 1920 жылы, яғни әлеуметтік зияттылық ұғымының пайда болуы мен бүгінгі күнге дейінгі даму тенденциялары, бағыттары, ғалымдардың берген анықтамалары көрсетілген. Бет көлемінің шектеулі болуы себепті хронологиялық кестені қосымшаға береміз (Қосымша А).

Осылайша әлеуметтік зияттылық зерттеулеріне сүйенсек, қазіргі таңда нақты бір анықтаманың ғылыми теориялық білімдер сапында жоқ екенін байқаймыз, осы бағытта зерттеу жүргізуші ғалымдар белгілі деңгейде әлеуметтік зияттылық бір немесе бірнеше аспектілерімен өзіндік теорияларын ұсынған. Ол теориялардың барлығын атап өту өте ұзақ және белгілі деңгейде мүмкін емес. Әлеуметтік зияттылық-танымдық және практикалық-қызметтік тұлға іс-әрекетінде әлеуметтік жағдайларға қалыпты түрде әсер етудің маңызды шарты мен әлеуметтік бейімделудің қажетті мүмкіндігі орын алады. Бұл тұста тұлға коммуникативті мүмкіндіктерінің когнитивті құрамы болып табылады. Сонымен қатар әлеуметтік зияттылық – адамның белгілі жеке-тұлғалық қасиеттерінің жиынтығы, олар өзіне деген қарым-қатынасын қалыптастыруда, өз іс-әрекетін жоспарлауда, өз мінез-құлқы мен қоршаған адамдарды түсінуге және тиімді әлеуметтік бейімделуге мүмкіндік береді.

Көптеген әдебиеттерді қарастыра келе, «әлеуметтік зияттылық» ұғымының құрылымын төмендегідей 3-суретте сипаттаймыз.



Сурет 3 - «Әлеуметтік зияттылық» ұғымының құрылымы

Болашақ мамандарды даярлау жағдайында Т.С.Сабыров зерттеулерінде [15, б. 85]: «...студенттерде таным әрекетінің психологиялық сипаттары: білімге

деген жағымды мотивтер, өзінің жасаған жұмысының барысын өзі бақылай білуге, осы бағытта алған білімін болашаққа жоспарлай білуге дағдылануы болмақ. Ол үшін студенттің алдына ғылыми проблеманың шығу тарихы жайлы қызықты материалдарды бере отырып, зияттылығын дамыту жолында әлі шешілмеген сұрақтар бойынша бір-бірімен айтысу пікірлеріне мүмкіндік жасау қажетпіз», – деп өз тұжырымын береді. Ғалымның пікірі бойынша, студенттің зияттылығын дамытуды оның алдына сәйкесінше проблема қоюмен байланыстырады.

Әлеуметтік зияттылық пен жалпы зияттылықты сәйкестендірудің тағы бір мүмкіндігі Н.А. Кудрявцева зерттеулері бола алады, ол зияткерлік әлеуеттің интегративті көрсеткішін ерекшелеген. Оның пікірі бойынша, зияттылық бірлігі ретінде атау алып, зияткерлік өсу деңгейінің механизмдерінің маңызды компоненті бейнеленеді, тұлға деңгейі бойынша: жалпы зияттылық (міндеттерді субъект-объектілі деңгейде шешу мүмкіндігі), әлеуметтік зияттылық (міндеттерді субъект-субъектілі деңгейде шеше алу мүмкіндігі), рефлексиялар сияқты (зияттылықтың түрлі жақтарының даму көрсеткішін тіркейді) сәйкестіктерді жоғарылатты [97].

Біз теориялық талдау негізінде: *әлеуметтік зияттылық – тұлғаның кәсіби жетістікке жетуін, әлеуметтік мінез-құлық пен әлеуметтік ақпарат интерпретациясын шарттайтын, өз өмірінің белсенді құрылысшысы ретіндегі жоспар құра алуын, бәсекеге қабілетті маман иесі болуын, сапалы білім меңгеруге арналған тиімді іс-әрекетті жүзеге асыруын қамтамасыз ететін тұлғалық-кәсіби құрылым* – деген тұжырым жасаймыз.

Бізге зерттеу барысында белгілі болғандай, әлеуметтік зияттылық ұғымы аясында ғылыми түсініктердің жақындаса түсу үдерісі, интегративті сипатта ғылыми негізделген бірнеше салалардың әлеуетін біріктіретін ұғымдық-категориялық аппаратты құрастыру «әлеуметтік тұтастылық» белгілерін талдауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар бірқатар авторлар жалпы зияттылықтың жоғары деңгейі әлеуметтік бейімделу шарты бола алмайтындығы туралы айтады.

Оған қарама-қайшы мағынасындағы түсіндірмелердің көп болуына қарамастан, А.Г.Асмолов атап отырғанындай, «әлеуметтену» ұғымында «сыртқы» фактор ретінде «әлеуметтік» мағынасы басым болады. Отандық психологиялық ғылымда әлеуметтену екі жағынан қарастырылады: әлеуметтік бейімделу және ережелер мен нормалардың интериоризациясы, сондай-ақ бұл осы сипатымен үдерістің даралығы мен белсенділігін атап көрсетеді [98].

Дамытуды түзуші үдеріс жағдайындағы әлеуметтік тұтастылық белгілері: *әлеуметтілік, әлеуметтік рөл, әлеуметтік индивид, әлеуметтік орта, өзара әрекеттестіктің әлеуметтілігі, әлеуметтік дағды, әлеуметтік ұтқырлық және әлеуметтік қауымдастық, әлеуметтік мінез, әлеуметтік факт* 3-кестеде т.б. кіреді.

Кесте 3 - Әлеуметтік тұтастылық белгілері

Әлеуметтік тұтастылық белгілері	Әрекеттік сипаттары	Еңбектері
Әлеуметтік	– (социальное– латынның «socialis» – «бірге», «жолдастық», «қауымдық» деген сөзінен шыққан) – социологияның категориясы ретінде: 1) адамның қоғамдық өмірінің мәнін; 2) адамның бір-бірінен айырмашылығын; 3) адамның табиғаттың ажырамас бөлігі екендігін; 4) қоғамдық жүйелер құрылымдарын тиімдірек пайдалану жолдарын көрсету үшін қолданылады.	Халитова І.Әлеуметтік педагогика. Оқу құралы, Алматы, 2007
Әлеуметтік рөл	- белгілі бір әлеуметтік ұстанымға ие жеке адам үшін нормативті қолданатын мінез-құлық үлгісі болып табылатын, салыстырмалы тұрақты және іштей байланысты әрекеттер жүйесі; - белгілі бір әлеуметтік бағытты ұстанған жеке адам мінез-құлқының, тәртібінің жүйелі ресми үлгісі.	Асмолов А.Г. Психология личности, Москва, 2007
Әлеуметтік орта	-дамудың психикалық және тұлғалық факторы. Фактордың теориялары: биологиялық және әлеуметтік болады; -жеке адамның мінез-құлқының дамуына ықпал жасайтын қоғамдағы әлеуметтік қатынас, адамдар, олардың көп қырлы іс-әрекеттері.	Жақыпов. С «Жалпы психология негіздері» Алматы, 2012
Өзара әрекеттестіктің әлеуметтілігі	-оқудағы талдаулар (саналы білімді, оқу қызметін түсінуді қалыптастыру); қарым-қатынасқа, бірлескен оқу қызметіне саналы түрде бірінші кезең ретінде қарау, қолжеткен табысты нығайту; -әлеуметтік жолдастық қатынас орнату, бірлескен қызметті демократиялық тұрғыдан ұйымдастыра білудің қажеттігі; -әлеуметтік жағынан мәнді топтық және жеке бастық тұжырымға келу мүмкіндігімен байланысты қызметтің іс тәжірибесі.	Жақыпов. С «Жалпы психология негіздері» Алматы, 2012
Әлеуметтік дағды	-басқа адамдармен типтік өзара әрекеттесу Э.Дюркгейм. Әлеуметтік дағды – әлеуметтік мақсаттарға жету мақсатымен басқа адамдармен тиісті байланыс орната білу қабілеті. Түсінікті сөйлеу, анық жазу, уақытты ұтымды пайдалану, адамдардың аяушылық сезімін тудыра отырып, оларға ықпал ету бола алады.	Выгодский Л.С. Лекции по психологии, 2006
Әлеуметтік ұтқырлық	– адамның, әлеуметтік топтың әлеуметтік құрылымдағы өз орнын ауыстыруы, адамның бір әлеуметтік топтан екінші бір әлеуметтік топқа өтуі немесе сол топтың ішінде орнын өзгертуі.	Википедия Свободная энциклопедия
Әлеуметтік мінез	Мінез – адамның негізгі өмірлік беталысын және оның өзіндік әрекетінің айырмашылығын сипаттайтын саналы өзгешілік. Ол көп қасиеттің бірлігі, адамды әр қырынан көрсететін қасиет.	Джеймс Уильям Психология, Санк-Петербург, 2011

3 – кестенің жалғасы

1	2	3
Әлеуметтік қауымдастық	-әлеуметтік ішкі байланыстардың негізі тұратын аймағы бір және бірлескен өмір сүру нәтижесінде қалыптасқан материалдық және мәдени құндылықтары ортақ адамдардың тұрақты бірлестігі. Әлеуметтік қауымдастықтың негізгі белгілері: ынтымақтастық, келісім, жоғары дәрежедегі бірлік.	Эмиль Дюркгейм Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі, Алматы, 2007
Әлеуметтік факт	Әлеуметтік факт күрделенгіш әрекет. Саналы түрдегі ұжымдық көрініс – танымдық, аффективті және моторлық сфераның бірлігі. Мұнда әлеуметтік қажеттілік, сонымен қатар адамның қатысуымен болған кез-келген оқиғаны түсіну қамтамасыз етіледі. Леви Брюль	Л. Леви-Брюль Новая философская энциклопедия, Москва, 2010

Сондай-ақ адам, оның зияттылығы көптеген ойшылдардың еңбектерінің түйінді мәселесі болған. Олардың ішінде В.Франклдің «Человек в поисках смысла» атты еңбегінде келтіргендей адамға өзінің өмірінің мәнін іздеу туа берілетін мотивтердің бірі, оның дамуының қозғаушы күші болатын тұжырымын көреміз. В.Франклдің тұжырымынан байқайтынымыз, әр адамның табиғатында жақсы болуға, жаңаны жасауға, оны айтуға деген ұмтылысқа негіз болатындығы. Демек, әлеуметтік зияттылықты тұлғаның дамуындағы басты құндылық деп қарастыруға болады [99].

А.Н.Леонтьев өзінің «Проблемы развития психики» атты еңбегінде психиканың пайда болу кезеңдерін үш кезеңге бөліп қарастырады. 1-кезең – қарапайым сенсорлы кезең, яғни адам ағзасының қалыптасу жағдайындағы үдерістің жүзеге асуын білдіреді. 2-кезең – перцептивті кезең, яғни түйсінудің бейнелерге біріктірілуі іске асады. 3-кезең – *зияттылық кезеңі*, бұл кезең бойынша әрекет дайындығын жасап шығара алу орындалады. Оған:

- тапсырманы шешетін сызба құрылымына әкелетін бағдарлы-зерттеушілік іс-әрекет;

- мақсатқа жетуге бағытталған ырғақты құбылмалы жүріс-тұрыс бағдарламасының қалыптасуы;

- орындалған әрекеттің ойланған ниетімен бірігуі жатады [100].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуда А.Н.Леонтьевтің еңбектерінен 3 кезеңді күрделі құрылым ретінде алуға болады. Өйткені көрсетілген әрекет дайындықтарын жүзеге асыра алатын студент ертеңгі өзін-өзі реттеуші сипаттағы маман болмақ. Әрбір пәнді оқытуда студенттердің әлеуметтік зияттылығын дамытудың элементтері ішінара іске асырылады. Педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, білім беру үдерісі кезінде пәндік іс-әрекеттің субъектінің қызметі мен оның субъективтілік формасына ауысып отыратындығын негізге алуға болады. Ол үшін ең алдымен болашақ мамандарда әлеуметтік және танымдық мотивтің белгілі бір деңгейлерінің

болуы шарт. Егер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің білім алу барысындағы бағыты оқу пәндерінің мазмұнына бағытталса, онда студентте танымдық мотивтің бастауы бар деген мағынаны білдіреді. Ал егер студенттің білім алу үдерісіндегі бағыты курстас құрбылары не басқа адамдармен қарым-қатынасқа бағытталса, онда әлеуметтік мотив белгілерінің болғаны деп айтуға болады.

Қорыта келгенде, біздің қоғамда әлеуметтік процестердің үнемі күрделі болуы және тездетілуі, жаңа қоғамдық институттардың туындауы және жаңа әлеуметтік құбылыстардың болуына сәйкес мінез-құлық, ақпаратты өңдеу, тұлғаралық жағдайлар дамуын жоспарлауға қатысты адам мүмкіндіктеріне талап жоғарылауда. Адамдар жиі әлеуметтік өзара әрекеттестікке және қоғамдық шешімдер қабылдауға дайын емес болады. Әлеуметтік зияттылық мүмкіндіктер және әрекеттерді түсінуді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар адамдар, адамдардың сөздік өнімі және оның вербалды емес реакцияларын қамтиды. Бұл мүмкіндік тиімді тұлғаралық өзара әрекеттестікке және тиімді әлеуметтік бейімделуге қажетті.

1.2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту жаңартылған мазмұн жағдайындағы оның субъектілігін жетілдіру құралы ретінде

Бүгінгі күнде Қазақстанда жаһандық мәселелерге жауап бере алатындай деңгейде ұлттық мәнмәтіндегі жұмыстар кезең-кезеңмен жүзеге асырылуда. Жаңартулар жағдайында түзілген жаңа мазмұндағы білім беру бағдарламалары ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар болашақ мамандардың білім сапасына қызмет атқаратындай жағдайды көздеп отыр. Сондай-ақ инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытуды, мектеп мәнмәтіні арқылы ұлттық сананы қалыптастырып, іске асыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді міндеттейді. Жаңартылған білім беру бағдарламасы мен бағалау жүйесін енгізу аталған міндеттерді шешу үшін дайындалып, ол өз кезегінде талап пен сұранысты қанағаттандыру жағдайында өзгертулермен толықтырылып келеді.

Осы орайда қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі жаңартулар, өзгерістер мен жаңалықтар мұғалімнің өткені мен бүгіні, келешегі жайлы ойланып, жаңа идеялармен жұмыс жасауға негіз болуда.

Мұндай жағдайларда білім алушыны өмір сүруге дайындау үшін академиялық білім, функционалдық дағдылар, жеке тұлғалық қарым-қатынастар мен құзыреттіліктер жеткіліксіз. Жаңа сапаның категориясы білім беру саласында қайта өзгеру үдерісінің жетістігін сипаттайды. Сонымен қатар әлемдегі қарқынды өзгерістер өзгеру феноменін түсіндіруді, дамудың болжамын, ғылыми тұрғыда жаңаны және инноватиканы адамның қабылдау заңы туралы жаңаны жобалау талап етілді.

Ендеше білім сапасын арттыруда ЖОО өзі даярлайтын маманның деңгейін, қабілетін, дарынын алдын-ала анықтау мен болашақта жүргізілетін

жұмыстарын жоспарлауда бастауыш білім мазмұнын жаңартудың алғышарттарын басшылыққа алады:

- Қазақстан Республикасының бастауыш білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандартының негізінде жаңартылған бастауыш білім беру мазмұнының тұжырымдамалық негіздері;

- Қазақстан Республикасының бастауыш білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандартын ендіру жағдайында білім беру процесін жобалаудың функционалдық негіздері; бастауыш мектеп педагогтерінің кәсібилігін дамытуда психологиялық-педагогикалық ілеспелеудің қазіргі бағыттарына жаңа көзқарастың туындауы.

Жаңартылған білім мазмұнына көшуде нормативтік-құқықтық базаның біршама өзгертулермен толықтырылғанын білеміз. Бұл тұрғыда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген ЖББМЖМС білім алушылардың дайындық деңгейіне берілетін жалпы ережелердің бірі ретінде дескрипторлар (descriptors) «студенттердің жоғары оқу орнындағы білімнің тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламаларын аяқтағанда игеріп шығатын білім, білік, дағды және құзыретінің деңгейлері мен көлемінің сипаттамасы», - деп көрсетіледі.

ЖОО-да болашақ педагог мамандарды даярлауда көрсетілген талаптар ЖББМЖМС білім алушылардың дайындықтың бірінші деңгейіндегі дескрипторларында берілген (2.7):

- білім алушы өзіндік алған білімі мен түсінігін кәсіби деңгейде қолдана алуы;

- өзіндік пайымдаулар жасауға қажетті ақпараттар мен интерпретациялауды іске асыру үшін әлеуметтік, этикалық және ғылыми көзқарастарды ескерудің қажеттігі;

- мамандарға және маман еместерге ақпаратты, идеяларды, проблемаларды және шешімдерді жеткізе білу қабілеттерінің болуын көздейді [101].

Жалпы алғанда, жаңартылған білім мазмұнының негізгі идеясы - озық экономика білім беру мақсаттарын «білетін адамнан» «шығармашылықпен ойлайтын, әрекет ететін, өзін-өзі дамытатын адамға» ауыстыруды бағыттады. Қандай жағдаяттар болмасын, адамды өздігінен шешуге ниетінің болуына, өмір сүруге бейімділігінің артуына, өзін-өзі білімдендіру мен өзін-өзі іске қосуға жетелейді.

Білім беру саласындағы мемлекеттік реттеу білім алуға конституциялық құқықтарды іске асыруды қамтамасыз ететін жағдайларды жасауға және білім беру ұйымдары ұсынатын білім беру қызметтерін көрсетудің жоғары сапасын қамтамасыз етуге бағытталып отыр.

Жоғарыдағы міндеттерден болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің жаңа мазмұндағы білім беру жүйесінде даярлануы іске асуда. Оның нәтижесінде Қазақстан Республикасының ЖОО бастауыш білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандартын ендіру жағдайында болашақ мамандардың кәсіби құзыреттіліктері жетілдіріледі.

Жаңартылған білім беру мазмұнын меңгерту мақсатында мектеп мұғалімдері біліктіліктерді көтеру курстарынан, қысқа мерзімді дайындық курстарынан өткізілуде, бірақ болашақ педагогтар тек Типтік бағдарламамен бекітілген оқу пәндерінің мазмұнын меңгеруде.

Осы сәйкессіздіктерді шешу мақсатында ЖОО оқытушы-профессорлық құрамы да біліктілікті жетілдіру курстарынан өткізілді, бірақ ол оқытушылар осы курстық білімдерін өз пәндерін оқытудың жаңа бір әдістемесі ретінде пайдалануда.

Сонымен жаңа педагогикалық парадигманы жүзеге асыруда педагогикалық жаңаша ойлауға, педагогикалық іс-әрекет әдіснамасына едәуір түзетулер енгізуді талап етеді. Қолданысқа ене бастаған, жаңаны құрушы білім – ұлт пен мемлекеттің инновациялық әлеуетіне ауысу динамикасының стратегиялық талабы. Бұл ЖОО-да болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытумен тікелей байланысты. Бірнеше дербес әдістемелік пәндер бойынша әдістемелік біліммен қамтамасыз етілуде жаңашылдықтың авторы бола алу жаңа білімді іске асырудағы субъективті идеялар болады. Бұған қойылатын көрсеткіш ретінде білімнің жаңа мазмұны бойынша студенттердің жаңа өзгерістерге даярлығын, жаңашылдықтың қажеттілігін түсіну, сол жаңашылдықтың құрамына стратегиялық негіздер құрастыру арқылы әр істің субъекті болуын, өзгертілген іс-әрекеттің озық үлгілерін ойлап шығаруын айтуға болады.

Қазақстандық білім беру жүйесін жаңарту жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық даярлаудың тиімділігін арттырудың жолдарының бірі олардың әлеуметтік зияттылығын дамыту екені күмән келтірмейді. Оны іске асыру келесі құрамдас бөліктерді құрайды:

- коммуникативтік-әрекеттік құрамдас бөлігі білім беру үдерісінде оқытушы мен студенттің субъектілік өзара әрекеттестік қабілетін ашатын белсенділікке ұмтылушылық;

- мағыналы-құндылық құрамдас бөлігі - субъектілердің ойлау жүйесі мен қарым-қатынасы.

Бізге тәжірибе көрсеткендей және жоғарыдағы ойды қорыта кетсек, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту арқылы келетін әлеуметтік аспектісі субъект-субъектілік педагогикалық әрекеттерді бірлесіп шығармашылықпен ұйымдастыру біліктілігі, өзін-өзі дамытуы, өзін-өзі ұйымдастыруы, өзін-өзі шығармашылықпен жүзеге асыруы, кәсіби тұлғалық өсуі бола алады.

Осы орайда ЖОО-дағы білім беру үдерісінде студенттердің әлеуметтік зияттылығын дамыту жағдайында оқытушы мен білім алушының арасындағы субъективтілік әрекеттің орын алуына әкеліп соқтырады.

Сонымен қатар тарихи-педагогикалық білім, ғылыми-педагогикалық, кәсіби-педагогикалық кейбір жағдайларда субъектілік сипат алатынына тоқтала келе, оған тұлғаның субъектілік көзқарасын, субъектілік рефлексиясын, авторлық жеке пікірін және т.б. жатқызуға болады. Егер де біз, зияттылықты студенттердің субъектіліктің шарты ретінде қарастырсақ, одан шығатын

қорытынды – бұл жерде зияттылықтың көпжоспарлы, оның формалды сипаттамасы – қабілет, ал мазмұнды сипаттамасы – танымдық іс-әрекеті пен іскерлік деуге болады. Кәсіби-педагогикалық дайындықтың кез-келген жүйесінің теориялық негізі кәсіби шеберліктің біртұтас тұжырымдамасы, оның негізі компоненттерін айқындауда басты бағдар болып табылады.

Болашақ педагогтардың әлеуметтік зияттылығын дамытуда іс-әрекеттің субъектісі оқытушы мен студент бола алады. Ал енді біз, субъект, субъектілік түсініктері жайлы кеңірек тоқталайық.

«Субъект» ұғымы (латынша – *subiectum* - бастаушы) – болмысты тану мен өзгертудің бастауы ретіндегі индивид немесе топ; белсенді жеткізуші деп аударылады. Ол жайындағы ғылыми түсінік сана мен тұрмыстың, руханилық пен материалдықтың бөлінуі тұрғысындағы Дидро (1713-1784) заманынан бастау алады. Субъектінің өз «өмірлік кеңістігі» болады. Ол тұлғаның әрекетінің қозғаушы күші болып табылатын мотивациялық құрылымына енетін ұмтылыстары, ниеттерінен тұрады [102].

Субъект мақсат қояды, жоспарлайды, ұйымдастырады және оған жету жолын бақылайды. Демек, субъект іс-әрекет мазмұны мен формасын анықтайды. Бұл тұста біздің зерттеп отырған мәселеміздің жағдайында студенттердің ішкі мотивациясы негізінде белсенділігінің бастамасымен байланысты болады.

Субъект түсінігі тұлға теориясында маңызды рөл атқарады. XX ғасырда шетел психологиясында аталмыш мәселе Э.Фромм(1997), Г.Оллпорт (1953), К.Юнг (1996, 1998), В.Франкл (2000), А.Маслоу (1967), К.Рождерс (1975), А.Адлер (1995, 1997), Ф.Перлз (1995), А.Бандура (1986, 1997) және т.б. еңбектерінде қарастырылған. Аталмыш авторлардың зерттеулерінде адамның өмірлік жолындағы субъект ретінде пайда болатын мәселелер мен қарама-қайшылықтарға бағытталған субъект сипаттамалары анықталған.

Психологияда субъектілікті белсенділік деп түсіндіреді. «Білім субъектісі» деген сөз тіркесі ішкі әлемді өзгерте алушы мағынасында, ал «субъектінің пайда болуы» оның өзгеруі сыртқы әлемнің әсерінен болғанда қолданылады. Бұл екеуінде де ішкі және сыртқы жағдайлардың түйісуі, іс-қимыл, әрекет, ересектік ұғымдарының қатысы бар. Осыдан барып «әрекеттің субъектісі», «субъектінің әрекеті» тіркестері туындайды [102].

Адам іс-әрекет субъектісі бола алады, егер [103]:

-іс-әрекет адам үшін мәнді болса, әрі оның түрткілері іс-әрекеттің объективті мотивтермен сәйкес келсе;

-ол іс-әрекеттің жүзеге асуын өз мойнына алған жағдайда;

-іс-әрекетті орындау барысында белсенділік көрсетсе.

Дегенмен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың толыққанды субъектісі болу үшін оны жүзеге асырудың кәсіби-педагогикалық тәсілдерін білуі керек. Оқытушы мен студент бұл міндеттерді шешуге атсалысу арқылы әлеуметтік зияттылықты дамыту іс-әрекетінің субъектілері бола алады.

Оқытушы субъектілігі оның белсенділігімен, іскерлік сыни көзқарасымен, түсініктілігімен, мақсатты тұжырымдай алуымен, таңдау еркіндігімен және сол таңдау үшін жауапкершілігімен байланысты. Субъективтіліктің қалыптасуы өзін-өзі дамыту әрекеті арқылы жүзеге асады. Субъективтіліктің дамуында оны қоршаған адамдардың қатынасы маңызды рөл атқарады.

ҚР білім мазмұнын жаңарту аясында өмірге еніп отырған бағдарламаның басты ерекшелігі, бастауыш сынып оқушысын тұлға ретінде тәбиелеу және оқушыны алған білімін өмірде қолдана білуге, проблемаларды шеше білуге дағдыландыру. Осы орайда бастауыш сынып мұғалімдеріне, үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дамыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған білім беру бағдарламасы – субъектілікке апаратын білім кепілі болып отыр.

Білім берудің жаңа парадигмасы бойынша субъектілік мына төмендегі үш кіріккен мәнді сапалармен сипатталады:

-өзін-өзі детерминалдандыру – өзінің ішкі өзгерістеріне және сыртқы белсенділігіне өзі себеп бола алу қабілеттілігі; өзіндік ресурстарды белсендіру мен іске қоса алу. Бұл қызмет тұлғаның ерік-жігерін ретке келтіре алуымен байланысты;

-өзін-өзі ұйымдастыру – өзінің ұмтылыстарының, армандарының жүйесін жасай алуға қабілеттілік, өзінің әлемді түсінуін қадағалай алуы. Бұл сапаның қызметі мақсаткерлікпен байланысты;

-өзін-өзі дамыту – өзінің ішкі дүниесі мен қоршаған ортаның сандық өзгерістерден сапалық өзгерістерге өтуіне ықпал етуге қабілеттілік. Нағыз субъект өзі қатысқан іс-әрекеттің мотивтері мен мақсатын ұғынудан бастап нәтижесіне дейінгі құрылымына толықтай ие болады. Рефлексия негізінде өз әрекеттерінің барысын бағалай, түзете алады. Педагог мамандар өзіне тән өзіндік сана-сезімі және дербестігімен субъект болады, өйткені ол мәдениет көлеміне, кәсіби іс-әрекет тәсілдеріне, адамдармен мәдени қарым-қатынас түрлеріне ие болып, өзінің адами болмысын түсінеді. Ал бұл білімсіз мүмкін емес.

Бұл тұста әлеуметтік зияттылықты дамыту субъектіліктің құралы бола алады. Өзіндік психологиялық-педагогикалық ерекшелік тұстары да бар. Мысалы, субъект – оқытушы, субъект- студент санасындағы бейне, түрткі, сезім, мақсат және т.б. Оқытушы мен білім алушының іс-әрекеттеріндегі даму нәтижесінің болуы шарт, белгілі бір қайтарымдар арқылы рефлексиялық мәдениетке жол ашады. Сонымен қатар, субъектілерге әлеуметтік қоршаған ортаның әсерінің нәтижелері көмек берері анық.

И.Андреевтің пікірінше: «Өзін-өзі дамыту үрдісі жеке тұлғаның барлық өріс-түрткілерін (қажеттіліктерін) де, зияткерлікті де, көңіл-күйлік те, еріктікті де қамтиды, ал, ең бастысы, ол (өзін-өзі дамыту үрдісі) «өзіндік» үрдістерге: өзін-өзі тану, шығармашылықпен өзін-өзі айқындау, өзін-өзі басқару, шығармашылықпен өзін-өзі көрсету, өзін-өзі жетілдіру т.б. негізделіп, әрқашан

оларды қызмет етудің жаңа деңгейіне көтереді, яғни оларды күшейте түседі» [105].

Әлеуметтік зияттылықты және зияттылықты өздігінен ұйымдастыруға қабілеттіліктің маңызды детерминанты ретіндегі мотивтің іске асуына ерекше назар аударуымыз қажет. Әлеуметтік зияттылықтың дамуында және өзін-өзі тануға және өзін-өзі реттеуге қабілеттіліктің дамуында маңызды рөлді мотивациялар тетігі атқаратыны сөзсіз.

Даму мен өзін-өзі дамыту бір-бірінің қайнар көзі бола тұра, бірін-бірі байыта түседі. Болашақ мамандарда өзін-өзі дамыту әрекеті пайда болатын шабыт арқылы адамның рухани күштерінің ширығып өрлеуі, жоғары белсенділік танытуы, әрекеттің өнім беруімен әлеуметтік зияттылық дамуы жолында эмоциялық шомудың ұштасуымен сипатталады. Бұл жағдайда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің субъективтілігі дамудың ең жоғары шегінде болса, олардың дамытпалы нәтижесі берері белгілі.

Жоғары білім берудің жаңа парадигмасы нәтижеде білім алушылардың құндылықтар жүйесін қайта қарауға әкелетін білімге бағыттталып отыр. Өйткені білімнің өзінің құндылықтар жүйесі – субъектілердің өзін-өзі өзгертіп, өзін-өзі дамытуында мақсаттарға жетіп, бәсекелестік заңдарына шыдамдылық танытып, табысты өмір сүруге дайындау болып саналады.

Сондықтан заманауи қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуде маманның жеке тұлғасының өзін-өзі дамытуының мәні аса зор.

Жеке тұлғаның даму үрдісі оның кіретін сан алуан әлеуметтік қатынастарында жүзеге асатындығы белгілі. Бұл қалыптасу ережелерін қоғам белгілеп қойса да, жеке адамның өз ойын білдіру, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі таныту, өзін-өзі айқындау, өзін-өзі көрсету қабілетінің маңызы зор. Ал өзін-өзі дамыту дегеніміз – жеке тұлғаның ішкі белсенділігі арқасында орын алған даму.

Философиялық мағынасында субъект дегеніміз - сыртқы және ішкі дүниені мінсіз және нысандық-тәжірибелік іс-әрекетте танып, түрлендіретін саналы белсенділіктің иесі. Нағыз субъект өзі қатысқан іс-әрекеттің мотивтері мен мақсатын ұғынудан бастап нәтижесіне дейінгі құрылымына толықтай ие болады [106].

Зияттылықты ойдың иесі ретінде өзіндік пікір қалдырған А.Шопенгауердің тұжырымдамасында адам ерік пен зияттылықтың бейнесі ретінде қарастырылып, оның назарына адамның субъектілігінің сезімдік астарларынан гөрі ерік күші басымырақ келеді, -делінген. Бұдан шығатын қорытынды, ғалымның ойынша, әлеуметтік зияттылығы дамыған бастауыш сынып мұғалімінде кәсіби түрткінің болуы өзін-өзі дамытуға ұмтылыс берері анық [107].

А.А.Ухтомский адам өмірінің негізі – үздіксіз өзін-өзі жетілдіруінде, ол адамның доминантты мінез-құлығынан бастау алады деген ой түйеді. Оның жетекші идеясы – адамның зияттылығының дамуы. Бұл болжам бойынша шешім қабылдауда мидың әрекетті таңдау еркіндігі мен субъектінің ықтияр бостандығына сүйенеді. Ендеше болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің өзін-

өзі жетілдіруі – оның зияттылығы мен педагогикалық-психологиялық үдерістердің қызметі арқылы жүзеге асады [108].

Болашақ педагог маманның кәсіби іс-әрекеті тікелей қарым-қатынасқа байланысты, әрбір педагогикалық үрдісте үнемі өзараәрекеттестік орын алады. Оқытудың өзі білім алушы мен оқытушының бірлескен іс-әрекеті ретінде қарастырылады. Педагогикалық қарым-қатынас және өзара әрекеттестік мәселесіне, тұлға дамуындағы оның рөліне көптеген ғалымдардың еңбектері арналған (Р. Бернс, А.А. Бодалев, В.В. Занков, Д. Каган, В.А. Кан-Калик, С.В. Кондратьев, П. Конджер, Н.В. Кузьмина, А.А. Леонтьев, Б.Ф. Ломов, К. Роджерс). Педагогикалық өзара әрекеттестік екі аспектіде болады: міндеттелген пәндік аспекті (мәдени-тарихи тәжірибе, білім, білік, дағды) және білім беру үдерісінің қатысушылары қатыса алатын қарым-қатынас жүйесі.

Қазіргі таңда субъект-объектілі қарым-қатынас өзектілігі төмен, қоғам сұранысы белсенді, дербес, шығармашыл, өзіндік даму мен өзіндік білім алуға бейім тұлғаларды қажет етеді. Сол себепті де жаңа субъект-субъектілі қарым-қатынастарды іске асыру мүмкіндігі туады (М.С.Аромштам, В.Г.Болотов, С.Л.Братченко, И.В.Вачков, О.С.Газман, Ю.З.Гильбух, С.А.Днепров, Дж.Дьюи, В.К.Дьяченко, Т.С.Назарова, Г.К.Селевко, Г.А.Цукерман, И.С.Якиманская)

Өзін-өзі шығармашылықпен дамыту арқылы тұлғаның өзіндік дамуына, білімдік және танымдық әрекеттеріне ықпал ету, өзара адамгершілік құндылықтары мен өзіндік бағдарын таңдауға мүмкіндік жасалу идеялары алынатындығы белгілі болды.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуда субъективтілікті құрау жаңартылған білім берудің негізгі ерекшеліктерін талдап өтуді шарттайды. Олар:

- пән мазмұнының спиралді қағидатпен берілуі;
- Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы;
- бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі;
- оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру;
- оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру;
- білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою;
- бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сәйкес келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударылуы;
- оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстаным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысу) [109].

Жаңартылған білім мазмұны бағдарламасындағы білімнің үйлесімділігі.

Жоғары көрсеткіштерге жеткен білім беру жүйелеріне жасалған талдау білім беру бағдарламасының «үйлесімділігі» бүкіл елдегі білім беру стандарттарын жетілдіру үшін аса маңызды болып табылатынын көрсетіп отыр (Schmidt and Prawat, 2006) [110]. Білім беру бағдарламасын жаңарту

тұрғысынан «үйлесімділік» білім беру бағдарламасы қалай қабылданып, қалай іс жүзінде орындалатынына қатысы бар барлық компоненттер бірлесіп әрекет етіп, бір-бірін толықтырып, нығайтады дегенді білдіреді (Oates, 2010). Демек, білім беру бағдарламасының мазмұны, педагогикалық тәсілдер және бағалау тәсілдері бір мақсатқа жұмылдырылуы тиіс (Roach et al., 2008) [111].

ЖОО-да болашақ педагогтерді дайындаудағы білім берудің жаңа көзқарасы әр студенттің өзін-өзі іске асыруында субъект болуын міндеттейді. Яғни, мұндағы үйлесімділіктің өзі әлеуметтік зияттылықты дамыту мәселесінде берілетін білімнің бірін-бірі толықтырып отыруын көздейді. Тұлғаның сыртқы себептермен бірге өзінің-өзіне белсенді ықпал етуі даму үрдісін жетілдіре түспек.

Осы тұрғыда білімнің жаңа мазмұны бойынша үйлесімділік білім идеясы болашақ маманның әлеуметтік зияттылығы дамуы жолында субъект ретінде қалыптасуы мынадай критерийлермен өлшенеді:

- ойдың тереңдігімен қатар, әдеттегіден тыс жауап табу, жанашылдық;
- ойдың кеңдігімен қоса, жүйріктігі, жаңа білімнің талаптарына сай уақыт бірлігінде пайда болатын ассоциациялық идеялар санының біршама артуы;
- жаңартылған білім мазмұнының идеяларының іске асуы жолында ассоциациялық байланыстардың пайда болуының жылдамдығы мен дамып отыруы;
- өзінің әлеуметтік зияттылығы арқылы кәсіби жолында үнемі әдеттен тыс шешімінің болуы.

Келесі бір ерекшелігі *спиральді білім беру қағидаты*.

Спиральділік қағидаты бойынша құрылған білім беру бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді.

Спиральді білім беру бағдарламасын жақтаушылар оның төмендегідей басымдықтарына назар аударады:

- қарапайымнан күрделіге, нақтыдан абстрактіге қарай өту;
- спиральді білім беру бағдарламасы жеңіл идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді;
- білім алушының соңғы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін бұрын алған білімдерін қолдануға жетелеу ұсынылады [112].

Ал спиральді білім беру қағидатының болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуда студенттің өзіндегі бар білімнің жаңа алатын білімді терең қабылдауға қажет болатындығын көрсетеді. Адамның өз ісінде субъект болуын қамтамасыз етуде оның ішкі дүниетанымындағы құбылыстар арқылы, жаңа білім берілгенде бұрынғы мен жаңаның байланысының болуы іс-әрекетте жетістікке жетуге ықпал етеді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту үрдісі өзін-өзі білімдендіруі, өзін-өзі тануы, өзін-өзі іске қосуы, өзін-өзі түсініп, реттеп отыруы, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі басқару сынды субъектіліктің категориялық аппаратын құраушылар арқылы сипаттарда орын алады. Бұл үшін студенттердің әлеуметтік зияттылығы өз дамуындағы жоғары сатыларында

жетілген тұлғаның бара-барлығы, дербестік, сайма-сай мінез-құлық секілді елеулі қасиеттерінде көрініс табады.

Ал айырмашылығы функцияларында, тетіктерінде, мазмұнды сипаттамаларында және жетілдіру амалдарында; соңғысы әлеуметтік құзыреттілікті жетілдірудің үйрету, білімдері мен тәжірибесін кеңейту, жаттығу мен тренинг, ішінара психологиялық терапия арқылы өтетінімен көрініс табады. Әлеуметтік зияттылық әлеуметтік-тұлғалық және коммуникативтік қасиеттердің қалыптасуы, өзін-өзі бақылау өз-өзін реттеу тетіктерін жетілдіру, күйзеліске төзімділік арқасында дамиды. Субъект әрекетінің ішкі бөлінісі іс-әрекет еркіндігін қамтамасыз етеді. Мақсатты таңдау, оны жүзеге асыру әдістері мен құралдарын нақты таңдау еркіндігі субъектіліктің маңызды сипаттамасы [113].

ЖОО-дары мамандарының болашақ педагогтердің әлеуметтік зияттылығын дамытуда субъективтілік тұрғысынан әсер ете алуы білімнің нәтиже беруінде оқытушының субъект образында болуын көздейді. Оған мына көрсеткіштерді атауға болады:

- білімдік үрдістің субъектілері арасындағы өзара әрекеттестіктің дәрежесі;
- субъектілердің кәсіби әрекетін дамыту мақсатындағы бір-біріне деген сенімнің дәрежесі;
- өзара әрекеттесуді кеңістік-уақыт параметрінде ұйымдастыру деңгейі;
- субъектінің әлеуметтік зияттылықтың болуын өз кәсіби деңгейін дамыту тұжырымдамасын жүзеге асыру құралы деп түсіне білу деңгейі.

Бұл айтылғандардың барлығы дерлік жоғары білімді мамандар дайындаудағы көрсеткіштерін құрайтын көп құрылымды жүйенің қатарына кіреді. Студенттердің әлеуметтік зияттылығын дамытудағы түзілетін кәсіби қарым-қатынас мәдениетінің акмеологиялық астары оқытушы-үйретушіден оқытушы-тыңдаушы диадасына ауысу болады.

Осындай субъектілі іс-әрекет тәсілін жүзеге асырушы оқытушы-студент субъектіліктің даму кезеңдерінде әрбір әрекеттің нәтижелі болуын ғалым А.С.Огневтің идеяларына сүйене отырып, былайша негіздеуге болады:

-студенттің кәсіби жолында әлі беймәлім әрекеттерді шешудегі жауапкершілікті өзіне ала білуі, бұл оның *басталғалы тұрған істің субъектісі* болуын білдіреді;

-оқытушы ↔ субъект ↔ студент диадасындағы болашақты жүзеге асырудың бірнеше нұсқаларын ойдан өткізу, күтілетін нәтиженің образына өзінің қатысы мен оны орындауға қабілеттілігін анықтау, бұл *мақсаткерліктегі субъектілердің көрінуі* болады;

-болашақ педагогтің өз еркі бойынша атқарылатын істе өзі-өзінің ашылуға тиісті мүмкіндіктерін іске қосуы, бұл дәл осы сәтте *өзін субъект ретінде* көрсете алуы;

-студенттердің істің аяқталуы жайында жауапкершілікпен шешімдер қабылдауы, өзінің әлеуметтік зияттылығы арқылы қол жеткен нәтижені мәнді жаңа құрылым ретінде сезіне отырып, оған рефлемәдениет танытуы, бұл

болашақ бастауыш сынып мұғалімінің өзін жүзеге асқан *істің субъектісі сезінуі* болмақ.

Ал енді болашақ маманның әлеуметтік зияттылығы дамыту жағдайындағы оның *көрсеткіші субъектілік қасиеттермен* тікелей байланысты. Субъектілік көрсеткішінің ең жоғары сатысы жүйелі ойлау болып табылады. Сол жүйелі ойлау арқылы субъектіліктің барлық функциялары, тетіктері жүзеге асады [114].

Ендеше, біз ойлау түрлеріне тоқталып өтуді жөн көрдік. Ойлау – ақиқат дүниенің мида жанама түрде ұғымдар арқылы барлық қасиет, байланыс, қатынастармен бейнеленуі. Ойлау адамның сезім мүшелері арқылы алынған мәліметтерді өңдей отырып, олардан тыс құбылыстарды танып білуіне мүмкіндік жасайтындығын айтамыз. Ойлаудың дамуы адамның қандай кәсіппен айналысуымен тығыз байланысты [115].

Адамның қызмет ету саласы оның ойлауының түрін қалыптастырады. Кәсіби ойлау – бұл ойлаудың бір түрі. Берілген түр өзіндік ерекшеліктер мен қасиеттерден тұрады: белсенді ойлау субъектінің позициясын өзгертеді; ойлау объектінің ерекшелігі, ол зерттеу немесе еңбек объекті емес, өзара әрекеттесуші жүйе болып табылады; ойлау дербестігі, білім жинақтылығы, іс-әрекеті.

Педагогтың кәсіби ойлауы – өзіндік бір құрылыммен сипатталатын, мазмұндық және тәжірибелік әрекет етуші қордан тұратын, білім алушының тұлғасы және іс-әрекетін өзгерту бойынша тәжірибелік міндеттерді шешуге бағытталған және сапалы сипаттамалардан тұратын күрделі құрылым.

Психологиялық ойлау – психологиялық білім, біліктерді жетілдіру және қалыптастыруға бағытталған талдау және синтездеу, оны индивидпен қарым-қатынас барысында қолдануға болатын тәжірибелік іс-әрекет.

Адам зияттылығының көрсеткіші болып ойының тереңдігі, логикалық белсенділігі жатады:

- қызығушылық жан-жақты танып білуге бағыттылық, құмарлық. Бұл ойлаудың белсенді таным іс-әрекеті;
- ой тереңдігі – негізгіні жанамадан, қажеттілікті кездейсоқтықтан бөле алу қабілеті;
- ойлаудың белсенділігі мен жылдамдылығы – адамның кең қолданыстағы тәжірибесін басқа салалармен байланыстырылып, жылдам байланыстыру.
- ойлаудың логикалығы – зерттелетін объектінің барлық мүмкіндігі мен қабілеттілігін ескере отырып талқылаумен сипатталады;
- ойлаудың дәлелдігі – керек кезде заңдылықтарды, тұжырымдарды, қорытындыларды тиімді қолданумен сипатталады;
- сыни ойлау – кез келген қорытындыға ойша сыни баға бере алу;
- ойлау кеңдігі – сұрақты толық қамти алу қабілеті [116].

Әлеуметтік құзыреттілік – операциялдық ұғым, сондықтан оның уақыт шектеулері, тарихи шеңбері болады. Адамның өзгеріп отырған әлеуметтік жағдайдағы табысты әрекетіне кепіл ретінде жаңа әлеуметтік шынайылыққа және өзара әрекеттесудегі серіктестерінің күтулеріне жауап беретіндей мінез-құлық сценарийлерін шыңдау шығады. Болашақ педагогтердің әлеуметтік

зияттылығын дамытудағы кейбір негізгі функциялары – әлеуметтік ойлау, әлеуметтік бағдарлану, бейімделу, жалпы әлеуметтік және жеке тұлғалық тәжірибенің кірігуі. Шынайы адами мінез-құлықта әлеуметтік зияттылық пен әлеуметтік құзыреттілік кіріккен, өзара толықтырылып, бір-біріне өзара алғышарт болады [117].

Білім мазмұнының жаңартылған бағдарламасында мұғалімдер пайдалана алатын аса бір тиімді әдістердің бірі «*дауыстап ойлану*» деп аталады. Мұғалім мәтінді оқиды және «дауыстап ойлайды», сол арқылы оқушыларға мәтінді түсінуге көмектеседі.

Логика грек тілінен аударғанда бірнеше мәнде беріледі: «дұрыс ойлау туралы ғылым», «пікір алмасу шеберлігі», «сөз», «талқылау», «ой». Біздің жағдайымызда логиканың ең көп қолданыстағы мағынасын аламыз, яғни адам зияткерлік ойлау іс-әрекетінің заңдылықтары, әдістері және формалары туралы нормативті ғылым. Логика таным үрдісінде ақиқатқа қол жеткізудің тәсілі ретінде, сезім арқылы емес, осы күнге дейінгі алған білім арқылы алуы, сондықтан оны біз қорытынды білім алу әдістері туралы ғылым деп анықтай аламыз. Логикалық ойлау – бұл адам логикалық құрылымдар мен түсініктерді қолдану арқылы, дәлелді және нақты қасиеттерге ие ойлау үрдісі. Оның мақсаты бар алғышарт арқылы негізделген қорытынды алу болып табылады. Болашақ педагог маман логикалық ойлау арқылы шығармашылық әрекеттің дұрыс жүйесін құрады. Ойлаудың дамуы әрекетпен байланысты. Әлеуметтік қоғамда ілгері қозғалу үшін ұжымдық қозғалыстың маңызы ерекше, ал индивид әлеуметтік зияттылықты, пәндік зияттылықпен қатар игеруі керек, ол өз кезегінде ұжымдық қозғалыстың сәтті болуына алып келеді [118].

Жаңартылған білім бойынша бастауыш сыныптарға арналған педагогикалық жаңа тәсілдемелердің бірі – *белсенді оқу*. Белсенді оқу өз кезегінде ойлау дағдыларын іске қосушы функцияның рөлін атқарады.

Белсенді оқу бастауыш сынып оқушысының мұғалімді енжар тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту және оқу әдістерінің бірі болып табылады. Бұл тәсілдер оқу үдерісі жаттығудың алдында емес, оны орындау барысында жүзеге асырылатын құбылыс екендігін түсіндіреді. Сыныпта қолданылатын бұндай тәсілдерге топтық жұмыс (Brodie, 2000), (Bergen, 2002) және пән бойынша белгілі тақырыптар кіреді [119; 120].

Жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын қалыптастыру және оларды қолдану – бастауыш сыныптың білім беру бағдарламасының өзекті аспектісі. Осы ойлау дағдыларын қалыптастырудың ең басты тәсілдерінің бірі – *дәлелдеу*. Дәлелдеу бастауыш сыныптарда кез келген пікірталас бастау, жүргізу және оны бағамдау үшін маңызды, әсіресе, математика үшін оның маңызы өте зор, себебі онда бір есептің бір ғана шешімі болғанымен, оған жетудің тәсілдері толып жатыр. Бұл сондай-ақ, жаңартылған білім беру бағдарламасында басым болып табылатын бірнеше құндылықтар мен дағдыларды, мысалы, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау, қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытудың негізгі тәсілі (NIS, 2011) [121].

Осы ойға тұспа-тұс келетін білімнің жаңа мазмұны бойынша студенттердің әлеуметтік зияттылығын дамыту жолында әлеуметтік зияттылықтың құрылымын толықтыра түсер тұлға бойында рухани құндылықтар мен дағдылардың болуы шарт.

Тұлғаның бойында болатын ұлттық құндылықтар [122]:

- шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау;
- қарым-қатынас жасау қабілеті;
- өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау;
- жауапкершілік;
- денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету;
- өмір бойы оқуға дайын болу.

Дағдылар:

- сын тұрғысынан ойлау;
- білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті;
- проблемаларды шешу қабілеті;
- ғылыми-зерттеу дағдылары;
- қарым-қатынас дағдылары (тілдік дағдыларды қоса алғанда);
- жеке және топпен жұмыс істей білу қабілеті;
- АКТ саласындағы дағдылар.

Бастауыш сыныптарда кеңінен қолданылатын, өзара әрекеттесудің түрлі жағдайларында қалыптасатын және жүретін оқудың екі саласы бар; бұл монологтік және диалогтік. Монологтік көзқарас заттарды абсолюттік материя ретінде түсінеді және де бұған дейін алынған білімнің негізінде қалыптасады, ал диалогтік көзқарас болса білімді оқу барысында жүретін үдеріс ретінде, дәлелдеу барысында, яғни пікірталас пен келіссөз барысында қалыптасатын білім ретінде қарастырады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуды қамтамасыз ететін тілдік коммуникация оның қатысушыларының тең позициялық жағдайда пікір алмасуы, өз пікірлеріне нанымды дәйектер арқылы сенімнің нығаюы, қарсы жақтың пікірін өзгерту ұжымдық ойлау мен талқылау негізінде орын алатын сипатта болады. Тек сонда ғана адам өз ішкі «ортасын» саналы өзгертуге қол жеткізеді. Бұл ретте ұжым болып ойлау, ұжым болып дәлелдеудің үлгісі мен күрделілігін сипаттау жөніндегі Ф.И. Шарковтың жемісті жұмысы білім беру саласындағы зерттеулерге, соның ішінде зерттеуге негізделген оқуды пайдалануды бағамдауға ықпал етті. Ұжымдық дәлелдеу – бірлескен тұлғааралық өзара әрекеттесуді өрбітуге көмектесетін педагогикалық құрал [123].

Ендеше жаңартылған білім мазмұны аясында әлеуметтік зияттылықты дамытуға нормативтік құжаттардағы талап бойынша тілдік дағдыларды дамыту өз көмегін тигізеді. Яғни, педагогикалық қарым-қатынас орнатуда ой операциясы мен тілдік функционалдық сауаттылық өз кезегінде ұласып әлеуметтік зияттылықты іске асырады да, субъективтіліктің алаңына түсуге мүмкіндік алады.

Білімнің жаңа мазмұнындағы тілдік мақсаттарды және кең ауқымдағы дағдылармен қатар «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік»,

«құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты жеке қасиеттердің дамуы білім берудің басты құндылықтарына оқушыларды дағдыландырудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар оқушының тәртібі мен күнделікті жағымды іс-әрекеттерге ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болуы тиіс [122, б. 15]. Осы орайда әлеуметтік зияттылықтың көп өлшемділігі, күрделі құрылым екендігі және оның келесідей қырлары бар.

Әлеуметтік зияттылықта жеке тұлғалық шектеулер үлкен рөл атқарады; яғни оның тұлғалық құрамдасы мейлінше ауқымды.

Әлеуметтік зияттылықтың негізгі қызметтерін төменде берілген 4-ші суреттен көре аламыз.



Сурет 4 – Әлеуметтік зияттылықтың негізгі қызметтерінің сипаттамасы

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуда берілетін білім негізінде өз бетінше әрекеттенуі оның болашақтағы өзінің мамандық қызметі үшін қажетті мазмұнды меңгеруді міндеттейді.

Г.К. Ахметованың пікірінше қазіргі әлеуметтік мәдени қоғамда әртүрлі педагогикалық ағымдар, тұжырымдамалар, нұсқаулар бар. Болашақ мамандар педагогикалық іс-әрекетке қажетті адамгершілік және кәсіби құндылықтарды

айқындауда қиналады. Бұл жерде әдіснамалық амалдар жағдайында педагогикалық білім әр кезеңдегі педагогтар мен ғалымдардың қандай идеяларды басшылыққа алу керектігін, мәдени білімдік, адамгершілік құндылықтарға бағытталу керектігін нұсқайды [124].

Д.В.Ушаков (2004) әлеуметтік зияттылықты құрылымдық-динамикалық көзқарас айқындамасынан қарастырады. Автордың пікірінше қарасақ, әлеуметтік зияттылық танымдық қабілет болып табылып, зияттылықтың түрлерінің бірін білдіреді де, оның жалпы заңдылықтарына бағынады. Әлеуметтік зияттылықтың негізін вербальдық және вербальдық емес өкілдіктің үйлесімділігі құрайды. Әлеуметтік зияттылықтың қалыптасуы адамдардың коммуникативтік қабілеттіліктерімен анықталады [125].

Іс-әрекеттің әртүрлілігі адам зияттылығының арнайы қасиеттерінің дамуына жағдай болады. Кез келген жағдайда индивидтің жаңаға, өзекті мәселеге, даму жағдайларға деген сезінуі. Зияттылықтың дамуы субъектінің сыртқы шектеулермен ксенофобиямен (жаңадан қорқу) болмауы тиіс. Индивидтің ақылының елеулі қасиеті іс-әрекеттің нәтижесін болжай алу қабілеті. Жалпы кикілжінді болдырмау қасиеті де жатады [104, б. 101-106].

Педагогикалық, психологиялық зерттеулер көрсеткендей, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығы мен мәдениеті олардың бойында келесідей адами сапалардың орнығуына тәуелді екенін көрсетеді: 1) интенционалдық – адамның өзіндік дамуына бағыттылығы; 2) креативтік – тұлғаның өзіндік шығармашылық орта құра білуі, кәсіби-шығармашылық орта құруға ынталы болуы; 3) жариялылық – білім әрекеттестігіне қатысушы барша субъектілермен тең құқықты, көңіл шуағын бірдей бөліскен қарым-қатынас түзе білу ептілігі және т.б.

Болашақ педагог мамандар үшін қарым-қатынаспен ұйымдастырушылық мүмкіншіліктері кәсіби жетістігі ғана емес, сонымен бірге болашақта өз кәсіби жолында икемділігі мен бейімділігі болып табылады. Тәжірибеде күрделі жағдаяттар көптеп кездесіп жатары анық, ал ол өз кезегінде болашақ маманның маңызды, нәтижеге бағдарланған шешімдерін талап етеді.

Оқытудың, өзін-өзі дамытудың, өзін-өзі көрсетудің мақсаттарын үйлесімді ұштастыру, олар мынадай болуы мүмкін:

- инновациялық қабілеттерді дамыту мақсатында әрбір адамның шығармашылық қуатын сақтау және дамыту;

- білім саласындағы ерекшеліктерін ескере отырып, іс-әрекет түрлерінің (өзара ынтымақтастық, қарым-қатынас т.б.) әлеуметтік технологиясын кешенді ұштастыру;

- шешімдердің көп өлшемділігіне, өзгеше ойлауға төзімділікке және өзінің іс-әрекеттері мен қабылданатын шешімдер үшін жауаптылыққа негізделген дүниетанымды қалыптастыру.

Оқу үдерісіндегі оқушы орнының өзгеру заңдылығы педагог позициясының өзгерісіне байланысты. Субъект-субъектілі педагогикалық өзара әрекеттестік құру болашақ маман бойында қажетті қабілет болуын қажет етеді. Аталған қабілет ретінде біз әлеуметтік зияттылықты аламыз, біздің пікірімізше

әлеуметтік зияттылық болашақ педагог кәсіби құзыреттілігінің негізгі құраушысы болып табылады.

Интегралды қабілет ретіндегі әлеуметтік зияттылық дамуы, адамдар мінез-құлқын болжай алу, түсіну және қабылдау, ниетін анықтау, вербалды және вербалды емес экспрессия бойынша адамның эмоционалды күйін және сезімдерінің уақытқа сәйкес өзгерісін дұрыс түсіну, объективті – заттық, субъективті – тұлғалық өзара әрекеттестік жағдайының мәнін есепке алу болып табылады.

Өмірлік тәжірибе бұл түрлі біліктіліктер мен дағдылар синтезі, эмпирикалық білім және баға, интуиция, рухани ұстанымдар жиынтығы. Өзге адамдармен келісілген қарым – қатынасқа түсу және пікір алмасу, ұсыныстары және күтілетін нәтиже негізінде пайда болған нақты білім, білік, дағды трансжағдаяттық ілім әсерімен қамтылады, ол өз кезегінде индивидтің әлеуметтік тәжірибені тұтастай өздігінен игеруі ретінде, қоршаған ортамен келісілген іс-әрекет нәтижесі болып табылады [моя статья].

Жалпы эрудиция – бұл нақты және жүйеленген гуманитарлы білім қоры, ол адами қарым-қатынас мәдениеті мен тарихына жатады.

Көптеген зерттеушілер пікіріне сүйенсек, мұндай пікірде Г.П. Геранюшкина және М.К. Тутушкина әлеуметтік зияттылықты және оның жекеленген компоненттерін дамыту арнайы оқыту негізінде де іске асады [126].

Қазіргі таңда болашақ мамандарды дайындауда белсенді педагогикалық және психологиялық оқыту әдістерін пайдалану кең тараған, солардың қатарына әлеуметтік-психологиялық тренинг, арнайы жоспар негізінде құрылған элективті курстар, шеберлік сыныптар, онлайн негізде ұйымдастырылған сабақтар жатады.

Индивид бойындағы өзгерістердің ережелермен, құндылықтармен, ұжымда орын алатын рөлдермен келіспеушіліктер туындатады. Психологиялық-педагогикалық оқыту курсынан өтіп, қарым-қатынас ережелеріне қатысты өзінің дұрыстығына сенімі мол адам, практикалық негізде тұлғааралық қарым-қатынасқа арналған белгілі бір идеяны іске асыру барысында, кикілжің көзіне айналуы мүмкін. Бұл тұста іс-әрекеттік және тұлғалық-дамытушы амал, қарым-қатынас тиімділігін арттыру сияқты көпфакторлы мәселе шешімін табуда асыра сілтеушілік танытады [127].

Әлеуметтік зияттылықты интегралдық қабілет ретінде дамытудың негізгі әдісі, бұл мінез-құлықтық біліктіліктерді және тұлғалық өзгеріс емес, ал болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріндегі әлеуметтік зияттылықты белсенді түрде дамыту жолдары бойынша арнайы ұйымдастырылған жұмыс болуы керек.

Қабілеттерін дамыту арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылық мәселесін:

- біріншіден, адамдарды тану қалыптылығы, олардың қасиеттерін, көңіл-күйлерін, қарым-қатынастарын және өзара байланыстарын болжау белгілі іс-әрекеттен тыс іске аспайды, болашақ педагогикалық кәсіби іс-әрекет іске асу тиімділігінің кепілдігін береді.

- екіншіден, өзараәрекеттестік үдерісінде өзге адам тұлғалық сапалары мен қасиеттерін түсіну және қабылдау ерекшеліктерін зерттеу үдерісі, осы негіздегі міндеттер шешімін табуда дербес ерекшеліктерді игереді;

- үшіншіден, қарым-қатынаста алынған біліктіліктер және дағдылар, тұлға психикалық сипаттамалары туралы білімдер, қарым-қатынас тиімділігіне әсер етеді, олар өзіндік белгілі дәрежеде тұлғаға тән сапалар, әлеуметтік зияттылық даму деңгейінің әсерінен болады, -деп қарастыруға болады.

Осылайша, бір тұлғалық құрылымдардың өзгерісі өзге өзгерістерде бейнеленеді, әлеуметтік зияттылық дамуы интегралды дербестік ұстанымына сәйкес іске асады. Сол себепті де біз элективті курс интегралды дербестік ұстанымына сүйене отырып іске асады, әлеуметтік зияттылық дамуының тиімді және қалыпты құралы болып табылады.

Әлеуметтік зияттылық дамытудың мәселесін қарастырған авторлар, бұл үдерістің өзіндік тану дамуымен байланысын атап өткен.

М.К.Тутушкина басшылығымен бірлескен авторлар ұжымы әлеуметтік зияттылық феноменін зерттей келе, қоршаған және ішкі әлем қабылдау мүмкіндігі ретінде анықтаған, түрлі деңгейдегі кәсіби мамандарға адами қарым – қатынаста лезде бағыт ала білу, өз мінез-құлығын реттеуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік зияттылық базалық негіздері қатарына, әлеуметтік сезімталдылық және эмпатиямен қатар, М.К. Тутушкина өзіндік танымды да қосады. Өзіндік таным тереңдігі мен сипаттамаларының дәлдігі адамда өз-өзіне сезімін жоғарылатады. Өз өткеніне жүгіне отырып, өзін-өзі зерттей келе: өз мүмкіндіктерін, әрекеттерін, сезімдерін, ойларын, көңіл күйлерін анықтай алады. Мұны біз бір сөзбен рефлексия деп атай аламыз. Педагогикалық іс-әрекет құрылымында маңызды, алайда көптеген педагогқа белгілі және көп пайдаланылатын компонент өзіндік сана және өзіндік іс-әрекет құбылысын педагогтың тануы және талдауы ретіндегі рефлексия. Рефлексия субъектінің ішкі психикалық актілерді және жағдайларды өзі тану үдерісі [126, с. 112]. Рефлексия ұғымы бұл тек қана субъектінің өзін-өзі білуі немесе түсінуі ғана емес, сонымен қатар өзгелердің, олардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін, эмоциялық реакцияларын және когнитивті ойларын қалай білетіндерін және түсінетіндерін айқындауға мүмкіндік береді. Білім алушы мен оқытушының бірлескен іс-әрекеті нәтижесінде, пәндік-рефлексивтік қатынас дамиды.

Тұлға дамуы үшін рефлексияның маңызы зор, рефлексия өз қызметтерінің мақсаттары, формалары, құралдары туралы ұғымға, білімге алып келеді, өзіндік іс-әрекетіне сыни көзқараста болуға, әлеуметтік жүйені өз белсенділігінің субъектісі етеді.

Г.П. Геранюшкина әлеуметтік зияттылықты зерттей келе тиімді қалыптастырудың шарты ретінде рефлексия мен эмпатияны дамыту болып табылатындығын айтқан. Яғни рефлексия және эмпатия дамыған болса, онда әлеуметтік зияттылық та дамиды [126, с. 98].

Зерттеулерге сүйенер болсақ, біз әлеуметтік зияттылық дамуы өзіндік таным үдерісі негізінде іске асып, рефлексия мен идентификация механизмдері ретінде жүреді, нәтижесі тиімді қарым-қатынас құру екендігін аңғарамыз.

Бұл ретте А.Е.Жұмабаева өз еңбегінде: оқушылардың *әлеуметтік* белсенділігін арттыру жолдары: олардың өзара оқушы-оқушы не мұғалім-оқушы, оқушы-мұғалім түрінде бір-біріне сұрақтар беруі; сабақта өзара пікірлесіп отыруы; қарсы топ оқушыларының қиын сұрақтарға жауап беру еркіндігінің болуы, деп тұжырым жасайды [128]. Осы негізде біз әлеуметтік зияттылық дамуының екі негізгі шартын ерекшелей аламыз, өзіндік таным механизмдері ретінде рефлексия және идентификация. Өзіндік таным, өзін-өзі дамыту және өзіндік жобалау білім беруді ізгілендіру жағдайында кәсіби маман қалыптасуының негізгі шарты болып табылады.

И.Н. Семенов пен С.Ю. Степановқа сәйкес, зияткерлік рефлексия пәндік-операционалды шешімін іздеу үдерісінде ой қозғалысын шарттастырады, құралы және мазмұны тұрғысынан өз ойлау үдерісін бақылауға және саналы түрде реттеуге мүмкіндік береді. Осылайша, болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріндегі зияттылықтың болуы рефлексияға мүмкіндігін қалыптастыру іс-әрекеттің объективті және пәндік құрамдас бөлігіне сүйенеді, ол өз кезегінде педагогикалық қарым-қатынас үдерісіндегі өзараәрекеттестік жағдайының сапалы шешімін шарттастырады [129].

Е.В. Смирнов және А.П. Сопиков «рефлексия» түсінігінің әлеуметтік-психологиялық анықтамасын «өзге адам үшін ойлау, өзге адамдар ойларын түсіне білу, рефлексия деп аталады» [130].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінде тұлғааралық рефлексия механизмдерін қалыптастыруда, өзараәрекеттестік әріптесінің субъективті сипаттамасы, тұлғалық бағалар қозғалыста болуы керек.

И.Н. Семенов және С.Ю. Степанов рефлексияның бұл түрлері өзара тығыз байланысты екенін айтады. Адам іс-әрекеті барысында рефлексияның бір түрінен екінші түріне ауысу орын алады, барлық адамдармен бір мезетте рефлексияның түрлері іске қосылуы мүмкін. Педагогикалық іс-әрекет барысында тұлғааралық және зияткерлік рефлексияны қолдана алуы педагог бойында педагогикалық рефлексияға деген мүмкіндіктің болуымен іске асады [129, с. 97].

А.А. Бизьева педагогикалық іс-әрекеттегі рефлексияны «кәсіби мәселені оймен талдау үдерісі, оның нәтижесінде мәселе мәнінің тұлғалық боялған саналы түрдегі қабылдауы және оны шешудің жаңа алғышарттары туындайды» деп пайымдаған. Жоғарыда келтірілген ғалымдардың сөздерінен біз болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық іс-әрекеттегі рефлексияға мүмкіндігін қалыптастыру үдерісі жағдаяттың пәндік, объективті сипаттамасына ғана емес, оның тұлғалық, субъективті құрамдас бөліктеріне де сүйенеді [131].

Жоғарыда аталған амалдарға сәйкес «идентификация» ұғымын қарастыру қажет. Өзін-өзі тану мәселесі тұрғысынан өзге адаммен идентификация маңызды болып табылады. Идентификация барысында өзгенің сапаларын өзіңе, өзіңнің сапаларыңды өзгеге ауыстыру іске асады. Идентификация үдеріс ретінде әлеуметтенудің басты мазмұны, «субъективті сезім, сонымен қатар жеке өзіндік құрбандық пен үздіксіздік, тұрақтылығы объективті бақылау

сапасы». Өзінді белгілі бір әлеуметтік топпен идентификациялау Мен бейнесінің басты құрамдас бөлігі, тек идентификацияға қалыптасқан мүмкіндік арқылы болашақ педагогта өзіндік таным мүмкін болады.

Өзіндік таным мәселесінің өзектілігі студент жасында артады, өйткені аталған жас аралығында тұлғаның кәсіби негізде қалыптасуы жүреді.

Студенттік жас әлеуметтенудің басты кезеңі болып табылады, және де жастық шақ қиын кезеңімен сәйкес келеді. Аталған қиын кезең – жаңа өмір тұрмысына көшумен, және іс-әрекеттің қоғамдық маңызды құндылықтарына жақындауымен түсіндіріледі, сонымен қатар идеал мен шынайылықты айрылу кезеңі, ол тек тәжірибе негізінде іске асады, яғни шынайы өзін – өзі анықтау барысында. Дербестік деңгейі адамның рухани өмірінің ерекше кезеңін сипаттайды, ол әлемге ену, өмірден өзіндік бір орнын табумен тікелей байланысты. Студенттік жас – дербес өмір әрекеті мен өз өмірлік көзқарасын іске асыру және анықтаудағы шынайы авторлықтың бастамасы. Бұл кезеңде өмір мәні, өзіндік Мен туралы сұрақтар аса өзекті. Осыған орай өзіндік танымға, өзін – өзі дамытуға өз тұлғасын өзіндік жобалауға ерекше қызығушылық туындайды.

Студенттік жас жастық шақ және ересек шақ бастамасына сәйкес келеді. Бұл кезеңде биологиялық және тұлғалық даму фазалары аяқталады. Мінез-құлықтың ерекшеліктері, негізгі сипаттамаларының қалыптасуы аяқталады. Сонымен қатар ағза дамуы мен студент тұлғасының дамуы арасында бірнеше қарама-қайшылықтар туындайды. Оның өмірінің үдерісінде өмір іс-әрекетін реттеушілері арасындағы көптеген қарама – қайшылықтар реттеледі. Физикалық, азаматтық, саналық, еңбек зиялылығы араларында уақыт аралығы сақталмайды. Егер физикалық даму аяқталған болса, саналық және еңбек зиялылығының соңы әлі де алда болады.

Студенттің ойлау іс-әрекетінде үлкен өзгерістер орын алады. Ойлау бірізділігі тереңдетіледі, ойлау іс-әрекетінің дербестігі және сынилығы дами түседі. Бұл өз кезегінде білім игерудегі белсенділікті арттырып және оқтудағы шығармашылық амалды қалыптастырады.

Студенттік кезеңде тұлғалық қасиеттер қарқынды қалыптасады. Тұлға қалыптасуы кіші мектеп жасында басталғанымен, оның құрылуы жастық шақтан ересек кезеңге өту кезінде жүреді. Өмірге деген көзқарасы қалыптасады, яғни қоғамға, адамға, табиғатқа деген көзқарасы, мінез құлық формасы мен ережелері. Өмірге деген көзқарасы қалыптасуымен қатар тұлға өзіндік санасының қарқынды түрде дамуы орын алады. Жастық шақтың басты құндылығы – өзіндік ішкі әлемінің ашылуы. Өз әлеміне деген қызығушылық өзіндік таным жағдайларындағы рефлексиялық үдерістер дамуымен қанағаттандырылады, сол арқылы кері байланысқа сезімталдылық артады.

18-24 жас аралығы студенттердің кей бөлігіне кәсіби тәжірибенің жинақталуымен сипатталады: 3-4 курс студенттері өз оқу іс-әрекетін еңбек іс-әрекетімен қатар алып жүреді. Кәсіби іс-әрекет тәжірибесінің жинақталуы оқыту үдерісіне тыңғылықты және талапкерлік қатынасты қалыптастырады.

М.И.Бобнева қалыптасушы тұлғаға ерекше қажеттілікті атап өтеді – ол әлеуметтік тәжірибе қажеттілігі. Бұл қажеттілік жалпылама ізденісте өз көрінісін табуы мүмкін, мысалы, ұйымдастырылмаған, басқарылмаған әрекеттер түрінде, сонымен қатар арнайы ұйымдастырылған жағдайда да іске асады [14, с. 38].

Көптеген зерттеушілер студенттік кезеңді мүмкіндіктер арнайылығының бастамасы және сәйкес мүмкіндіктерге өмірлік бағдарламаның құрылуы деп анықтайды. Жастық шақ сонымен қатар әлеуметтік рөлдерді игеру кезеңі. Жастар білім алу кезінде тәжірибелік кәсіби мәселелермен сирек кездеседі. Бұл студенттік кезеңге тән. Жұмыс жағдайымен таныса келе, ауқымдарының шегін көру арқылы, өз мүмкіндіктерін бағалай отырып жастар өздерін дұрыс түсіне бастайды.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін жоғары білім беру жүйесінде дайындау кезінде педагогикалық іс-әрекеттің пәндік жағына аса назар бөлінетінін айта кеткен жөн, сонымен қатар болашақ педагогтар мен білім алушылар арасындағы жағымды өзара әрекеттестік біліктіліктерін игеру де тысқары қалмайды.

Төменде көрсетілген сапалар арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімі әлеуметтік зияттылығын дамытуда субъективтілікке жол ашады [103, б. 552].

- *Тұлғалық сапалары:* жауапкершілік, тәуекелге бару, ой тереңдігі, қызығушылық, кәсіби бағыттылық, сенімділік, әділдік, көшбасшылық;

- *Кәсіби мәнді сапалары:* қарым-қатынастық субъектісі, импровизациялай алушылық, коммуникативтік құзыреттілік, рефлемәдениетті, фасилитаторлық, инсайт, интеллектуалдық-шығармашылық ізденісі;

- *Арнайы білімдер:* философиялық, психологиялық, педагогикалық, тұлға теориясы жайлы, әдістемелік, инновациялық, прагматизм.

Стенберг бойынша, қоғамда, идеяны қозғалту, жаңа идеяны тудырумен қатар маңызды мүмкіндік. Осы негізде қазіргі қоғамда әлеуметтік зияттылық шығармашылық компоненті болып табылады.

Б.А.Тұрғынбаева еңбектерінен, біз жаңалық ашу барысында логикалық содан соң шығармашылық ойлау орын алатынын көреміз. Ал ғалым шығармашылық ойлауға мына негізде анықтама берген, шығармашылық ойлау – ойлау түрлерінің бірі, субъективтік жаңа өнімдердің жасалуымен және оны жасау жөніндегі танымдық іс-әрекеттің өзіндегі жаңа түзілімдердің болуымен сипатталады. Бұл жаңа түзілімдер мотивацияға, мақсаттарға, бағамдауларға, мағына-мәндерге қатысты. Ал шығармашылық ойлау – дайын білімдер мен біліктерді қолдану үрдісіндегі репродуктивті ойлаудан ерекшеленетін мәселені тиімді шешудің жаңа жолдарын таба алу [132].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің келешекте кәсіби тәжірибесі, интуициясы, практикалық педагогикалық ойлауы, шығармашылығы маңызды қозғаушы күш. Бұнда жаңалықты ойлап шығару, құрастыру, тапқырлық пен әлеуметтік зияттылық көмектеседі.

Біздің зерттеуіміз бойынша, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің дидактикалық іс-әрекетінің нәтижесі болатындар: ойлау іс-әрекетінің әдістері,

тұлғаның өзін-өзі басқару тетіктері, тұлғаның сапа көрсеткіштері, іскерлігі, кәсіби-педагогикалық құзыреттілігі.

Біз, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби әрекетке даярлығының құрамдас бөліктері, өлшемдері мен көрсеткіштерін талдай отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің моделін 4-кестеде ұсынамыз.

Кесте 4- Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің моделі

р/с	Компоненттері	Өлшемдері	Көрсеткіштері
	Әдіснамалық	Қарым-қатынастық деңгейі және импровизациялығы	-ақпарат көздерінің көбеюі (ғаламтор, баспасөздік ақпарат, байланыс құралдары, кәсіби-педагогикалық порталдар т.б.); -қарым-қатынастың субъектісі ретінде оның еркін белсенділік танытуды, жаңа ақпараттар, білімдер іздеуі; -студенттің қарым-қатынастық іс-әрекетіндегі ашықтығы, өзінің мақсатын орындауындағы барлық мүмкіндіктерді пайдалануы. -коммуникативтік оқытуда білім алушы тек қана тіл туралы білімді меңгермейді, сонымен қатар, мәдени-әлеуметтік компонентті де меңгереді: қоғамдағы тәртіп үлгісі, сол елдің мәдениеті мен мәдениет нормалары туралы білімі, осылардың бәрі шынайы қарым-қатынастың жағдаяттарында сөйлеушімен өзара қарым-қатынас жасауға көмектеседі.
1.2		Әлеуметтік-қоғамдық тәжірибені меңгеруі	-педагогтің инновациялық іс-әрекетінің субъект-субъектілік позицияларын ауыстыра алу қабілеттілігі, өзін оқушының орнына қоя алуы, ақпаратты жеткізушіден ақпаратты берушінің рөліне өтуі т.б.; -студенттің әлеуметтік зияттылығы деңгейінің артуы үшін философия және басқа ғылымдарда(педагогика, психология т.б.) ашылып жатқан жаңалықтардан хабардар болып отыруы; -жаңа дүниетанымдық өз көзқарасын қалыптастыруы үшін философиялық-әдіснамалық ғылымның жаңа білім қорын меңгеруі.
	Пәндік-теориялық	Өз пәнінің жаңа теориялық негіздерін меңгеруі	-ғылымның мақсаты мен міндеттерін білуі; -ғылымның негізгі заңдылықтарын

4 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
			меңгеруі; -білім мазмұнын жаңартудағы негізгі бағыттарды түсінуі, қолдана алуы; ғылым логикасын түсінуі.
2.1		Өз пәні бойынша ғылыми әдістерді меңгеруі	-ғылыми танымның жаңа әдістерімен таныс болуы; -ғылымға қолданысқа енген жаңа әдістерді меңгеруі және оны өз іс-тәжірибесінде пайдалана алуы; -ғылым саласындағы ашылған жаңалықты өз пәнінің аясында пайдалану мүмкіндігін қарастыру.
	Әдістемелік	1.Оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін білуі	-тәрбиелеудің, оқытудың мазмұнын, формасын, әдістерін таңдағанда міндетті түрде оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін есепке алуы. Оқу-тәрбие үрдісінде жанға жайлы психологиялық ахуал тудыра алуы.
		2.Оқушыларды тәрбиелеу, оқыту, дамытудың психологиялық заңдылықтары туралы білімі. Педагогиканың теориялық негіздері бойынша білімі.	-оқушының жеке тұлғасын дамытатын психологиялық-диагностикалық әдістерді меңгеруі; -ғылыми таным заңдылықтарын білуі; -оқушыларға білім берудегі педагогикалық мақсат, міндеттерді айқын қоя алуы; -оқу-тәрбие әдістерін, тәсілдемелерін дұрыс таңдай алуы.
		3.Оқу пәндеріне байланысты педагогикалық жаңа тәсілдемелер бойынша білімі	-білімнің жаңа мазмұны бойынша білімнің дәстүрлі емес формаларын жетік меңгеруі; -өз пәндері бойынша оқушылардың меңгеруге тиісті білім, білік, дағдылар жүйесін білуі; -өз пәні бойынша оқу бағдарламасы мен жоспарларына қажетті түзетулер енгізе алуы, авторлық бағдарламалар ұсына алуы.

Ендеше, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуда қарастырылған жаңартылған білім мазмұны бойынша нормативтік құжаттамалардың көмегімен мынадай педагогикалық негізгі тұжырымдарды шығарамыз:

-әлемнің көпдеңгейлілігі мен адам болмысы субъектінің көпөлшемділігі арасында өзара тығыз байланыстың байқалуы;

-адамның субъекті әлемін оның әлеуметтік рөлдерін орындаумен теңестіруге болмайды, оған өзі қарым-қатынас жасауға мәжбүр қоғамның өкілі, агенті деп қарамауымыз керек;

-әлеуметтік зияттылықты дамытуда адамның білімін субъектілер арасындағы және диалогтік аясында ашу басқалармен терең, ашық немесе жасырын, ортақтастығын көрсетеді;

-әрбір адамның субъективтілігін мойындау, топтардың әлеуметтік әріптестігі мен мәдени қарым-қатынасының болуы.

Әлеуметтік зияттылық әлеуметтік шынайылықты тану құралы, әлеуметтік құзыреттілік – оны тану өнімі ретінде шығады.

Әлеуметтік зияттылық пен әлеуметтік құзыреттілікті біріктіретіні:

а) олар әлеуметтік өзгерістер жағдайында сайма-сай бейімделуге мүмкіндік береді;

б) олар жағдайды дұрыс бағалауды, қатесіз шешімнің қабылдануы мен орындалуын қамтамасыз етеді;

в) олардың санды сипаттамалары, деңгейлері болады, өлшенуге жатады.

Жоғарыда аталып өткен тұжырымдамалық ойларды негізге алып, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің әлеуметтік зияттылығының дамыту – адамның өз деңгейі мен көздеген деңгейінің арасындағы қарама-қайшылықты шешуге бағытталған техникалық шешім, әдістемелік тетік. Әрекет барысында ол өзін-өзі терең танып, өзінің өзектілігін арттыруға теориялық білімге сүйене отырып, әдістемелік қызмет жасауы арқылы, өзін-өзі дамытатын кеңістік құрайды деген ой қорытынды жасауға болады.

1.3 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың басты аспектісі үдерісті моделдеу. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту моделі белгілі қасиеттерге ие және көздеген мақсатты іске асыруды қамтамасыз ететін қағидалар негізінде құрылады. Мұндағы теориялық зерттеулердің интеграциялануы, өз кезегінде, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуды педагогикалық әдіснамалық тұрғыдан талдау мен құрылымдық-мазмұндық моделін жасауды талап етеді. Жоғарыда жүргізілген біршама философиялық заңдар мен ойларға негізделген психологиялық білімдер мен аспектілер, педагогикаға байланысты тұжырымдар адамның дүниетанымының қалыптасу жолдары мен құралдарын жасайды. Ендеше таным үдерісінің нәтижесі теориядан танымға жету, ал әдіснамалық жағдайы оны құру тәсілі ретінде қарастырылады. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуда қарастырылған ғылыми-теориялық түсініктер, ұсыналатын моделде басшылыққа алынатын әдіснамалық тұғырлар көмегімен табылатын фактілер арқасында кеңейе түспек. Біздің теориялық ойлауымыз бен зерделеуіміздің негізінде диалектика әдісі жатыр, ол әлеуметтік

зияттылық жайлы тарихи талдау жасауға, оның дамуының заңдылықтарын табуға көмектеседі.

Жұмысымызда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың әдіснамалық астарларын тереңірек талдау негізінде, әдіснама ұғымының мән-мағынасына тоқталып өтейік.

Әдіснама педагогикалық үдеріс ретінде ғылыми таным мен ғылыми таным құралының теориялық мәселелерін шешу жолдарымен айналысады. Философиялық энциклопедиялық сөздікте «*әдіснама*» - (грек сөзінен «*methods*» - зерттеу жолы, таным, ілім, білім; «*logos*» – сөз, түсінік) амалдар жүйесі және тәжірибелік теориялық іс-әрекетті ұйымдастыру және құру тәсілдері, ғылыми таным әдістері туралы оқу; қандай да бір ғылымда қолданатын әдістердің жиынтығы дегенді білдіреді делінген [133].

Психологиялық-педагогикалық сөздік бойынша әдіснама, теориялық және практикалық іс-әрекетті ұйымдастырудың және құрудың принциптерінің және тәсілдерінің жүйесі.

Педагогика әдіснамасы – педагогика теориясы, педагогикалық құбылыстарды қарау принциптері, зерттеу әдістері туралы білім жүйесі, алынған білімді тәрбиелеу. Оқыту тәжірибесіне енгізу жолдарын қамтиды. Әдіснаманың теориялық жағы негізгі педагогикалық заңдылықтардың анықталуымен байланысты, ғылыми ізденудің бастапқы алғышарты ретінде, дүниетану қызметіне еніп, педагогикалық зерттеудің қандай философиялық, биологиялық, психологиялық идеялардан құрылғанын анықтап, алынған нәтижені дәлелдеп және қорытынды шығарады.

Педагогиканың әдіснамасы оның негізін, базалық сипатын анықтайды. Әдістеме негізінде әлеуметтік педагогиканың тұтастай және оның құрамдас бөліктерінің ғылыми бағытының мәні анықталады. Осыған сүйене отырып, педагогиканың теориясы мен практикасының өзекті мәселелерін зерттейді.

М.А.Данилов ұсынған педагогика әдіснамасының анықтамасы: «Дамушы қоғам жағдайында үздіксіз өзгермелі педагогикалық болмысты шынайы көрсететін, білім табу жолдары және тәсілдері принциптері туралы, педагогикалық теория негізі және құрылымы туралы, бастапқы ережелері туралы білімдер жүйесі педагогикалық әдіснама болады [134, с. 87]. Педагогиканың дамуына қосқан үлесі үшін автордың жұмыстарын педагогика әдіснамасы бойынша зерттеген ғалымдардың алғашқыларының бірі деп санаймыз.

В.И.Загвязинский «*Педагогикалық әдіснама* – бұл ғылыми-педагогикалық зерттеулердің бастапқы ережелері, құрылымдары, функциялары және әдістері туралы ілім». Автор: 1) «Педагогика әдіснамасы бұл педагогикалық білім және оны табу үдерісі, яғни педагогикалық мәселе туралы ілім; 2) Әдіснамалық мәні бар бастапқы, шешуші, түп негізді, философиялық, жалпы ғылыми және педагогикалық қағидалар (теориялар, тұжырымдамалар, болжамдар); 3) Педагогикалық таным әдістері туралы ілім (сөздің нақты мағынасындағы әдіснама) [134, с. 96].

Ш.Т.Таубаева педагогика әдіснамасының пәнін төмендегіше бөліп көрсеткен:

- педагогиканың басқа ғылымдар арасындағы және педагогикалық зерттеулердің маңызды мәселелерінің орнын анықтау;

- педагогикалық шындық туралы оларды өзгерту және интерпретациялау әдістері, білім алудың ұстанымдары мен тәсілдері;

- педагогикалық теорияның құрылымын құру және дамытудың әдістері;

- ғылым мен практиканың өзара әрекеттесуінің тиімді шарттары, ғылым жетістіктерін педагогикалық практикаға ендірудің негізгі ұстанымдары мен тәсілдері [135].

П.И.Пидкасистый бойынша, педагогика әдіснамасының пәні білім беру аясында болатын қарым-қатынас жүйесінде болатын үдерістердің заңдылықтары болып табылады. Сонымен қатар автор білім берудің мақсаты мен мазмұнының шартталған өзара әрекеттесу тәсілдері және оны шарттайтын әдістер мен формасын жатқызады. Мұнда субъектілердің қарым-қатынасы, іс-әрекетін басқару мен ұйымдастыру механизмдері іске асып, ол субъектілердің ұжым және топта өзін-өзі ұйымдастыруы, рефлексиясы, өзін – өзі тәрбиелеуін қамтиды [136].

Б.А.Тұрғынбаева еңбектерінде «әдіснама» ұғымының мағынасын:

- ғылымды тану туралы ілім;

- сол тану жолындағы қолданылатын танымдық құралдар, әдістер мен тәсілдердің жиынтығы;

- танымдық және қайта құрушы қызметті ұйымдастырудың алғышарттары мен қағидаларын зерттеуші құралдар турасындағы теориялық білім саласы деп тұжырымдайды [132, б. 88]. Ғалымның тұжырымынан, таным үдерісін реттеу, іштей ұйымдастыру немесе практикалық өзгертудің жолдарын анықтау секілді әрекеттер әдіснаманың негізгі қызметі екендігін пайымдай аламыз.

Педагогикалық әдіснамалық негіздердің мазмұнын түзуде біз, көбінесе «әдіс», «тұғыр», «қағида», «амал», «ұстаным», «идея», «логика», «парадигма», «теория» ұғымдарының өзара байланысқа түсуін аңғарамыз. Бұл ұғымдар ғылыми әдіснама категориялары болып саналады [137].

Ғылыми әдіснама категорияларының бірі – тұғыр. Тұғыр –әдіснама категориясы ретінде теориялық және практикалық мәселелерді шешуде қолданылады. Ол міндеттерді шешудегі негізгі жол, шешімдердің бағыты мен стратегиясын ашады.

Біз қарастырып отырған зерттеу жұмысы аясындағы ғылыми білімдер теориясын зерделеуде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуда келесідей әдіснамалық тұғырларды басшылыққа алдық: *жүйелілік тұғыр, синергетикалық тұғыр, тұлғалық іс-әрекеттік тұғыр, көпсубъектілі тұғыр, акмеологиялық тұғыр.*

Әлеуметтік зияттылықты дамытудың жоғарыда аталған әдіснамалық тұғырлары басқа ғылымдардағы қызметтер сияқты таным құралдары мен әдістерін айқындайтын бастапқы идея, теориялық ереже дегенді көздейді.

Ендеше біз, зияттылықты дамытудың әдіснамалық тұғырларының бірі жүйелілік тұғырға тереңірек талдауда тоқталайық.

Жүйелілік тұғыр – танымдық әрекеттегі ең әмбебап құрал. «Жүйе» ұғымының грек тілінен аудармасы «құрастыру» ретінде түсіндіріледі.

Жүйелілік тұғыр барысында педагогикалық жүйе өзара байланысты құрамдас бөлшектердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Жүйелілік тұғыр барысында педагогикалық жүйе өзара байланысты құрамдас бөлшектердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Біздің пайымдауымызша, білім беру мақсаты, әлеуметтік зияттылықты дамытудағы педагогикалық үдеріс субъектілері (оқытушы, болашақ бастауыш сынып мұғалімдері), білім беру мазмұны (білім, білік, дағды, әлеуметтік зияттылық, іс-әрекет тәжірибесі мен көңіл-күй еріктік қатынас тәжірибесінің жүйесі), ЖОО-дағы бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі бойынша педагогикалық үдерісті ұйымдастыру әдістері мен түрлері, мәліметтер қоры. Бұл үшін де жүйелі білім қажет. Жүйелі білім объектінің құраушыларын зерттеп тану нәтижесінде жинақталады. Бұл ретте жүйелілік әдіснаманың біртұтастықтығы анықталады.

Ғалымдардың еңбектерінде жүйелілік тұғыр жалпы педагогикада (В.В.Краевский, Г.П.Щедровский т.б.) белсенді түрде қарастырылады [].

Психологиялық зерттеулерді жүйелілік тұғыр А.А.Бодалев, В.А.Ганзин, Е.А.Климов, А.Н.Леонтьев, Б.Ф.Ломов, К.К.Платонов т.б. еңбектерінде нақтыланады.

Тұлғалық іс-әрекеттік тұғыр негізінен оқыту үрдісінің адамға, оның даралығына қатысты жаңа парадигмасын жасайтын болғандықтан, әрі қарай осы саладағы ғалымдар пікірлерін келтіре кеткен жөн. Е.В. Бондаревская жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың мазмұнында жеке тұлғаны дамытуға және қалыптастыруға қажетті мынадай 4 компонент міндетті түрде болуы қажет деп атап көрсеткен. Олар зияттылық, когнитивтілік, шығармашылық іс-әрекет арқылы әрбір жеке тұлғаның жекелеген дамытуға жағдай жасауға, өз бетінше шешім қабылдауға, оқу әдістері мен мазмұнын таңдауға толық мүмкіндік береді деп тұжырымдайды [138].

Жүйелілік және тұлғалық іс-әрекеттік тұғырдың арақатынасын қарастырсақ, оқытушы мен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудағы іс әрекеттер байланыстылығы, оның қоршаған ортамен белсенді қарым-қатынастылығы арқылы оны өзгертуге атсалысуын білдіреді.

Тұлғалық іс-әрекеттік тұғыр студенттердің оқу іс-әрекетін, мұғалімнің кәсіби іс-әрекетін зерделеуге бағдарлайды, субъектілердің әр түрлі іс-әрекеттегі жеке дара қабілеттерінің және тұлғалық қасиеттерінің қалыптасу мүмкіндіктерін айқындауға жағдай жасайды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуда айналасына деген құндылық қатынасты қалыптастыруға, адамның жеке тұлғалық қасиеттері мен даралығы өрістерінің (зияттылық, мотивациялық, пәндік-тәжірибелік, өзіндік реттеу) қалыптасуына негіз болатын білім берудің ерекше мазмұнын айқындауға мүмкіндік береді. Тұлғалық іс-әрекеттік тұғыр жүйенің дамуы заңдылықтарын

түсіндіру қажет болған жағдайда қолданылады. Дамудың заңдарын білу негізінде объектіні жетілдіру, өзгерту, жаңғырту операциялары іске қосылады, әрекет жасалады. Олай деуге негіз бар, оқытудағы талдаудың мазмұндық қыры бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша оқу пәндері материалын, негізгі ұғымдарын, идеяларын, теорияларын іріктеу және құрастыру тәсілдерін, жаңа тәсілдемелерді, бастауыш білім беру мазмұнындағы жаңашыл логикалық құрылымдарды кәсіби деңгейде түсіне келе, өз мамандығын жіті меңгеруде әлеуметтік зияттылықтың дамуы жүзеге асады. Себебі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық қыры ретінде олардың білім алуға деген мотивацияларын, білімге қызығушылықтарын, қажеттіліктерін дамыту үдерісінде студенттің дарындылық, зияттылық, шығармашылық қабілеттерін негізге аламыз. Біз, ЖОО-дағы субъектілердің өзара әрекеттесуі, ынтымақтастықтағы траектория құрылуында синергетикалық тұғырды тірек етеміз.

Синергетикалық тұғыр педагогикада қолданылатын жүйелік-қызметтік әдістердің дамуына жол ашады. Ал оның нәтижесі білімнің мақсаттары мен мазмұнының өзгеруінде, жаңа парадигманың пайда болуында, ақпараттармен алмасу құралы ретіндегі жаңа тәсілдемелердің қолданылуында, білім беру үдерісін синергетикаландыруда көрінеді.

Синергетика – бірлестік, ынтымақтастық ұғымдары аясында жиі қолданылады және білім беруде біртұтас құрылым бөліктерінің келісілген өзараәрекеттестікте болуына негізделген. Біздің ойымызша, синергетика өзін-өзі ұйымдастыру, күрделі жүйелерді зерттеу сынды түрлі әдіснамалық тұжырымдамаларға енген, зерттелуші заттар мен объектілерге бірегей пәнаралық байланыс негізінде көрініс табады. Синергетиканы өзін-өзі ұйымдастыру теориясы деп те атайды. Өзін-өзі ұйымдастыру теорияларының жеке аспектілері педагогикалық тұрғыда В.А. Аршинов, В.Г. Буданов, В.Г. Виненко, В.А. Игнатова, Е. Н. Князева, Н.Д. Хмель, З. Жанабаев, Л.Х. Мажитова, Б. Мукушев және т.б. ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан.

Г. Хакен [139] өзін-өзі ұйымдастырудың қасиеттерін түрлі мағынада таниды, өзін-өзі ұйымдастырудың үдерістері білім беру жүйесінің элементтері арасындағы жаңа байланыстар түзу, бар байланыстарды қайта құру арқылы іске асады. Өзін-өзі ұйымдастырудың өзіндік ерекшелігі мақсаттылық пен шынайылық сипаттамадағы үдерістердің өтуі болып табылады. Педагогикалық синергетикаға, өзін-өзі ұйымдастыру мен өзін-өзі дамыту заңдары мен заңдылықтарына негізделген оқу-тәрбие жүйелері кіреді. Ол бізге педагогикалық жүйелер даму мәселесіне жаңаша көзқараспен қарауға, ашықтық, бірлескен шығармашылық және өзін-өзі дамыту тұсынан көруге мүмкіндік береді. Осы негізде болашақ мамандардың өзін-өзі ұйымдастыру мен өзін-өзі дамыту қабілеттерінің қалыптасуына әсерін тигізуші педагогикадағы шығармашылық әрекеттер мен әлеуметтік зияттылыққа айрықша назар аударылады. Сондықтан студенттер өзін-өзі ұйымдастыру тетігі арқылы тиімді әсер етері анық.

Жалпы алғанда, синергетикалық тұғыр өзін-өзі ұйымдастыратын үдерістердің жүзеге асуының нақты тәсілдеріне көңіл бөле отырып, үдерістің көпсубъектілік коммуникативті тұрғыда ұйымдастырылуын тірек етеді. Ал бұл өз кезегінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуда олардың педагогикалық қарым-қатынас шыңына жетуге жол ашады.

Көпсубъектілі тұғыр. Микросоциумды және білім беру үдерісінің субъектілері (оқытушы, студент т.б.) арасындағы қатынасты қарастыруға бағдарлайды, өйткені жеке тұлға қоршаған адамдармен қарым-қатынас жемісі мен нәтижесі болып табылады (Ш.Т.Таубаева, А.Р.Ерментаева, М.А.Абсатова т.б.).

Осы орайда М.А. Абсатованың сипаттауынша, адамның бойында төмендегідей әлеуметтік-психологиялық сапалар болуы керек:

- «адамдарды тани білу» біліктілігі (олардың психологиялық ерекшеліктерін, күшті және әлсіз жақтарын тез және дұрыс бағалай білу қабілеті);

- қарым-қатынасқа бейімділік (кішіпейілділік, адалдық, мейірімділік, адам бойынан жақсы қасиеттерді көре алуы, кемшіліктерге аса назар бөлмеу, қарым-қатынасқа тез түсу, такт, қарапайымдылық және қолжетімділік);

- бастамашылдық (адаммен қарым-қатынасқа түсе алу, қалыпты мақсат қою, оларға жету жолын ұсыну, демеушілікті белсенді түрде қол жеткізу);

- көндіре алу, өз артына ілестіре алу;

- демократизм (өзін-өзі басқару мен педагогикалық ұжымда өзара әрекеттестікті белсенді ету біліктілігі, топ ішілік қарым-қатынас құру) [140].

Біздің зерттеу мәселемізге қатысты көпсубъектілі тұғыр бірінші кезекте білім алушыға өзін-өзі дамыту субъектісіне айналу үшін қажет, аталған мәселе қазіргі білім беру міндеттерінің бірі ретінде, жаңашыл ғылыми негіздемелерді қажет етеді. Екіншіден, бір ағынға жеке субъектілердің дамыту үдерістерінің бірігуі дамыту ортасын түзеді, осы ортада ол өз қолданысын қазіргі таңда жаңа өзараәрекеттестік мәселесіне орай білім алушының тұлғалық дамуына бағытталған ерекше жүйелер мен технологияларда көрініс табады. Үшіншіден, білім беру ортасында оқытушыдан ерекше субъект-субъектілі қарым-қатынасты құру үшін қажетті қабілеттерді қажет етуші жағдай туындайды. Жалпы зерттеу мәселеміз болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту болғандықтан, аталған тұғырды зерттеуімізде басшылыққа алу қажеттігі арта түседі.

Акмеологиялық тұғыр. Адамның индивид ретіндегі прогрессивті дамуындағы шығар «шыңы»; тұлға ретіндегі дамуындағы жетістіктері; еңбектегі жоғарғы жетістіктері адамның даралық дамуындағы жетістіктерінің шыңы (А.Г.Асмолов, Б.С.Братусь, Б.А.Тұрғынбаева т.б.)

Б.А.Тұрғынбаева акмеологиялық тұғырдың сипаттамасын: кәсіби қызығушылықтардың жаратушылық бағыттылығы; жаңашылдық әрекетке деген қажеттілік; инновацияға бейімділік; жалпы және кейбір арнайы зияттылықтың жоғары деңгейде болуы; ассоциациялық байланыстарды қалыптастыруға деген бейімділік; жақсы дамыған елестете алушылық; мінез-

кұлық пен әрекетті реттеп отырудағы күшті жігерлілік; дербестік; өзінің психикалық жағдайын басқара алушылық, әсіресе шығармашылық белсенділігін ынталандыра білушілік, - деп түсіндіреді [141].

Біздің ойымызша кәсіби әрекетте биіктерді бағындырған маманның әлеуметтік зияттылығы жоғары деуге болады. Себебі оның жаңашылдыққа ұмтылысының артуы, дербес тұлға ретінде әрекет етуі, өз психологиялық ахуалын реттей алуы, шығармашылық белсенділігінің артуы, барлық танымдық мүмкіндіктерінің жоғары деңгейі өз кезегінде әлеуметтік зияттылығының жоғары деңгейінің айқын көрінісін береді.

Бұл сапалармен қатар болашақ мамандардың әлеуметтік зияттылығын дамыту жолында студенттің сөйлеу мәдениетінің жоғарылығы оның сапасының бір көрсеткіші бола алады. Ойын жеткізе білу, үлгі боларлықтай ерекше стилде еркін сөйлеу, әдістемелік тұрғыда ой мен сөздің, іс-әрекеттің біртұтастығы және т.б. қасиеттер болашақ маманның маман ретінде қалыптасуындағы құралдары болмақ. Бұл пікірімізді 5-кестеде көрсетуге тырыстық.

Кесте 5 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың әдіснамалық тұғырлары

р/с	Әдіснамалық тұғырлар	Сипаттамасы, атқаратын қызметі
1	Жүйелілік тұғыр	<i>Жүйелілік тұғыр</i> барысында педагогикалық жүйе өзара байланысты құрамдас бөлшектердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Жүйелілік тұғыр барысында педагогикалық жүйе өзара байланысты құрамдас бөлшектердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Білім беру мақсаты, әлеуметтік зияттылықты дамытудағы педагогикалық үдеріс субъектілері (оқытушы, болашақ бастауыш сынып мұғалімдері), білім беру мазмұны (білім, білік, дағды, әлеуметтік зияттылық, іс-әрекет тәжірибесі мен көңіл-күй еріктік қатынас тәжірибесінің жүйесі), ЖОО-дағы бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі бойынша педагогикалық үдерісті ұйымдастыру әдістері мен түрлері, мәліметтер қоры.
2	Тұлғалық іс-әрекеттік тұғыр	Тұлғалық іс-әрекеттік тұғырды түзуде студенттердің оқу іс-әрекетін, мұғалімнің кәсіби іс-әрекетін зерделеуге бағдарлайды, субъектілердің әр түрлі іс-әрекеттегі жеке дара қабілеттерінің және тұлғалық қасиеттерінің қалыптасу мүмкіндіктерін айқындауға жағдай жасайды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуда жан-жағына деген құндылық қатынасты қалыптастыруға, адамның жеке тұлғалық қасиеттері мен даралығы өрістерінің(зияттылық, мотивациялық, пәндік-тәжірибелік, өзіндік реттеу) қалыптасуына негіз болатын білім берудің ерекше мазмұнын айқындауға мүмкіндік береді. Тұлғалық іс-әрекеттік тұғыр жүйенің дамуы заңдылықтарын түсіндіру қажет болған жағдайда қолданылады.

5 – кестенің жалғасы

1	2	3
3	Синергетикалық тұғыр	Педагогикада қолданылатын жүйелік-қызметтік әдістердің дамуына жол ашады. Ал оның нәтижесі білімнің мақсаттары мен мазмұнының өзгеруінде, жаңа парадигманың пайда болуында, ақпараттармен алмасу құралы ретіндегі жаңа тәсілдемелердің қолданылуында, білім беру үдерісін синергетикаландыруда көрінеді. Синергетика – қазіргі бірлескен іс-әрекет теориясын зерттейді. Синергетика («синергейя» - бірлесіп әрекеттесу, ынтымақтасу) немесе өзін-өзі дамыту теориясы педагогика үшін эвристикалық мәні бар тұлғаны дамытудың әмбебап үлгілерін іздеуге бағытталған күрделі жүйе болып табылады.
4	Көпсубъектілі тұғыр	Микросоциумды және білім беру үдерісінің субъектілері (оқытушы, студент т.б.) арасындағы қатынасты қарастыруға бағдарлайды, өйткені жеке тұлға қоршаған адамдармен қарым-қатынас жемісі мен нәтижесі болып табылады.
5	Акмеологиялық тұғыр	Акмеологиялық тұғыр. Акме - адамның индивид ретіндегі прогрессивті дамуындағы шығар «шыңы»; тұлға ретіндегі дамуындағы жетістіктері; еңбектегі жоғарғы жетістіктері адамның даралық дамуындағы жетістіктерінің шыңы. Ол үшін студенттердің ойлау сапасы, бастауыш білім мазмұны бойынша алгоритмді білуі, классификациялау, жүйелеу, танып білу, болжау, синтез және талдау т.б. бойынша білу деңгейі біршама жоғары болуы қажет.

Әдіснамалық тұғырлардың сипаттамасы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту олардың бойында келесідей адами сапалардың орнығуына тәуелді екенін көрсетеді: 1) интенционалдық – адамның өзіндік дамуына бағыттылығы; 2) креативтік – тұлғаның өзіндік шығармашылық қабілеті мен фасилитаторлығы; 3) жариялылық – білім әрекеттестігіне қатысушы барлық субъектілермен тең құқықты, позитивті қарым-қатынас түзе білу ептілігі және т.б.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуда студенттің адами сапасына қоса тұлғалық сапаларын бастауыш білім мазмұнының ғылыми-әдістемелік тұстары арқылы дамыту бүгінгі білімнің дескрипторларының бірі.

Болашақ мамандарды даярлаудағы педагогика теориясында оқыту үдерісін ұйымдастыру бірнеше қызметті жүзеге асырады. Олар: білім берушілік, тәрбие берушілік және дамытушылық. Аталмыш қызметтер арқылы білім беру әрекеттерінің негізгі бөлігі ақпаратты өзіне қабылдап қажеттісін алу және іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру сапасына арналады.

Осы тұста біз болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың жүйесін жасаудың негізгі ұстанымдарын беруді жөн көріп тұрмыз:

Ұстаным (принцип, лат. *principium* - басы) – бұл педагогикалық білім алу және жүйесін құру негізіндегі, сондай-ақ, танымдық акті және қайта құру актілері немесе басқа педагогикалық объекті негізіндегі неғұрлым жалпы, маңызды және бастапқы ережелер. Педагогикалық ұстанымдардың әдіснамалық рөлі педагогикалық ғылымда жақсы зерттелген. Ұстаным – педагогикалық болмысты тану және қайта құру үдерісін бағыттаушы және зерттеуші фактілер, ұғымдар, заңдар және теориялардың арасындағы тұтастық байланысын қамтамасыз ететін ғылыми танымның ерекше үлгісі.

Ұстаным нақтылы әдіснаманың шеңберінен (түрлі әдіснамаларда қолданғанда) шығуы мүмкін және педагогикалық зерттеудің бір әдіснамасы бірнеше ұстанымның негізінде қосылуы сөзсіз. Біздің пікірімізде, «ұстаным» ұғымы педагогикалық теорияны құру немесе іске асырудың негізінде жататын негізгі идея болып табылады. Әдіснамалық ұстанымдар, бұл – жаңа педагогикалық білімдерді игеру және педагогикалық практиканы қайта құру жобасын әзірлеу үдерісінде жалпы танымдық бағдар беретін, басшылыққа алынатын ережелер. Практикалық қағидаларды – педагогтардың ғылыми-педагогикалық және жобалау-қайта құру қызметін реттеу және бағыттауды тағайындау.

Оқытуды ұйымдастыру мен оның әдістемесі өздігінен іске аспайды. Олар әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық сипаттағы заңдылықтар әрекетімен белгіленген. Ол жайындағы білім бізге зерттеу мәселесіне қатысты ұйымдастырушылық – әдістемелік ұстанымдарды сипаттауға мүмкіндік береді. Атап өтер болсақ, тұтастық ұстанымы, саналылық және шығармашылық белсенділік ұстанымы, нәтижелілік және сенімділік ұстанымы.

Тұтастық ұстанымы жүйелі негізде даму талаптарына сай педагогикалық үдерісті ұйымдастыру кезінде тұлғаның интегративті сипаттамаларына бағдарлану керек. Осыған орай тұлға тұтас, өз қызметтері, құрылымы, ішкі бөліктері бар күрделі психикалық жүйе ретінде қабылданады. Тұлға жан-жақты өзара үйлесімділікте дамиды, дегенмен басымдық танытушы әлеуметтік құрам, тұлғаның қажеттіліктерінің, қызығушылықтарының, ұмтылыстарының, адамгершілік және эстетикалық сапаларының бағыттары. Тұлғаның басты критериялды қасиеті оның бағыттылығы, ол тұлғаның рухани орталығы ретінде қарастырылады. А.С. Макаренко айтуынша, тұлға бөліктер арқылы қалыптаспайды, дегенмен қазіргі білім беру тәжірибесінің объективті қарама-қайшылықтарына қарай, тұлға тұтастығы мен тұлға дамуының мәселесін шешуде қызметтік амал арасында байқалады. Тұтастық ұстанымының басты қызметі жеке бөліктерді анықтау арқылы ол бөліктердің дамуына басымдық таныту негізінде тұлғаны тұтас жүйелі негіз ретінде тану. Біз аталған ұстанымды өз зерттеуімізде көп негізде басшылыққа аламыз. Бірінші кезекте зерттелуші ұғым компоненттерін жеке дамыту арқылы тұлға бойында әлеуметтік зияттылық кәсіби сапасын тұтас дамуын қамтамасыз ету. Бұл бізге модель компоненттерін анықтауда аса маңызға ие нұсқаулық.

Саналылық және шығармашылық белсенділік ұстанымы білім алушылардың оқу үдерісіндегі субъектілігін көрсетеді. Тұлға белсенділігі өз

табиғатына қарай әлеуметтік және субъективті. Аталған ұстаным білім алушылар бойында пікірлерінің, қорытындыларының, бағаларының, мәселені шешу әдістерінің, мінез-құлық құрылымының дәлелділігін дамытуды талап етеді, өйткені аталған оқу іс-әрекетінің әрбір сатысы жеткілікті деңгейде ойластырылмаған болса, оны басқару мүмкіндігі болмайды.

Нәтижелілік және сенімділік ұстанымы өте қарапайым негізде түсіндіріледі, егер оқыту білім алу жүйесінің мақсаттарын орындамаса, онда оның педагогикалық қажеттілігі болмайды. Сол себепті де оқыту ең алдымен нәтижелі және білім беру, дамытушы және тәрбиелік әсері болуы керек. Я.А. Коменский негізді түрде білім алған адамды ағашпен салыстырған, ол өзінің тамыры бар, өзін дербес қоректендіре алатын, сол себепті де үнемі өседі, көгереді және жеміс береді. Бұл өз бетімен білім алудың басты алғышарты болып табылады. Оқытудың бұл ұстанымы бізге оқыту формалары мен әдістерінің мақсатқа сай болуын, оны мақсат нәтижесіне жету үшін үнемі жетілдіру керектігін көрсетті.

Жоғарыда сипаттама берілген әдіснамалық тұғырлар мен ұйымдастырушылық-әдістемелік ұстанымдар бізге зерттеу мәселесіне қатысты өзіндік қағидаларды ұсынуға негіз болды.

Біз өз ғылыми зерттеу жұмысымызда талданған еңбектерге сүйене отырып, әлеуметтік зияттылықты дамытуда бірізділігімен ерекшеленетін, өзара тығыз байланысқан төмендегідей қағидаларға сүйенеміз:

Танымға деген құштарлық қағидасы. Бұл қағида негізінде жаңа білімді қабылдауға ыңғайдың болуы көрінеді. Әлеуметтік танымды, тұлғалық - психологиялық сипаттамаларды тануға, әлеуметтік тәжірибені қабылдауға деген мүмкіндік пен өзіндік мотивацияның болуы. Әлеуметтік зияттылық тұлғаның өзге адамдармен өзараәрекеттестік үдерісінде көрінеді және дамиды. Бұл субъект тарапынан белсенділік байқалмаса мүмкін емес. Сол себепті білім алушылардың танымға деген белсенділігін арттыру көзделеді.

Танымдық іс-әрекеттің бір түрі ретіндегі әлеуметтік танымның басты ерекшелігі таным объекті мен субъектінің бір-біріне сәйкестігі. Әлеуметтік таным барысында қоғамды тану іске асады. Әлеуметтік білім үнемі білім алушылар қызығушылығына тікелей байланысты, ол бірдей қоғамдық құбылыстарды зерттеу барысында туындайтын түрлі бағалау мен пікірлердің қарама-қайшылығынан айқын көрінеді. Әлеуметтік таным әлеуметтік фактілерді белгілеуден бастау алады, әлеуметтік фактілердің бірнеше түрлері белгілі, біздің мәнмәтінге маңыздысы дербес индивидтардың мінез-құлық ерекшеліктері және әрекеттерін тану, адамдар туралы өзіндік пікір білдіру, баға беру. Сонымен қатар өзіндік мотивацияны арттыру қажеттігі. Өзіндік мотивация – алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін міндеттерді орындауға өзіндік мотивацияны арттыру. Адамның ішкі мотивациясы деп те айта аламыз. Әлеуметтік зияттылықты дамытудағы өзіндік мотивацияны арттыру үшін ең алдымен нақты мақсат қоя алудан бастау қажет, әрбір мақсат өте нақты және уақытпен шектелген негізде құрылады. Сондай ақ жағымды және жағымсыз нәтижелерді алдын ала болжамдау, яғни жағымды нәтиже

адамның өзіндік ынтасын арттырады, ал жағымсыз нәтиже мүмкін болатын сәтсіздіктен қашу жолында жақсы нәтижеге жетуге итермелейді.

А.Г. Асмолов икемделу және әлеуметтік бейімделу ажырамас диалектикалық бірлікте, әлеуметтік белсенділік тұлғаның әлеуметтік ортаға бейімделуінсіз болмайтындығын айтқан. Жеке өзіндік және қоғамдық қажеттіліктер, қызығушылықтар, құндылықты бағдарларының бір-біріне сәйкес болуы тұлғаның әлеуметтік белсенділігінің өсуін қамтамасыз етеді. Білім алушылардың кәсіби өзін-өзі тануы мен өзін-өзі жетілдірудегі өзекті мотивтерін, мағынасы бар мотивтерге айналдыру тұлға ретінде өз әлемін, оның дамуын түсінуімен, тұлғаның өзін-өзі өзектендіруіне бағытталатын танымдық іс-әрекетіне әкеледі [142].

Мәдениетке сәйкестік қағидасы. Аталған қағидаға сәйкес тұлға өз мәдени дамуына сәйкес өзіндік құндылықтар деңгейін таңдауға, өзіндік орнын анықтауға, өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндігі бар біртұтас және еркін тұлға ретінде қарастырылады. Ал мәдени мазмұн ретінде жалпыадами, жалпылама ұлттық және мекен-жайлық мәдениет құндылықтары алынады. Сонымен қатар болашақ мамандардың әлеуметтік зияттылығы дамуының тиімділігі студенттер арасында мәдениетке сәйкестік қағидасы негізінде құрылған қарым-қатынас кеңістігін құру арқылы іске асады.

Қазіргі қоғам білім беру жүйесі алдына өзекті міндеттердің бірін көрсетеді, мәдениетке сәйкестік ортасын құру, ол орта негізінде білім алушының отбасылық жағдайларының, өзіндік және қоршаған әлеуметтік орта ерекшеліктері ескерілуі аса маңызды.

Тұлғаның өзін-өзі анықтау мәселесінің Л.В. Выгодский еңбектерінде тарихи-мәдени теория аумағында қарастырылады. Тұлға өз ішкі мүмкіндіктерін тану арқылы белгілі деңгейдегі тарихи қалыптасқан формаға айналады, әлеуметтік ортада іс-әрекет негізіндегі үдерістер нәтижесінің жүзеге асуы орын алады. Өзін-өзі анықтау бұл тек үдеріс емес, ол іс-әрекет нәтижесі де бола алады. Өзін-өзі жүзеге асыра алған тұлға, өз деңгейінде белгілі бір қасиет және сапалары арқылы нәтижесі көрініс табады.

Әлеуметтік өзіндік анықтау (В.И. Журавлева, В.Л. Лебедева) нақты бір өмір сүру бағытын жүзеге асыру қажеттілігі мен қоғамда белгілі деңгейде өзіндік орнын иеленуімен анықталады.

Жүйелі іс-әрекет қағидасы. Теориялық талдау негізінде біз өзіндік әлеуметтік зияттылық анықтамасын бере алдық. Ол анықтама әлеуметтік зияттылық жүйелі түрдегі нысан екенін көрсетеді. Біз анықтаған әлеуметтік зияттылықтың өзара байланысқан құрылымдық компоненттері педагогикалық қарым-қатынасты саналы негізде басқару, өзіндік сана мен өзгені түсіну және талдау, өзіндік білімін іс-әрекет тиімділігін арттыруда пайдалану, мінез-құлық өзгерістері мен нәтижелерін тану бойынша өзіндік әрекеттерді белгілі бір мақсатқа қол жеткізу үшін жүйелі түрде пайдалану. Бір бөлшектегі өзгеріс белгілі деңгейде барлық жүйе мен оның компоненттеріндегі өзгерістен көрінеді. Мысалы, бір топ немесе адамдар мінез-құлқын танудағы өңдеу

нәтижелерінің өзгерісі, оларға деген қарым-қатынасты өзгертеді, өзіндік мінез-құлық моделін түзетуді қажет етеді.

Белсенділік және дербестік қағидасы. Бұл қағида әлеуметтік зияттылықты дамытудың басты қағидаларының бірі. Бірінші кезекте бұл негізде еркін және терең ойлау басшылыққа алынады. Оқытушы білім алушыға өзіндік өмірлік тәжірибесін белгілі деңгейде өзіндік тұжырым жасауда пайдалануға мүмкіндік беру. Қазіргі білім беру талаптарына сәйкес білім алушылардың өзіндік жұмыс деңгейінің жоғары болуы аса маңызды. Яғни оқытушыға білім алушы бойында, ізденушілік мотивациясын, оқу қызметіндегі инновациялық ресурстарды белсендіру мен жүзеге асыра алу шеберлігін арттыру, әлеуметтік зияттылықтың даму жолында алынатын нәтиженің әлі беймәлім әрекеттерді шешудегі жауапкершілікті сезінуге дағдыландыру, өзіндік мақсатының субъектісі болуға бағыттау қажеттігі бар.

Педагогикалық қарым-қатынасты құндылықты - мәндік мазмұнмен толықтыру қағидасы. Бұл қағиданың басты ерекшелігі білім алушыға өз оқу үдерісі барысындағы қарым-қатынас негізінде өз кәсіби білімінің мәні мен құндылықтарын игеруге қажетті жағдай құру қажеттігінде.

Қарым-қатынас адамдар арасында байланыс орнатып оны дамыту бірлескен іс-әрекет қажеттілігі негізінде туындайды. Ғалымдардың пікірінше қарым-қатынас (А.А. Бодалев, Х.Т. Шерьязданова) бірлескен іс-әрекет барысында тұлға қалыптасуына өзге адамдармен жағымды өзара әрекеттесу ерекшеліктері әсер етеді [41, с. 59].

Қарым-қатынас мазмұнының диалогтық негізі қағидасы. Оқу материалы диалог негізіне аударылады. Диалог әр тұлға өз-өзіне қойған сұрақтан өзге сұрақтар қойылған мезеттен пайда болады. Сол себепті де диалогтық қарым-қатынас өзінді ғана емес, өзгені де дұрыс түсінуге мүмкіндік береді.

С.М. Жақыпов қарым-қатынас мәселесін зерттеуге пәнаралық негізден, кешенді түрде келу қажеттілігін айтып кеткен. Ғалым пайымдауынша, біріккен ой әрекетінің және біріккен диалогты танымдық іс-әрекет қалыптасуының негізгі тірегі ортақ мотивтердің және дербес іс-әрекет мақсаттарының болуына байланысты.

Өзараәрекеттестік қағидасы. Әлеуметтік зияттылықтың мазмұнының толықтырылуы және оның дамуы тұлғаның өзге адамдармен, топтармен өзараәрекеттестік үдерісі негізінде іске асады. Өзараәрекеттестік адамда әлеуметтік шынайылықтың бейнесін, сезімдердің туындауы мен сезімдермен алмасудың, ой мен пікір алмасудың, өзге де қарым-қатынас ерекшеліктер сипаттамасын түзету және көрінуінің көзі болып табылады. Өзараәрекеттестік әлеуметтік зияттылықты талдаудың әдіснамалық негізі, және сол талдаудың басты бірлігі екенін айтқан жөн.

Өзін-өзі дамыту қағидасы. біз бұл қағиданы құндылық тұрғысынан қарастырсақ, құндылықтың негізгі төрт аясын атап өтуге болады, олар дұрыстық, қанықтылық, таңдау жасай алуы, ынтызарлық. Педагогикалық үдерісте маңызды құндылықтардың бірі әлеуметтік, яғни педагогикалық еңбек маңыздылығы, оқушыларының алдындағы мұғалім жауапкершілігі, мұғалім

өзін-өзі іске асырудағы шығармашылық мүмкіндіктердің кеңдігі; және де психологиялық: өз әріптестерімен, оқытушылармен, білім алушылармен бірлескен шығармашылық әрекет, педагогикалық қарым-қатынастағы өзіндік орны, балаға деген мейірімділік, педагогикалық қоғамдағы өзіндік орны; сонымен бірге кәсіби-педагогикалық: өз заманына сай жаңа технологияларды игеру, өзін-өзі жетілдіру мүмкіндігі.

Теңбе – теңдік қағидасы. Бұл қағиданы ұстану әрбір адам құндылығын қабылдауды көрнекі түрде көрсетеді, әр тұлғаның қайталанбастығы және бірегейлігі, ол эмпатияның көтерілуін, эмоционалды қосылуы және жұмысқа деген ынтаның пайда болуына әсер етеді;

Шынайылық және ашықтық қағидасы. Студенттердің бірлескен іс-әрекет барысындағы аңқылдақтығы, өзгеден және өзгеге шынайы кері байланыс орнатуға, яғни әр топ мүшесі үшін қажетті тұлғааралық қарым-қатынасты іске қосушы механизмді қозғалтушы ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді.

Сана және іс-әрекет бірлігі қағидасы. Аталған қағида адам мінез-құлқын және оның тұлғалық сипаттамаларын шынайы өмірде, өзге адаммен қарым-қатынас барысында зерттеуге мүмкіндік береді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың кәсіби білім беруге сәйкестік қағидасы. Әлеуметтік зияттылықты дамыту тиімділігі арту үшін білім алушылардың оқу-тәрбие үдерісінің ерекшеліктері, әр білім алушы құндылықтары мен қажеттіліктері ескерілу негізінде, әр кәсіби іс-әрекетке негізделген болуы керек. Әрбір дамытуға алынған әдіс-тәсілдер мен құралдар ғылыми тұрғыда шартталған және жаңа білім мазмұнына сәйкес толықтырылған болуы маңызды.

Біздің зерттеуімізде қарастырылған қағидалар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуда зерттеу мәселесінің маңызды тұстарын айқындауға, олардың шешімін табу траекториясын құру мен негізгі әдіс-тәсілдерді тандауға, әлеуметтік зияттылық даму бағытын белгілеуге мүмкіндік берді.

Біз өз зерттеуімізде көптеген ғалымдардың еңбектерін теориялық-әдіснамалық негізде талдап, саралай келе «зияттылық», «әлеуметтік зияттылық» ұғымдарына анықтама бере алдық, оның негізінде осы тұста даму ұғымына тоқталғымыз келеді.

Даму аталған ұғым белгілі бір өзгерісті, жаңа бір қабілеттердің туындауын, жетілуін қамтамасыз етеді. Я.Н. Лернер [143] өз зерттеулерінде «даму» ұғымын тұлғаның қиындықтар негізінде туындаған түрлі мәселелерді шешуге деген даярлығы негізінде анықтаған. Біз тікелей даму ұғымын зияттылықпен байланыстарытын болсақ көп деңгейлі танымдық үдерістерді игеру, психикалық белсенділіктің өзіндік реттеуші факторының, белгілі бір ақпаратты қайта өңдеу, іс-әрекетті танып білуге қызығушылық, бағыттылық таныту қабілеті, ойлаудың белсенділігі мен жылдамдығы, яғни жоғарыда аталғандар белгілі деңгейдегі қиындықтарды шешуге даярлықтың бар болуынан көреміз.

А.Ж. Аяғанова өз ғылыми зерттеу жұмысында зияттылық дамуды мына негізде анықтаған, зияттылық даму тұлғаның ақыл әрекетінің нәтижесі, ал

белгілі бір тапсырмаларды орындау тұлғаның ақыл әрекетінің нәтижесі, ол тұлғаның зияттылық дамуын қамтамасыз етсе, өзіндік бағалау эмоциялық қатынасын білдіреді. Зияттылық даму мен өзіндік бағалау өзара байланыста болады және қалыптасқан этнопсихологиялық түсініктер оларға жағымды ықпал етеді [144]. Автор анықтамасынан біз зияттылық дамудың белгілі бір іс-әрекет нәтижесі екенін, және оған сырттан көптеген факторлар арқылы әсер етуге мүмкіндік барын көре аламыз.

Ресей ғалымы А.Емельянов әлеуметтік зияттылықтың дамуындағы келесі қайнар көздерін бөліп көрсетеді [145]:

-*өмірлік тәжірибе* (коммуникативтік құзыреттіліктің дамуында оған жетекші рөл беріледі) және тұлғааралық қатынастардың тәжірибесі. Оның сипаттамалары келесідей: ол әлеуметтенген, оның құрамына нақты қоғамдық ортаның интериордық нормалары мен құндылықтар кіреді; ол жеке даралығына ие, яғни жеке өмірінде жеке қабілеттері мен психологиялық оқиғаларға негізделеді.

-*өнер* – адамды екі жақтан байытатын эстетикалық қызмет: ол бұл жағдайда шығармашыл адамның ролінде де, өнер туындыларын қабылдап ұғынатынның да ролінде шығады (коммуникативтік икемдерді дамыту қабілеті).

-*жалпы эрудиция* (нақты индивидте бар адами қатынастардың дамуы мен мәдениетіне қатысты сенімді және жүйеге келтірілген гуманитарлық білімдердің қоры).

-*ғылыми әдістер* (коммуникативтік құзыреттіліктердің барлық қайнар көздерінің интеграциясын, тұлғааралық өзара әрекеттесуді сипаттау, тұжырымдау, түсіндіру және болжамдау мүмкіндіктерін ашып, келесіде жеке тұлға, топ және ұжым, сонымен қатар қоғамның деңгейінде коммуникативтік құзыреттілікті көтерудің практикалық құралдарын әзірлеуді көздейді).

Ғалым атап көрсеткеніндей, коммуникативтік құзыреттілік нұсқасы мен мазмұны бойынша жеке тұлғаның орындап жүрген әлеуметтік рөлдерінің ерекшеліктеріне қатысты, сонымен қатар кәсіби коммуникативтік қабілеттілікті және жалпы коммуникативтік қабілеттілікті ажыратқан тиімді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуда теориялық сипаттағы әдістер нақты педагогикалық үдерістің талдауынан шығады, олардың қандай да бір анықталған даму көздерінің нәтижелі жұмыс жасауын қамтамасыз ететін себептерді түзеді. Оларға, ең алдымен моделдеу, деңгейлерін айқындау жатады.

Әлеуметтік зияттылық танымдық үдерістерді іске асырады, яғни әлеуметтік объектілер бейнесімен байланысты – адам қарым-қатынас, іс-әрекет, адамдар тобы бойынша әріптес ретінде. *Әлеуметтік зияттылықтың даму деңгейі* көп негізде топтағы өзара әрекеттестік ерекшелігін анықтап және ұжымды қалыптастырады. Әлеуметтік зияттылық – бұл интегралды зияткерлік мүмкіндік, ол қарым-қатынас және әлеуметтік бейімделу тиімділігін анықтап, әлеуметтік объектілерге қатысты көрінетін танымдық үдерістерді біріктіріп және реттейді [146].

Керекті арнайы мүмкіндіктермен қатар, білім және білік, сонымен қатар мінез-құлық сипаттамасы мен жағымды мотивацияға сәйкес әлеуметтік зияттылықты тиімді ойлау жүйесінің даму алғышарты ретінде, оқыту және кәсіби практикалық пен ғылыми іс-әрекетті орындау бағытында және тұлғаның әлеуметтік дербестігі ретінде қарастыруға болады.

Р.Селманның (1995) әлеуметтік зияттылықтың даму кезеңдеріне арналған зерттеулері көрсетіп отырғанындай, соңғысының жетілу шамасына қарай, субъектінің сыртқы, елеусіз, таза мінез-құлықтан шығатын жүріс-тұрысының сипаттамаларына бағдарлануы ішкі әрекеттерінің әрдайым саналы бола бермейтін мотивтеріне бағдар алуымен алмасады.

Р.Селман әлеуметтік зияттылықтың бес негізгі даму кезеңін бөліп көрсетеді. Жас бала ішкі, психологиялық және сыртқы, мінез-құлықтың физикалық қағидаларын ажырата алмайтын нөлдік, әлеуметтікке дейінгі кезеңі өзге адамдардың және өзінің меншікті ойлары мен сезімдері дербес шынайылыққа бөлініп шығып, бала қызығушылықтарының қатарына қосылғанында аяқталады [12, с. 45].

Әлеуметтік зияттылықтың дамуындағы *алғашқы кезең*: сыртқы және ішкі дүниенің саралану кезеңі – түрлі көзқарастарды, ниеттерді, әрекеттері келістіру кезеңімен алмасады. Әлеуметтік зияттылықтың *екінші кезеңінде* басқа адамның көзқарасымен қарауға әрекет жасап, серіктесіне өз көзқарасын өзіне өлшеп көруді ұсынады. Әдетте жасөспірім жасы алдында жететін әлеуметтік зияттылықтың дамуындағы *үшінші кезеңде* жеке адамдар жүріс-тұрысындағы өзара тәуелділікті, өзара алғы шарт болатын түрлі, кейде қайшы мақсаттарды түсіну, адами әрекеттесу туралы түсінік құрылымға ие болып, бір жүйеге түзіледі. Әлеуметтік дамудың *төртінші кезеңінде* адами жақындықтың түрлі деңгейлерін ұғыну және жақындықтың түрлі деңгейлерінде қатынастарды құрудың амалдарына икемдер немесе қабілеттерді көздейді.

Әлеуметтік зияттылықтың дамуындағы осы жоғары деңгейіне жету үшін (Р.Селман бойынша) баланың интеллектуалды дамуының ең жоғары кезеңіне жеткені әрине көңілге қонымды жағдай, бірақ міндетті емес. Автор формальды-қисынды және әлеуметтік міндеттерді шешу қабілеті арасында қатаң бір мәнді сәйкестіктің болмайтынын атап көрсетеді. Осылайша, жүріс-тұрыс қиыншылықтары бар балалар жиі жағдайда жалпы зияттылыққа арналған тапсырмаларда жоғары табысқа жетеді де, әлеуметтік зияттылықтың дамуындағы деңгейді өлшейтін тапсырмаларға икемсіз болады [12, с. 47].

Көптеген ғалымдардың жұмыстары әлеуметтік зияттылықты дамыту мәселесін басым жағдайда коммуникативтік құзыреттілік қырынан көрсетеді (Н.А.Аминов, М.В.Молоканов, М.И.Бобнева, Ю.Н.Емельянов, А.А.Кидрон, А.Л.Южанинова), сонымен қатар әлеуметтік зияттылықтың болжамды құрылымы мен функциясын сипаттайды. Әлеуметтік арнайы зерттеудің пәні ретінде ең алдымен отандық әдістемелік талдамалардың болмауы салдарынан шықпады.

В.А.Лабунская (1989) әлеуметтік зияттылықтың дамуын экспрессивтік жүріс-тұрысты «оқудың» дәлдігі ретінде қарастырады, ол жағдайда оның қалыптасуын тұлғааралық қатынастар қамтамасыз етеді.

Осылайша, әлеуметтік зияттылық — бұл жеке тәжірибесінде икемдер мен дағдылардың, әлеуметтік әрекеттер мен қатынастардың шындалуын жеңілдететін жеке нышандар, қасиеттер, қабілеттер. Әлеуметтік зияттылығының деңгейі жоғары тұлғаның ерекшеленетін сипаттамалары мен белгілері ретінде оның барлық аспектілеріндегі жеткілікті әлеуметтік құзыреттілік шығады [147].

Өзін құрметтеу деңгейіне қатер төндіретін, кенеттен болатын дағдарыстарды, ұзақ мерзімді күйзелістерді, жағдайлардан асып өтуге көмектесетін әлеуметтік зияттылықтың мобилизациялық функциясы өте маңызды.

Әлеуметтік зияттылық адамға тұлғааралық оқиғаларды болжамдауға көмектесіп, түйсікті, көрегендікті шыңдап, психологиялық төзімділікті қамтамасыз етеді.

Жалпы зияттылықтың құрылымынан ерекше, әлеуметтік зияттылықтың құрылымында өзін-өзі танудың жеке тұлғалық қасиеттері мен сипаттамалары үлкен рөл атқарады, ол жасықтық пен психологиялық қорғаныстың тосқауылдарымен көп қиындатпаған, «астарланбаған» болуы тиіс. Сондықтан өктемшіл адамның әлеуметтік зияттылығы дамуындағы жоғары деңгейлеріне жетуі сирек, ол адамдармен қарым-қатынаста көп түсіне бермейтін қиыншылықтарға ие, адамдарды, әсіресе басқа жынысты адамдарды түсіне бермейді (жиі жағдайда - қорқады), жиі оларға қандай да бір ниеттер мен мотивтерді алмастырады. Ондай адамның өзіндік санасы жеке құндылықтардың жетілмеуі, қалыптаспауы, конформдылықтың жоғары болуы, агрессивтік сипаттағы санасыз мотивацияның басым келуі салдарынан жасықтарға тола болады. Яғни өктемшілдік басымдық танытатын тұлға бойында әлеуметтік зияттылық сапасын дамыту мүмкіндігі жоқ. Бірінші кезекте өктемшілдікпен жұмыс жасаған абзал.

Агрессивтілік адамдармен қалыпты өзара қатынастардың қалыптасуына тосқауыл болып, кернеу тудырып, күдік себеді, шалағай сыншылықта, мойынсынбауда, қызғанышта, өкпе-реніште көрініс табады. Өктемшілдік пен басқыншылық - адамдармен тіл табысу икемдерінің, өзара қатынастарда бағдарлануының дамуы үшін коммуникативтік дағдылар мен икемдердің жетілмеуіне, ұялшақтық пен тұйық мінез пайда болуына әсер етеді. Өзара қатынастардың дамуы орын алмаған жағдайда, әлеуметтік зияттылық дамуының деңгейі төмен болады. Агрессия әлеуметтік зияттылық дамуында көптеген кедергілерді тудырады.

В.Н.Куницынамен жүргізілген зерттеу әлеуметтік зияттылықтың дамуында бірнеше деңгейді ажыратып көрсетуге болатынын көрсетті. Әлеуметтік зияттылықтың дамуында төрт деңгей анықталған, олар: төмен, орташа жоғары және ең жоғары. Неғұрлым әлеуметтік зияттылық деңгейі жоғары болса, өзін-өзі реттеу қабілеті, өзіне сенімі, өзгеге ықпал ету икемі соғұрлым жоғары

болады. Неғұрлым әлеуметтік деңгей төмен болса, онда соғұрлым ұялшақтық, агрессияшылық көбірек көрініс тауып, адамның онысымен жалғыздықтан зардап шегуі, оның өзін-өзі бағалау деңгейінің төмен болуы, даулылық, психикалық зорығу көрінісі болуы да мүмкін [95, с. 82-85].

Әлеуметтік зияттылықтың дамуындағы ең жоғары деңгейді адамгершілік бағдарлану ерекшелендіреді: оның иесі әлеуметтік жетілген тұлға, оның өзін-өзі бағалауы барабар, ол өзіндік тұлғасында жеткілікті, жақсы бейімделген, оның өзін құраметтеу сезімі жоғары дамыған, әлеуметтік әлеуеті жоғары болып, өзгелерге ықпал етуде оң қабілеттерінде көрініс береді.

Әлеуметтік зияттылықтың жоғары деңгейі қатынастардың табыстылығын қаматамасыз ететін үлкен коммуникативтік-тұлғалық әлеуетімен, жақсы қалыптасқан қасиеттердің болуымен, теріс қасиеттердің айқындылығы төмен болуымен сипатталады.

Әлеуметтік зияттылықтың ең жоғары деңгейі ғалым зерттеулеріндегі деректер бойынша қарым-қатынасқа, жақын ортасындағы қатынастармен толық қанағаттануымен, өзін бағалау, өзін-өзі құрметтеу сезімінің жақсы дамуымен аталады. Бұл деңгей сонымен қатар жоғары икемділікпен, креативтілікпен, өзін-өзі реттеу, бейімделу қабілетінің өте жақсы көрсеткіштерімен ерекшеленеді.

Жоғарыда келтірілген ғалымдардың еңбектеріндегі теориялық тұрғыдан тұжырымдалған деңгейлер, бізге болашақ бастауыш сынып мұғалімінің әлеуметтік зияттылығын дамытудағы жоғары, орта, төмен деңгейлерін анықтауға көмегін тигізеді.

Автор әлеуметтік зияттылықтың ең ұтымды деңгейі әлеуметтік жетілген тұлғаны және оның рухани дамуындағы жоғары сатыны сипаттайды.

Біздің зерттеудің мақсаттары мен міндеттері айқындамаларынан М.Л.Кубышкинаның (1997) әлеуметтік зияттылық пен әлеуметтік табыс арасындағы байланысты зерделеуге арналған еңбегі қызығушылық тудыратыны күмәнсіз. Автор адамдардың алты ерекшеленетін типтерін бөліп көрсетіп отыр [148]:

А — «шабуылшы» - әлеуметтік табыс мотивтерінің және танымал болуға, бәсекелестікке ұмтылыстың басым болуы. Ондай адамдар гипербелсенді, агрессивті, қымсынбайды, тәуекелге бейім, өзін бағалау деңгейі жоғары, әлеуметтік зияттылығы орташа.

В — «қорғанушы» -әлеуметтік табыс мотивінің үшеуі де әлсіз білінеді; ондай адамдардың өзіне сенімі жоқ, ұялшақ, әлеуметтік зияттылығы ең төмен.

С — «жауапты» - жетістіктер мен бәсекелестік жоғары, адамдарға қызығушылығы жоқ, манипулятор болуға бейім.

Э — «әлсіз мотивациямен» - эмоционалдық тұрақсыз, өзін-өзі реттеу қабілеті дамымаған жауапкершілігі өте төмен. Оларды өзін-өзі бағалауға қабілеті төмен, энергетикалық көрсеткіштері жеткіліксіз.

Е — «сақ» - көп жағдайда тұтас топ бойынша орта көрсеткіштерге жақын, оларды тұрақтылыққа, сақтық пен мұқияттылыққа ұмтылыс ерекшелендіреді.

Р - «үйлесімді» - эмоционалдық тұрақтылық, өзін-өзі жақсы құрметтейді, дербестілік, өзін бағалауы сайма-сай. Әлеуметтік зияттылық үлесімділікпен дамыған.

Осылайша, ғылымда әлеуметтік зияттылықтың әлеуметтік ақпаратты өңдеумен байланысты ментальдық қабілеттердің анық және үйлесімді тобын, іргелі түрде едәуір «формальды» ойдың негізінде жататын, «академиялық» зияттылықтың тестерімен тексерілетін қабілеттердің тобын білдіретіні туралы пікір қалыптасқан.

Әлеуметтік зияттылықтың нақты уақыт кескіні үшін болуы тиіс әлеуметтік өзара әрекеттесудің барабарлық пен табыстылықтың жүйке-психикалық күйі мен әлеуметтік-орта факторларының деңгейі ретінде анықталып, сонымен қатар оны энергия мен эмоционалдық күйзелістерге, күйзелістердегі психологиялық жайсыздыққа, төтенше жағдайларда, тұлға дағдарыстарында қарсы тұрудың шоғырлануын талап ететін шарттарында оны сақтауға мүмкіндік береді [149].

Осыған орай, біз – әлеуметтік зияттылықты адамдарды түсінуге және олармен өзара әрекеттесуге мүмкіндігі, адамдар туралы дұрыс пікір алуға, олардың мінез-құлығын тұлғааралық өзара қарым-қатынастарға сайма-сай бейімделуді қамтамасыз ету мақсатымен болжамдауға қабілеті деп белгілеуді дұрыс деп санаймыз.

Зияттылық, әлеуметтік зияттылық ұғымдарына берілген анықтамалар, жаңартылған білім мазмұнына сәйкес болашақ бастауыш сынып мұғалімінің моделін құру, әлеуметтік зияттылықты субъектілікке жетудің құралы ретінде қарастыру, ғалымдардың еңбектеріндегі әлеуметтік зияттылық даму кезеңдері, деңгейлері, қызметтері бізге болашақ бастауыш сынып мұғалімінің әлеуметтік зияттылығын дамыту ұғымының анықтамасын нақтылауға мүмкіндік тудырады. Сонымен *болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту - қарым-қатынастық деңгейі мен импровизация негізінде әлеуметтік-қоғамдық тәжірибенің, бастауыш білім мазмұнындағы дербес әдістемелік пәндер бойынша шеберлігін және академиялық ұтқырлығын, өзін-өзі субъективтендіру үшін ішкі ресурстарына әсер ету қабілеттілігін шарттайтын, педагогикалық жаңа тәсілдемелер арқылы білімді қамтамасыз ететін, болашақ педагогтің өз кәсібінің субъектісі ретінде адам-адам мамандығына икемді болуын, тактикалық және стратегиялық бағыттарда табысты өзара әрекеттесудің ағымды міндеттерін шешуге бағытталған үдеріс.*

Әлеуметтік зияттылықты зерттеу тарихында теориялық – әдіснамалық негізде анықталған, эмпирикалық негізде тексерілген нақты берілген тұжырым табу аса қиындық тудырады. Біз О.В. Лунева зерттеулеріне сүйеніп әлеуметтік зияттылық дамуының негізгі моделдерін ұсынамыз. Ғалым зерттеулері әлеуметтік зияттылық мазмұны мен құрылымдық компоненттерін ашуға бағытталған. Біз автор зерттеуінде көрсетілген әлеуметтік зияттылық моделін 6-шы кесте негізінде сипаттауды жөн деп санаймыз.

Кесте 6 – Әлеуметтік зияттылықтың негізгі моделдері (О.В. Лунева зерттеулері негізінде)

<i>Авторлар</i>	<i>Әлеуметтік зияттылық моделдері</i>
Ф.Е. Вернон (1933 жыл)	1. өзге адамдармен дұрыс қарым-қатынас құру; 2. өзге адамдардың ортасында өзін еркін сезіну үшін әлеуметтік әдістер кешенін игеру; 3. әлеуметтік сұрақтар мен мәселелерді білу; 4. өзге әлеуметтік топ мүшелерінен көрінетін түрткілерге сезімталдылық.
Дж. Гилфорд, М. Саливен (1965 жыл)	Танымның когнитивті мүмкіндіктері: 1. мінез-құлықтық бірліктер: индивидтардың ішкі менталды күйлерін сипаттай алу мүмкіндігі; 2. мінез-құлықтық класстар: өзге адамдар менталды күйлерін ұқсастығына қарай топтастыру; 3. мінез-құлықтық қатынастар: мінез-құлық актілері арасындағы маңызды байланыстарды тану мүмкіндігі; 4. мінез-құлықтық жүйелер: әлеуметтік мінез-құлық бірізділігін тану; 5. мінез-құлықтық өзгерістер: әлеуметтік мінез-құлық өзгерістеріне икемділік таныту; 6. мінез-құлықтық мәнмәтін: жағдаятқа байланысты ары қарай не болу керегін болжамдау.
Дж. Гилфорд, М. Хендрикс (1969 жыл)	Креативті әлеуметтік зияттылық: 1. мінез-құлықтық бірлік: ішкі менталды күйлер нұсқаған мінез-құлықтық актілерді орындау; 2. мінез-құлықтық класс: мінез-құлықтық актілердің танымал категорияларын құру; 3. мінез-құлықтық қатынас: өзге адам мінез-құлықтық әрекетін бейнелеуші әрекеттерді орындау; 4. мінез-құлықтық жүйелер: өзге қатысушылармен өзара әрекеттестік бірізділігін сақтау мүмкіндігі; 5. мінез-құлықтық өзгерістер: мінез-құлық әрекеттерін өзгерту; 6. мінез-құлықтық мәнмәтін: мүмкін болатын жағдаяттар нәтижесін болжау.
У. Мишел (1973 жыл)	Әлеуметтік өзара әрекеттестікте басқарушы төмендегідей құрылымдар: 1. тұлға тарапынан іске асатын мінез-құлықтық және когнитивті құрылымдар. Оларға белгілі бір жағдайларға бейімділік таныту дағдыларынан көрінеді. Бұл дағдылар сыртқы әрекеттер мен ішкі менталды іс-әрекеттен тұрады; 2. жағдайларды тану және қабылдау маңыздылығын көрсетуші айнымалылар. Тұлғалық айнымалылар адам қабылдауын сүзгіден өткізеді: - түрткі – нәтиже, - мінез-құлық – нәтиже; - өзіндік тиімділікті күту; - субъективті құндылықтар; - өзін-өзі реттеуші жүйелер және жоспарлар.
М.И. Бобнева (1979 жыл)	Ғалым әлеуметтік зияттылықты тұлғаның әлеуметтік даму мәнмәтінінде қарастыруды ұсынған. Тұлға дамуын қамтушы қасиеттер тобына әлеуметтік зияттылық, әлеуметтік перцепция, эмпатия, әлеуметтік ес кіреді.

6 – кестенің жалғасы

1	2
Г. Гарднер (1983 жыл)	Ғалым өз теориясында әлеуметтік зияттылықты екі құрамда таниды: 1. тұлғаишілік зияттылық – тұлғаның өз ішкі өмірін түсінуі, өзін-өзі түсінуі, өз мүмкіндіктерін, сезімдерін, ұмтылыстары мен мотивтерін түсінуі; 2. тұлғааралық зияттылық – өзге индивидумдар арасындағы өзгешеліктерді тану.
А.Л. Южанинова (1984 жыл)	Әлеуметтік зияттылық белгілі бір компоненттерден тұратын әлеуметтік мүмкіндік: әлеуметтік – перцепция, әлеуметтік елестету, әлеуметтік қарым-қатынас техникасы.
Н. Кантор, Дж. Килстром (1987-1989 жылдар)	Тұлғаға әлеуметтік – зияткерлік амал: - декларативті білім: абстрактілі түсініктер және ерекше ес. Тұжырымдаманың бірінші тобы: өзге адамдарды субъективті тану, тұлға типтерін білу, әлеуметтік топтарды білу, жағдаятты тану. Тұжырымдаманың екінші тобы: тұлғаның өзі туралы бейнелері, өз мінез-құлқын тану, нақты жағдайдағы өз мінез-құлқын тану, өз мінез-құлқы, әрекеттерінің себептері мен мотивтерін түсіну. - үдерістік білім: ережелер, біліктіліктер, дағдылар, стратегиялар.
О. Джон, К. Космитски (1993 жыл)	Әлеуметтік зияттылық сипаттамалары: - адамдардың сезімдерін, ойларын жақсы түсіну; - адамдармен жақсы қарым-қатынас түзу; - адамдар өзара әрекеттестігі жайындағы білімдері; - өз адам пікірін түсіну; - әлеуметтік жағдайларға дұрыс бейімделу; - жылулық және зейін; - жаңа тәжірибені тез қабылдау.
В.Н. Куницына (1995)	Әлеуметтік зияттылық құрылымына төмендегідей компоненттер кіреді: - коммуникативті – тұлғалық әлеует – қарым-қатынасты жеңілдету немесе қиындатудың бірқатар қасиеттерінің кешені, олардың негізінде психологиялық ашықтық, коммуникативті бейінділік бар. - өзіндік сана сипаттамалары – өзін құрметтеу сезімі, белгілі бір шектеулерден еркін болу, жаңа идеяларға ашықтық. - әлеуметтік перцепция – әлеуметтік ойлау, әлеуметтік елестету, әлеуметтік құбылыстар моделін түсіну, адамдарды түсіну; - энергетикалық сипаттамалар: психикалық және физикалық төзімділік, белсенділік.
С. Гринспэн (1997 жыл)	Әлеуметтік зияттылықты бейімделу деп таным үш компонентін көрсеткен: - әлеуметтік сезімталдылық, әлеуметтік көрегендік, әлеуметтік өзара әрекеттестік.
Д.В. Ушаков (2004 жыл)	Автор зияттылықтың құрылымдық – динамикалық теориясын құрған, осы теория аясында әлеуметтік зияттылыққа үш бағытта қараған: - қалыптастыру әлеуеті; - қызметтердің когнитивті қиылыстары; орта бөлінісі.

1	2
А.И. Савенков (2005 жыл)	Ғалым әлеуметтік зияттылықтың екі факторын ерекшелейді: 1. «Кристалданған әлеуметтік білімдер» - белгілі әлеуметтік жағдаяттар туралы білім. Әлеуметтік үйрену кезінде келген білімдер, тәжірибелі білімдер – өзіндік зерттеушілік тәжірибе барысында келген білімдер. 2. Әлеуметтік – когнитивті икемділік – белгісіз мәселелерді шешуде әлеуметтік білімдерді қолдану.

Біз жоғарыда берілген кесте негізінде 1933 жылдан бері әлеуметтік зияттылық ұғымының құрылымдық компоненттерін анықтаған моделдерге тоқталып өттік. Оның негізінде өзіміздің зерттеуімізге маңызды балашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін құрудың траекториясы айқын болды. Жалпы негізде моделдеу – арнайы зерделеу үшін жасалған басқа объектіде белгілі бір объектінің сипаттамасын білдіреді. Моделдеу – зерттеу нысанының кейбір жақтарын, байланыстарын, қызметін көрсететін элементтер жүйесі. Сондай-ақ, моделдеу педагогикалық зерттеулердің барлық кезеңдерінде танымның жалпы әдісі болып есептеледі. Ал енді құрылымдық-мазмұндық модель болғандықтан оның ұғымдық сипаттамаларына тоқталып өтуді дұрыс деп есептейміз.

Құрылым ұғымы ұлттық философиялық энциклопедияда объектінің тұтастығын, тепе-теңдігі мен негізгі қасиеттерінің сақталуын қамтамасыз ететін байланыстар мен қатынастар жиынтығы. Құрылым жүйе және элемент ұғымдарымен тығыз байланысты. Құрылым мен элементтер құрамы жүйенің өзіндік сапасын анықтайды.

Жүйе дегеніміз бір өзгеріске ұшыраса басқалары да өзгертін өзара байланысты элементтердің тұтас кешені [150]. Ең алдымен әдістемелік жүйе құруда педагогикалық әрекеттерге түсініктеме бере отырып жүйе және жүйелілік амал туралы жалпы ғылымилық түсініктерді есепке алу қажет.

- жүйенің әлеуметтік сипаты бар және ол өзара әсерлесе алатын бөліктерден құралады;

- жүйе - іс-әрекеттермен, ақпарат алмасу есебінен жұмыс жасайды;

- жүйе - өзінің жұмысын атқаруды қамтамасыз ете алатын қорға ие;

- жүйенің ішкі құрылымы оның деңгейлерінің ілгерілеу сипатын және қоршаған ортамен байланысын ашады, яғни жүйе өзара байланыста қарым-қатынаста болатын және белгілі бір тұтастықты, бірлікті туғызатын элементтердің жиынтығы ретінде түсінілетіні айқын. Әлеуметтік зияттылық дамуы жүйелі негізде орындалу үшін басты фактордың бірі әлеуметтік орта болып табылады.

Әлеуметтік орта – тұлғаның дамуына, өмір сүруіне, қалыптасуына және қызмет етуіне қоғамдық жағдай жасайтын қоршаған орта. Зерттеу барысында білім алушыларға әсер етуші ортаның факторларын ескеру, біздің жағдайымызда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту ортасын құру аса маңызды. Білім беру жүйесінің

талаптарына сай келуші білім беру ортасы, жаңа технологиялар мен ақпараттарды игеруге бағытталған, жаңашыл нәтижеге ұмтылған негізде ұйымдастырылуы керек. Осы ортаны құру қажеттілігі келесі әлеуметтік және педагогикалық сұраныстарды қамтиды, білім алушылардың толық деңгейде өз өмірі мен білімді игеру іс-әрекетінің субъектісі ретіндегі рөлін арттыру, белгілі бір нәтижеге қол жеткізу үшін нақты мақсат қоюдағы өзін-өзі ұйымдастыра алу деңгейін көтеру, өзіндік жұмысын нақты жолға қоюға бағыттау, ілім және таным туралы деректерді жинау, өңдеу, түсіну дағдысын қалыптастыру, оқу қызметіндегі инновациялық ресурстарды белсендендіру, жүзеге асыра алу шеберлігін дамыту.

Зерттеу мәселесі аясында осы аталған қабілеттерді білім алушылармен жұмыс барысында қамтылуы үшін педагогтың дербес түрдегі мәдениеті мен кәсіби мәдениетінің болуы аса маңызды.

Педагогтың дербес түрдегі мәдениеті - жалпы педагог мәдениетінің қосылмасы, маңызды құрамдас бөлігі. Үздіксіз даму барысында педагогикалық теория білімдерін терең игеру дәрежесін сипаттайтын, осы алған білімдерін білім алушылардың дербес ерекшеліктерін ескеру арқылы, педагогикалық үдерісте әдістемелік негізделген түрде жоғары тиімділікпен қолдана алу қабілеті.

Педагогтың кәсіби мәдениеті А.М. Трудкова пайымдауынша, көпдеңгейлі кешен [47, б. 262]:

- құндылықтар жүйесі кәсіби іс-әрекет нәтижесі, құралдарының жеке және қоғамдық маңыздылығын анықтайды;
- мақсаткерлік кәсіби өмір іс-әрекеті аясында ережелер туралы тұлға ойларының деңгейін сипаттайды;
- кәсіби іс-әрекет құралдар мен әдістер жүйесі, мәселесі бар жағдаяттарды қайта өңдеу мақсатымен ойлау операциялары мен кәсіби технологияларды қолданудың құқықтық ережелерін білу және ғылыми ұғымдық аппараты;
- осыған дейінгі тәжірибе барысында жинақталған кәсіби мәдениет ақпараттық – операциялдық қорлары.

К.К. Платоновтың зерттеулері негізінде, адамның кез-келген іс-әрекеттерінің құрылымы мынадай түрде болады. Мақсат-себеп-орындау, тәсіл-нәтиже [47, б. 247].

Зерттеуіміздің логикалық тұрғысында моделдеу әдісінің ерекше маңыздылығының нәтижесінде нақтыланған компоненттер, өлшемдер және көрсеткіштер беріледі.


Педагогикалық үдерісті моделдеу өте күрделі жұмыс болғандықтан, ол бірнеше кезең арқылы іске асады. Алғашқы кезеңде – болашақ модель негізі болатын зерттеушіні қызықтыратын нысан жайындағы тәжірибені зерделеу, терең талдау, болжам құру.

Екінші - зерттеу бағдарламасын құрып, соның негізінде тәжірибелік жұмыстар жасау, модельге өзгерістер енгізу кезеңі. Үшінші кезеңде - модельдің соңғы нұсқасы жасалып, жүзеге асырылады. Сондықтан біз, болашақ бастауыш

сынып мұғалімінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін негізге алып отырмыз.

Біздің ұсынып отырған құрылымдық-мазмұндық моделдің мақсат-міндеттеріндегі әлеуметтік зияттылықты дамыту теориялық тұрғыда негіздеп, ұғымдарды нақтылау шетелдік және отандас ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, өзіміздің жеке көзқарасымыздың туындауына жол салды.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту зерттеу мақсатына қол жеткізуге бағытталған сатылардың дәйекті өзгеруін білдіреді. Әлеуметтік зияттылықты дамытуды ұйымдастыру модельдің негізгі құрылымдық бөліктері, олардың жұмыс істеу ерекшеліктері, шешілетін міндеттер, мазмұны және дидактикалық үдерістердің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Біз даярлаған құрылымдық-мазмұндық модель келесі өзара байланысты тұтас білім ретінде қарастырылады: тұжырымдамалық, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуға, олардың білім алу үдерісінде белсенді әдістерді пайдалануға, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуға қоғамның әлеуметтік сұранысын, мемлекеттік тапсырысын, сондай-ақ болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың мақсатын, әдіснамалық тұғырларын, ұстанымдарын анықтайды.



Сурет 5 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың құрылымдық – мазмұндық моделі.

«Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің әлеуметтік зияттылығын дамыту» құрылымдық-мазмұндық моделін жасау және ойша тәжірибе жүргізу әдісімен болашақ бастауыш сынып мұғалімінің әлеуметтік зияттылығын дамыту жоғарыда аталған: мотивациялық, мазмұндық және рефлексивтік-бағалаушылық сияқты үш компоненттен тұрады.

Кез келген іс-әрекеттің, соның ішінде болашақ мамандармен кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің ең басты құрамдас бөлігі – мотивация, ол қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған нақты әрекеттердің тікелей әрі психикада көрініс табатын себебі. Жалпы *мотивациялық компонент* бойынша негізгі ғылыми түсінік:

-субъект (болашақ бастауыш сынып мұғалімдері) қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты әрекетке ояту, субъект белсенділігін тудыратын және оның бағыттылығын анықтайтын ішкі және сыртқы шарттардың жиынтығы;

-тұлғаның әрекет таңдауы және қылықтарының негізінде саналатын себеп;

-іс-әрекет бағыттылығын таңдауды анықтаушы және оятушы компонент .

Осылайша, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің әлеуметтік зияттылығын дамыту моделінде *мотивациялық компоненті* деп қажеттілікті қанағаттандыруды түсінеміз, олар жеке тұлға ретінде әлеуметтік зияттылығын дамытудың анықтаушы және оятушы қызметін қамтамасыз етеді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудағы *мазмұндық компонент* теориялық және практикалық блоктардан, яғни біртұтас педагогикалық үдеріс заңдылықтары негізіндегі білімдер жүйесімен, дидактикалық біліктілігі мен функционалдық сауаттылығы әлеуметтік зияттылықты дамыту мүмкіндіктерін жедел пайдаға асыра алуы туралы білімдер жүйесінің деңгейімен сипатталады.

Рефлексивтік-бағалаушылық компоненті өзінің іс-әрекетіндегі жетістіктер мен кемшіліктерді талдап, бағалай білудің, өзінің педагогикалық іс-әрекетіне бақылау жасай алушылықтың, нәтижесінде диагностикалаудың әдістерін білудің практикадағы көріністері.

Әлеуметтік зияттылықты дамытуда жоғарыда аталған компоненттері шартты қисынды өлшемдерді іріктеудің негізіне айналды.

Мотивациялық компонентінің өлшемдері – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінде әлеуметтік зияттылығын дамытуға деген қызығушылықтың, қажеттіліктердің мотивациялық – құндылық қатыстың, танымдық, әлеуметтік мотивтердің болуы.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінде әлеуметтік зияттылығын дамытудағы іс-әрекетінің негізгі қызметін ескере отырып, мазмұндық бөлшектің мынадай өлшемдерін анықтадық – «зияттылық», «әлеуметтік зияттылық», «әлеуметтік зияттылықты дамыту» ұғымдары жайында теориялық білімнің болуы және ұғымдық-категориялық аппаратын талдауы, моделдеуі, жүйелеуі, әлеуметтік зияттылықты дамытудың құрылымдық-динамикалық теориясы мен әдіснамасы жайлы білімдері; дербес әдістемелік пәндерге функционалдық сауаттылығы.

Рефлексивті – бағалаушылық компонент өлшемі - болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту арқылы «субъективтілікке» ауысуы.

Сонымен, **мотивациялық компоненті** болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінде әлеуметтік зияттылығын дамытуға деген мотивациялық-құндылық қатыстың, танымдық, әлеуметтік мотивтердің болуы дегенді білдіреді, бұл өлшемнің көрініс табуының мынадай көрсеткіштері бар. ілім және таным туралы деректерді жинау, өңдеу, түсіну дағдысы; мақсаткерліктің субъектісі болу білімі; әлеуметтік зияттылықтың даму жолында алынатын нәтиженің әлі беймәлім әрекеттерді шешудегі жауапкершілікті сезінуде басталғалы тұрған істің субъектісі болу даярлығы; оқу қызметіндегі инновациялық ресурстарды белсендендіру, жүзеге асыра алу шеберлігі.

Өзекті мотивациялар мен қажеттіліктер шегінен шыға отырып, түсіндіруге болмайтын, іс-әрекет субъектісінің қосымша белсенділігіне себепкер болатын осыған ұқсас механизмдерді зияттылық белсенділік құбылысы негізінде көруге мүмкіндік ашады. Мотивациялық компонент арқылы студент танымдық қажеттіліктерге, танымдық қызығушылықтарға, танымдық іс-әрекеттің белсенділік дәрежесіне, тұлғаға тәуелді болатын зияттылық бастамасындағы оның қайнар көзін көреді.

Мазмұндық компоненті әлеуметтік зияттылықты дамытуға қажетті теориялық білімнің болуы дегенді білдіреді және ол: «зияттылық», «әлеуметтік зияттылық», «әлеуметтік зияттылықты дамыту» ұғымдары жайында теориялық білімнің болуы және ұғымдық-категориялық аппаратын талдауы, моделдеуі, жүйелеуімен анықталады; әлеуметтік зияттылықты дамытудың құрылымдық-динамикалық теориясы мен әдіснамасы жайлы білімдері; дербес әдістемелік пәндерге функционалдық сауаттылығы.

Рефлексивтік-бағалаушылық компоненті деп болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуда арқылы «субъективтілікке» ауысуын өлшемдері деп айтамыз, ол мынадай көрсеткіштердің болуымен анықталады: әлеуметтік зияттылықтың дамуындағы өзінің белсенділігі арқылы қол жеткен нәтижені жаңа құрылым ретінде сезіне отырып, оған баға береді; өзін жүзеге асқан істің субъектісі ретінде рефлексиялық мәдениетті сезінеді; оқу қызметіндегі алынған нәтижеде түзілген қарама-қайшылықтардың шешімін табуда өзін-өзі қайта құрып, әлеуметтік зияттылығына өзгеріс енгізіп, жаңа идея құра алады; кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас жетекшісі ретінде педагогикалық импровизацияны (мотивтері мен әлеуметтік зияттылығы іске қосылу үдерісі) іске асырады. Сипаттама берілген үш компонент өлшемдері мен көрсеткіштері 7- кестеде көрсетілген.

Кесте 7 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың өлшемдері мен көрсеткіштері

<i>Компоненттер</i>	<i>Өлшемдер</i>	<i>Көрсеткіштер</i>
Мотивациялық	Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінде әлеуметтік	-ілім және таным туралы деректерді жинау, өңдеу, түсіну дағдысы;

7 – кестенің жалғасы

1	2	3
	зияттылығын дамытуға деген қызығушылықтың, қажеттіліктердің мотивациялық – құндылық қатыстың, танымдық, әлеуметтік мотивтердің болуы.	-мақсаткерліктің субъектісі болу білімі;- әлеуметтік зияттылықтың даму жолында алынатын нәтиженің әлі беймәлім әрекеттерді шешудегі жауапкершілікті сезінуде басталғалы тұрған істің субъектісі болу даярлығы;-оқу қызметіндегі инновациялық ресурстарды белсендендіру, жүзеге асыра алу шеберлігі.
Мазмұндық	«Зияттылық», «әлеуметтік зияттылық», «әлеуметтік зияттылықты дамыту» ұғымдары жайында теориялық білімнің болуы және ұғымдық-категориялық аппаратын талдауы, моделдеуі, жүйелеуімен анықталады; әлеуметтік зияттылықты дамытудың құрылымдық-динамикалық теориясы мен әдіснамасы жайлы білімдері; дербес әдістемелік пәндерге функционалдық сауаттылығы.	-әлеуметтік зияттылық қажеттіліктерін мәдени мағынада қарастыра келе, кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас орнатудың және өзара әрекеттесудің траекториясын құру шеберлігі; -«дәл қазір, осы жерде» жағдайында өзін іс-әрекеттің субъектісі ретінде көрсету біліктілігі; - өзінің өмірлік, кәсібилік, табиғи, ұйымдастырушылық ресурстарын пайдаланудың әлеуметтік және педагогикалық жаңа тәсілдемелерін жүзеге асыруы және жүйелі орындай алу дағдысы; -әлеуметтік зияттылықты дамытудағы тұлға ретінде өзін-өзі іске қосу, өз мүмкіндіктерінен тыс кеңістікте жасампаздық орнату біліктілігі.
Рефлексивтік-бағалаушылық	Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту арқылы «субъективтілікке» ауысуы	-әлеуметтік зияттылықтың дамуындағы өзінің белсенділігі арқылы қол жеткен нәтижені жаңа құрылым ретінде сезіне отырып, оған баға береді; -өзін жүзеге асқан істің субъектісі ретінде рефлексиялық мәдениетті сезінеді; -оқу қызметіндегі алынған нәтижеде түзілген қарама-қайшылықтардың шешімін табуда өзін-өзі қайта құрып, әлеуметтік зияттылығына өзгеріс енгізіп, жаңа идея құра алады; -кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас жетекшісі ретінде педагогикалық импровизацияны (мотивтері мен әлеуметтік зияттылығы іске қосылу үдерісі) іске асырады.

Мұндағы сипатталған компоненттердің бірлескен қызметі ізделініп отырған кешенді сапаның бар не жоқ екендігін, өлшемін, деңгейін көрсетеді.

Зерттеліп отырған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштерінің сипаттамалары негізінде біз бұл әлеуметтік зияттылықты дамытудың мүмкін деңгейлерін анықтадық: жоғары, орташа және төмен. Бұл деңгейлердің әрбіреуі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту белгілерінің белгілі бір көлемін көрсетеді. Белгілер неғұрлым аз болса, әлеуметтік зияттылық дамыту деңгейі де соғұрлым төмен болады. Даярлық өлшемдерін анықтайтын қалыптасу деңгейлері берілген.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың **жоғары деңгейі** теориялық білімдерді іс жүзінде қолдануға қажетті біліктердің болуымен сипатталады, оның мынадай ерекшеліктері бар:

- қарым-қатынастың субъектісі ретінде оның еркін белсенділік таныту, жаңа ақпараттар іздеу, білімдерді іздеу қабілеті бар;

- өзгеретін жағдайларда барабарлықты, бейімділікті қамтамасыз ете алады;

- тактикалық және стратегиялық бағыттарда табысты өзара әрекеттесудің бағдарламалары мен жоспарларын құра алады;

- тұлғааралық міндеттерді шешу және олардың дамуын болжамдау;

- өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тану, өздігінен білім алуға жоғары қабілеттілік;

- рефлемәдениеті толық қалыптасқан.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың зерттеліп отырған **орташа деңгейі** мынадай белгілері бойынша анықталады:

- кәсіби мінез-құлықтың, іс-әрекеттің, қарым-қатынастың әлеуметтік маңызы бар екенін ұғынса да, оны іске асырудың қажеттілігін жеткілікті түсінбейді;

- зияттылық, әлеуметтік зияттылық туралы жалпы мағлұматы бола тұра, оны ұстанудың белгілерін жете білмейді, сондықтан күнделікті т.б. адамдармен қарым-қатынастарда қиындықтарға тап болады;

- рефлексиялық мәдениетті түсінеді, бірақ іс жүзіне күнделікті асырмайды.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудағы іс-әрекеттің **төмен деңгейі** мына белгілерімен сипатталады:

- мінез-құлық ерекшеліктерін байқағанымен, оны ретке келтіруді қажет етпейді.

- зияттылық, әлеуметтік зияттылық туралы аз ғана білімі бар;

- өз білімдерін жетілдіруді, кәсіби жұмыс жасаудың тиімділігін өсіруді қажет деп санамайды;

- өзін-өзі есеп беруді қажет деп санамайды.

Сонымен, аталмыш бөлімде біз, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың құрылымдық-мазмұндық үлгісін жасап, оның мотивациялық, мазмұндық және рефлексивтік-бағалаушылық компоненттерінен тұратын өлшемдері, көрсеткіштері және деңгейлерін анықтадық.

Жалпы алғанда, теориялық білім – зерделеу жолында әлеуметтік зияттылық мәселесін талқылауға, қолдануға және түсіндіруге бағытталған

ғылыми тұжырымдар, түсініктер, идеялар жиынтығы. Біз қарастырып отырған теориялық зерттеулер көбінесе жеке тұлғаны тәрбиелеу, оқыту мен дамытудың қалыптасатын тәжірибесін ары қарай шығармашылықпен байланыста құруға негіз болды. Себебі тәжірибе теориялық түсініктерге қарағанда әлдеқайда кең және күрделі жиынтық болып саналады.

Алайда өмір тіршілігіндегі бірқатар түрлерінде табысқа жету үшін өзге адамның жеке тұлғасын түсіну, тұлғааралық қатынастарды ажырата білу икемдері қажет. Сондықтан психологиялық тәжірибеде өзге адамдардың мінез-құлығын түсінудегі қабілеттердің, яғни әлеуметтік зияттылықтың диагностикасын жасау әдістерін қолдану мәселесі көтерілуде.

1 бөлім бойынша тұжырым

Бізге бұл бөлімдегі жүргізілген зерттеу жұмыстары өз кезегінде келесідей тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:

1.Зерделеу жүргізуде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту мәселесінің өзектілігін анықтау шаралары нормативтік-құқықтық құжаттар мен білім беру саясатының қағидаларына сәйкес қабылданған стратегиялық даму бағдарламаларында: болашақ маманның әлеуметтік зияттылығын сақтау, оны демеу және дамыту; жоғары білім беру ісінде жасанды интеллектпен және «үлкен деректермен» жұмыс істеу; сондай-ақ, әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігінің болуы сынды идеяларды алға шығарады.

Осы орайда негізгі идеялардың жүзеге асыруда жоғары білім беру жүйесінде «ұлттық интеллектінің ұйытқысын» жасау мүмкіндіктері туындап, біздің зерттеу жұмысымыздың өзекті мәселе екендігі айқындала түседі. Сондықтан бұл тұста болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуды теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негіздеудің қажеттілігі белгілі болады.

2. Біздің зерттеу тақырыбымызға байланысты талдаулар барысында адамзат тарихындағы зияттылық мәселесінің ғылыми ойға ұласуы үздіксіз дамуды көрсетіп, «әлеуметтік зияттылық» ұғымының көп бейнелі құбылыс екендігін, сонымен бірге бұл түсініктің құрылымдық мәні жағынан «зияттылық» ұғымын теориялық тұрғыда жан-жақты қарастырады. Зияттылық, әлеуметтік зияттылықтың философиялық, психологиялық және педагогикалық астарлары зерделеніп, ғылыми-білімдердің теорияларының тоғысуында ұғымдық-категориялық аппараты құрылып, тиісті сипаттамаларын береді.

Біздің зерттеу жұмысымызда «*зияттылық*» көп деңгейлі танымдық үдерістер жүйесі, сондай-ақ, ойлаудың белсенділігі мен жылдамдығы, ой тереңдігі, ойлау кеңдігі тұрғысынан маңызды болып ерекшеленеді. Бұл пайымдау арқылы біз, теориялық талдау негізінде: *әлеуметтік зияттылық* – тұлғаның кәсіби жетістікке жетуін, әлеуметтік мінез-құлық пен әлеуметтік ақпарат интерпретациясын шарттайтын, өз өмірінің белсенді құрылысшысы ретіндегі жоспар құра алуын, бәсекеге қабілетті маман иесі болуын, сапалы

білім меңгеруге арналған тиімді іс-әрекетті жүзеге асыруын қамтамасыз ететін тұлғалық-кәсіби құрылым деп өз анықтамамызды ұсындық.

Әлеуметтік зияттылық өзінің дамытуды түзуші үдеріс жағдайындағы байланыстылығын әлеуметтік тұтастылық белгілері арқылы тереңірек көрсете түседі.

Сонымен қатар 1-бөлімде бастауыш білім берудің жаңа парадигмасында қазіргі білімнің үйлесімділігі, оқытудың спиральді білім беру қағидаттарына негізделуі, белсенді оқу сынды тәсілдемелер өз кезегінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың жаңартылған мазмұн жағдайында болашақ маманның субъектілігін жетілдіру құралы ретінде баяндалады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінде мақсаткерліктегі субъектілердің көрінуі; өзін субъект ретінде көрсете алуы; өзін жүзеге асқан істің субъектісі сезімінің болуы сынды өлшемдер арқылы субъектілік қасиеттермен байланысын қамтиды. Осыған байланысты болашақ бастауыш сынып мұғалімінің моделі құрылып, әдіснамалық, пәндік-теориялық, әдістемелік компоненттердің қызметін анықтады.

3. Жоғарыдағы теориялық зерттеулердің интеграциялануы аталмыш бөлімде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуды педагогикалық әдіснамалық тұрғыдан талдау мен құрылымдық-мазмұндық моделін жасауды дескрипторлайды. Біз қарастырып отырған зерттеу жұмысы аясындағы ғылыми білімдер теориясын зерделеуде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуда жүйелілік тұғыр, синергетикалық тұғыр, тұлғалық іс-әрекеттік тұғыр, көпсубъектілік тұғыр, акмеологиялық тұғырлар басшылыққа алынған. Зерттеу жұмысымыздағы әдіснамалық тұғырлар әдіснама категориясы ретінде теориялық және практикалық мәселелерді шешуде қолданылып, міндеттерді шешудегі негізгі жол, шешімдердің бағыты мен стратегиясын ашады. Зерттеу жұмысында түзілген тұтастық, саналылық және шығармашылық белсенділік ұстанымы, нәтижелік және сенімділік ұстанымдары болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуда зерттеу мәселесінің маңызды тұстарын айқындауға, олардың шешімін табу траекториясын құру мен негізгі әдіс-тәсілдерді таңдауға, әлеуметтік зияттылық даму бағытын белгілеуге мүмкіндік берді.

4. «Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің әлеуметтік зияттылығын дамыту» моделі құрылып, ойша тәжірибе жүргізу әдісімен болашақ бастауыш сынып мұғалімінің әлеуметтік зияттылығын дамыту: мотивациялық, мазмұндық және рефлексивтік-бағалаушылық сияқты компоненттерден тұрады. Компоненттердің мазмұнына сай өлшемдер мен көрсеткіштер және оның жоғары, орта және төмен деңгейлері анықталып, өзара тығыз байланыста жүзеге асатын тұтас құрылым ретінде қарастырылады.

5. Қорыта айтқанда, зерттеу мәселесін талдау бізге, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуды - қарым-қатынастық деңгейі мен импровизация негізінде әлеуметтік-қоғамдық тәжірибенің, бастауыш білім мазмұнындағы дербес әдістемелік пәндер бойынша шеберлігін

және академиялық ұтқырлығын, өзін-өзі субъективтендіру үшін ішкі ресурстарына әсер ету қабілеттілігін шарттайтын, педагогикалық жаңа тәсілдемелер арқылы білімді қамтамасыз ететін, болашақ педагогтің өз кәсібінің субъектісі ретінде адам-адам мамандығына икемді болуын, тактикалық және стратегиялық бағыттарда табысты өзара әрекеттесудің ағымды міндеттерін шешуге бағытталған үдеріс деп нақтылауымызға мүмкіндік туғызды.

2 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЗИЯТТЫЛЫҒЫН ДАМУ АДІСТЕМЕСІ

2.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың бастапқы деңгейлерінің диагностикасы

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің әлеуметтік зияттылығының дамуы – оның өмір сүру барысындағы негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Кез-келген тұлға бүгінгі жетістігінен ілгері қозғалуға құқылы. Біз зерттеуімізде өз кәсіби әрекетінде маманның әлеуметтік зияттылығының дамуын теориялық-әдіснамалық негіздерін қарастыру, болашақ маманның субъектілік деңгейге көтерілуін нәтижелі етуші әдістемесін құру жоспарланған еді. Жаңалықты практикаға енгізудің алгоритмін құру. Педагогикада мұндай алгоритмдердің кеңейтілген түрлері бар. Онда мынадай әрекеттер: зерттеу алаңын іздеу, жетілдіруді қажет ететін немесе ауыстыру, жаңашылдықты модельдеуге тәжірибеге талдау жасау және осы саладағы ғылым негіздеріне сүйену, эксперимент бағдарламасын құру, оның нәтижесінің мониторингін шығару, қажетті түзетулер енгізу, қорытынды бақылау жатады.

Диагностика – бақылау нысаны және оның жай-күйі туралы әдістер жиынтығы арқылы ақпараттар топтастыру. Диагностика оқыту тәжірибесінде «білім, білік, дағды, іскерлікті тексеру» ұғымдарын қамтығанымен, мазмұны мен мақсаты жағынан ауқымды келеді. Білім, білік, дағды іскерлікті тексеру тек нәтижені, фактіні ғана көрсетеді. Диагностика дидактикалық үдерістің нәтижесін анықтау үшін қолданылады. Сондықтан да педагогикалық диагностиканың мазмұнына келсек, «диагностика» түсінігінің мәні «білім, ептілік және дағдыларды тексеру» түсінігімен салыстырғанда едәуір тереңдеу. «Тексеру» нәтиженің тек көрсеткіштерін ғана аңдатады, не себептен болғаны жөнінде ақпарат бермейді. Диагностикалау кезінде нәтиже өзіне қол жеткізген әдіс-тәсілдермен бірге қарастырылады, дидактикалық үдерістің бағдар – бағытын, ілгері не кері қозғалысы анықталады.

Диагностиканың негізгі әдістемелік міндеті – білім беру мекемесіндегі оқу-тәрбие үдерісінің нақ осы кездегі даму ерекшеліктерін анықтау. Білім алушы тұлғасының дамуына бәрінен аз әсер ететін оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың неғұрлым тиімді педагогикалық құралын, формасы мен амалдарын анықтау. Тұлға мен ұжым дамуының мүмкін жолдарын болжау, оқу-тәрбие үдерісінің болашақта мүмкін күйі мен оның нәтижесін (білім алушылар тәрбиелілігі тенденцияларын, ұжымның даму динамикасын) көре білу.

Эксперименттік зерттеу кезінде диагностикалық әдістер тұлғаның психикалық ерекшеліктеріне мінездеме берумен қатар сандық және сапалық сараптама беруі басшылыққа алынады.

Әдіс – бұл белгілі бір қорытындыға жетуге көмектесетін әрекеттердің жиынтығы. Әрбір зерттелуші объектінің қабілеттілік мүмкіндіктері әрқилы, сол себепті барлық адамдардың жетістікке жетуге деген мүмкіндіктерін теңестіру үшін құрал қажет. Әдіс осы құрал болып табылады. Сонымен қатар әдіс әр

тұлғаның мүмкіндік деңгейін теңестіріп қана қоймай, олардың іс-әрекеттерін бірегейлеп ғылыми зерттеулердің ұқсас нәтижесін алуға әсер етеді.

Эмпирикалық танымда байқаудан бөлек экспериментті қолданады. Эксперимент тек байқаумен шектелмейді, сонымен бірге нақты зерттеу пәніне жоспарлы әсер етуді ойластырады. Эксперимент – (латын тілінен аударғанда – тәжірибе, байқап көру деген сөзінен алынған) педагогикалық әрекеттің нәтижесіне әсер ететін мәнді факторларды айқындаушы зерттеу әдісі. Эксперимент ең алдымен теориялық ережені бар не жоқ етеді, келесі кезекте практика барысында тексерілуі керек жаңа теорияны дәйектейді немесе ғылыми болжамды айғақтайды. Эксперименттің мақсаты, пәні, анықталған шарттары, құралдары, әдістері нақты болған жағдайда толық негізде ұйымдастырылады. Педагогикалық эксперименттің мақсаты заңдылықтарды орнату, фактілерді табу.

Біздің зерттеу жұмысымыз үш кезеңді қамтиды. Ең алдымен, анықтау эксперименті өз қызметін жүргізеді. Екінші қалыптастыру эксперименті әдістемелік қызметтердің жүргізілу барысын мәлімдесе, ал үшінші бақылау эксперименті өз нәтижесін анықтауды көздейді.

Зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында 2014-2017 жылдарында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуды зерттеу мақсатында эксперименттік алаң құрылып өз жұмысын атқарды.

Анықтау экспериментінде ЖОО педагогикалық үдерісті, студенттерді нысанаға ала отырып тәжірибе жүргіздік. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде жүргізілген тәжірибелік жұмыстарға «5B010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы пен әдістемесі» мамандығының 61 студенті және Алматы университетінен аталған мамандықтың 58 студенті қатысты.

Анықтау экспериментінің мақсаты – педагогикалық үдеріс барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің теориялық талдау негізінде құрылған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытушы моделдің үш компонентіне сәйкес (мотивациялық, мазмұндық, рефлексивтік-бағалаушылық) алдын ала тандап алынған әдістемелер арқылы әлеуметтік зияттылық деңгейлерін (жоғары, орта, төмен) анықтау болып табылады.

Осы негізде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту үшін төмендегідей әдістемелік құралы анықталып және қолданылды:

1. Тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы В.Э. Мильман;
2. Дж. Гилфорд пен М. Салливеннің әлеуметтік зияттылықты өлшеу әдістемесі (Қосымша Ә,Б)
3. А.В.Лазукиннің Н.Ф.Калин бейімдеген «Тұлғаның өзін-өзі белсендіруінің диагностикалау» тесті.
4. Коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділікті бағалау әдістемесі (КОС - 2).
5. Әлеуметтік зияттылықты анықтау сауалнамасы.

Зерттеу барысында өзгерістің сенімділігін бағалау үшін тәуелсіз таңдамалар үшін Стьюденттің t-критерийі пайдаланылды, ол таңдаманың көлемі аз болғанның өзінде сенімді нәтижелер беретін аса қуатты параметрлік әдіс болып табылады. Бұл критерий екі нұсқада кездеседі: тәуелді таңдамалар үшін және тәуелсіз таңдамалар үшін. Критерийдің екі нұсқасымен жұмыс жасау кезінде бір ғана кризистік мәндер кестесі пайдаланылады, дегенмен олар үшін есептеудің формулалары әр түрлі болады:

Тәуелсіз таңдамалар үшін Стьюденттің t-критерийінің формуласы төмендегідей:

$$t = \frac{|\overline{M}_1 - \overline{M}_2|}{\sqrt{\frac{\sigma^2_1}{n_1} + \frac{\sigma^2_2}{n_2}}} \quad \text{мұндағы } \overline{M}_1 \text{ мен } \overline{M}_2 - \text{сәйкесінше, бірінші мен екінші}$$

таңдамалардың арифметикалық орталары, σ^2_1 пен σ^2_2 – сәйкесінше, бірінші мен екінші таңдамалар үшін дисперсиялардың мәндері, ал n_1 мен n_2 - бірінші мен екінші таңдамалардың көлемдері.

Тәуелді таңдамалар үшін Стьюденттің t-критерийінің формуласы төмендегідей:

$$t = \frac{|\overline{M}_d \sqrt{n}|}{\sigma_d} \quad \text{мұндағы } \overline{M}_d - \text{дербес мәндер айырмаларының арифметикалық ортасы, } n - \text{таңдама көлемі, } \sigma_d - \text{айырмалар мәндерінің стандарт ауытқуы [151].}$$

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту моделіне, модел компоненттеріне, модел компоненттерін айқындаушы әдістемелік жүйеге сәйкес анықтау эксперименті барысында алынған әдістемелер нәтижелерін талдаймыз.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінде әлеуметтік зияттылығын дамытуға деген мотивациялық-құндылық қатыстың, танымдық, әлеуметтік мотивтердің болуын тексеру барысында біз, В.Э. Мильманның тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасын пайдаландық. Анықтау эксперименті В.Э. Милманның әдістемесі бойынша зерттелуші топтардың пайыздық көрсеткіштері 8-кестеде берілген.


Кесте 8 – Анықтау эксперименті В.Э. Мильманның әдістемесі бойынша зерттелуші топтардың пайыздық көрсеткіштері.

№	Шкалалар атауы	Бақылау тобы (58 студент)	Тәжірибелік топ (61 студент)
1.	Өмір қамсыздандыру	12 (21%)	12 (20%)
2.	Саялылық	11 (19%)	11 (18%)
3.	Әлеуметтік мәртебе	10 (17%)	10 (16%)
4.	Қарым - қатынас	11 (19%)	10 (16%)
5.	Жалпы белсенділік	5 (9%)	7 (11%)
6.	Шығармашылық белсенділік	3 (5%)	5 (9%)
7.	Әлеуметтік пайдалы іс- әрекет	6 (10%)	6(10%)

В.Э. Мильманның тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы нәтижесінде бақылау тобы бойынша 12 студент өмір қамсыздандыру шкаласы бойынша 21% көрсетті, 11 студент саялылық шкаласы бойынша 19 % пайыздық көрсеткішке ие болды, 10 студент әлеуметтік мәртебеге 17 % пайыздық көрсеткішен ұмтылысын танытты, 11 студент қарым – қатынас шкаласы бойынша 19 % пайызды көрсетіп, жалпы белсенділік шкаласы бойынша 5 студент – 9 % пайызды көрсетті, ал шығармашылық белсенділік танытқан 3 студент 5 % пайызды құрады, әлеуметтік пайдалы іс-әрекет шкаласы бойынша 6 студент 10 % пайыздағы көрсеткішке ие болды.

В.Э. Мильманның тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы нәтижесінде тәжірибелік топта (61 студент) төмендегідей ақпараттар алынды өмір қамсыздандыру шкаласы бойынша 12 студент 23 % пайызын, саялылық шкаласы бойынша 11 студент 18 % пайыздық көрсеткішті, әлеуметтік мәртебе бойынша 10 студент 16 % пайызды, қарым – қатынас шкаласынан 10 сыналұшы 16 %, жалпы белсенділік шкаласынан 7 студент 11 %, шығармашылық белсенділік бойынша 5 студент 9 % пайызды көрсетті, әлеуметтік пайдалы іс-әрекет шкаласы бойынша 6 студент жалпы топ санының 10% құрады.

Әдістеме сипаттамаларынан көретініміз өмір қамсыздандыру, саялылық, әлеуметтік мәртебе, қарым-қатынас шкалалары бойынша орташа деңгейді танытқан, яғни бұл В.Э. Мильманның тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы әдістемесінің профильдері бойынша «жалпы өмірлік бағыттылық» профилінің басымдылығын танытады, ал жалпы белсенділік, шығармашылық белсенділік, әлеуметтік пайдалы іс-әрекет шкалалары бойынша орташадан сәл төмен көрсеткіш, әдістеменің «жалпы кәсібилік бағыттылық» профилінің, яғни жұмысқа, оқу іс-әрекетіне деген бағыттылығының орташадан сәл төмен деңгейін көре аламыз. Осы айтылған ерекшелікті біз диаграмма арқылы көрсетсек мына негізде 6-суретпен өрнектеледі.



Сурет 6 - В.Э. Мильманның тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы әдістемесінің мотивациялық профильдерінің салыстырмалы диаграммасы

Бұл диаграммадан көретініміз екі топта да, «жалпы өмірлік бағыттылық профилі» бойынша 70 % пайыздық көрсеткішті беріп тұр, студенттер мотивациясы аталған профиль бойынша орташадан жоғары деңгейге ие. Ал «жалпы кәсібилік бағыттылық» профилі бойынша біз екі топта да орташадан төмен деңгейді байқаймыз, ол дегеніміз жалпы оқуға, болашақ кәсібіне деген мотивациясының болашақ бастауыш сынып мұғалімдері мамандықтарының студенттерінде әлі де көтеру қажеттілігін көрсетеді. Жоғары оқу орнында табысты нәтиже көрсету үшін зияткерлік дамудың биік деңгейі қажет. Негізінен қабылдау, ойлау, жад. Бұл деңгейдің кейбір жерінде төмендеуі мотивациямен, шыдамдылықпен, жоғары жұмыскерлікпен өтелуі мүмкін. Бірақ, осынау төмендеудің өтемелі тетіктер көмектесе алмайтын, шегі де бар. Білім алушы мотивациясы неғұрлым жоғары болған сайын әлеуметтік зияттылық та деңгейі арта түспек. Бұл тұста біз кәсіби мотивациясын ескереміз. Студенттердің сабаққа мотивациясын арттыратын бірден бір фактор оқытушылардың білім беру ортасын дұрыс қалыптастыра алу біліктілігіне тәуелді екендігі белгілі.

Осыған дейін аталып өткен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту моделінің компоненттерін анықтау негізінде А.В.Лазукиннің Н.Ф.Калин бейімдеген «Тұлғаның өзін-өзі белсендіруін диагностикалау» әдістемесі жүргізілді.

Әдістеменің мақсаты: студенттердің өзін-өзі белсендіруінің деңгейлерін (жоғары, орташа, төмен) және деңгейлеріне сәйкес оның көрсеткіштерін анықтау. Сауалнама 100 пікірден тұрады.

Нұсқаулығы: Әр екі нұсқадағы пікірді оқып, Сізге ұнайтын немесе Сіз келісетін пікірді тандаңыз. Мұнда жақсы, жаман, дұрыс немесе бұрыс жауап жоқ. Сіздің бірініші тандаған жауабыңыз дұрысы болып табылады.

Әдістеме нәтижелері 11 шкала бойынша анықталады:

1. Уақытқа бағдарлану шкаласы. Тұлғаның бүгінгі күнмен өмір сүріп, әрекеттерін кейінге қалдырмастан, өткен шақты дұрыс қабылдай алуымен анықталады. Егер жоғары нәтиже көрсеткен болса, осы сәттегі өмір құндылығын түсінуі, бүгінгі күн рахатымен өмір сүріп, ляззат ала алуы. Төмен нәтиже көрсеткен болса, тұлғаның өзіне сенімсіздігін, өз басынан өткенген күйзелістерге невротикалық қатынасын, жетістіктерге жету ұмтылысының төмендігін көрсетеді.

2. Құндылықтар шкаласы. Бұл шкала бойынша жоғары деңгейдегі ұпайға ие студенттер өзін-өзі белсендіретін тұлғаның құндылықтарын ұстанады. Мысалы, төмендегідей: шынайылық, адалдық, сұлулық, тұтастық, екіжүзділіктің болмауы, өмірге құштарлық, әмбебаптылық, кемелденгендік, әділеттілік, тиянақтылық, қарапайымдылық, жеңілдік, әзілдік секілді қасиеттермен сипатталады. Тізбектеліп өткен құндылықтарға ие тұлғалар бойынан достық қарым-қатынас құруға деген ұмтылыс байқалады.

3. Жағымды көзқарас (жоғары баға) немесе жағымсыз (төмен баға) көзқарас шкаласы. Шкала біздің жағдайымызда студенттердің адамзаттық мүмкіндіктерінің жоғары екендігіне сенімділігін бейнелейді. Көрсеткіштердің жоғары болуы тұрақты шынайы және үйлесімді тұлғааралық қарым-

катынастарға негізделеді, тұлғалардың табиғи сүйіспеншілігін, сенімділігін, адалдығымен сипаттайды.

4. Өзін-өзі белсендірген тұлғалар үнемі танымды қажетсінеді, әрдайым жаңа әсерлерге ашық болады. Бұл шкала адам болмысын тануын көрсетеді – жаңаны іздеу, объектілерге қызығушылық таныту.

5. Шығармашылыққа ұмтылыс немесе зияткерлік – өзін-өзі белсендірудің міндетті белгісі.

6. Гуманист психологтар бойынша автономдылық психикалық дені сау тұлғаның, оның тұтастығының және кемелденуінің негізгі көрсеткіші. Аталған түсінік Ф.Перлзде өмірге құштарлық пен өзін-өзі қолдаудың, К.Роджерсте кемелденудің белгісі. Өзін-өзі белсендірген тұлғаның ішкі еркіндігі болады, ол автономды келеді және ешкімге тәуелді емес.

7. Спонтандылық - қоршаған ортаға сенім және өз-өзіне сенімділік сапасы. Жоғары деңгейдегі көрсеткіш өзін-өзі белсендіру ұмтылыс немесе арман емес, өмір сүру формасына айналғанын көрсетеді.

8. Өзін-өзі түсіну шкаласы. Шкаланың жоғары деңгейдегі көрсеткіштері адамның құштарлықтары мен қажеттіліктеріне сезімталдығын және сензитивтілігін анықтайды. Бұл тұлғалар бойындағы болмысынан алыстатын психологиялық қорғанудан еркін, тәуелсіз болады, жекелік талғамы мен сыртқы әлеуметтік стандарттарын айырбастауға бейім келмейді. Төмен нәтиже көрсеткен студенттер өзіне сенімсіз, қоршаған ортаның пікіріне көніккен адамдар.

9. Аутосимпатия – тұлғаның психикалық денсаулығын мен тұтастығының көрсеткіші. Төмен көрсеткіштер адамның невротикалық, мазасыздануы жоғары екенін, өзіне сенімсіздігін көрсетеді.

10. Байланыстылық шкаласы. Тұлғаның қарым-қатынасқа оңай түсуін, қоршаған ортамен тығыз және достық қатынас құру қабілетін анықтайды. Әдістемедің барысындағы қарым-қатынасқа түсу тұлға қабілетінің коммуникативті немесе тиімді қарым-қатынас деңгейін көрсетпейді, ол тұлғаның өзге адамдармен өзара пайдалы және жағымды байланыс құра білу икемділігін білдіреді.

11. Қарым-қатынастағы иілгіштігі шкаласы. Қарым-қатынастағы әлеуметтік жағдайға байланысты өзін-өзі көрсету қабілетінің болуымен немесе жоқ болуымен анықталады. Жоғары деңгейдегі көрсеткіштерге өзін-өзі көрсете алу қабілеті. Бұл адамдар тұлғалық қарым-қатынасқа бағытталған, өтірік пен манипуляцияға жол бермейтін және өзін-өзі көрсетуге талаптың болмауымен ерекшеленеді. Төмен көрсеткіштерге ригидтілік, өзінің сүйкімділігіне күмәндану, серіктесіне қызықсыз көріну және қарым-қатынасқа түсу еш қанағаттану сезімін әкелмейді деп ойлайтын адамдар.

Жоғарыда сипатталған шкалалар негізінде студенттердің жинақтаған орташа көрсеткішін 9 - кесте түрінде сипаттама берсек.

Кесте 9 – А.В. Лазукиннің Н.Ф. Калининмен бейімделген «Тұлғаның өзін-өзі белсендіруін диагностикалау» әдістемесінің шкалалары бойынша көрсеткіштері

№	Шкалалар атауы	Бақылау тобы	Тәжірибелік топ
1	Уақытқа бағдарлану шкаласы	5 (9 %)	8 (13 %)
2	Құндылықтар шкаласы	7 (12 %)	8 (13 %)
3	Табиғатқа жағымды немесе жағымсыз көзқарас шкаласы	7 (12 %)	10 (16,5 %)
4	Таным қажеттілігі шкаласы	5 (9 %)	4 (6,5 %)
5	Креативтілік, шығармашылыққа ұмтылыс	4 (6,7 %)	4 (6,5 %)
6	Автономдылық шкаласы	5 (9 %)	4 (6,5 %)
7	Спонтандылық шкаласы	6 (10 %)	7 (12 %)
8	Өзін – өзі түсіну шкаласы	6 (10 %)	4 (6,5 %)
9	Аутосимпатия шкаласы	5 (9 %)	4 (6,5 %)
10	Байланыстылық шкаласы	4 (6,7 %)	4 (6,5 %)
11	Қарым-қатынастағы иілгіштігі шкаласы	4 (6,7 %)	4 (6,5 %)


Кесте барысында берілген пайыздық көрсеткіштегі шкалалардың сипаттамасы бізге төмендегідей нәтиже береді. Біз аталған сипаттамалардан екі топта да айтарлықтай өзгешеліктер байқамаймыз. Егер де атап өтер болсақ, екі топта да құндылықтар шкаласының өзгелермен салыстырмалы негізде жоғары екенін көреміз, бұл шкала бойынша орташа ұпайға ие студенттер бойында өзін-өзі белсендіретін тұлға құндылықтарының бар екендігін байқай аламыз. Бұл құндылықтарға ие тұлғалар бойынан достық қарым-қатынас құруға деген ұмтылыс байқалады. Сонымен қатар екі топта да байланыстылық және қарым-қатынастағы иілгіштік шкаласының төмен деңгейде екенін көреміз. Аталған шкалалар тұлғаның қарым-қатынасқа оңай түсуін, қоршаған ортамен тығыз және достық қатынас құру қабілетін, қарым-қатынастағы әлеуметтік жағдайға байланысты өзін-өзі көрсету қабілетінің болуымен немесе жоқ болуымен анықталады. Бұл шкалалар бойынша төмен көрсеткіштер ригидтілік, өзінің сүйкімділігіне күмәндану, серіктесіне қызықсыз көріну және қарым-қатынасқа түсу еш қанағаттану сезімін әкелмейді деп ойлайтын адамдарға тән. Эксперименталды топтағы жағымды немесе жағымсыз көзқарас шкаласы бойынша жоғары бағаға иеленген студенттер саны басым, бұл шкала біздің жағдайымызда студенттердің адамзаттық мүмкіндіктерінің жоғары екендігіне сенімділігін бейнелейді. Көрсеткіштердің жоғары болуы тұрақты шынайы және үйлесімді тұлғааралық қарым-қатынастарға негізделеді, тұлғалардың табиғи сүйіспеншілігін, сенімділігін, адалдығымен сипаттайды. Яғни студенттер бойында шынайылық, достық қарым-қатынас басымдылығы айқын көрінеді. Бұл біз үшін аса жағымды жағдай, себебі шынайы және үйлесімді қарым-қатынасқа бағдарланған жастар бойында әлеуметтік зияттылық көрсеткіштерін қалыптастыру қиындық тудырмайды. Өзге шкалалар бойынша көрсеткіштер екі топта да орташа деңгейді көрсетеді. Осы негізде біз жалпы әдістеме бойынша

өзін-өзі белсендіру деңгейін орташа есеппен шығаратын болсақ, онда осы әдістеме негізінде анықтау экспериментіне қатысқан студенттер төмендегідей нәтижеге ие болғанын көреміз. Білім алушылардың жалпы өзін-өзі белсендіруінің орташа балы – 57 тең болды. Орташа бал негізінде өзіндік белсенділік деңгейі үш факторға негізделіп көрсетіледі: А факторы (жоғары) – 70-81 балды құрайды, В факторы (орташа) – 60-70 балды құрады, С факторы (төмен) – 48-59 балды құраған 10 кестеде беріледі.

Кесте 10 – А.В. Лазукиннің Н.Ф. Калининмен бейімделген «Тұлғаның өзін-өзі белсендіруін диагностикалау» әдістемесінің факторлары бойынша көрсеткіші

№	Деңгейлері	Бақылау тобы (58 студент)	Тәжірибелік топ (61 студент)
1.	А (Жоғары)	10 (17 %)	8 (13 %)
2.	В (Орташа)	15 (26 %)	18 (30 %)
3.	С (Төмен)	33 (57 %)	35 (57 %)

Кестеден көріп тұрғанымыздай студенттердің өзін-өзі белсендіру деңгейлерін үш факторға бөліп көрсеттік, А жоғары факторы – бақылау тобында 17 %, ал эксперименттік топта 13 %, В орташа факторы – бақылау тобында – 26 %, ал эксперименттік топта 30 %, С төмен факторы – бақылау тобында 57 %, тәжірибелік топта 57 % құраған. Әдістемені өткізудің нәтижесінде жоғары факторлы өзін – өзі белсендіру деңгейге ие тұлғалар белсенді, өз мамандығын саналы түрде таңдаған, шығармашыл негізде ойлай алатын, білім, білік, дағды игеруге бейім, дарындылық қабілеті бар, өз ішкі потенциалын ашуға бейім, дамуға даяр. Ал төмен деңгейдегі өзіндік белсендіру факторын көрсеткен тұлғалар өзіндік пікірі дұрыс қалыптаспаған, өз мүмкіндіктерін толық аша алмайтын, қоршаған орта өзгерістерін дұрыс қабылдап бейімделе алмайтын, мақсаттылығы төмен, өз іс-әрекетін дұрыс бағыттап алмайтын жандар. Өзіндік таңдап алынған мамандығында, өмір іс-әрекетінде, оқу іс-әрекетінде өзіндік ішкі потенциалын толық негізде пайдалана алмайтын жастар, болашақта өзіндік кәсіби бағытын дұрыс құра алмайды, сол себепті де болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінде әлеуметтік зияттылығын дамытуға деген мотивациялық-құндылық қатыстың, танымдық, әлеуметтік мотивтердің болуы аса маңызды. Осы тұста біз әдістеме аясында жоғарыда аталып өткен шкалалар бойынша пайыздық қатынастағы көрсеткіштерге диаграмма негізінде талдап 7-сурет арқылы сипаттама беріп кетсек.



Сурет 7 - А.В. Лазукиннің Н.Ф. Калининмен бейімделген «Тұлғаның өзін-өзі белсендіруін диагностикалау» әдістемесінің факторларының салыстырмалы пайыздық көрсеткіштері

Келесі біздің зерттеу аясында жүргізген әдістемеміз Дж. Гилфорд пен М. Салливеннің әлеуметтік зияттылықты өлшеу әдістемесі, біз өз зерттеуімізде Гилфорд-Салливен әдістемесінің Е.С. Михайлова (Алешина) [152] орыс тіліне бейімдеген нұсқасын қарастырамыз. Әдістеме төрт субтесттен тұрады, әрбір субтестке жеке өзіндік анықтама берілген.

1. «Жалғастырылатын оқиғалар». Өзіндегі бар ақпараттың негізінде мінез-құлық нәтижелерін тани алу қабілеттілігі. Бұл субтестте 14 тапсырма берілген, тапсырма оқиғаның логикалық дамуын табуды қажет етуші суретпен бейнеленген.

2. «Экспрессия топтары». (латын тілінен expression - жарқын көрініс), экспрессиялық көрініс кезінде мәнді қасиеттерді тани алу қабілеттілігі. Бұл субтестте 15 тапсырма берілген. Тапсырмада ым-ишараның, қимыл-қозғалыстың сұлбалы үлгісі бейнеленген суреттер берілген.

3. «Вербалды экспрессия». Мінез-құлық өзгерістерін тану, яғни әртүрлі жағдайларда вербалды мінез-құлық ұқсастықтарының маңызын түсіне алу қабілеттілігі. Бұл субтестте 12 тапсырма берілген. Мұнда түрлі мағынадағы пікірлер берілген, соның ішінен мағынасы бір пікірді таңдап алу қажет.

4. «Толықтырылған оқиғалар». Мінез – құлық жүйесін тану, яғни өзараәрекеттестік жағдайларының даму логикасын, осы жағдайлардағы тұлғалардың мінез-құлықтарының мағынасын түсіну қабілеттілігі. Бұл субтестте 14 тапсырма берілген. Тізбектегі суреттерге қосымша ұсынылған 4 суреттің бірін таңдап қояды.

Біз өз зерттеуімізде аталған әдістеменің барлық субтесттерін толықтай пайдаланамыз, субтесттер сыналушыларға 1 ден 4 ке дейінгі кезекпен ұсынылады. Субтесттер белгілі бір уақыт мерзімімен шектелген, себебі тапсырмаға берілген уақыт нақты мәлімет алуда аса маңызды. Субтесттер сурет негізде берілгендіктен және мағынасы өзгеріске ұшырау қаупімен қазақ топтарында орыс тілінде жүргізілді. Субтесттер бірден зерттеуге

қатысушыларға таратылып берілмейді, әр субтест уақыты біткен соң келесі субтестке түсінік беріліп одан соң келесі тестке көшу орын алады. Жалпы әдістеме өткізуге 35-40 минут уақыт жұмсалады.

Анықтау эксперименті барысында біз Гилфорд-Салливен әдістемесінен алынған нәтижелерді талдай келе, экспериментке қатысушылардың нақты қалыптастырушы экспериментіне дейінгі әлеуметтік зияттылық деңгейін анықтаумен шектелеміз.

Гилфорд-Салливен әдістемесінен алынған нәтижелерді сандық талдау үш сатыда жүргізіледі:

1. Әдістеме алынған әр қатысушы үшін субтест және біріктірілген бағалау бойынша жалпы орта мәндері есептелініп, рангтік орындары анықталып, талданады.

2. Әдістеме негізінде алынған мәліметтер Гилфорд-Салливен әдістемесінің белгіленген стандарттық деңгейлеріне сәйкес талданады.

11 – кестеде әрбір субтест бойынша және композиттік бағалау бойынша экспериментке қатысқан барлық болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің көрсеткен нәтижелерінің жалпы орта мәндері мен стандартты ауытқулары берілген.

Кесте 11 – Гилфорд-Салливен әлеуметтік зияттылықты анықтау әдістемесі бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылық көрсеткіштерінің орташа мәні

<i>№</i>	<i>Субтест атаулары</i>	<i>Бақылау тобы</i>	<i>Тәжірибелік топ</i>
1	Жалғастырылған оқиғалар	5,375	5,95
2	Экспрессия топтары	6,44	5,94
3	Вербалды экспрессия	4,5	4,5
4	Толықтырылған оқиғалар	3,81	3,92
5	Композиттік баға	20,125	20,31

Берілген кестеге сәйкес біз Гилфорд-Салливен әдістемесінің субтесттері мен композиттік бағасының, бақылау және тәжірибелік топтағы орташа мәндік көрсеткішін көреміз. Осыған сәйкес бірінші «Жалғастырылған оқиғалар» субтестінде жоғары көрсеткішке ие болған студент мінез-құлық нәтижесін болжамдап таниды. Олар адамдардың кейінгі іс-әрекеттерін қарым-қатынастың шынайы жағдаяттарын талдау негізінде, коммуникативті қарым-қатынас қатысушыларының ойларын, сезімдерін түсіну арқылы көре алады, болжайды. Олардың болжамдары қалыпты қарым-қатынас жағдайларынан ерекшеленген кезде қате болуы мүмкін. Мұндай адамдар өзіндік мақсатқа қол жеткізу үшін өз іс-әрекетін нақты құра алады. Субтест бойынша жоғары көрсеткішті көрсеткен білім алушылар коммуникативті қарым-қатынас қатысушыларының вербалды емес қарым-қатынас түрін жақсы түсінеді, сонымен қатар адамдардың мінез-құлқын реттеуші қалыпты рөлдік моделдер мен ережелерді білуімен сипатталады. Бұл субтестке қатысты жоғары деңгейді көрсеткен білім

алушылар бізде жоқ. Ал орташадан жоғары деңгейді көрсеткен білім алушылар 10 % құраған, орташа деңгейді көрсеткендер саны 33 %, орташадан төмен деңгей 26 %, төмен деңгей 31 % құрайды. Біздің жағдайымызда екі топ қатысушылардың басым бөлігі орташадан төмен деңгейдегі көрсеткішті иеленді. Яғни орташадан төмен иеленген студенттер саны 57 % пайызды құрағандықтан, біз бұл субтест бойынша нәтижелерді осы негізде сипаттай аламыз. Бұл субтест бойынша төмен деңгейдегі бағаға ие қатысушылар мінез-құлық пен оның нәтижесі арасындағы байланысты дұрыс түсіне алмайды. Мұндай адамдар жие қателіктерге жол беріп, кикілжің жағдайларға көп ұшырайды, себебі өз іс-әрекеттерінің немесе өзгелердің әрекеттерінің нәтижесін дұрыс болжай алмайды. Олар жалпы қабылданған ережелерге сәйкес нашар бағдарланған. Сонымен аталған субтест бойынша жақсы нәтиже төмендегі психологиялық ерекшеліктермен дұрыс корреляцияланады:

- сурет арқылы бейтаныс адам тұлғасын толық және дәл сипаттай алу мүмкіндігі;

- вербалды емес хабарларды түсіну;

- зияткерлік және еріктік сипаттамаларды түсіну, тұлғаның рухани ерекшеліктеріне сипаттама бере алу. Бұл негізде қалыптастыру экспериментінде біздің мақсатымыз орташа және орташадан жоғары көрсеткіштерге ие студенттер санын арттыру үшін, вербалды емес қарым-қатынас түрлеріне, оны тану ерекшеліктеріне, ерік сапаларына, тұлға теориясына қатысты мәселелерге басымдық таныту.

Екінші «Экспрессия топтары» субтестіне сәйкес, жоғары баға көрсеткен білім алушылар адамдарды вербалды емес көрсеткіштеріне, ым-ишараға қарай сезімдеріне, күйлеріне дұрыс баға бере алады. Мұндай адамдар көп жағдайда вербалды емес қарым-қатынасқа көп көңіл бөледі, вербалды емес экспрессияға сезімталдылық өзге адамдарды түсіну мүмкіндігін арттырады. Мұндай адамдардың интуициясы аса дамыған. Екінші субтест нәтижелерін атап өтер болсақ, жоғары деңгейді көрсеткен білім алушы жоқ. Ал орташадан жоғары деңгейге ие болған білім алушылар 31,25 %, орташа деңгейдегі бағаны иеленген 18,75 % құрады, бұл дегеніміз орташа және орташадан жоғары бағаға ие болған студенттер 50 % құрайды. Бірінші субтестпен салыстырғанда 7% жоғары көрсеткіш берген. Орташадан төмен нәтижеге 37,5 %, ал төмен деңгейге 12,5 % білім алушылар ие болған. Бірінші субтестпен салыстыратын болсақ, 18,5 % пайызға жоғары нәтиже берген. Бұл субтест нәтижесінде төмен деңгейді иеленген студенттер ым-ишара тілін дұрыс түсіне алмайды, қарым-қатынас барысында көп жағдайда вербалды қарым-қатынасқа бағдарланады. Адамдардың сөздерін дұрыс түсінбеуі мүмкін, себебі сөзді сипаттаушы вербалды емес қарым-қатынас сигналдарын дұрыс көре алмайды.

Бұл субтесттен оң нәтижемен өткен студенттер төмендегідей психологиялық сипаттамалармен корреляцияланады:

- адамды сурет арқылы тану кезінде икемділік, толыққандылық және дәлділік танытады;

- іскерлік қарым-қатынас кезінде өзгелердің эмоционалды күйлеріне сезімталдылық;
- қарым-қатынас кезінде түрлі экспрессияға ие болады;
- қарым-қатынас кезінде достық, мейірімділік танытуы;
- эмоционалды негізде тұрақты;
- қарым-қатынастағы кері байланысқа сезімталдылық, сынға төзімділік, ұят сезімінің басымдылығы;
- өзін қалыпты негізде қабылдай алады және өзіндік бағалауы жоғары;
- тұлға белсенділігі мен ерік сапаларының қанықтылығымен сипатталады;
- рефлексия тереңдігімен ерекшеленеді;
- қарым-қатынас барысында өзінің эмоционалды күйі өзгелермен қалай қабылдануын түсіну, ол коммуникативті қарым-қатынас бейімділігін, өзіндік презентацияға мүмкіндігін көрсетеді;
- эмпатия, вербалды емес қарым-қатынас сезімталдылығын көрсетеді.

Аталған субтест бойынша жоғары деңгейге ие болған білім алушы жоқ болғанымен, орташадан жоғары және орташа деңгейді иеленгендер саны басымдық көрсетеді. Тағы да аса қызығушылық танытар тұсы бірінші субтест бойынша орташадан жоғары көрсеткіш берген студенттер екінші субтест бойынша төмен деңгейге ие болған, бұл дегеніміз әр білім алушының өзіндік бір қарым-қатынас түріне бейімділігін танытады.

Үшінші субтест «Вербалды экспрессия» нәтижелері бойынша сипаттама беретін болсақ, бақылау тобы мен тәжірибелік топ қатысушыларының көрсеткіштері тең дәрежеде. Бұл субтест бойынша жоғары бағаға ие болған студенттер адамдар арасындағы өзараәрекеттестік белгілеріне және сипатына жоғары деңгейдегі сезімталдылық көрсетеді, ол оларға белгілі бір жағдайға байланысты адамдардың бір-біріне айтқанын тез әрі дұрыс түсінуге мүмкіндік береді. Мұндай адамдар түрлі жағдаят аясында керекті қарым-қатынас байланысын табуға мүмкіндігі бар, сонымен қатар көптеген рөлдік мінез-құлық ерекшеліктерін игерген. Ал төмен деңгей көрсеткен студенттер адамдар арасындағы қарым-қатынас түріне байланысты вербалды хабарлар түрлі мағынада қолданылуын дұрыс түсіне бермейді. Біздің жағдайымызда білім алушылар аталған субтест бойынша жоғары деңгейдегі көрсеткіш жоқ, орташадан жоғары деңгей 18,75 %, орташа деңгей 25 %, орташадан төмен деңгей 6,25 %, төмен деңгей 50 % құраған. Жоғарыда сипаттама берілген екі субтест бойынша салыстырмалы негізде қарайтын болсақ, бұл субтест нәтижелері төмен деңгейі басымдық танытады. Субтест барысында білім алушыларға жағдаятқа байланысты сөз тіркесі мағынасын табу ұсынылған болатын, яғни топ мүшелерінің басым бөлігінде вербалды қарым-қатынас түріне бейімділіктің төмен екендігін көреміз. Бұл субтест бойынша жақсы нәтиже көрсеткен білім алушы жоғары деңгейлі эмпатияға мүмкіндігін көрсетеді.


Төртінші «Толықтырылған оқиғалар» субтестінің нәтижесін талдайтын болсақ, аталған субтест бойынша екі топ қатысушылары да ең төмен деген орташа көрсеткіш берген. Яғни пайыздық сипаттамаға сәйкес, жоғары деңгейлі

нәтиже көрсеткен және орташадан жоғары нәтиже көрсеткен білім алушы жоқ. Орташа көрсеткішке ие болған білім алушылар саны 43,75 % құраған, орташадан төмен деңгей 18,75 %, төмен деңгейлі білім алушылар саны 37,5 % пайыз. Бұл нәтижелерден көретініміз өсу бағытындағы тұлғааралық қарым-қатынас құрылымын танушы, адамдар арасындағы күрделі өзараәрекеттестік жағдайларын талдай алатын, олардың даму логикасын түсінетін, қарым-қатынас барысына өзге қосылған қатысушыларға байланысты жағдаят мәнінің өзгерісін түсіне білетін студенттер жоқ. Бұл субтест бойынша тұлғааралық өзараәрекеттестік жағдайларын талдау барысында қиындық сезінетін, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа тез бейімделе бермейтін білім алушылар саны басым. Осы тұста біздің көретініміз логикалық ойлау негізінде өзараәрекеттестіктің жетіспеуші тетіктерін мүмкін болу нәтижеге сәйкес болжай алатын, белгілі бір мінез-құлық ерекшелігі себебін түсіне білетін, коммуникативті қарым-қатынас барысындағы қатысушылар қажеттілігін, мақсаттарын білетін білім алушы сынды нәтижеге қол жеткізу үшін қалыптастырушы эксперимент мазмұнын ескеру қажеттігі бар. Осы тұста айта кетер жайт, субтест нәтижелі орындалуы төмендегідей сипаттамалармен жақсы корреляцияланады: өзге адамды сурет арқылы сипаттау кезінде икемділік танытып, толыққанды және дәл сипаттама бере алады, өзін – өзі қалыпты негізде қабылдайды, терең деңгейлі рефлексияға ие, әлеуметтік жағдайларға аса қызығушылық танытады, қоғамдық ортада белсенді, барлық қорытынды бақылаулардан жоғары нәтиже көрсетеді.

Гилфорд – Салливен әдістемесі бойынша композиттік баға жалпы әлеуметтік зияттылық деңгейін көрсетеді. Композиттік бағаның жоғары деңгейін жинаған білім алушы әлеуметтік зияттылығының деңгейі де жоғары деп айта аламыз. Жоғары деңгейлі әлеуметтік зияттылыққа ие студенттер бойында төмендегідей сипаттамалар болады. Әлеуметтік зияттылығы жоғары білім алушы адамдар мінез-құлық жөнінде мүмкіндігінше көп ақпарат жинақтай алады, вербалды емес қарым-қатынас тілін түсінеді, адамдар туралы тез әрі дәл пікірлер білдіреді, берілген жағдайға орай олардың әсерлерін дәл табады, өзге адамдармен қарым-қатынас болашағын көре біледі, ол өз кезегінде тиімді әрі сәтті әлеуметтік бейімделуге алып келеді. Сонымен қатар жоғары деңгейлі әлеуметтік зияттылыққа ие тұлғалар табысты коммуникативті қарым-қатынас иесі, оларға ашықтық, байланысқа тез түсушілік, мейірімділік, қарым-қатынас кезіндегі психологиялық жақындық тән. Жоғары деңгейлі әлеуметтік зияттылық әлеуметтік мәселелерге қызығушылық танытушы адамдарға тән. Өзге адамға әсер ете алу қасиеті жоғары деңгейдегі дамыған ұйымдастырушылық қабілетпен қатар жүреді. Әлеуметтік зияттылығы дамыған тұлғалар өзіндік танымға құштар және рефлексиялық қабілеті дамыған болады. Әлеуметтік зияттылықтың жоғары көрсеткіші болашақ кәсібі бойынша тез бейімделіп, сәтті жұмыс істеуіне әсер етеді. Сонымен қатар ұжымға тез бейімделіп, дұрыс психологиялық хал-ахуалды қамтамасыз етеді, жұмысқа аса қызығушылық танытады.

Әлеуметтік зияттылығы төмен тұлғалар өзге адамдардың мінез-құлқын болжау мен түсінуде қиындық сезінеді, ол өз кезегінде әлеуметтік бейімделу деңгейін төмендетіп және өзара әрекеттестікті қиындатады. Төмен деңгейлі әлеуметтік зияттылық белгілі деңгейде кей психологиялық сипаттамалармен орны толуы мүмкін, мысалы: жоғары деңгейлі эмпатия, қарым-қатынас стилдерімен, коммуникативті қабілеттермен, сонымен қатар белсенді түрдегі оқу-тәрбие үдерісінде түзетілуі мүмкін.

Біздің зерттеуіміздің аясында студенттерден әдістеме алу арқылы, оның композиттік бағасын шығарып, біз аталған екі топта әлеуметтік зияттылықтың орташа мәндік көрсеткішінің орташадан төмен деңгейде екенін көре алдық. Соның нәтижесінде біз екі топ бойынша субтесттер мен композиттік баға көрсеткіштерін диаграмма арқылы сипаттама беруді 7-сурет арқылы беруді жөн деп санаймыз.




Сурет 7 – Гилфорд – Салливен әдістемесі бойынша субтесттер мен композиттік бағаның салыстырмалы көрсеткіштері

Бұл суреттен көретініміз жалпы субтесттер бойынша таным көрсеткіштерінің және композиттік баға бойынша әлеуметтік зияттылық деңгейі орташадан төмен деңгейге тең, ол өз кезегінде бізге қалыптастыру экспериментінің траекториясын анықтауға мүмкіндік береді. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын арнайы түрде дамыту керек. Сонымен, эксперименттік зерттеудің бұл бөлігінде Гилфорд-Салливен әдістемесі бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығының даму деңгейлері анықталды.

Диагностикалау барысында анықтау экспериментінің мақсатына сәйкес жүргізілген әдістемелердің нәтижесі оқу әрекеттері негізінде бақылау және

тәжірибелік топтардың арнайы өлшемдері бойынша әлеуметтік зияттылықтың даму деңгейі мына негізде анықталады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту моделінің компоненттеріне арналған жоғарыда талданған әдістемелер жүйесінен біз әлеуметтік зияттылық күрделі құрылым екенін көреміз, дегенмен осы тұста нақты Гилфорд – Салливен әдістемесі бойынша әлеуметтік зияттылықтың қалыптастырушы экспериментке дейінгі деңгейін диаграмма негізінде пайыздық көрсеткішпен береміз (Сурет 8).



Сурет 8 – Гилфорд – Салливен әдістемесі бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығының дамуының пайыздық көрсеткіштегі деңгейі.

Бұл суреттен көретініміз әлеуметтік зияттылығының жалпы деңгейі орташа, барлық субтест бойынша орташа нәтиже байқалады. Әлеуметтік зияттылығы төмен немесе жоғары деңгейдегі нәтиже көрсеткен студенттер саны аз. Бұл өз кезегінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінде әлеуметтік зияттылығын дамытуға деген мотивациялық-құндылық қатыстың, танымдық, әлеуметтік мотивтердің, «зияттылық», «әлеуметтік зияттылық», «әлеуметтік зияттылықты дамыту» ұғымдары жайында теориялық білімнің, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту арқылы «субъективтілікке» қол жеткізудің қажеттілігін туындатады.

Сонымен қатар біз өз зерттеуіміздің аясында ұлты қазақ болашақ педагогтардың әлеуметтік зияттылығының құрылымындағы құқықтық-рөлдік, гендерлік, динамикалық ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған авторлық бірлестікте жасалған зерттеуге қатыстық. Зерттеу барысында көптеген салыстырмалы негіздегі шамалар алынды, Гилфорд-Салливен бейімделген әдістемесінің нәтижесінде жоғары курс студенттерінің бойында әлеуметтік

зияттылық деңгейі төменгі курс студенттерімен салыстырғанда жоғары екенін көре алдық. Зерттеу еліміздің көптеген ЖОО - нда жүргізілгендіктен, бізде зерттеу базамызға сәйкес 5B010300 Педагогика және психология, 5B010200 – Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандықтарын қамтыдық. Осылайша, біз болашақ педагогтар жоғары курстарда коммуникативті үдерісте жетістікке жиі жетеді, олар адамдарды жақсы түсініп және түрлі өзара әрекеттестік жағдайларына сәйкес олардың әрекеттерін болжай алады. Дегенмен де, зерттеу барысында байқағанымыздай әлеуметтік зияттылық деңгейі орташа көрсеткішті көрсеткен [153].

Коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділікті бағалау әдістемесі (КОС - 2). Бұл әдістеме коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділікті бағалауға арналған, ол дегеніміз адамдармен тез әрі нақты іскерлік және достық қарым-қатынас құра алу, байланыстар аясын кеңейтуге деген талпыныс, топтық іс-шараларға қатысуға бейімділік, адамдарға әсер ете алу мүмкіндігі және т.б. Бұл әдістеме барысында коммуникативтілікке 20 сұрақ, ұйымдастырушылыққа 20 сұрақ беріледі. Берілген сұрақтарға «ия» немесе «жоқ» деп жауап беру қажет. Әр «иә» немесе «жоқ» жауаптарына 1 балл беріледі.

Нәтижелерді өңдеу және талдау. Әдістеме шкалалары бойынша кілтпен сәйкес келген жауаптарды есептеп алған соң, бағалау коэффициенті мына формула бойынша есептеледі: $K=0,05 \cdot C$, мұнда: К- бағалау коэффициентінің шамасы, С – кілтпен сәйкес келген жауаптар саны. Бағалау коэффициенті 0 мен 1 арасында ауытқуы мүмкін, 1 ге жақын көрсеткіштер жоғары деңгейді, 0 ге жақын көрсеткіштер төмен деңгейді көрсетеді.

Бастапқы көрсеткіштер балдық шамаға ауыстырылады, олар зерттелуші біліктіліктердің түрлі деңгейін көрсетеді.

Кесте 12 - Коммуникативті бейімділік

Деңгей	Бағасы	Көрсеткіштері
1 – төмен	1	0,10-0,45
2 – орташадан төмен	2	0,46-0,55
3 – орташа	3	0,56-0,65
4 – жоғары	4	0,66-0,75
5 – өте жоғары	5	0,76-1

Кесте 13 - Ұйымдастырушылық бейімділік

Деңгей	Бағасы	Көрсеткіштері
1 – төмен	1	0,20-0,55
2 – орташадан төмен	2	0,56-0,65
3 – орташа	3	0,66-0,70
4 – жоғары	4	0,71-0,80
5 – өте жоғары	5	0,81-1

Әдістемені жүргізу кезінде 1 деген бағаға ие болған білім алушылар коммуникативті және ұйымдастырушылық бейінділіктің төмен деңгейіне ие болады.

Коммуникативті және ұйымдастырушылық бейінділігі орташадан төмен деңгейге зерттеу кезінде 2 деген баға алған білім алушылар ие. Олар қарым-қатынасқа ұмтылмайды, жаңа ортада өздерін қолайсыз сезінеді, жеке дара уақыт өткізуді қалайды, өз танысу аясын оқшаулайды, көпшілік алдында сөйлеу кезінде және өзге адамдармен байланыс құру кезінде қиындық сезінеді, таныс емес жағдайда нашар бейімделеді, өзіндік көзқарасын қорғай алмайды, лезде ренжігіш келеді, қоғамдық ортада бастамашылдық таныту деңгейі мүлдем төмен, көп әрекеттер барысында дербес шешім қабылдаудан бас тартады.

Зерттеу кезінде 3 деген баға алған студенттерге коммуникативті және ұйымдастырушылық бейінділіктің орташа деңгейі тән. Олар адамдармен қарым-қатынасқа түсуге бейім, өз таныстарының ортасын шектемейді, өзіндік пікірін қорғай алады, өз жұмысын жоспарлай алады, дегенмен олардың бейінділіктерінің әлеуеті жоғары деңгейлі тұрақтылықпен ерекшеленбейді. Коммуникативті және ұйымдастырушылық бейінділіктерін дамытуды қажет етеді.

4 деген бағаға ие болған білім алушылар жоғары деңгейлі коммуникативті және ұйымдастырушылық бейінділікке ие топқа кіреді. Олар жаңа ортада өздерін еркін сезінеді, достық қарым – қатынасқа тел түседі, өз таныстарының ортасын үнемі кеңейтіп тұрады, қарым-қатына кезінде бастамашыл, қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыруға еркін қатысады, қиын жағдайларда өзіндік шешім қабылдай алады. Осы іс-әрекеттер білім алушының өзіндік ішкі талпынысы негізінде іске асады.

Зерттеу кезінде 5 деген баға алған білім алушылар өте жоғары коммуникативті және ұйымдастырушылық бейінділікке ие тұлғалар. Олар қарым-қатынас қажеттілігін сезінеді және үнемі оған ұмтылады, қиын жағдай туындаған кезде лезде бейімделеді, жаңа ортада өздерін еркін сезінеді, көп жағдайда бастамашыл, қиын жағдай кезінде өзі дербес шешім қабылдауды жөн деп есептейді, өзіндік пікірін қорғайды және оны өзгелер қабылдау үшін әрекет етеді, жаңа ортаның ұйытқысы бола алады, көптеген іс-шаралар, ойындар ұйымдастыруды ұнатады. Өзіне қызықты іс-әрекеттерге тұрақтылық танытады, өзіндік коммуникативті және ұйымдастырушылық бейінділіктерін қанағаттандырушы әрекеттерді іздестіреді.

Коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділікті бағалау әдістемесі (КОС-2) Алматы университетінің бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 58 студенттеріне және тәжірибелік топ құрайтын Абай атындағы ҚазҰПУ – дің бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 4 курс 61 студенттеріне жүргізілді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік және ұйымдастырушылық бейімділігін анықтауға арналған әдістеме мәліметтері

жоғарыда көрсетілген шкалалар арқылы өңделеді және оның нәтижелері 14 – кестеде сипатталады.


Кесте 14 - Анықтау эксперименті бойынша коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділікті бағалау әдістемесі (КОС-2) бойынша алынған нәтижелер

<i>Деңгейлері</i>	<i>Бақылау тобы(58)</i>	<i>Тәжірибелік топ(61)</i>
Өте төмен (1-4 балл)	5 % (3)	5 % (3)
Ортадан төмен (5-8 балл)	15 % (9)	17 % (10)
Орташа (9-12 балл)	50 % (29)	52 % (32)
Орташадан жоғары (13-16 балл)	25 % (14)	21 % (13)
Өте жоғары (17-20)	5 % (3)	5 % (3)

Аталған әдістеме бойынша 1-4 балға дейін жинақтаған 3 студент 5% бақылау тобында және 3 студент 5 % эксперимент тобында, ол өте төмен деген деңгейге сәйкес келеді, бұл студенттерде коммуникативтік және ұйымдастырушылық бейімділік өте төмен деңгейде көрінуімен сипатталады. 5-8 балды иеленген 9 студент 15% бақылау тобында және 10 студент тәжірибелік топта 17 % пайызды құрайды, деңгейі ортадан төмен. Ол студенттер қарым-қатынасқа ұмтылмайды, жаңа ортада, ұжымда өзін ыңғайсыз сезінеді, жалғыздықты ұнататын адамдар. Оның таныстарының саны шектеулі, көпшілік алдында сөйлеуге, адамдармен байланыс орнатуда қиындықтар сезінеді, қоғамдық іс-әрекетте бастамашылдық жоқ, өзіндік пікірі қалыптаспаған, өз бетімен шешім қабылдаудан бас тартады. 9-12 балл жинаған орташа деңгейдегі бақылау тобында 29 студент 50 % пайызды және эксперимент тобында 32 студент 52 % пайызды құраған. Бұл сыналушылар коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділіктің көрінуінің орта деңгейі тән. Олар адамдармен байланысуға бейім, таныстық шегін шектемейді, өзіндік пікірі бар, өз жұмысын жоспарлай алатын, бірақта бейімділік әлеуеті жоғары тұрақтылықпен ерекшеленбейді. Бұл студенттерге коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділікті қалыптастыруға жоспарлы негіздегі тәрбиелік жұмыс қажет болады. 13-16 балды иеленген орташадан жоғары деңгейдегі бақылау тобында 14 студент 25 % және тәжірибелік топта 13 студент 21 % пайызды құрайды. Бұл студенттерге коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділіктің орташадан жоғары деңгейі тиісті. Олар жаңа ортаға еркін кіріге алатын, достық қарым-қатынасты оңай құра алатын, таныстарын көбейтуге әрдайым ұмтылысы бар, қоғамдық іс-әрекетте бастамашылдық танытатын, өзгеге көмек беруге даяр, туындаған жағдайға байланысты дербес шешім қабылдауға мүмкіндігі бар тұлғалар. 17-20 балға ие сыналушылар бақылау тобында 3 студент 5 % - ды, тәжірибелік топта 3 студент 5 % пайызын құрайды. Бұл студенттер коммуникативті және ұйымдастырушылық іс-әрекетте

қажеттілікті сезінеді және оған белсенді түрде ұмтылады. Жаңа ұжымда өзін еркін ұстайды, қиын жағдайларға тез бағдарланады, көптеген іс-әрекеттерде бастамашылдық танытады, түрлі ойындарды, іс-шараларды ұйымдастырғанды ұнатады, өзіндік қызығушылықтары бар іс-әрекеттер тұрақты орын алады. Коммуникативті және ұйымдастырушылық іс-әрекетке деген қажеттіліктерін өз бетімен қанағаттандырады.

Анықтау эксперименті бойынша бақылау және эксперимент тобындағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің «Коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділікті бағалау әдістемесі (КОС-2)» нәтижелері деңгейлері бойынша пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы төмендегі 9 - суретте анық көрсетілген.



Сурет 9 – Анықтау эксперименті бойынша «Коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділікті бағалау әдістемесі (КОС-2)» пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы.

Нәтижесінде студенттер екі топта да салыстырмалы негізде бірдей деңгейді көрсеткен, негізінен орташа деңгейді көрсеткен студенттер саны 75 % пайыздан жоғары. Бұл дегеніміз нысанаға алынған біздің болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріміз коммуникативтілік және ұйымдастырушылық бейімділігі орташадан жоғары, коммуникативті қарым – қатынасқа қалыпты деңгейде түсе алатын жастар. Қоғамдық іс-әрекеттерді ұйымдастыруда белсенділік, бастамашылдық таныта алады. Өзіндік пікірі қалыптасқан, өз жұмысын жоспарлай алатын, өзге адамдармен қарым – қатынасқа түсуге бейім. Дегенмен, әлі де жеткілікті деңгейде өз іс-әрекетінің субъектісі бола алмайтын және бейімділік әлеуеті тұрақтылықпен ерекшеленбейтін, жоспарланған түрдегі оқу-тәрбие жұмысын қажет етеді.

Қорыта келгенде, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың бастапқы диагностикасы білім беру мекемесіндегі кәсіби іс-әрекет барысында оқу-тәрбие үдерісінің нақ осы шақтағы даму ерекшеліктерін анықтап, білім алушы тұлғасының дамуына бәрінен аз әсер ететін оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың неғұрлым тиімді педагогикалық құралын, формасы мен амалдарын қолдануға мүмкіндік береді.

2.2 Әлеуметтік зияттылықты дамытудың әдістемесін жүзеге асыру

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту әдістемесі, техникасы (ұжымдық шығарымпаздық әрекеттер әдістемесі, парасат құрылымы моделі, интенсивті оқытудың әдістемелік жүйесі) яғни, бір сипатты және біз қарастырған шынайы эмпирикалық материалдар жинағы, оны талдау үшін қажетті болатын процедуралар жиынтығы болмақ. Оның басты функциясы әлеуметтік зияттылық дамыту деңгейі (төмен, орта, жоғары) қызметтерінің дұрыс жүзеге асырылуынан, зерттеуіміздің нәтижелерін көрсетуге мүмкіндік береді. Элективті курс тиімділігі бірінші кезекте мақсатпен анықталады. Мақсат әлеуметтік сұранысқа байланысты, жұмыстың теориялық-әдіснамалық негіздеріне сүйенеді. Біздің элективті курсымыз төмендегідей кезеңдерден тұрды:

1. Жалпы педагогикалық мамандықтарға, педагог кәсібіне, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби біліктіліктеріне сипаттама берілді. Сонымен қатар білім беру жүйесінің болашақ мамандарды даярлау бойынша нормативті – құқықтық базасына қатысты ақпараттық базамен студенттер толық негізде танысып, мәтіндік материалмен жұмыс жүргізілді. Сонымен қатар, курс жүргізушісі өз қатысушыларынан кімді көргісі келетіні аса маңызды: басшылықты қажет етуші білім алушыны ма, бірлескен іс-әрекеттің тең дәрежедегі субъектісін бе, әлде әріптес ретіндегі болашақ жас маман. Біз нәтижесінде әлеуметтік зияттылығы дамыған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін көргендіктен, осы сәтте біз үшін әрбір студентке оның дербестігін, өз-өзіне сенімді тұлға екендігін, болашақ сәтті өзіндік орнын таба алатын маман екендігін жеткізу аса маңызды болды. Әрбір адам ілгері даму үшін, өзіндік орнын табу үшін керекті қорлармен қаруланған болуы керек. Элективті курс барысында әрбір қатысушыға ешнәрсе мәжбүрлі негізде берілмейді. Топ қатысушылары тек ойлау мен әрекет ету моделінің дайын нұсқасын көшіріп қана қоймай, оны талқылап өз дербес қажеттілігін қанағаттандырушы нұсқасын таңдауға мүмкіндік алды.

2. Элективті курс барысында оқытушының басты міндеті – әлеуметтік – педагогикалық міндеттердің мүмкін болатын шешімдер шегін көрсету, ал оны таңдау топ мүшелеріне беріледі. Ал қолданылған құралдар жұмсақ, қатты қысымды кері әсерді жеңуді қажет етпейтін жағдайда орын алады. Көп уақыт рефлексияға, эмоционалды қысымды бәсеңдетуге бағытталады.

3. Курс бағдарламасы топтағы қарым-қатынас және өзараәрекеттестік сипатына негізделеді. Жұптағы өзараәрекеттестік іске асырылады, сол арқылы оқу жағдаятының белгілі шегі ашылады және әлеуметтік зияттылықтың шынайы мүмкіндіктері көрінеді. Аталған курс маңызы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық қарым-қатынастағы сәттілігінде әлеуметтік зияттылық рөлі мен орнын негіздеуден көрінеді. Әлеуметтік зияттылықтың когнитивті – тұлғалық қасиеттері, субъект-субъектілі өзараәрекеттестікті тиімді анықтап, болашақ маманның кәсіби біліктілігі мен құзыреттіліктерін арттырады.

Элективті курс барысында тиімді әдістер мен әлеуметтік зияттылықты қалыптастырушы құралдар пайдаланылады. Олардың қатарында, керекті біліктіліктер мен дағдыларды қалыптастырушы белсенді оқыту технологиялары кіреді.

Белсенді оқыту технологиялары туралы идеялар өз көрінісін Я.А. Коменский, Ж.Ж. Руссо, И.Г. Песталоцци, К.Д. Ушинский еңбектерінде тапқан. XX ғасырда белсенді оқыту технологияларына аса назар бөлініп, тұрақты негізде білім беру практикасына мәселелі, дамыта оқыту технологиялары арқылы енді. Белсенді оқыту технологиялары термині ғылыми әдебиеттерде XX ғасырдың 60 жылдары пайда болды. Олардың дамуына өз үлесін қосқан ғалымдар А.М. Матюшкин, Т.В. Кудрявцев, М.И. Махмутов, И.Я. Лернер. Аталған топтағы әдістердің ерекшелігі бұл - өзараәрекеттестікті ұйымдастыру әдістері және осы үдерістегі білім алушының ерекше рөлі [154].

Ю.Н. Емельянов бұл әдістерге сипаттама беру кезінде, оларды пайдалану кезінде бірқатар әлеуметтік – психологиялық әсерлерді пайдалану қажеттілігін айтады. Ғалым пайымдауынша, бұл кезде оқыту репродуктивті сипаттан, еркін түрдегі білім алушының ішкі үдемелі іс-әрекетіне ұласады, оның негізінде құзыреттіліктер мен өзіндік тәжірибе қайта құрылады.

М.М. Новик бойынша, белсенді оқыту технологияларының негізгі белгілері: білім алушының ойлау жүйесін еріксіз белсенді ету; білім алушыларды ұзақ мерзімдегі үдеріске тарту, мәселе шешімін өздігінен іздеу, түрткісін ояту және эмоционалды негіздегі қатыстылығы [155].

Белсенді оқыту әдістері субъект іс-әрекетін белсендініреді, сол арқылы өзіндік жетілу мен даму үдерісін іске қосады. Осы күнге дейін белсенді оқыту әдістерінің көптеген түрлері пайдаланылып жүр, біздің міндетімізге олардың түрлеріне сипаттама беру кірмейді. Сол себепті өз зерттеу мәселемізге қатысты әдебиеттерде көрсетілген бірнеше әдістерге тоқталып өтеміз.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың моделі аясында интербелсенді әдістерді пайдалану аса маңызды. Ол төмендегідей жұмыс түрлері мен іс-әрекеттер арқылы іске асырылады:

- бірлескен жұмыстар (үлкен топ, кіші топ, жеке);
- жеке ізденіс жұмыстары және топтық ізденіс жұмыстары;
- іскерлік, жағдаяттық, рөлдік ойындар және педагогикалық жағдаяттарды шешу;
- сыни тұрғыда түрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасау;
- дербес шығармашылық жұмыстар.

Жеке индивидке әсер ету белгілі негізде жан-жақты ескерілген түрде болуы шарт, яғни әр тұлғаның жеке психологиялық қасиеттері, білімі, білімге деген мотивациясы және т.б. айтқымыз келгені тұлғаға әсер ету формасы, жан-жақты ескерілген және деңгейлі түрде белгілі бір тізбек бойымен орын алуы керек.

Біздің зерттеу жұмысымызда белсенді оқыту әдістері белгілі бір ұстанымдарға сүйене отырып ұйымдастырылған:

Мақсаттылық ұстанымы. Оқытушы жұмысы көптеген мақсаттардан тұрады: оқыту мақсаты, әрбір сабақ мақсаты және топтың белгілі бір кезеңінің мақсаты. Мақсаттар топқа және оның жеке қатысушыларына қатысты болады. Олар қатысушылар құрамына сәйкес өзгеріп отырады.

Нұсқаулық ұстанымы. Белгілі бір сабақты бастамас бұрын студенттерге нақты тақырыптағы нұсқаулық беру. Бұл әрекет, өзараәрекеттестік және өзіндік даму үшін үлкен рөлде. Сабақ үшін бастау болатын бір идеяны тандап алу маңызды. Нұсқаулық беруде негізгі түсінікті қалыптастыру аса маңызды. Әрбір теорияны меңгеру түсінік қалыптасуына байланысты болады.

Белсенділік ұстанымы. Топ қатысушылары үнемі белсенді ұжымдық жұмысқа тартылған. Әрбір қатысушы белсенділігі өзгені және өзін оқытуда нәтижелі болады. Ю.К. Наумова пікірінше, «субъект белсенділігінің жоғарылауы, экспериментте алынатын сезім мәліметтерінің дәлдігін төмендетпейді, сонымен қатар зерттелу объектісін нақты көрсетеді» [24, с.42]. Білімді саналы түрде игеру және білім алушының белсенділігі іс-әрекет әдістерін игеруге алып келеді, олар теориялық білімді практикалық кеңістікке көшіруге септігін тигізеді.

Диалог ұстанымы. Диалог оқыту үдерісінде ойға жетелеуші тізбек болып табылады, және де іс-әрекеттің өзге элементтерінің ашылуына әкеледі. Диалог барысында студенттер тәжірибе алмасады, ол көптеген болашақ педагогтарға құнды жаңалық болары анық.

Оқу-танымдық үдерісте студенттің дербес жұмысы мен ұжымдық жұмыс сәйкестік ұстанымы. Тұлға өзараәрекеттестік мүмкіндігін тудырған жағдайда ғана таным субъектісі бола алады, өйткені ұжымнан тыс материалды және рухани мәдениетті игеру мүмкін емес. Сол себепті де, таным индивид оқшау болғанда емес, ұжымдық практикалық іс-әрекетке енген субъект ретінде ғана іске асыра алады. Біздің сабақтарымызда топтық жұмыс формасы маңызды әлеуметтік-педагогикалық қызметті атқарады, ол достық, ұжымдық, өзара көмектестікті тәрбиелеуге, ұжымдағы дұрыс хал-ахуалды құруға көмек береді. К. Левин топтық талқылау және жағдаяттық факторларды әлеуметтік ұстанымға өзгерту туралы идеясына сәйкес, топ талқыланушы мәселе шешімін табуда қатысушылардың түрткілері мен өзіндік қатысушылығын көтереді. Бұл әсер төмендегі себептермен түсіндіріледі: студент дәріс барысында талқыланушы тақырыпқа қатысты бейтарап позицияда болады, ұжымдық талқылауға қатысу кезінде белгілі пікір қалыптасады, студент ол пікірмен келісуі немесе келіспеуі мүмкін, дегенмен өзіне қажетті ақпаратты таңдау оның құқығында.

Мәселе құру ұстанымы. Жаттығу, іскерлік ойындар, топтық талқылауға қатысу барысында топ мүшелері білім, білік және дағдыны қиындықтарды жеңу арқылы, түрлі жағдайларды эмоционалды деңгейде өткеру арқылы игереді. Білім алу әрбір қатысушы басынан өтіп, оның жеке тәжірибесіне айналуы қажет. Ал сол тәжірибені ұйымдастырушы бірлік, Я. Вазина пікірінше, мәселелі жағдаят болып табылады, өйткені ор әрбір өмірлік жағдайдың нобайы болады, ол өзара байланысқан түрлі қарым-қатынастардан тұрады. Адам өз

өмір жолында түрлі жағдаяттарды басына кешіреді, онда туындаған қарама-қайшылықтарды шешу өзіндік даму көзі болады [27].

Зерттеушілік ұстанымы. Әрбір туындаған жағдаят топ үшін зерттеу пәні болады. Топ мүшелері зерттеу арқылы өзіндік бір дербес шешімге келеді.

Моделдеу ұстанымы. Моделдеу студенттер алдында үлкен мәселе қояды, студенттер шынайы өмірде кездесетін жағдаяттарға сәйкес белгілі бір рөлдерге ие болады және ұсынылып отырған моделде оның шешімін табады. Студент ойлаудың дербес даму үдерісінде, жинақталған ақпаратты саралай келе жаңа байланыстар мен заңдылықтарға, жаңа білімге келеді, болжам және теория құрады. Оқыту-ұйымдастырушылық жаттығуларды моделдеу барысында мәселені шешу, болжам құру, оның кәсіби іс-әрекет практикасында іске асуы сынды операциялар жүреді. Моделдеу кезінде нәтижесі белгісіз жағдайлар жоғары деңгейде болады, дегенмен теориялық білімді игеруде модельдеу маңызы зор.

Еркін кеңістік ұстанымы. Сабақ өту барысында еркін қозғалу, орын ауыстыру мүмкіндігі болуы керек. Философ – ойшылдар Аристотель, Платон, Л.Н. Толстой айтып кеткендей, ой белсенділігіне қозғалыс әсері аса жоғары. Өзіндік жұмыс барысында студенттерге қозғалыс еркіндігінің берілуі жұмыс өнімділігін арттырады.

Жаңашылдық ұстанымы. Оқу белсенділігін сақтау мақсатымен әрбір жаттығу, талқылау, іскерлік ойын барысында жаңашылдықты қамтамасыз ету қажет, ол мазмұндық және аудиториялық негізде де орын алғаны жөн.

Кері байланыс ұстанымы. Іс-әрекет объективтілігі үшін кері байланыс пайдаланылады. Кері байланыс кезінде біз өзіндік бақылау күнделігін жүргізуді жөн көреміз, онда студент өз күйзелістерін қалыптастырып, өмірлік мәселе шешімдерін талдап, теориялық тұжырымдар туралы өз ойларын бейнелеп бере алады.

Диагностика ұстанымы. Оқытушы өз сабақтарында үнемі топты және оның әрбір студентті диагностикалауы қажет.

Рефлексия ұстанымы. Өз әрекеттері, мақсаттарын диагностика нәтижелеріне сүйене отырып жоспарлау. Ол негізде алдымен белгілі бір мақсат қойылып, содан соң оған қол жеткізу құралдары таңдалады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту моделінің негізгі бөліктерінің бірі тәжірибеге бағытталған курсты өткізу. Оны іске асыру топтық негіздегі жұмысты қажет етеді, ол оның дамытушылық әсерін күшейте түседі. Топтағы жұмыстың негізгі ерекшелігі арнайы эмоционалды қысым алаңының құрылуы, ол өзара ынталандыруға, жарысқа, өзге орнына өзін қоюға, өзге топ мүшелерін демеуге және тәжірибе алмасуға итермелейді [29, б. 54].

Зерттеу жұмысының қалыптастырушы эксперименті барысында «*Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту*» тақырыбындағы элективті курс бағдарламасы жасалып, тәжірибеден өтті. Ұсынылып отырған элективті курс бағдарламасы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту моделіне сәйкес жүйелі негізде

іске асады. «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту» атты элективті курс, Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының 2016-2017 оқу жылында, «5В010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 4 курс оқу жоспар бағдарламасына ендірілген (Қосымша).

Курстың мақсаты: Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне әлеуметтік зияттылықты дамыту мәселесінің теориясы мен әдістемесін меңгерту.

Курстың міндеттері:

- Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінде әлеуметтік зияттылығын дамытуға деген мотивациялық-құндылық қатыстың, танымдық, әлеуметтік мотивтердің болуы;

- «Зияттылық», «әлеуметтік зияттылық», «әлеуметтік зияттылықты дамыту» ұғымдары жайында теориялық білімнің болуы және ұғымдық-категориялық аппаратын талдауы, моделдеуі, жүйелеуі.

- Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту арқылы «субъективтілікке» ауысуының орын алуы.

«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту» атты курстың мазмұны төмендегідей теориялық және қолданбалы бөліктерден түзілген.

Теориялық мазмұны:

- Зияттылық, әлеуметтік зияттылық теориялары;

- Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаудағы әлеуметтік зияттылықты дамытудың маңызы мен мәні;

- Әлеуметтік зияттылық - субъектілікке жетудің құралы;

Курстың қолданбалы бөлігі:

- Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуда дәстүрден тыс қарым-қатынас формаларын ұйымдастыру; «Педагогикалық шеберлік» атты клубтың бағдарламасы (студенттер).

Дайындалған «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту» курсын оқыту нәтижесінде:

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің «зияттылық», «әлеуметтік зияттылық», «әлеуметтік зияттылықты дамыту» мәселелері бойынша теориялық білімдері;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту жайында білім, білік және дағдылары;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің дербестігі, оқу мотивациясының көтерілуі, шығармашылық негізде дамуының негізінде жаңа коммуникативті дағдылары;

- білім алушылар эмоционалды негізде өздерін жайлы сезіну, өзіндік таңдап алынған кәсіби бағдар бағытын саналы түрде сезіну арқылы, өзараәрекеттестік дағдылары және біліктіліктері;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдері бойында әлеуметтік зияттылық компоненттерінің деңгейлі негізде дамуы негізінде әлеуметтік құзыреттілігі қалыптасатын болады.

Кесте 15 - «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту» атты элективті курстың оқу - тақырыптық жоспары

№	Тақырып, дәрістер аттары	Сағат саны	
		Дәріс	Семинар
1	Тұлға психологиясы. Тұлға және оның дамуы	2	1
2	«Зияттылық», «Әлеуметтік зияттылық» ұғымдары	2	1
3	Педагогикалық шеберлік. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің моделі	2	1
4	Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту	2	1
5	Субъектілік ұғымы. Субъектілік теориялары	2	1
6	Әлеуметтік зияттылықты дамыту - субъектілікке жету жолы	2	1
7	Қарым-қатынас. Қарым-қатынас құрылымы және құралдары	2	1
8	Адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас түрлері	2	1
9	Коммуникативтілік теориялары	2	1
10	Тренинг педагогтың эмпатиялық қабілеттерінің құралы ретінде	2	1
11	Диалог – рухани-құндылықты қарым -қатынасқа үйренудің негізгі құралы	2	1
12	Блум таксономиясы бойынша бастауыш білім берудің ерекшеліктері	2	1
13	Бастауыш білім беру мазмұнына STEM – білім беруді кіріктіру (ҚМЖ-қысқа мерзімді жоспарлауды үйрету)	2	1
14	Бастауыш білім берудің жаңа мазмұны бойынша педагогикалық жаңа тәсілдемелердің қолданбалы аспектілері: а) критериалды бағалау ерекшеліктері; ә) спиралді білім беру қағидаты; б) зерттеуге негізделген оқу т.б.	4	2
Барлығы		30	15

Курс бағдарламасының бірінші, «Тұлға психологиясы. Тұлға және оның дамуы» тақырыбы бойынша, дәріс және семинар сабақтарында ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып тұлға ұғымына жан-жақты анықтамалар берілді, тұлғаға тән қасиеттер қандай болу керектігі айқындалды, сонымен қатар даму дегеніміз не, тұлғаның даму теориялары, даму үшін қандай орта болу керектігі дәріс-диалог формасы негізінде өткізілді, курсымыздың бірінші сабағы болғандықтан, «Нағыз тұлға қандай болу керек?» деген сұраққа жауап іздестіру мақсатымен А. Маслоу идеяларына жүгіндік. Адамның басты қажеттіліктер классификациясын құру үшін А. Маслоу бес деңгейлі пирамидасын құрдық.

Біздің байқағанымыз көп жағдайларда негіз құрайтын қажеттіліктер, яғни 1-ші және 2-ші деңгей қанағаттандырылғанымен, адамда жоғары қажеттіліктер пайда болмауы да мүмкін. Тұлғаның алға деген ұмтылу мотивациясы шығу тегіне, тәрбиесіне, өмір сүру ортасына, әлеуметтік орта факторына байланысты орны алады. А. Маслоу пікірінше, тұлғаның даму деңгейінің 5 – сатысы, барлық адамдардың 1% құрайды. Мұндай адамдарды ғалым дені сау деп есептеген. Семинар сабақ барысында әзіл-шыны аралас эссе негізінде «Қандай жағдайда тұлға дамиды?» деген сұраққа жауап бердік. Эссе барысында тәртіп пен бағыныштылық, тәртіп дегеніміз не, ол тәрбие мен үйретудің құралы ма, әлде нәтижесі ме деген сұрақтарға жауап алуға бағыттадық.

Бағдарламада көрсетілген екінші тақырып: «Зияттылық», «Әлеуметтік зияттылық» ұғымдары бойынша, Дж. Гилфорд «Парасат құрылымы» моделі негізінде сабақ жоспары құрылды. Ғалым көптеген зияттылық факторлары үшін негіз болатын бірқатар ұстанымдарды атайды, осыған негіздей келе олардың түрлерін келтіреді: операциялар, мазмұны, нәтижелер. Сабақ барысы осы үш блогқа бөлініп ұйымдастырылды. Бірінші блог бойынша, зияткерлік мүмкіндіктер бес үлкен топқа біріктірілген: бағалау (ұсынылған жағдай дұрыстығына қатысты қандай пікірлер беріледі), яғни зияттылық, әлеуметтік зияттылық ұғымдарының көптеген ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып түрлі анықтамалар берілді, осыған қатысты пікірлер жинақталған, конвергентті ойлау (логикалық және бір бағыттағы ойлау, олар бір жауабы дұрыс міндеттерден көрініс табады) және дивергенттік ойлау (баламалық ойлау, логикадан тыс және бірнеше жауабы дұрыс міндеттерден көрініс табады) жинақталған пікірлер негізінде студенттер топшаларға бөлініп талдау негізінде, әр топшалардан белгілі бір өзіндік анықтамаларын беруге тырысты, есте сақтау (материалдық қалай дұрыс есте сақталуы), Н. Сандерс кестесі бойынша пікірталас негізінде 50 % пайыз ақпарат есте сақталады, топшалардың өзіндік берілген анықтамалары негізінде пікірталас ұйымдастырылды, бірінші блог 5-ші операциясы, таным (материалдың қабылдануы мен түсіндірілуі) студенттер берілген ортақ негіздегі анықтамаларды өз дәптерлеріне түртіп алды. Келесі мазмұндық блок – факторлар классификациясы блогы, материал түріне немесе оның мазмұнына қатысты орын алады. Мазмұн төмендегідей болады: бейнелік, белгі ретінде, семантикалық, мінез-құлықтық. Нәтижелер блогы бойынша. Мазмұнға белгілі бір операцияны пайдалану кезінде, соңғы ойлау өнімін беретін алты нәтиже алуға болады. Олар төмендегідей: элементтер; класстар; қатынас; жүйелер; өзгерістер; қолданыс.

Курстың үшінші тақырыбы «Педагогикалық шеберлік. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің моделі» деп аталады. Аталған тақырып «ұстаз шебер» тұжырымдамасына негізделген. Сабақ барысы төрт сатыға бөлінген. 1. Танысу сатысы – тақырып аясындағы ұғымдар, атаулар, түсініктер мен әрекеттер ретімен танысады.

2. Негізін игеру – негізгі ұғымдар, әрекеттер мен олардың ретін қайталау немесе сипаттау қабілетіне ие болады.

3. Игеру сатысы – негізгі ұғымдар мен әрекеттер ретін нәтижелі түрде қолдана алады.

4. Толық меңгеру, шеберлік – негізгі ұғымдар мен әрекеттердің ретін нәтижелі түрде қолдану және өзгелермен білім мен біліктерді игеруге және бекітуге көмек береді.

Курстың төртінші тақырыбы «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту» деп аталады. Аталған тақырып аясында студенттерге ең алдымен болашақ бастауыш сынып мұғалімі қандай негізгі қадір – қасиеттерді, сапаларды, құзыреттіліктерді жинақтауы керек деген сұрақ жауабын іздестіру ұсынылды. Миға шабуыл жасап көптеген қасиет, сапа және құзыреттіліктерді анықтап алдық. Әлеуметтік зияттылық ұғымымен осыған дейінгі сабақтарда танысып өткендіктен студенттерге оның анықтамасын беру қиындық тудырмады. Соңғы кезекте біз даму ұғымына тоқталдық, даму үшін қажетті іс-әрекеттер мен әдістемелерді анықтадық. Нәтижесінде әлеуметтік зияттылығы дамыған тұлға моделін құрдық.

Курс бағдарламасының бесінші және алтыншы тақырыптары Субъектілік ұғымы. Субъектілік теориялары. Әлеуметтік зияттылық дамуы субъектілікке жету жолы. Студенттерге субъект пен субъективтілік ұғымдарына анықтама берілді, айырмашылықтары көрсетілді. Субъектілік теориялары ұсынылды.

«Қарым-қатынас. Қарым-қатынас құрылымы және құралдары», «Адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас түрлері», - атты бағдарламаның жетінші және сегізінші тақырыптарындағы сабақ барысында студенттерге аталған ұғымдарға қатысты жалпы түсінік берілді. Сабақ барысы М.Тален ұсынған оқытушылардың кәсіби позицияларының типологиясы арқылы жүзеге асты. М.Тален көптеген қарым-қатынастың моделдерін ұсынған. «Сократ» моделі, «Топтық пікірталас жетекшісі» моделі, «Шебер» моделі, «Генерал» моделі, «Менеджер» моделі, «Жаттықтырушы» моделі, «Жол сілтеуші» моделі, берілген моделдерді өз бойынан өткеру барысында студенттер дұрыс пікірталас құруға, пікірталас барысындағы үйренушілерді келісім мен ынтымақтастыққа жетуге жетелеуші, шәкірттерге үлгі бола алуға, өз айтқанын орындата алуға, білім алушы бойынан бастамашылдықты көре алуға, өзіндік бастамашылдық танытуға, ұжымдық ұмтылыс ұйымдастырушысы болуға үйренеді. Моделдерді талдау кезінде барлық модел артықшылықтары мен кемшіліктері талқыланды. Ғалым арнайы моделдерді ұсыну арқылы әр болашақ маман үшін оқытушы моделін таңдау өз қолында екендігі атап өткен. Бұл моделдерді керек тұсында пайдалана алатын да, тек бір модель нұсқасын ұстанатын да оқытушылар тәжірибеде бар екендігі айқын. Сол себепті студенттер үшін болашақ кәсіби іс-әрекетіндегі оқытушы моделін таңдау аса маңызды екенін көре алдық.

Бағдарламаның тоғызыншы тақырыбы «Коммуникативтілік теориялар», бұл сабақ пікірталас негізінде болды. Сабағымызда пайдаланылған пікірталас түрлеріне тоқталсақ, дөңгелек үстел – тең дәрежеде топтың белгілі бір бөлігі қатыса алатын әңгімелесу, оның негізінде пікір алмасу жүреді, панельдік пікірталас (экспертті топ отырысы) - (төрайыммен алдын ала бекітілген төрт-алты білім алушы), онда ең алдымен барлық топ мүшелерімен керекті

бағыттағы мәселе талқыланады, содан соң барлық аудитория пікірі талқыланады. Әрбір қатысушы өзіндік бір баяндамамен сөйлейді. Форум – талқылау, expertтік топтың бірлескен отырысы, талқылау, аудиториямен пікір алмасу, симпозиум – топ қатысушылары өз дайындаған баяндамаларымен сөйлеп, содан соң аудитория сұрақтарына жауап береді, аталған сабақта аквариум техникасы пайдаланылды – пікірталас формаларының арасында ерекшеленетін ұжымдық өзараәрекеттестікті ұйымдастырудың ерекше формасы, бұл әдетте қарама-қайшылықты амалдармен, кикілжіңдермен, келіспеушіліктермен байланысты мазмұндағы материалдармен жұмыс үшін арналған. Алдымен педагог мәселені айқындау және аудиториямен таныстыруды жүргізеді, содан соң барлық қатысушыларды топшаларға бөліп, әр топша атынан сөйлейтін адамды таңдайды. Топшаларға мәселені анықтап, талқылап өзіндік бір пікірге келуге уақыт беріледі, содан соң топ атынан сөйлеушілерді педагог ортаға топты қорғап өзіндік пікірін білдіруге шақырады, педагог кеңесу үшін талқылау арасында үзіліс алуға мүмкіндік береді, топ өкілдері арасындағы аквариумдық талқылау өзіндік белгіленген уақыт аясында немесе белгілі бір шешімге келу арқылы аяқталады. Аквариумдық талқылау аяқталған соң сыни тұрғыда мәселені толық топпен талқылау жүреді. Мұндай сабақ өту формасының артықшылығы барлық қатысушылар алдыңғы талқылауға қатысады, содан соң өзге пікірлерді тыңдау негізінде кейінгі қорытынды талқылауға қатыса алады. Аквариум техникасы топтық талқылауға қатысушылар санын арттырады, ортақ бір шешімге келуге үйретеді, тұлғааралық деңгейде қатысушылар өзараәрекеттестігі барысын талдауға мүмкіндік береді.

Бағдарламаның оныншы тақырыбы «Тренинг педагогтың эмпатиялық қабілеттерінің құралы ретінде» тренинг түрінде өтті. Бұл тренинг педагогтың білім алушылармен өзара қарым-қатынасын сауатты түрде түзуге қажетті болатын мәнді кәсіби қасиеттерін жетілдіруге, олармен эмоционалдық қатынастарды орнатуға ықпалын тигізеді.

Тренингтің мақсаты – тренинг қатысушылары үшін тұлғалық өсуіне, адамның меншікті эмоционалдық дүниесін түсінуге қабілеттерін, қоршаған адамдарға сезім білдіру, қайғы-уайымына ортақтасу қабілеттерін жетілдіруге жағдай жасау.

Тренингтің нәтижелері:

- «эмпатия» түсінігін ұғыну;
- өз уайымдарын, сезімдерін түсіну;
- психологиялық аңғарғыштықты дамыту;
- серіктесінің вербальды емес белгілерін «оқу» дағдыларын қалыптастыру;
- қатынас бойынша серіктесінің уайым-қайғысына қосыла білу қабілетін дамыту;
- әр адамның жеке ерекшелігін ұғыну қабілетін дамыту;
- тыңдау икемдерін қалыптастыру;
- рефлексия дағдысын шыңдау;

➤ өзгенің мінез-құлығын болжамдау, өзінің оған тигізер әсерін болжау қабілеттерін қалыптастыру және дамыту.

Эмпатияны дамыту тренингі. Тренингтік бағдарламаның құрылымы Тренингтік бағдарлама өзара байланысқан үш блоктан құрылады. Бірінші блок – ұйымдастырушы – топта тренингтің анағұрлым тиімділігіне ықпал ететін болымды әлеуметтік-психологиялық ахуалды орнату. Екінші блок – қалыптастырушы – эмпатия туралы білімдерін қалыптастыру, тиімді коммуникация барысында оның құндылығын ұғыну, эмпатикалық қабілеттерді арттыру. Дамыған эмпатикалық мәдениетіне ие жеке тұлғаны сипаттайтын қасиеттерді дамыту. Жоғары эмпатиялық талап ететін жағдайларды өтеу. Өзі туралы түсініктерді кері байланыс, талдау және рефлексия негізінде қайта қарастырып, ұғыну. Үшінші блок – рефлексиялық-бағалаушы – өзінің жеке тұлғалық ресурстарын ұғыну, өзгерістердің рефлексиясы.

Бағдарламада ұсынылған он бірінші тақырыбына сәйкес «Диалог – рухани-құндылықты қарым-қатынасқа үйренудің негізгі құралы». Тіршіліктің негізі қарым-қатынас пен диалогта орнығады: басқаның ойымен, пікірімен, көзқарасымен санасу, бөтенді түсіне білу – осы қасиеттердің бәрі де әлеумет ахуалын белгілейтін тұжырым. Біз тек қана қарым-қатынас арқылы, диалог құру арқылы ғана әлемді танимыз, яғни таным мен білім – адамдардың өзара әрекетінің нәтижесі, тіпті қарым-қатынас, диалог өміріміздің мәні деп түсінеміз. М.М. Бахтин пайымдауынша, «Өмір өз табиғаты бойынша диалогтық құбылыс. Өмір сүру дегеніміз диалогқа қатысу: сұрау, тыңдау, жауап беру, келісу және т.с.с... Болу дегеніміз диалог арқылы қарым-қатынас құру... Барлығы да құрал, ал диалог-мақсат» [154, б. 82]. Диалог құру кезінде білім алушылар бойында өзіндік түсінік, пікір, ойлар формасында туындайтын білім, рефлексиялық қабілет, яғни ішкі жан дүниеге үңілу, өзімен сырласу, өзіне есеп және баға беру, сонымен қатар қарым-қатынас қажеттіліктері, кикілжің жағдайында дұрыс шешім таба білу, өзара тең құқылы қарым-қатынас жасай білу, өзіндік талаптарын бұйрық түрінде емес, сұрау немесе кеңес формасында ұсыну.

Бағдарламада көрсетілген он екінші тақырып «Блум таксономиясы бойынша бастауыш білім берудің ерекшеліктері». Қазіргі таңда мектепте құзыретті білім беру жүйесін іске асыру мәселесі қойылған. Аталған мәселе аясында болашақ мұғалімдерге логикалық, әдіснамалық, жалпы оқудағы элементтер енген өзіндік оқу-танымдық іс-әрекет аясында балалар құзыреттілігін диагностикалау мен қалыптастыру міндеттелген. Өзіндік жұмыс саны артқан сайын, мұғалімнің таным үдерісіне араласуы төмендеп, өзіндік жұмысқа әсер ету деңгейі жоғарлай түседі. Бүгінгі күні білім беру оқытудың дамыту қызметіне бағытталған. Психологиялық – педагогикалық негізде білім беру жүйесінің негізгі тенденциялары: білім беру мақсатын білім, білік, дағды жүйесімен айқындамау, оқытудағы дербестік пен дифференциация; оқытудың сыртқы мотивациясынан ішкі рухани-еріктік реттеуге көшу жоспарланған.

Курс бағдарламасында берілген он үшінші тақырыпта: Бастауыш білім беру мазмұнына STEM – білім беруді кіріктіру (ҚМЖ-қысқа мерзімді

жоспарлауды үйрету). Бүгінгі күні STEM – білім беру технологиясын жаңартылған білім мазмұнына сәйкес оқу үдерісіне енгізу болашақ алғышарты болып табылады. Балалардың техникалық пәндерге қызығушылығын арттыру, дамыған жүйені оқу мекемелеріне ендіру білім алушыларды оқу үдерісіне тартуға әсер етеді. Сыни ойлау біліктіліктерін жетілдіру, білім алушылар және студенттер қалыптан тыс тапсырмаларды түрлі тәжірибе жүргізу арқылы шешуі, болашақ үлкен өмірге даярлық кезеңі болып табылады. Коммуникативті біліктіліктерін арттыру, аталған жүйе көп жағдайда топтық жұмысты қажет етеді. Көп уақытын балалар зерттеу үстінде өткізеді, өзіндік моделдерін дамытады. Олар оқытушыларымен және достарымен диалог құруды үйренеді. STEM – білім беру белгілі деңгейдегі көпір, ол білім беру үдерісін, лауазым және кәсіби өзін – өзі жетілдіру сатысын біріктіреді. Жаңашыл білім беру тұжырымдамасы балаларды кәсіби деңгейде техникалық дамыған әлемге дайындайды. Біздің болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріміз қазіргі заманауи талаптарға сай даярлықтан өтуі аса маңызды. Бұл сабақтар аясында біз, STEM-білім беру жүйесі не екендігіне, оның артықшылықтары мен кемшіліктеріне тоқталып, қолданыс аясын талдадық. Осы технология негізінде бастауыш сынып оқушыларына арналған, болашақ педагогикалық тәдірибеде қажетті ҚМЖ сабақ үлгілерін құрып үйрендік. Жаңартылған білім мазмұнына сәйкес артықшылықтарын анықтадық. Студенттердің курс барысында жасаған 1 сабақ үлгісі қосымшаға берілген (Қосымша).

Курс бағдарламасын берілген он төртінші тақырыпта: Бастауыш білім берудің жаңа мазмұны бойынша педагогикалық жаңа тәсілдемелердің қолданбалы аспектілері:

- а) критериалды бағалау ерекшеліктері;
- ә) спиралді білім беру қағидаты;
- б) зерттеуге негізделген оқу т.б.

Аталған тақырып арқылы біз қазіргі жаңартылған білім мазмұнына сәйкес қандай жаңа тәсілдемелер қолданылады, оны пайдалану ерекшеліктері және тиімділігі неде деген сұрақтар аясында жұмыс жүргіздік. Аталған сабақ әдістемелік негізде басымдық танытқанымен, студенттерге толық негізде дәрістер берілді. Олар тәсілдемелердің мазмұнымен, пайда болу тарихымен танысып өтті. Біз осы тұста қысқаша спиралді білім беру қағидатына тоқталып өтсек, бұл қағидат «өзін-өзі алға ілгерілету», «өзін-өзі дамыту» ұғымдарына жақын. Спиралды білім беру қағидаты негізіне ең күрделі деген материалды дұрыс құру арқылы, дұрыс ұсыну негізінде біздің кіші мектеп оқушыларына да түсінікті етуге болады. Аталған бағдарламаның негізгі ерекшеліктері пәнді бірнеше рет қайталау, әр қайталау кезінде тақырыпты күрделендіру, жаңа білім берілген біліммен тығыз байланыста болады, жеңілден күрделіге өту және белгілі бір мақсатқа жету үшін алған білімін пайдалану орын алады. Яғни бұл тұста қазіргі жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес тәсілдемелерді студенттер еркін түрде қолданулары қажет, ол біріншіден болашақ кәсібіне даярлық, екінші кезекте студенттер арасындағы жауапкершілік сезімін арттырады. Сабақ жоспарларын құру кезіндегі студенттерде туындаған

сұрақтар көп жағдайда болашақ оқушыларына бағытталды. Мен мына тапсырманы осы негізде даярласам оған бала әсері қандай болмақ деген сынды ойларға жетеледі. Сонымен қатар болашақ педагогикалық тәжірибеге қосымша даярлықтың бір түріне айналды деп те айта аламыз.

Әдістемелік жүйенің құрылымына сонымен қатар студенттерге арналған «Педагогикалық шеберлік» клубын енгіздік.

Мақсаты:

Студенттерді мектептегі педагогикалық тәжірибеге даярлау және болашақ мамандарды кәсіби іс-әрекетке енуі мен дұрыс бейімделуінің жолдарын көрсету.

Міндеттері:

1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне өз-өзіне деген сенімін арттыру, студенттерге эмоционалды негізде демеу көрсету, тәжірибе кезіндегі мектеп ұжымына жеңіл бейімделу жолдарымен таныстыру;

2. Барлық педагогикалық үдеріс қатысушыларымен тиімді өзараәрекеттестік үшін қажетті сапаларды қалыптастыру;

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне өзіндік білім алуға деген мотивациясын ояту өзіндік жұмысқа деген дағды қалыптастыру;

4. Педагогикалық тәжірибеде туындайтын қиындықтарды анықтау және оның шешу жолдарын ұсыну.

Іске асыру жолдары:

- Педагогикалық тәжірибе кезіндегі педагогикалық ортаға енуі үшін тиімді бейімделуді қамтамасыз ету;

- Педагогикалық тәжірибе барысында қажетті біліммен және практикалық біліктіліктермен студенттерді қамту;

- Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу және білім беру мәселері бойынша кеңес беру жұмыстарын ұйымдастыру.

Кесте 16 - «Педагогикалық шеберлік» атты клубының жұмыс жоспары.

<i>Өту уақыты</i>	<i>Іс-шара тақырыптары</i>	<i>Мазмұны</i>	<i>Өткізу формасы</i>
Қазан	«Таныс болайық»	Қатысушылардың өзін-өзі таныстыруы, клуб мүшелерімен танысу, клуб жұмысына қатысуға деген мотивацияның болуы	Ойын
Қараша	«Оқу – тәрбие жұмысын жоспарлау»	ЖМБС сәйкес оқу-тәрбие жоспарлау формаларын ұсыну	Дөңгелек үстел
Желтоқсан	«Білім беру үдерісін ұйымдастырудағы интеграциялық тұғыр»	Білім беру мазмұнын интеграциялау арқылы оқу-тәрбие үдерісін жобалау біліктілігін дамыту	Семинар - практикум

1	2	3	4
Ақпан	«Топтағы дамытушы пәндік-кеңістіктік ортасын ұйымдастыру»	Дамытушы пәндік-кеңістіктік орта құру бойынша теориялық білімдер мен біліктіліктерді жетілдіру	Семинар
Наурыз	«Түсіну, қабылдау, сезіну»	Балалармен тұлғалық – бағдарланған өзараәрекеттестік біліктіліктері мен эмпатияны дамыту	Тренинг
Сәуір	Ата-аналармен өзараәрекеттестік жұмысын ұйымдастыру	Ата-аналармен тиімді ынтымақтастық формаларын дамыту	Семинар - практикум

Берілген клуб жоспарына сәйкес экспериментке қатысқан 4 курс және 3 курс студенттерімен сабақтан тыс уақытта, тәлімгерлік сабақтар аясында, студенттердің оқытушымен бірлесіп жұмыс жүргізуге берілген сағаттары кезінде жұмыс жүргізілді. Жоспарға сәйкес бірінші сабақ бізде «Таныс болайық» деп аталды. Бұл іс-шара негізінде бізде студенттер 3-4 курстан жинақталған топ болғандықтан, танысу аса қажет деп есептедік. Бір бағытта бір ортада студенттер өздерін еркін сезіну үшін, дұрыс психологиялық ахуал құру үшін әр студентке жеке уақыт беріліп өзін таныстыру ұсынылды. Ол кезде сонымен қатар студенттердің сабақтан тыс қызығушылықтарына да аса назар бөлінді. Сонымен қатар клуб мақсат міндеттерімен студенттер танысып, осы клубтан студенттер не күтетінін ортаға салды. Клуб негізінде қандай тақырыптар көтеріліп, қандай тәжірибелік бағыттар мен әдістерге басымдылық таныту керектігі айтылды. Танысу әдістерін атап өтер болсақ, биопоэма, қар көшкіні, есім-акроним, өзі туралы кластер, өзіңнің таңбанды жаса т.б. Жағымды психологиялық ахуал қалыптастырушы ойсергектер: көңіл-күйді анықтау, аудиториядағы заттар, өзгертулерді тап, көршінің суреті, қозғалыстағы сурет және т.б.

Келесі айда клуб жұмыс жоспарына сәйкес «Оқу – тәрбие жұмысын жоспарлау» атты тақырыпта өткізілді. Оқу және тәрбие іс-әрекеті бір мақсатқа негізделеді – білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ашуға әсер етуші, рухани, эмоционалды, физикалық тұлға дамуына, білім алушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға бағытталған жағымды білім беру ортасын құру, бірлесіп қазіргі жағдайдағы өзіндік жетілуге және өзін анықтауға мүмкіндік тудырады. Бұл мақсаттар сабақтарда, сыныптан тыс іс-әрекеттерде, қосымша білім беру түрлері арқылы іске асады. Яғни біз студенттерді жалпы оқу-тәрбие мақсаттарымен таныстыру негізінде, педагогикалық тәжірибе

барысындағы траекториясын құруды жоспарладық. Студенттер педагогикалық тәжірибе барысында қандай жұмыс түрлерімен танысу қажет, өзіне қажетті қандай материалдар жинақтау керек, педагогикалық тәжірибе мақсаттарымен қатар, студенттің өзіндік мақсаттарын анықтауға тырыстық. Яғни педагогикалық тәжірибе мерзімі шектеулі болғандықтан, уақытты тиімді пайдалану жолдарын іздестірдік.

Келесі жұмыс жоспарында «Білім беру үдерісін ұйымдастырудағы интеграциялық тұғыр» атты тақырыпта сабақ жүргізілді. Интеграция негізі психикалық үдерістердің бірлігі, оларды дамыту барлық бала іс-әрекетін тиімді іске асыру үшін қажет (эстетикалыққабылдау, бейнелік көріністер, бейнелік ойлау, шынайылыққа эмоционалды – жағымды қатынас, зейін мен есте сақтау және т.б.). Келесі негізде интеграциялық сабақтар негізіне төмендегідей талаптар қойылады: оқу материалының нақты және ықшам түрде болуы; бағдарлама бөлімдеріне сәйкес материалдың өзара логикалық байланысы; оқу материалының көп ақпаратты қамтуы; материалды берудегі жүйелілік пен қолжетімділік. Интеграцияланған оқыту іс-әрекеті барысында өнер, коммуникативтілік, танымдық, қимыл-қозғалыстық іс-әрекеттер бір топқа жинақталып түрлі темпераменттегі бала зейінін шоғырландырады. Біз студенттерге білім беру жүйесінде пайдаланылатын түрлі тұғырларға сипаттама және тірек материалдарын беріп, сонымен қатар интегративті тұғыр негізіндегі сабақ жоспарларына не себепті басымдық таныту қажеттілігін түсіндірдік. Бұл тұғырды таңдау себебі бірінші кезектегі уақыт тапшылығы мен қысқа мерзімде көп ақпаратпен жұмыс жасау қажеттігі екендігі айтылды.

Жоспарда көрсетілген келесі тақырып «Сыныптағы дамытушы пәндік-кеңістіктік ортасын ұйымдастыру». Баланың мектепте өзін жайлы сезініп және тұлға ретінде дамуы аса маңызды. Оған пәндік-кеңістіктік орта әсері аса маңызды. Балаға педагогикалық үдеріс үшін қажетті эстетикалық, педагогикалық – психологиялық шарттардың құру керек. Пәндік – кеңістіктік орта құруда болашақ мамандар төменгі ұстанымдарды ескеру керек: мекемелердің көп қызметтілігі; кеңістікті тиімді қолдану, жарық пен түстің сәйкестігі, сыныпты көгалдандыру. Мақсаты: әлеуметтік белсенді тұлғаның қалыпты дамуы үшін пәндік – кеңістіктік ортаны құру. Міндеттері: оқу, оқудан тыс, мектептен тыс іс-әрекеттердің интеграциясы арқылы әлеуметтік байланыстарды қалыптастыру; денсаулықты сақтау технологияларын пайдалану тұлғаның жан-жақты дамуы үшін жағымды жағдай тудыру. Студенттер мектептегі педагогикалық тәжірибеден өту кезінде осы айтылған жайттарды ескеруі қажет, яғни олар барлық баланың жан-жақты дамуына, сабақты меңгеруіне қажетті шаралардан терең негізде хабардар болуы аса маңызды.

Жоспардың келесі тақырыбы «Түсіну, қабылдау, сезіну». Біз өзіміздің зерттеу тақырыбымыздың аясында эмпатияға аса көп назар бөлген едік. Клуб аясында да осы тақырыпқа тоқталып өтеміз. Біз элективті курс негізінде эмпатияға қатысты тренинг өткізгенбіз. Бұл сабақ негізінде теориялық материал бала психологиясына бағытталған, яғни баланың даму сатылары,

біздің жағдайымызда аса көп көңіл бастауыш сынып оқушыларына бөлінбек. Эмпатия коммуникативтік үдерістің негізгі сәті болып табылады. Қарым-қатынас барысында эмпатия серіктестер арасында үйлесімді теңестірілген қарым-қатынастарға қол жеткізуге мүмкіндік береді, адамның жүріс-тұрысына әлеуметтік алғы шарт береді. Дамыған қарым-қатынастағы серіктесіне уайым-түсінушілік білдіруді, оның ішкі дүниесін терең ұғынуды көздейтін қызметтің түрлерінде қажетті шарт болып табылады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің бойындағы үнемі орын алатын бақылау, әрбір өз оқушысын тану, көңіл – күйін айыру, бала жағдайын түсіне алу. Сонымен қатар оны сабақ барысында дұрыс пайдалану жолдарымен танысу. Бұл сабақ барысында педагогикалық жағдаяттарға аса көп көңіл бөлінді, яғни білім алушылар шынайы жағдаят құру арқылы көптеген қиындық тудырушы жағдайлар шешімін іздестірді. Педагогикалық жағдаяттар студенттер үшін аса құнды құрал деп есептейміз, дегенмен ол белгілі деңгейде басқарылуы аса қажет, себебі ол жағдаяттардың шешімі түрлі негізде орын алады, ал онымен өзгелер келісу және келіспеушілігі көптеген дауларды тудырады.

Келесі жоспарда көрсетілген және осы жылға соңғы жоспарланған тақырып «Ата-аналармен өзараәрекеттестік жұмысын ұйымдастыру». Бұл тақырыпты бір көргеннен бізге ынтымақтастық педагогикасы еске түседі. Мектепте ата-аналармен өзараәрекеттестік формаларына көптеген назар бөлінеді. Мүмкін студенттер педагогикалық тәжірибе барысында ата-аналармен жұмыс жүргізіп үлгермеуі мүмкін, дегенмен ата – аналармен өзараәрекеттестіктің жұмыс түрлерімен мейлінше таныс болуы керек. Мектепте педагогикалық үштік сақталады: бала – ата-ана – сынып жетекшісі; осы байланыс негізінде үнемі жұмыс жүргізіледі. Отбасы мен сыныпта көптеген туындаған мәселелі жағдаяттарды шешу, яғни отбасы, ата-аналар және балалар, педагогтар, білім алушылар осы мәселеге қатысты сұрақтарға жауап береді. Ата-аналар конференциясы, жиналыстар – бұл ата-аналарды түрлі бағыттағы ағартушылық қызметтер. Сонымен қатар мектепте туындаған түрлі кикілжің жағдайларды шешу мақсатымен ұйымдастырылған дөңгелек үстелдер, педагогикалық үштік.

Бұл педагогикалық тәжірибе дайындық кезеңіне арналған клуб аясында біз жүргізген дәріс, семинар, тренинг, семинар – практикум сабақтарындағы студенттермен жүргізілген әдістердің технологиялық картасын ұсынсақ. Төменде берілген кестеден біз осы клуб сабақ жоспарына сәйкес жүргізілген сабақтардағы студенттермен жүргізілген әдістердің мазмұнына қысқаша сипаттама береміз (Кесте 17).

Кесте 17 - «Педагогикалық шеберлік» клубының студенттерге арналған технологиялық картасы

№	Әдіс	Мазмұны	Әдістің практикалық мәнділігі
1.	Нақты жағдаяттарды талдау және	Нақты жағдаяттардың төрт түрі белгілі:	Аталған әдіс көптеген ұсынылған

1	2	3	4
	педагогикалық міндеттерді шешу	- Бейнелік – жағдаяттар практикадағы қарапайым жағдаяттар сипатталады және дәл сол тұста нақты шешімдері беріледі; - Жаттығу – жағдаяттары, шешімді қажет етеді, кейбір тапсырмаларды орындап шешімін табу; - Бағалау – жағдаяттары мәселе шешімі белгілі, студенттен оған талдау жасап, қабылданған шешімді негіздеп және бағасын беру; - Мәселелі – жағдаяттар – белсендірудің күрделі түрі, практикадан алынған нақты мысал шынайы бар қиындық ретінде қабылдау, оның шешімін табу қажетігі бар; көмек ретінде студенттерге қосымша сұрақтар беріледі;	жағдаяттардың негізделген шешімін таңдауға, әр жағдайда да педагогикалық тұрғыда дұрыс шешім қабылдау біліктілігін дамыту және қалыптастыруға әсерін тигізеді.
2.	Диалог, Пікірталас	Диалог – бұл әңгімелесу, еркін түрде пікір алмасу, көбіне ол мәселе сипаттамасын жан – жақты толықтыра түседі, бұл жағдайда пікірталас туындамайды, себебі әр әңгімеге қатысушы өз пікірін білдіреді. Бір – біріне қарама – қарсы пікірлерді талқылау кезінде жетекші бір мәселеге екі пікірді талқылауға ұсынады. Студент өз қатынасын пайымдап және негіздеуі керек.	Диалог және пікірталас формасында сұрақтарды ұжымда талқылау дағдысын игереді.
3.	Практикалық біліктіліктерге үйрету	Жұмыс тәжірибесінен үйрету элементтерін беру. Аудио және видео жазбаларды тиімді қолдану.	Практикалық жағдайлардың тиімді және мүмкін болатын шешімдерімен танысу, практикада кәсіби біліктіліктерді игеру.
4.	Бастауыш сынып мұғалімінің бір жұмыс күнін имитациялау әдісі	Бұл әдісті пайдалану кезінде студенттерге 1-4 аралығындағы сынып көрсетіледі, шешу керекті	Практикадағы кәсіби біліктіліктерді игеру;

17 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
		мақсат және міндеттер көрсетіледі, белгілі бір уақыт аралығында өз жұмыс күнінің моделін ұсыну беріледі. Нәтижесінде жетекші ұсынылған моделдерді талқылап, артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсетеді.	
5.	Педагогикалық сөзжұмбақ және перфокарталар	Бұл әдісті топтық және жеке әдістемелік іс-шараларда пайдаланылады.	Студенттердің нақты тақырыпқа байланысты білімдерін нақтылайды педагогикалық ой-өрісін кеңейтеді.
6.	Педагогикалық күрес әдісі	Кеңес беру, семинар немесе педагогикалық кеңес бір құрамдас бөлігі ретінде қолданылады. Қатысушылар екі топқа бөлінеді. Жетекші алдын ала сұрақтар даярлайды, олар топтарға бағытталады. Ойлануға уақыт беріліп одан сұрақ жауабы алынады. Бағалау кезінде: жауап даярлығы мен тез жауап беруі; дұрыстығы, қысқа және нақты болуы, негіздеме бере алуы бағаланады.	Өз пікірін нақты қалыптастыру біліктілігін, дәйекті негіздеме беру біліктілігін, ұжымдық талқылауға қатысу біліктілігін игереді.
7.	STEM – білім беру	Білім беру парадигмасындағы бастауыш білімнің жаңа мазмұны бойынша сабақ үлгілерін қысқа мерзімді жоспарлау (STEM – білім бойынша).	Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес студенттердің жаңа үлгідегі қысқа мерзімді сабақ жоспарын құруға үйренеді.
8.	Бастауыш сынып оқушылары мінез-құлқын, шығармашылығын, сөйлеген сөздерін талдау әдісі	Жетекшімен арнайы материалдар даярланады: аудио жазбалар, суреттер жиынтығы, олардың мінез-әрекеттерінің жазбалары. Студенттер аталған материалмен танысып, оны талдай келе біліктіліктеріне, дамуына, бала тәрбиесіне, баға беріп, болашақ мұғалімге қажетті нақты ұсыныстар береді.	Балалар іс-әрекеті өнімін талдай алуы.
9.	Ойындық моделдеу әдісі	Ойын әдістері көп жағдайда теориялық білімді практикамен ұштастыруға көмек береді.	Аталған әдіс қызығушылық оятып жоғары деңгейдегі белсенділік тудырады.

Сонымен «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту» атты элективті курс бағдарламасы және «Педагогикалық шеберлік» клуб жұмысы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуда және жалпы болашақ маманды даярлауда қолданылатын білім берудің формалары мен әдістерін жетілдіруде, студенттерді оқу-тәрбие іс-әрекетіне ынталы негізде қатысуға және бұл іс-шараларды ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Қорыта келгенде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту әдістемесі бойынша оқытушыларды студенттермен жұмыс жасауда қажетті білімдермен жабдықтау, студенттер ұжымына қолайлы психологиялық ахуалды және өзара әрекеттесу қатынастарын орнату қажеттілігін ұғынуда маңызды болып табылады. Сонымен жоғарыда айтылғандардың барлығы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту қажет деп тұжырымдауымызға негіз болды.

2.3 Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген қалыптастырушы эксперименттің нәтижелері

Әлеуметтік зияттылықтың жетілу шамасына қарай, субъектінің сыртқы, елеусіз, таза мінез-құлықтан шығатын жүріс-тұрысының сипаттамаларына бағдарлануы ішкі әрекеттерінің әрдайым саналы бола бермейтін мотивтеріне бағдар алуымен алмасып тұрады.

Р.Селман әлеуметтік зияттылықтың бес негізгі даму кезеңін бөліп көрсетеді. Жас бала ішкі, психологиялық және сыртқы, мінез-құлықтың физикалық қағидаларын ажырата алмайтын нөлдік, әлеуметтікке дейінгі кезеңі өзге адамдардың және өзінің меншікті ойлары мен сезімдері дербес шынайылыққа бөлініп шығып, бала қызығушылықтары қатарына қосылғанда аяқталады.

Әлеуметтік зияттылықтың дамуындағы *алғашқы кезең*: сыртқы және ішкі дүниенің саралану кезеңі – түрлі көзқарастарды, ниеттерді, әрекеттері келістіру кезеңімен алмасады. Әлеуметтік зияттылықтың *екінші кезеңінде* басқа адамның көзқарасымен қарауға әрекет жасап, серіктесіне өз көзқарасын өзіне өлшеп көруді ұсынады. Әлеуметтік зияттылықтың дамуындағы *үшінші кезеңде* жеке адамдар жүріс-тұрысындағы өзара тәуелділікті, өзара алғы шарт болатын түрлі, кейде қайшы мақсаттарды түсіну, адами әрекеттесу туралы түсінік құрылымға ие болып, бір жүйеге түзіледі. Әлеуметтік дамудың *төртінші кезеңінде* адами жақындықтың түрлі деңгейлерін ұғыну және жақындықтың түрлі деңгейлерінде қатынастарды құрудың амалдарына икемділік немесе қабілет пайда болады.

Әлеуметтік зияттылықтың дамуындағы осы жоғары деңгейіне жету үшін білім алушының интеллектуалды дамуының ең жоғары кезеңіне жеткені әрине көңілге қонымды жағдай орын алуы керек. Әлеуметтік міндеттерді шешу қабілетінде қатаң бір мәнді сәйкестік болмайды. Жүріс-тұрыс қиыншылықтары бар білім алушылар жиі жағдайда жалпы зияттылыққа арналған тапсырмаларда жоғары табысқа жетеді де, әлеуметтік зияттылықтың дамуындағы деңгейді өлшейтін тапсырмаларға икемсіз болады.

Қалыптастыру экспериментінің мақсаты – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің осы қасиет – сапаларын олардың тұлғасының әлеуметтік зияттылық факторы ретіндегі өзіндік іс-әрекетінің субъектісі болуы.

Біз оқу жоспарына енгізген элективті курс аяқталғаннан кейін өзіндік іріктеп алынған әдістемелерімізді бақылау және эксперимент топтарына қалыптастыру экспериментінен кейінгі өзгеріс нәтижелерін талдау мақсатымен қайта жүргіздік. Соның нәтижесінде В.Э. Мильманның тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасын анықтау әдістемесінің көрсеткіштері төмендегідей 18 – кестеде берілген.


Кесте 18 – Қалыптастыру эксперименті В.Э. Мильманның әдістемесі бойынша зерттелуші топтардың пайыздық көрсеткіштері.

№	Шкалалар атауы	Экспериментке дейін		Эксперименттен кейін	
		Бақылау тобы	Эксперименттік топ	Бақылау тобы	Эксперименттік топ
1.	Өмір қамсыздандыру	12 (21%)	12 (20%)	10 (17%)	8 (13%)
2.	Саялылық	11 (19%)	11 (18%)	10 (18%)	8 (13%)
3.	Әлеуметтік мәртебе	10 (17%)	10 (16%)	9 (16%)	8 (13%)
4.	Қарым - қатынас	11 (19%)	10 (16%)	9 (15%)	11 (18%)
5.	Жалпы белсенділік	5 (9%)	7 (11%)	8 (14%)	9 (15%)
6.	Шығармашылық белсенділік	3 (5%)	5 (9%)	6 (10%)	8 (13%)
7.	Әлеуметтік пайдалы іс-әрекет	6 (10%)	6(10%)	6 (10%)	9(15%)

В.Э. Мильманның тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы нәтижесінде экспериментке дейін және эксперименттен кейін жинақталған көрсеткіштерге сәйкес төмендегідей шкалалар бойынша талдау жасай аламыз, бізде тәжірибелік топта 61 студент қатысты оның ішінде пайыздық үлеспен есептегенде өмір қамсыздандыру шкаласы бойынша 8 студент 13 % пайызын, саялылық шкаласы бойынша 8 студент 13 % пайыздық көрсеткішті, әлеуметтік мәртебе бойынша 8 студент 13 % пайызды, қарым – қатынас шкаласынан 11 студент 18 %, жалпы белсенділік шкаласынан 9 студент 15 %, шығармашылық белсенділік бойынша 8 студент 13 % пайызды көрсетті, әлеуметтік пайдалы іс-әрекет шкаласы бойынша 9 студент жалпы топ санының 15 % құрады.


Біз анықтау эксперименті кезінде білім алушылардың бойында «жалпы өмірлік бағыттылық» профилінің басымдығын көрген едік, ал «жалпы кәсібилік бағыттылық» профилінің деңгейі төмен еді. Біздің зерттеуіміз білім беру мекемесінің қабырғасында өткендіктен, біз үшін «жалпы кәсібилік бағыттылық» профилі аса маңызды болды. Аталған әдістеме барысында мотивациялық құрылымның жоғары деңгейі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылық деңгейінің жоғары деңгейін көрсетеді деп айта аламыз. Яғни қалыптастыру экспериментінде болашақ бастауыш сынып мұғалімінде әлеуметтік зияттылығын дамытуға деген мотивациялық-құндылық қатыстың, танымдық, әлеуметтік мотивтердің артуына барынша күш салынды. Нәтижесінде әдістеменің көрсеткіштерін пайыздық үлеске бөлген кезде, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің өзіндік болашақ кәсібіне деген «жалпы кәсібилік бағыттылығы» негізінде мотивациялық құрылымы біршама көтерілген. Оны біз төменде келтірілген диаграммадан анық көре аламыз (Сурет 9).

«Жалпы кәсібилік бағыттылық» профиліне кіретін жалпы белсенділік, шығармашылық белсенділік, әлеуметтік пайдалы іс-әрекет шкалалары бізге білім алушылар бойында ілім мен таным туралы деректерді жинау, өңдеу, түсіну дағдысының жоғарылағандығын, өз білімінің мақсаткерлік субъектісі бола алуын, өз болашақ кәсібіне деген жауапкершілік сезімінің артуын, өз кәсіби бағытында болашақ шебер маман ретінде инновациялық ресурстарды жүзеге асырып және белсенді ете алуын, сонымен қатар әлеуметтік зияттылықтың даму жолында алынатын нәтиженің әлі беймәлім әрекеттерді шешудегі жауапкершілікті сезінуде басталғалы тұрған істің субъектісі болуға деген даярлығын аңғартады.



Сурет 9 – В.Э. Мильман әдістемесі бойынша экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі шкалалар бойынша пайыздық көрсеткіштер

Суретте көріп тұрғанымыздай эксперименттен кейін жалпы белсенділік, шығармашылық белсенділік, әлеуметтік пайдалы іс-әрекет шкалаларында өсу байқалады.



Сурет 10 - В.Э. Мильманның тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы әдістемесінің мотивациялық профильдерінің салыстырмалы диаграммасы

Берілген суретте экспериментке дейін және эксперименттен кейін екі топта «жалпы өмірлік бағыттылық профилі» бойынша пайыздық көрсеткіште айтарлықтай өзгеріс байқалмайды. Дегенмен аталған профилде сурет бойынша төмендеу байқалса, ал «жалпы кәсібилік бағыттылық» профилі бойынша суретте жоғарылау байқалады. Эксперименттен кейін «жалпы кәсібилік бағыттылық» профилі төмен деңгейден орташадан жоғары деңгейге көтерілген. Ол дегеніміз білім алушы мотивациясы неғұрлым жоғары болған сайын әлеуметтік зияттылық та деңгейі арта түспек. Бұл тұста біз кәсіби мотивациясының көтерілу тенденциясын ескереміз. Қалыптастыру экспериментті барысында сабақ жоспарлары, топтағы дұрыс ахуал, белсенді түрде жүргізілген жұмыстар өз нәтижелігімен ерекшеленді деп айта аламыз.


Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінде әлеуметтік зияттылығын дамытуға деген мотивациялық – құндылық қатыстың, танымдық, әлеуметтік мотивтердің болуы бірінші кезекте тұлғаның өзін-өзі белсендіруімен сипатталады. Қалыптастыру экспериментінен кейінгі жүргізілген А.В. Лазукиннің Н.Ф. Калининмен бейімделген «Тұлғаның өзін-өзі белсендіруін диагностикалау» әдістемесінің шкалалары бойынша көрсеткіштер төмендегідей негізде өзгерген. Кестеде біз экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі шамалардың пайыздық жиынтығын 19 – кестеде көрсетеміз.

Кесте 19 – А.В. Лазукиннің Н.Ф. Калининмен бейімделген «Тұлғаның өзін-өзі белсендіруін диагностикалау» әдістемесінің шкалалары бойынша көрсеткіштерінің эксперименттен кейінгі сипаттамасы

№	Шкалалар атауы	Экспериментке дейін		Эксперименттен кейін	
		Бақылау тобы	Тәжірибелік топ	Бақылау тобы	Тәжірибелік топ
1	Уақытқа бағдарлану шкаласы	5 (9 %)	8 (13 %)	6 (10 %)	5 (8 %)
2	Құндылықтар шкаласы	7 (12 %)	8 (13 %)	6 (10 %)	6 (10 %)
3	Табиғатқа жағымды немесе жағымсыз көзқарас шкаласы	7 (12 %)	10 (16,5 %)	8 (13 %)	7 (11,5 %)
4	Таным қажеттілігі шкаласы	5 (9 %)	4 (6,5 %)	4 (6,7 %)	6 (10 %)
5	Креативтілік, шығармашылыққа ұмтылыс	4 (6,7 %)	4 (6,5 %)	5 (9 %)	7(11,5 %)
6	Автономдылық шкаласы	5 (9 %)	4 (6,5 %)	6 (10 %)	2 (3,5 %)
7	Спонтандылық шкаласы	6 (10 %)	7 (12 %)	5 (9 %)	5 (8 %)
8	Өзін – өзі түсіну шкаласы	6 (10 %)	4 (6,5 %)	4 (6,7 %)	7 (11,5 %)
9	Аутосимпатия шкаласы	5 (9 %)	4 (6,5 %)	4 (6,7 %)	4 (6,5 %)
10	Байланыстылық шкаласы	4 (6,7 %)	4 (6,5 %)	5 (9 %)	4 (6,5 %)
11	Қарым-қатынастағы иілгіштігі шкаласы	4 (6,7 %)	4 (6,5 %)	6 (10 %)	8 (13 %)

Біз берілген кестеден эксперименттен кейінгі нәтиже бойынша бақылау тобында айтарлықтай өзгешеліктер болмағанын байқаймыз. Тәжірибелік топта таным қажеттілігі шкаласынан өсу динамикасын көреміз, ол дегеніміз өзіндік белсенділік деңгейінің артуы, ол өз кезегінде таным қажеттілігін тудырады, бұл шкаланың жоғары көрсеткіші адам болмысын тануды көрсетеді, ол дегеніміз жаңаны іздеу, түрлі объектілерге қызығушылық таныту. Сондай өсу

динамикасы креативтілік, шығармашылыққа ұмтылыс шкаласынан көрінеді, бұл өзін-өзі белсендірудің міндетті белгісі. Шығармашылыққа ұмыту бастамашылдыққа, өзіндік ойдың дамуына, өз пікірін ұстануға, мақсаткерлік субъектісі болуға, әр басталған істің басында тұрып со іс-әрекет субъектісіне айналуға алып келеді. Сонымен қатар өсу өзін – өзі түсіну шкаласынан да айқын көрінеді. Аталған шкаладағы өзгеріс адамның құштарлықтары мен қажеттіліктеріне сезімталдылығын және сензитивтілігін анықтайды. Бұл тұлғалар бойындағы болмысынан алыстататын психологиялық қорғанудан еркін, тәуелсіз болады, жекелік талғамы мен сыртқы әлеуметтік пішіндерін ауыстыруға бейім келмейді. Өзін – өзі жетік түсіне білген тұлға өзгені де тануға және түсінуге тырысады, бұл әлеуметтік зияттылықтың бірден бір көрсеткіші, яғни әлеуметтік зияттылықтың дамуы кезінде алынатын нәтиже әлі де беймәлім әрекеттерді шешудегі жауапкершілік сезіну, өзіндік белсенділігі арқылы қол жеткізген нәтижені жаңа құрылым ретінде сезіну арқылы оған баға бере алу. Осы тұста қарым-қатынастағы иілгіштік шкаласынан біз өсу динамикасын көреміз, ол қарым-қатынастағы әлеуметтік жағдайға байланысты өзін-өзі көрсету қабілетінің болуымен анықталады. Мұнда тұлғаның өзін-өзі қажетті деңгейге сәйкес көрсете алу қабілетінің жоғары дәрежесі. Бұл адамдар тұлғалық қарым-қатынасқа бағытталған, өтірік пен манипуляцияға жол бермейтін, менмендік қасиеті жоқ болуымен ерекшеленеді. Өзін жүзеге асқан істің субъектісі ретінде рефлексиялық мәдениетті сезінеді. Осы сипатталған шкалалар бойынша эксперименттен кейінгі көрсеткіштерді диаграмма арқылы көрсететін болсақ, шкалалар бойынша өзгеріс деңгейлері анық байқалар еді (Сурет 11).




Сурет 11 – Тәжірибелік топ шкалалары бойынша көрсеткіштерінің экспериментке дейін және эксперименттен кейінгі жағдайы

Эксперименттен кейінгі жүргізілген әдістемеге сәйкес білім алушылардың жалпы өзін-өзі белсендіруінің орташа шамасы – 69 тең болды. Жоғарыда көрсетіп кеткеніміздей орташа бал негізінде өзіндік белсенділік деңгейі үш факторға негізделіп көрсетіледі: А факторы (жоғары) – 70-81 балды құрайды, В факторы (орташа) – 60-70 балды құрады, С факторы (төмен) – 48-59 балды құрайды. Біз осы аталған факторлардың көрсеткіштерін кесте негізінде сипаттамасын 20 – кестеде берейік.

Кесте 20 – А.В. Лазукиннің Н.Ф. Калининмен бейімделген «Тұлғаның өзін-өзі белсендіруін диагностикалау» әдістемесінің факторлары бойынша эксперименттен кейінгі көрсеткіші

№	Деңгейлері	Экспериментке дейін		Эксперименттен кейін	
		Бақылау тобы	Тәжірибелік топ	Бақылау тобы	Тәжірибелік топ
1	А (Жоғары)	10 (17 %)	8 (13 %)	11 (18 %)	12 (19 %)
2	В (Орташа)	15 (26 %)	18 (30 %)	17 (30 %)	38 (63 %)
3	С (Төмен)	33 (57 %)	35 (57 %)	30 (52 %)	11 (18 %)

Кестеден берілген экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі екі топ студенттердің өзін-өзі белсендіру деңгейлерін үш факторға бөліп көрсетілген, А жоғары факторы экспериментке дейін – бақылау тобында 17 % пайызды құраса, эксперименттен кейін бір пайызға өсіп 18 % құрайды. А факторы бойынша бақылау тобында өзгеріс жоқ. Тәжірибелік топта А жоғары факторы бойынша экспериментке дейін 13 % пайыз, ал эксперименттен кейін 19 % көрсеткен, эксперименттік топта 6 % жоғарылау байқалған. В орташа факторы экспериментке дейін – бақылау тобында – 26 %, ал эксперименттен кейін 30 % құрайды, аталған шамадан 4 % өзгеріс байқалған, бұл фактор бойынша экспериментке дейін эксперименттік топта 30 %, эксперименттен кейін 63 % құраған, өсу динамикасы байқалады шамамен 33 % өскен. Бұл дегеніміз айтарлықтай өзгеріс болып табылады. С төмен факторы экспериментке дейін – бақылау тобында 57 %, эксперименттен кейін 52 % құрайды, 5 % төмендеу байқалады. С төмен фактор бойынша экспериментке дейін, тәжірибелік топта 57 % құраған, ал эксперименттен кейін 18 % төмендеген. Әдістемені өткізудің нәтижесінде жоғары факторлы өзін – өзі белсендіру деңгейге ие тұлғалар белсенді, өз мамандығын саналы түрде таңдаған, шығармашыл негізде ойлай алатын, білім, білік, дағды игеруге бейім, дарындылық қабілеті бар, өз ішкі потенциалын ашуға бейім, дамуға даяр. Тәжірибелік топ көрсеткіштеріне анық өзгеріс байқалады, біз оны төменде берілген суреттен айқын сипаттамасын көре аламыз (Сурет 12).



Сурет 12 - А.В. Лазукиннің Н.Ф. Калининмен бейімделген «Тұлғаның өзін-өзі белсендіруін диагностикалау» әдістемесінің тәжірибелік топ бойынша факторларының салыстырмалы пайыздық көрсеткіштері

Диаграмма сипаттамасынан қалыптастыру экспериментінің нәтижесін көреміз, өзін-өзі белсендіру неден бастау алады, әрине бірінші кезекте өзіндік таным, өз мүмкіндітерін, қабілеттерін және қажеттіліктерін айқындау, келесі кезекте өзін-өзі белсендіру әдістерін табу, олардың саны әлдеқайда көп, мысалы: сүйікті іс, отбасындағы қарым-қатынас, саяхат; Ең бастысы бұл әрекет өзіндік екенін түсіну. Өзін-өзі белсендіру кезінде ең басты кезекте таңдау орны алады, адамның басты таңдауы – өзін-өзі белсендіруге ұмтылыс пен одан саналы түрде қашу. Өзін-өзі жетілдіру кезінде шығармашылық іс-әрекет адамды жағымды ортадан шығарады, ол кезе сыртқы қатаң ұстанымдарды бұзу, қиындықтарды жеңу, өзіндік пікірді өзгерту сынды әрекеттер жүреді. Дегенмен егер тұлға өзін-өзі белсендіру жолына енген болса, тұлғада өз-өзіне деген сенімділік, өзіндік жеңіс сезімі, стресске төзімділік деңгейінің артуы, жаңа қабілеттер мен біліктіліктердің қалыптасуы орын алады. Ең басты ескерілетін жайт білім алушылардың барлық іс-әрекетті өз еркімен жасауы, яғни ол бала кезден ата-анамен берілетін басты қасиет. Таңдау жасай алу өзіне сенімділікпен және өзіндік жауапкершілік алумен, өз іс-әрекеттерінің нәтижесіне жауап берумен тығыз байланысты. Жауапкершілік ересек өмірдің басты көрсеткіші. Біздің жағдайымызда осы мамандықты саналы негізде таңдау жасауы, оған деген сүйіспеншілігі және болашақ маман ретінде өзін-өзі белсендіру және жетілдіру деңгейі әлеуметтік зияттылықтың дамуындағы өзінің белсенділігі арқылы қол жеткен нәтижені жаңа құрылым ретінде сезіне отырып, оған баға бере алуынан, өзін жүзеге асқан істің субъектісі ретінде рефлексиялық мәдениеттің жоғарылауынан, оқу қызметіндегі алынған нәтижеде түзілген қарама-қайшылықтардың шешімін табуда өзін-өзі қайта құрып, әлеуметтік зияттылығына өзгеріс енгізіп, жаңа идея құра алуынан айқын көрінеді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік және ұйымдастырушылық бейімділігін анықтауға арналған әдістеме мәліметтері қалыптастыру экспериментінен кейін төменде көрсетілген нәтижелер 21 – кесте арқылы сипатталады.


Кесте 21 – Бақылау эксперименті коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділікті бағалау әдістемесі (КОС-2) бойынша алынған нәтижелер

<i>Деңгейлері</i>	<i>Бақылау тобы(58)</i>	<i>Тәжірибелік топ(61)</i>	<i>Бақылау тобы(58)</i>	<i>Тәжірибелік топ(61)</i>
Өте төмен (1-4 балл)	5 % (3)	5 % (3)	7 % (4)	-
Ортадан төмен (5-8 балл)	15 % (9)	17 % (10)	15 % (9)	11 % (6)
Орташа (9-12 балл)	50 % (29)	52 % (32)	55 % (32)	36 % (22)
Орташадан жоғары (13-16 балл)	25 % (14)	21 % (13)	20 % (11)	37 % (23)
Өте жоғары (17-20)	5 % (3)	5 % (3)	3 % (2)	16 % (10)

Аталған әдістеме бойынша бақылау тобында еш өзгерістер байқалмаған. Тәжірибелік топ бойынша 1-4 балға дейін жинақтаған өте төмен деген деңгейге сәйкес келетін коммуникативтік және ұйымдастырушылық бейімділік өте төмен деңгейде көрінуімен сипатталатын нәтиже жоқ. 5-8 балды иеленген экспериментке дейінгі 10 студент 17 % пайызды құрайды, эксперименттен кейін бұл көрсеткіш саны 6 студент 11 % азайған. Бұл студенттер қарым-қатынасқа ұмтылысы төмен, жаңа ортада, ұжымда өзін ыңғайсыз сезінетін, жалғыздыққа бейімділік танытады. Таныстық саны шектеулі, көпшілік алдында сөйлеуге, адамдармен байланыс орнатуда қиындықтар сезінеді, қоғамдық іс-әрекетте бастамашылдық жоқ, өзіндік пікірі қалыптаспаған, өз бетімен шешім қабылдаудан бас тартатын білім алушылар. Мұндай студенттер саны жүз пайыздың 11 % ғана құрайды, оны өте жақсы нәтиже деп есептейміз. 9-12 балл жинаған орташа деңгейдегі экспериментке дейін 32 студент 52 % пайызды құраған, ал эксперименттен кейін олардың саны 22 студентке азайған, яғни ол 100% көрсеткіштің 36 % ғана құрайды. Бұл қатысушылар коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділіктің орта деңгейіне ие. Олар адамдармен байланысуға бейім, таныстық шегін шектемейді, өзіндік пікірі бар, өз жұмысын жоспарлай алатын, дегенмен бейімділік әлеуеті жоғары тұрақтылықпен ерекшеленбейді. 13-16 балды иеленген орташадан жоғары деңгейдегі экспериментке дейін 13 студент 21 % пайызды құраған, эксперименттен кейін 23 студент 37 % ға ұлғайған. Бұл студенттерге коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділіктің орташадан жоғары деңгейі тиісті. Олар жаңа

ортаға еркін кіріге алатын, достық қарым-қатынасты оңай құра алатын, таныстарын көбейтуге әрдайым ұмтылысы бар, қоғамдық іс-әрекетте бастамашылдық танытатын, өзгеге көмек беруге даяр, туындаған жағдайға байланысты дербес шешім қабылдауға мүмкіндігі бар тұлғалар. 17-20 балға ие сыналушылар экспериментке дейін 3 студент 5 % пайызын құраған, эксперименттен кейін 10 студент 16 % көрсеткішті берді. Бұл студенттер коммуникативті және ұйымдастырушылық іс-әрекетте қажеттілікті сезінеді және оған белсенді түрде ұмтылады. Жаңа ұжымда өзін еркін ұстайды, қиын жағдайларға тез бағдарланады, көптеген іс-әрекеттерде бастамашылдық танытады, түрлі ойындарды, іс-шараларды ұйымдастырғанды ұнатады, өзіндік қызығушылықтары бар іс-әрекеттер тұрақты орын алады. Коммуникативті және ұйымдастырушылық іс-әрекетке деген қажеттіліктерін өз бетімен қанағаттандырады.

Бақылау эксперименті бойынша эксперимент жүргізілген топтағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің «Коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділікті бағалау әдістемесі (КОС-2)» нәтижелері деңгейлері бойынша пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы төмендегі суретте анық көрсетілген.



Сурет 13 – Бақылау эксперименті бойынша экспериментке дейін және эксперименттен кейін «Коммуникативті және ұйымдастырушылық бейімділікті бағалау әдістемесі (КОС-2)» пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы.

Нәтижесінде студенттер экспериментке дейін және эксперименттен кейін нәтижелері бойынша эксперименталды топта өзгеріс барын анық көре аламыз, орташадан жоғары көрсеткіш жинақтаған студенттер саны пайыздық көрсеткішпен сипаттағанда 89 пайызға жеткенін көреміз. Коммуникативті және ұйымдастырушылық қабілеттер адамның күнделікті өміріне мейлінше көп әсері бар. Олардың төмен деңгейі барлық іс-әрекет аясына елеулі әсер етеді. Коммуникативті қабілеттер әрбір адам өмірінің құрамдас бөлігі, мұндай қабілеттерді дамыту жеке қарым-қатынас, жеке бизнес, сонымен қатар болашақ кәсібінде белгілі белеске шығу үшін көмек көрсетеді. Болашақ бастауыш сынып

мұғалімдері ақпарат көздерінің көбеюіне орай (ғаламтор, баспасөздік ақпарат, байланыс құралдары, кәсіби-педагогикалық порталдар т.б.) оған сыни көзқараста таңдау жасай алуы керек, сонымен қатар қарым-қатынастың субъектісі ретінде еркін белсенділік танытып, жаңа ақпараттар, білімдер іздеуі аса маңызды, студенттің қарым-қатынастық іс-әрекетіндегі ашықтығы, өзінің мақсатын орындауындағы барлық мүмкіндіктерді пайдалануы қазіргі қоғам талабы, коммуникативтік оқытуда білім алушы тек қана тіл туралы білімді меңгермейді, сонымен қатар, мәдени-әлеуметтік компонентті де меңгереді: қоғамдағы тәртіп үлгісі, сол елдің мәдениеті мен мәдениет нормалары туралы білімі, осылардың бәрі шынайы қарым-қатынастың жағдаяттарында сөйлеушімен өзара қарым-қатынас жасауға көмектеседі.

Ұйымдастырушылық сапалар талантты болашақ маманға тән. Оларға коммуникативті, лидерлік қабілеттер және ұмтылыстар мен психологиялық икемділік тән. Бұл қабілет объективтілік, балаларды оқуға деген ынтасын арттыруға деген мүмкіндік, оқу барысында туындайтын қиындықтарды шешуге деген мүмкіндігінің болуы. Ұйымдастырушылық әрекет аса күрделі, оқушы ұжымын тұрақты және динамикалы жүйе ретінде қалыптастырады.

Коммуникативті және ұйымдастырушылық қабілеттердің жоғары деңгейі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың шарты ретінде қарастырылады. Аталған әдістеме нәтижесінде алынған көрсеткіштер арасындағы өзгерістердің сенімділігін тексеру мақсатымен студенттің t - критерийінің тәуелді және тәуелсіз таңдамалары үшін арналған айнымалылары пайдаланылды. Бұл тұста біз статистикалық болжамдардың расталуын көрсетеміз. Біздің статистикалық болжамдарға сәйкес: H_0 : Бақылау тобы мен тәжірибелік топ студенттерінің эксперимент соңындағы білім деңгейлері арасындағы өзгеріс жоқ. H_1 : Бақылау тобы мен тәжірибелік топ студенттерінің эксперимент соңындағы білім деңгейлері арасындағы мәнді өзгеріс бар.

$t_{\text{эмп}} = 2.9 > t_{kp} = 2.763 (p \leq 0.01 \rightarrow H_1!)$ – жоғары статистикалық мәнділік. Бұл негізде біз тәуелсіз таңдамалар үшін жүргізілген критерий негізіндегі нөлдік болжамды теріске шығарып, студент топтарының арасындағы жоғары статистикалық деңгейдегі мәнді өзгеріс бар дей аламыз. Сонымен қатар тәуелді таңдамалар үшін студенттің критерийімен тәжірибелік топтың эксперимент басы мен соңындағы нәтижелерін салыстыра отырып, жаңа элективті курс әсерінің ұйымдастырушылық және коммуникативті қабілеттерінің деңгейінде ілгерушілік болғандығын немесе болмағандығын тексереміз: H_0 – эксперимент басы мен соңындағы көрсеткіштер арасында ілгерілеушілік жоқ; H_1 : эксперимент басы мен соңындағы көрсеткіштер арасында ілгерілеушілік бар.

$t_{\text{эмп}} > t_{kp} (p \leq 0.05 \rightarrow H_1!)$ – статистикалық мәнділік. Элективті курс енгізу кезінде білім алушылар деңгейінде ілгерілеушілік байқалған.

Келесі кезекте нақты әлеуметтік зияттылық деңгейін анықтауға арналған әдістemenің қалыптастыру экспериментінен кейінгі нәтижелерін өңдеуге кезек береміз. Анықтау эксперименті кезінде пайдаланылған Гисфорд – Салливен

әдістемесінің нәтижелері мен қалыптастыру экспериментінің нәтижесінде құрылған, «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту» атты ендірілген элективті курсты ескеру негізінде жасалған өзіндік сауалнама нәтижелерін талдаймыз.

Зерттеу кезінде қалыптастыру экспериментінен кейінгі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің көрсеткен нәтижелерінің жалпы орта мәндері мен стандартты ауытқулары 22 – кестеде берілген.

Кесте 22 – Гилфорд-Салливен әлеуметтік зияттылықты анықтау әдістемесі бойынша экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылық көрсеткіштерінің орташа мәндерінің салыстырмалы шамасы

№	Субтест атаулары	Экспериментке дейін		Эксперименттен кейін	
		Бақылау тобы	Тәжірибелік топ	Бақылау тобы	Тәжірибелік топ
1	Жалғастырылған оқиғалар	5,375	5,95	5,25	7,2
2	Экспрессия топтары	6,44	5,94	5,84	7,44
3	Вербалды экспрессия	4,5	4,5	4,3	6,5
4	Толықтырылған оқиғалар	3,81	3,92	3,89	6,15
5	Композиттік баға	20,125	20,31	19,28	27,29

Кестеде берілген Гилфорд-Салливен әдістемесінің субтесттері мен композиттік бағасының орташа мәндерінің салыстырмалы шамасы бойынша бақылау тобында экспериментке дейін және эксперименттен кейін өзгеріс жоқ. Ал тәжірибелік топта экспериментке дейін және эксперименттен кейінгі орташа мәндік көрсеткіштері арасында өзгеріс байқалады. Тәжірибелік топ өзгерісін талдайтын болсақ бірінші «Жалғастырылған оқиғалар» субтестінде орташа мәндік көрсеткіш 1,25 есе артық, екінші «Экспрессия топтары» субтестіне сәйкес орташа мәндік көрсеткіш 1,6 есе жоғарылаған, үшінші субтест «Вербалды экспрессия» нәтижелері бойынша сипаттама беретін болсақ орташа мәндік көрсеткіш 2 есеге артық, төртінші «Толықтырылған оқиғалар» субтестінің нәтижесіндегі орташа мәндік көрсеткіш 2,26 есеге жоғары нәтиже көрсеткен. Аталған орташа мәндік көрсеткіштерді Студенттің t-критерийі бойынша өзгеріс сенімділігін бағалап талдайтын болсақ, тәуелді таңдамалар үшін тәжірибелік топ эмпирикалық мәнін есептейміз. Яғни тәжірибелік топ экспериментке дейін және эксперименттен кейін Гилфорд – Салливен әдісесі негізінде алынған орташа мәндік көрсеткіштерінің ілгерілеушілік шамасын 23 – кестеде табамыз.

Кесте 23 – Тәуелді таңдамалар үшін тәжірибелік топ эмпирикалық мәні

№	Таңдама 1 (экспериментке дейін)	Таңдама 2 (эксперименттен кейін)	Ауытқулар	Ауытқулар квадраты
1	5,95	7,2	-1,25	1,56
2	5,94	7,44	-1,5	2,25
3	4,5	6,5	-2	4
4	3,92	6,15	-2,23	4,97
5	20,31	27,29	-6,98	12,78
Нәтижесінде: $t_{\text{эмп}} = 7,9; p \leq 0.05 \leftrightarrow 3.18; p \leq 0.01 \leftrightarrow 5.84$ $t_{\text{эмп}} = 7,9$ – алынған эмпирикалық шама маңыздылық аясына кіреді!				

23 – кестеден көретініміз экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі тәжірибелік топ орташа мәндерін арнайы Стьюдент критерийінің формуласына салып есептегеннен, нәтижесінде Стьюдент критерийінің эмпирикалық шамасы 7,9 болды, ол арнайы Стьюденттің t-критерийінің кризистік мәндері (арнайы есептелінген мәндер берілген кестеден алынған) аясында маңыздылық осіне салынып, алынған эмпирикалық шама маңыздылық аясына кіретіні дәлелденеді. Яғни болжамға сәйкес қалыптастырушы эксперимент тиімділігі көрсетіледі, экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерден өсу динамикасы айқын көрінеді.


Сонымен зерттеуге алынған топтардың арасындағы өзгерісті анықтау үшін Стьюденттің t-критерийінің тәуелсіз таңдамалар үшін берілген эмпирикалық мәнін есептейміз. Яғни эксперименттен кейінгі бақылау тобы мен тәжірибелік топ арасындағы өзгеріс сенімділігін 24 – кесте арқылы анықтаймыз.

Кесте 24 – Тәуелсіз таңдамалар үшін эксперименттен кейінгі бақылау тобы мен тәжірибелік топ эмпирикалық мәні

	Таңдамалар		Орташадан ауытқу		Ауытқулар квадраттары	
№	T.1	T.2	T.1	T.2	T.1	T.2
1	5,25	7,2	0,43	0,38	0,1849	0,1444
2	5,84	7,44	1,02	0,62	1,0404	0,3844
3	4,3	6,5	-0,52	-0,32	0,2704	0,1024
4	3,89	6,15	-0,93	-0,67	0,8649	0,4489
Қосындысы	19,89	27,29	0	0,01	2,3606	1,0801
Орташа мән	4,82	6,82				
Нәтижесінде: $t_{\text{эмп}} = 3,8; p \leq 0.05 \leftrightarrow 2,45; p \leq 0.01 \leftrightarrow 3,71$ $t_{\text{эмп}} = 3,8$ – алынған эмпирикалық шама маңыздылық аясына кіреді!						
T.1 – бақылау тобы T.2 – тәжірибелік топ						

Берілген кестеден біз тәуелсіз таңдамалар үшін эксперименттен кейінгі бақылау тобы мен тәжірибелік топ эмпирикалық мәні арнайы есептеулерден кейін маңыздылық аясына кіретінін анықтадық. Бақылау тобы мен тәжірибелік топ арасында өзгешеліктің сенімділігі тексерілді.

Жоғарыдағы Гилфорд – Салливен әлеуметтік зияттылықты анықтау әдістемесі бойынша экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылық көрсеткіштерінің орташа мәндерінің көрсеткіштері нәтижелерін диаграмма түрінде 14 – суретте сипаттаймыз.



Сурет 14 – Экспериментке дейін және эксперименттен кейін субтесттермен мен композиттік бағаның орташа мән шамасының диаграммасы

Гилфорд – Салливен әдістемесі бойынша алынған субтесттердің нәтижесін пайыздық шамаға бөлу негізінде төмендегідей қорытындыға келеміз:

1. Жалғастырылған оқиғалар субтесті бойынша зерттеуге қатысқан студенттер арасында жоғары балл жинаған 4 студент (6,5 %) пайызды құраған, орташадан жоғары балл жинаған студенттер саны 17 студент (28 %) пайыз, ал орташа балл жинаған 20 студент (33 %) пайызды көрсетсе, орташадан төмен жинаған студенттер 13 студент (21 %) пайыз, төмен деңгей көрсеткен 7 студент (11 %) пайыздық көрсеткіш берген.

2. Экспрессия топтары субтесті бойынша зерттеуге қатысқан студенттер ішінен жоғары көрсеткіш берген 5 студент (8 %) пайызды көрсеткен, орташадан жоғары деңгейді көрсеткен 21 студент (35 %) пайыздық нәтиже берген, орташа көрсеткіш берген 16 студент (26 %) пайызды берсе, орташадан төмен жинаған 10 студент (16 %) пайызды көрсеткен, ал төмен балдық көрсеткіш жинаған 9 студент (15 %) пайыздық көрсеткіш берген.

3. Вербалды экспрессия субтесті бойынша зерттеуге қатысқан студенттердің балдық көрсеткіштері бойынша пайыздық шамасы төмендегідей: 4 студент (6,5 %) жоғары деңгей, 15 студент (24,5 %) орташадан жоғары деңгей, 12 студент (20 %) орташа деңгей, 20 студент (33 %) орташадан төмен деңгей, 10 студент (16 %) төмен деңгей.


4. Толақтаралған оқиғалар субтесті бойынша зерттеуге қатысқан тәжірибелік топ студенттерінің балдық көрсеткіштері бойынша пайыздық шамасы төмендегідей: 3 студент (5 %) жоғары деңгей, 12 студент (20 %) орташадан жоғары деңгей, 15 студент (24,5 %) орташа деңгей, 21 студент (34,5 %) орташадан төмен деңгей, 10 студент (16 %) төмен деңгей.

Гилфорд-Салливен әлеуметтік зияттылықты анықтау әдістемесі бойынша эксперименттен кейінгі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылық көрсеткіштерінің пайыздық шама негізінде сипаттама берілген субтесттер нәтижелерін кесте арқылы 25 кестеде көрсетейік.

Кесте 25 – Гилфорд-Салливен әлеуметтік зияттылықты анықтау әдістемесі бойынша эксперименттен кейінгі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің субтесттер негізінде берілген шамасының пайыздық көрсеткіші

№	Деңгейлері	Субтест атаулары			
		Жалғастырылған оқиғалар	Экспрессия топтары	Вербалды экспрессия	Толықтырылған оқиғалар
1	Жоғары	4 (6,5%)	5 (8 %)	4 (6,5%)	3 (5%)
2	Орташадан жоғары	17 (28%)	21 (35%)	15 (24,5%)	12 (20%)
3	Орташа	20 (33%)	16 (26 %)	12 (20 %)	15 (24,5%)
4	Орташадан төмен	13 (21%)	10 (16 %)	20 (33%)	21 (34,5%)
5	Төмен	7 (11%)	9 (15 %)	10 (16 %)	10 (16%)

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту моделінің компоненттеріне арналған жоғарыда талданған әдістемелер жүйесінен біз әлеуметтік зияттылық күрделі құрылым екенін көреміз, дегенмен осы тұста нақты Гилфорд – Салливен әдістемесі бойынша әлеуметтік зияттылықтың қалыптастырушы эксперименттен кейін деңгейін диаграмма негізінде пайыздық көрсеткішпен 15 – суретте береміз.



Сурет 15 – Гилфорд – Салливен әдістемесі бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығының дамуының пайыздық көрсеткіштегі деңгейі.

Бұл суреттен көретініміз әлеуметтік зияттылығының жалпы деңгейі орташа, барлық субтест бойынша орташа нәтиже байқалады. Әлеуметтік зияттылығы төмен немесе жоғары деңгейдегі нәтиже көрсеткен студенттер саны аз. Бұл өз кезегінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінде әлеуметтік зияттылығын дамытуға деген мотивациялық-құндылық қатыстың, танымдық, әлеуметтік мотивтердің, «зияттылық», «әлеуметтік зияттылық», «әлеуметтік зияттылықты дамыту» ұғымдары жайында теориялық білімнің, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту арқылы «субъективтілікке» қол жеткізудің деңгейін көрсетеді.

Зерттеу барысында сонымен қатар зерттеу мәселесіне қатысты студенттерге арналған сауалнама құрастырылған (Қосымша Ж). Сауалнамада түрлі бағыттағы 12 сұрақ қарастырылған. Сауалнама мазмұны қосымшада берілуі себепті, бірден сауалнама нәтижелеріне көшеміз. Сауалнама 1 рет эксперименттен кейін жүргізілді, біз салыстырмалы көрсеткіштер бере алмағанымен, сауалнама барысында алынған нәтижелерді төмендегі негізде өңдей аламыз.

Сауалнаманың 1 сұрағы бойынша, біз білім алушылардың дербес түрдегі таңдау деңгейін көре аламыз. Студент аталған мамандыққа не себепті келгенені, және де 4 курс студенті болғандықтан болашақ кәсіби жолмен еңбек жолын бастауға деген қызығушылығын көреміз. Сауалнама барысында 61 студенттің 65% пайызынан жоғарысы балалармен жұмыстың аса қызықты екендігі және мұғалім мамандығының ұнайтындығын белгілеп көрсеткен. Сонымен қатар қалған 35% пайызы жоғары білім дипломы мен таңдау кездейсоқ болғандығын көрсеткен. Дегенмен 4 курсқа келгенге дейінгі өз мамандығына деген қызығушылық ояңғандығын, болашақта өз біліктілігі бойынша жұмыс жасайтындығын сауалнаманы талқылау барысында айтты. Бұл дегеніміз бүгінгі күні жастардың кейбір бөлігі өз болашағына үстіртін

карауының белгісі деп танымыз, себебі қазіргі заман талабы болашақ мамандықты саналы таңдау қажеттілігін тудырады.

Сауалнаманың 2 – ші сұрағына сәйкес (Бастауыш сынып мұғалімі қандай маңызды қасиеттерге ие болуы керек?), деген сауалға, көптеген жауаптар берілген, егер соның ішінде іріктеп алар болсақ: шеберлік, зерттеушілік, әртістік, болжай алушылық, тапқырлық, бәсекеге қабілеттілік. Аталған қасиеттер, тұлғалық сапалар біздің ойымызша болашақ бастауыш сынып мұғалімінің бойында аса қажетті кәсіби - сапалар қатарына кіреді. Бұл негізде дегенмен біз, әлеуметтік зияттылық, субъектілік сапаларының құрамдас бөліктерін айқын көре алмадық. Бұл өзкезегінде болашақта білім беру үдерісіне пәндік негізде зерттеу мәселесін ендірудің қажеттілігін арттырады деп тұжырымдаймыз.

Сауалнаманың 3 – ші сұрағы бойынша, «әлеуметтік зияттылық - бұл «әлеуметтік күш», ол адамдар арасындағы қарым – қатынас қиындықтарын реттей отырып, сәтті түрде әлеуметтік бейімделу» деген Олпорт анықтамасына талдау жасалып, өзіндік анықтамасын беру ұсынылған еді. Нәтижесінде әлеуметтік зияттылық – әлеуметтік құзыреттілік, әлеуметтік бейімделудің тиімді көрсеткіші, қарым-қатынасты тиімді етудің жолы, коммуникативті өзара әрекеттестікті арттыру көзі деген жауаптар берілген студенттер саны басымдылық танытты. Бұл дегеніміз біздің қалыптастыру эксперименті барысында жүргізілген элективті курс, яғни эксперименттік мазмұндық компонентінің дұрыс болғанын көреміз. Білім алушылар бойында зияттылық, әлеуметтік зияттылық, әлеуметтік зияттылықты дамыту ұғымдық аппаратына сәйкес білім деңгейінің артқандығын айқын көре аламыз.

Сауалнаманың 4-ші сұрағы: («Әлеуметтік зияттылық» ұғымының сіздің болашақ кәсібіңізге, яғни бастауыш мектеп мұғалімі кәсіби іс-әрекетіне байланысы қандай?) аталған сұрақта басым көпшілігі а нұсқадағы жауапты таңдаған, кейбір студенттер өзіндік ұсыныстарын берген. Дегенмен бұл сұраққа сәйкес біз әлеуметтік зияттылық категориясының мамандыққа сәйкестігін байқаймыз.

Сауалнаманың 5-ші сұрағы бойынша: (Егерде білім алушы басқалардың тарапынан айтылған ойларды қабылдауға дайын болмаса, онда ол өз ойын да жеткізіп, өткізе алмайды. Сіз пікірталас барысында өзге ойларымен келісіп, белгілі бір тұжырым айтасыз ба әлде өзге ойын қабылдау Сіз үшін қиындық тудырады ма?). аталған сауалдан біз, студенттердің 50 % пайызы даяр екендігін көрсеткен, дегенмен себебін сипаттау кезінде қиындықтар бар екендігін танытқан. Олар үшін өзге пікірін қабылдау қиындық танытпаған, дегенмен өзіндік тұжырым айту деңгейінің төмен екенін көрсеткен.

Сауалнаманың 6-шы сұрағына сәйкес: («Әлеуметтік зияттылығы дамыған бастауыш сынып мұғалімі» қандай болуы керек?), аталған сауалға қатысты, шығармашыл, белсенді, өзін-өзі дамыту мотивациясын бар, шебер болуы керек деген жағымды пікірлер басымдық танытты.

Сауалнаманың 7-ші сұрағына сәйкес, (Сіздің пікіріңіз бойынша, әлеуметтік зияттылығы дамыған бастауыш сынып мұғаліміне қандай біліктіліктер тән?),

сұрақтың барлық нұсқасына сәйкес таңдау орын алған, кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас орнатудың және өзара әрекеттесудің траекториясын құра алу шеберлігі тән деушілер саны, өзінің өмірлік, кәсібилік, табиғи, ұйымдастырушылық ресурстарын пайдаланудың әлеуметтік және педагогикалық жаңа тәсілдемелерін жүзеге асыруы және жүйелі орындай алуы, тұлға ретінде өзін-өзі іске қосу, өз мүмкіндіктерінен тыс кеңістікте жасампаздық орнату біліктілігі. Яғни аталған біліктіліктердің бірі емес, барлығының болуы болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби деңгейін көтереді деген ойға келеміз.

Сауалнаманың 8-ші, 9-шы сұрақтарына сәйкес, қиындықтар қатарына, тәжірибе жеткіліксіздігін және актерлікке бағытталған сабақтар аздығын атап өтер едік. Ал білімге келер болсақ студенттердің бұл сұраққа жауап беруден қиналғандығын байқаймыз, себебі жалпы жұмыс бағдарламасына қатысты жауап берілген абзал.

Сауалнаманың соңғы сұрақтарына келер болсақ, өткізілген элективті курс пайдасының жоғары екенін көрсетті, студенттерге сабақтар барысында қолданылған жаңашыл әдістемелер мен тренингтер аса қызығушылық тудырған, сонымен қатар әлеуметтік зияттылық туралы білімінің жоғарлағаны айқын байқалғанын көреміз. Студенттер қандай пән қосу қажеттігі жайында ұсыныс беру кезінде, әртістікке қатысты пәндер саны артса, сонымен қатар кафедра аясында театрлық қойылымдар ұйымдастыру үшін клубтардың ашылу қажеттілігі бар екендігін жазған. Сонымен қатар әлеуметтік зияттылықты дамыту үшін қосымша білім, ретінде психологиялық тренингтер негізіндегі сабақтар қосымша болса деген ұсыныстар орын алған. Бұл берілген жауаптардан біз мейлінше «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту» атты элективті курсының тиімділігін көреміз. Алынған сауалнама сұрақтарына қарапайым талдау жасалғанымен, студенттердің жүргізілген экспериментке қатысты ой-пікірлері мейлінше кең ашылды деп айта аламыз.

Эксперимент соңында қалыптастырушы экспериментті қорытындылайтын болсақ, алынған әдістемелердің нәтижелерін құрылымдық-мазмұндық модель деңгейлері арқылы жалпы сипаттап көрсетсек.

Гилфорд – Салливен әдістемесінің нәтижелеріне сәйкес жоғары және төмен деңгейдегі көрсеткіштердің санының аз болғаны белгілі. Жоғарыда атап өткеніміздей бұл әдістеме көрсеткіші нақты әлеуметтік зияттылық деңгейін анықтайды. Дегенмен жоғары деңгейге сәйкес курс барысында алынған теориялық білімдердің, педагогикалық тәжірибе барысында студенттер бойынан, ақпарат іздестірудегі белсенділік танытуда айқын көрінді, сонымен қатар өз бетімен ізденушіліктің артуы, өзгермелі жағдайларға тез бейімделе алушылығы, өзара әрекеттесудің өзіндік жоспарларын құра алуы, көптеген туындаған тұлғааралық жағдайлар шешімін таба алу, өзіндік танымға, өзін-өзі дамытуға, өз бетімен білім алуға деген ұмтылыстың пайда болуынан біз көре аламыз. Әдістемелер нәтижелеріне сәйкес жоғарыда сипаттама берілген

көрсеткіштердің орташадан жоғары критерийін біз, жоғары деңгеймен теңестіреміз.

Әдістемелердің нәтижесіне сәйкес әлеуметтік зияттылықтың орташа деңгейінің басым болуы, білім алушылар бойынан төмендегідей белгілерді көруге мүмкіндік берді: кәсіби мінез-құлықтың, іс-әрекеттің, қарым-қатынастың әлеуметтік маңыздылығы бар екендігі, жалпы курс барысындағы теориялық білімдердің толық деңгейдегі меңгерілуі, күнделікті өмірдегі қарым-қатынас жақсаруынан көрінді, рефлексиялық мәдениеттің болуы өз кезегінде аса құнды деп есептейміз.

Жүргізілген әдістемелер негізінде қысқаша қорытынды жасайтын болсақ зерттеу барысында эксперименттен кейін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің бойында орташадан жоғары деңгейді көрсеткен қатысушылар саны артты, ол дегеніміз болашақ педагогтар өзін қоршаған адамдардың әрекеттерін болжай алу қабілеті бар, өз бетімен алдын ала мүмкін болатын қарым-қатынас нәтижесін көре алады. Болашақ мамандардың өзіндік бағасы жоғары, вербалды және вербалды емес қарым-қатынас көріністерін дұрыс негізде қабылдап және түсіне алады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қоғамның қазіргі даму жағдайында білім беру жүйесіне, оның ішінде маман дайындау сапасына және көбінесе жоғары оқу орнында іргетасы қаланатын кәсіби маңызды қасиеттердің қалыптасу деңгейіне жоғары сұраныстардың қойылуы – заңды құбылыс. Өйткені қазіргі жоғары оқу орны өз кәсіби іс-әрекетінде және әлеуметтік өмірде табысты, бәсекеге қабілетті болашақ мамандарды даярлауы қажет.

Осы орайда қоғам мүшелерімен тұлғааралық қарым-қатынасқа бейім, қарым-қатынас стратегиясын өзінің іс-әрекетіне, шығармашылыққа бағыттай алуға қабілетті, әлеуметтік білімге ие болашақ маман даярлаудың алатын орны ерекше.

Зерттеу жұмысымыздың мақсат, міндеттерін орындаудағы теориялық талдаулар барысы мен алынған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар негізінде төмендегідей тұжырымдар жасауға болады:

1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуды анықтауға байланысты түрлі отандық және шетелдік психологиялық-педагогикалық теорияларға, тұжырымдамаларға және ғылыми зерттеулерге талдау жасау арқылы диссертациялық жұмыстың теориялық-әдіснамалық негіздері анықталды. Зерттеуде бірнеше әдіснамалық тұғырлар негізге алынды. Олар: жүйелілік, синергетикалық, көпсубъектілі, тұлғалық іс-әрекеттік, акмеологиялық. Әдіснамалық тұғырлар өз кезегінде қарастырылып отырған мәселедегі құбылыстар мәнін бейнелейді.

2. Зерттеу барысында «зияттылық», «әлеуметтік зияттылық» ұғымдарының категориялық аппараты түзіліп, «зияттылық – ой – өрісінің тереңдігін көрсететін, қарым-қатынас негізінде дамушы қабілет ретінде анықталып, ойлау өрісі кең ауқымдағы, ой белсенділігі және жылдамдығымен ерекшеленген адам ретінде, өзіндік мотивацияның жоғары деңгейі арқылы қарым-қатынас негізінде үнемі даму үстінде болатын құбылыс деп, ал «әлеуметтік зияттылық – тұлғаның кәсіби жетістікке жетуін, әлеуметтік мінез-құлық пен әлеуметтік ақпарат интерпретациясын шарттайтын, өз өмірінің белсенді құрылысшысы ретіндегі жоспар құра алуын, бәсекеге қабілетті маман иесі болуын, сапалы білім меңгеруге арналған тиімді іс-әрекетті жүзеге асыруын қамтамасыз ететін тұлғалық-кәсіби құрылым» деп нақтыланды.

3. Теориялық-әдіснамалық негіздерге бағдарлану арқылы әлеуметтік зияттылықты дамытуға, анықтауға және зерттеуге мүмкіндік беретін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды. Бұл құрылымдық-мазмұндық моделді құруда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудағы оның компоненттері (мотивациялық, мазмұндық, рефлексивті-бағалаушылық) өлшемдері, көрсеткіштері анықталып, оның жоғары, орта, төмен деңгейлері сипатталды.

4. Болашақ мамандардың әлеуметтік зияттылығын дамыту бастауыш білімнің жаңа мазмұны жағдайында субъективтілікті жетілдіру құралы ретінде

танылуы - озық экономика білім беру мақсаттарын «білетін адамнан» «шығармашылықпен ойлайтын, әрекет ететін, өзін-өзі дамытатын адамға» ауыстыруды бағыттайды. Жаңартылған білім мазмұнының нормативтік базасына сәйкес әдіснамалық, пәндік-теориялық, әдістемелік компоненттерден тұратын болашақ бастауыш сынып мұғалімінің моделі ұсынылды.

5. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың әдістемесі дайындалды: «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту» элективті курсы және «Педагогикалық шеберлік» клубының ережесі мен бағдарламасы жасалынды.

Зерттеу нәтижелерін жүргізіп, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту мақсатында төмендегідей ұсыныстар берілді:

- ЖОО-да оқу жоспарына таңдау компоненті ретінде біз құрастырған «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту» атты элективті курсты, сонымен қатар зерттеу барысында жинақталған материалдарды пән мазмұнына енгізу;

- зерттеу тақырыбы аясында болашақ бастауыш сынып мамандарының ғылыми-жобалық іс-әрекетінде курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптары аясын кеңейту;

- зерттеу тақырыбы бойынша болашақ бастауыш сынып мамандарының үздіксіз педагогикалық практика өту кезінде мұғалімдер үшін авторлық мектептер ашу, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, авторлық бағдарламалар жасау, оқу-әдістемелік кешендер даярлау.

Зерттеу жұмысымызда осы мәселелер толық шешімін тапты деуге болмайды. Келешекте зерттеу мәселесі осы жұмыстағы ұсынылған теориялық-әдіснамалық негіздерді қолдана отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуды оқыту мәселесін қарастыру бағытында жалғасын табуы тиіс деп санаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы.
- 2 Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Халыққа Жолдауы. Астана, 2018ж. 10 қаңтар.
- 3 Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319-III Заңы. ИС BestProfi © 22.04.2016.
- 4 Thorndike E.L. Factor analysis of social and abstract intelligence // Journal of educational psychology. - 1936. - 27. - P. 231-233.
- 5 Айзенк Г.Ю. Интеллект: новый взгляд // Вопросы психологии. – 1995. – №1. – С. 111-131.
- 6 Spearman C. General intelligence, objectively determined and measured. - Amer. J. of psychology. - V.15. – 1904. - P. 201-293.
- 7 Гилфорд Дж. Структурная модель интеллекта // Психология мышления. – М., 1965.
- 8 Wood D.A., Louis Leon Thurstone Creative thinker, dedicated teacher, eminent psychologist. Princeton, NJ: Educational Testing Service, 1962.
- 9 Cantor N., Kihlstrom J.F. Personality and social intelligence. Englewood cliffs, NJ: prentice-hall, 1987. - 200 p.
- 10 Олпорт, Г. Становление личности: Избранные труды. - М.: Смысл, 2002. - 462с. - ISBN 5-89357-098-7.
- 11 Gardner H. Frames of mind: the theory of multiple intelligens. –Heinemann, 1983. – 294 p.
- 12 Селман Р. Этапы развития социального интеллекта // Психология саморазвития / Г.А. Цукерман, Б.М. Мастеров. М.: Интерпрайс, 1995. - С. 45 - 47.
- 13 Стенберг Р. Учись думать творчески!: основные современные концепции творчества и одаренности / Р. Стенберг, Е. Григоренко. - М.: Молодая гвардия, 1997. - С. 186-213.
- 14 Бобнева М.И. Психологические проблемы социального развития личности // Социальная психология личности / отв. ред. М.И. Бобнева, Е.В. Шорохова. – М.: Наука, 1979. – С. 35–63.
- 15 Сабыров Т.С. Оқыту теориясының негіздері.- А.: ҚР Білім министрлігі баспаханасы, 1992. - 175б.
- 16 Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика, Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы. Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университеті. – 1998. - 378б.
- 17 Бекмагамбетова Р.К. История развития учебных заведений по подготовке учительских кадров для начальной школы в Казахстане (1917-1991г.г.) : автореф. ... док.пед.наук. – Алматы. 2007. – 38 с.

18 Ыбыраимжанов Қ.Т. Қазақстандағы бастауыш білім берудің тарихы. Хрестоматия / Қ.Т. Ыбыраимжанов. – Алматы: «Эпиграф» баспасы, 2016. – 328 бет.

19 Мұханбетжанова Ә.М. Қазіргі білім беру жүйесінде педагогты кәсіби дамыту / Ә. М. Мұханбетжанова, А. Ә. Мұханбетжанова // Қазақстан жоғары мектебі = Высшая школа Казахстана. - 2012. - №1. - . 126-130 бет.

20 Құрманалина Ш.Х. Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі: оқулық / Т. Қ. Оспанов, Ш. Х. Құрманалина, С. Қ. Құрманалина. – Астана.: Фолиант, 2007. - 468 с.

21 Аймағамбетова Қ.А. Бастауыш сыныптарда дүниетануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері : пед.ғыл.док. ...автореф. – Алматы, 1998.

22 Рахметова С.Р. Бастауыш класс оқушыларының тілін дамытудың ғылыми әдістемелік негіздері (ауызша және жазбаша дамыту әдістемесі): п.ғ.д...автореф. - Алматы, 1998. – 43 б.

23 Жұмабаева А.Е.Бастауыш мектепте синтаксисті дамыта оқыту. – Алматы: Радиал, 2008. – 236 б.

24 Әмірова Ә.С. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың теориясы мен практикасы: пед.ғыл.док. ... автореф. – Алматы, 2009. – 45 б.

25 Оспанов Т.Қ. Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі: оқулық / Т. Қ. Оспанов, Ш. Х. Құрманалина, С. Қ. Құрманалина. - Астана: Фолиант, 2007. - 468 б.

26 Жеделов Қ.О. Бейнелеу өнері: жалпы білім беретін мектептің 11 жыл. мектеп. 2-сыныб. арналған оқулық / Қ. О. Жеделов, С. К. Шапкина, Н. А. Королькова. - Алматы: Алматыкітап баспасы, 2013. - 72 б.

27 Сарбасова Қ. Саралап оқыту / Қ. Сарбасова // Қазақстан мектебі. - 2007.- №2. - 29-30 Б.

28 Қайыңбаев Ж.Т. Блум таксономиясы [Текст] / Ж. Т. Қайыңбаев // Білім берудегі менеджмент - Менеджмент в образовании. - 2013. - №1. - С. 84-88.

29 Уәйісова Г.И. Қазақ тілі: 2-сыныбына арналған оқулық / Г.И. Уәйісова, Р. С. Әміров, Ә. Е. Жұмабаева, 2-ші бас., өңделген. - Алматы: Атамұра, 2002. - 191 б.

30 Тұралбаева А.Т. Отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеу: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2014. – 136 б.

31 Уайдуллақызы Э. Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру : филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2014. – 160 б.

32 Варданян Ю.В. Стрoение и развитие профессиональной компетентности специалиста с высшим образованием :На материале подготовки педагога и психолога. диссерт. ... д. п. н. – М.: 1998, 353 с.

33 Жақыпов С.М. Психологияны оқыту әдістемесі [Текст] : оқу құралы / С. М. Жақыпов, Н. Қ. Тоқсанбаев. - Алматы : Қазақ университеті, 2013. - 191 б.

- 34 Зимняя И.А. Педагогическая психология. Ростов-на-Дону: Феникс, 1997 – 482с.
- 35 Зазыкин В.Г. Психолого-акмеологические основания профессиональной деятельности. Программа и методические материалы «Акмеолог кадровой работы». - М.: РАГС, 2007.
- 36 Кертәева Ғ.М. Педагогикалық деонтология негіздері: оқу құралы. – Павлодар: Кереку баспасы, 2011. – 224 б.
- 37 Кузмина Н.В. Способности, одаренность, талант учителя. - Л.: Знание, 1985.- 32 с.
- 38 Маркова А.К. Формирование мотивации учения в школьном возрасте: Пособие для учителя. - М.: Просвещение, 1983.
- 39 Мудрик А. В. Социализация человека. — 3-е, перераб. и расшир. — М.- Воронеж: РАО-МПСи, 2011. — 624 с.
- 40 Намазбаева Ж.Ы. Жалпы психология: оқулық / Ж. Ы. Намазбаева. - Алматы : Print-S, 2006. - 296 б.
- 41 Шеръязданова Х.Т. және т.б. Қарым-қатынас психологиясы – Алматы: Қаз.мем.қыз.пед.университеті, 2012 – 341 б.
- 42 Тұрғынбаева Б.А. Ұстаздық шығармашылық. – Алматы: 2007. 236 б.
- 43 Абсатова М.А. Поликультурная компетентность старшеклассников: методология, теория, практика формирования. - Алматы, 2008. – 316 с.
- 44 Рысбаева А.К. Методология развития успешности деятельности как категории педагогики: дис. ... док.пед.наук. - Алматы, 2006. – 335 с.
- 45 Жиенбаева С.Н. Бастауыш сынып оқушыларының еңбек іс-әрекеті тәжірибесін қалыптастырудың ғылыми негіздері : пед.ғыл.док. ...автореф. – Алматы, 2009. – 44 б.
- 46 Жаманбаева Қ. Ә. Әдебиет сабағында әдеби-көркем шығармашылыққа бағыт-бағдар беру әдістемесі (6-7 класс) [Текст] : автореферат дис. ... / Қ. Ә. Жаманбаева. - Алматы: б. ж., 1994. - 26 с.
- 47 Нағымжанова Қ.М. Университет студенттерінің педагогикалық креативтілігін инновациялық білім беру ортасында қалыптастырудың ғылыми негіздері: пед. ғыл. док. ... дис.: 13.00.01. – Алматы, 2010. – 345 б.
- 48 Асқарова Ғ.А. Жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік құзырлығын қалыптастыру: пед. ғыл. кан. ... дис.: 13.00.01. – Алматы, 2010. – 170 б.
- 49 Кенжебаева Т.Б. Болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамыту: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2014. – 170 б.
- 50 Куанжанова Қ.Т. Білім беру субъектілерінің тұлғалық-кәсіби қасиеттерін дамыту: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2015. – 191 б.
- 51 Усенова А.М. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2016. – 197 б.
- 52 Кенжебаева К.С. Болашақ педагогтардың әлеуметтік интеллектісінің дамуындағы психологиялық ерекшеліктер: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2016. – 192 б.

- 53 Назарбаев Н. Ә., Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына. /Еуразия университеті студенттері алдында оқылған дәріс / Н.Ә. Назарбаев//Егемен Қазақстан.- 2006.- 27 мамыр.-1,3 б.
- 54 Лебедев А. В. Логос Гераклита. Реконструкция мысли и слова (с новым критическим изданием фрагментов). — СПб.: Наука, 2014. — 533 с.
- 55 Жмудь Л. Я. Пифагор и ранние пифагорейцы. — М., 2012. — 445 с.
- 56 Антонов Т. В. Парменид: путь философа к истине. // АКАДНМЕІА: Материалы и исследования по истории платонизма. — СПб., 2003. — Вып. 4.
- 57 Рассел Б. Анаксагор // История западной философии и её связи с политическими и социальными условиями от античности до наших дней. — 5-е изд. — Новосибирск: Сиб. университетское изд-во, 2007. — С. 100-102. — 992 с.
- 58 Жебелев С. А. Сократ: биографический очерк / С. А. Жебелев. — Изд. 2-е. — Москва : URSS : ЛИБРОКОМ, 2009. — 192 с. — (Из наследия мировой философской мысли: великие философы).
- 59 Творения велемудрого Платона часть первая переложенная с греч.яз. на рос. И.Сидоровским и М.Пахомовым, находящиеся при обществе благородных девиц. Ч. 1—3. — СПб., 1780—1785.
- 60 Дж. Реале, Д. Антисери Батыс философиясы: бастауынан бүгінгі күнге дейін: Оқулық./Ауд. Т.Х. Ғабитов, т.б. Алматы: 2012.-628 б.
- 61 Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. — 344 бет.
- 62 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл.
- 63 Асмус В. Ф. Иммануил Кант. — М.: Высшая школа, 2005. — 439 с.
- 64 Дьюи Д. Психология и педагогика мышления. — М.: Совершенство, 1997.
- 65 Пиаже Ж. Психология интеллекта // Избр.психол.труды. - М., 1969. — 486 с.
- 66 Құнанбаев А. Шығармалар, Екі томдық. А.: «Жазушы» баспасы, 1968. 250 б.
- 67 Алтынсарин Ы. Шығармалары.- Алматы: Жазушы, 1990. - 201 б.
- 68 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Экология және табиғат қорғау / Жалпы редакциясын басқарған –А.Қ.Құсайынов. — Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2002 жыл. — 456 бет.
- 69 Холодная, М.А. Психология интеллекта / М.А. Холодная. - СПб.: Питер, 2001.-272 с.
- 70 Гальтон Ф. Наследственность таланта: законы и последствия. - М.: Наука, 2003. - 254 с.
- 71 Тәжібаев Т. Жалпы психология. - Алматы,1993. — 235 б.
- 72 Петровский А.В. Психология развивающейся личности. — М.: МГУ, 1968. — 268 с.
- 73 Кант И. Критика чистого разума. Гиганты мысли / пер. с нем.;предисл. И. Евлампиева. - М.: Эксмо; СПб.:Мидгард, 2007. - 1120 с.

- 74 Мейман Э. Архив общей психологии. - Лейпциг, 1903.
- 75 Богоявленская Д.Б. Что выявляют тесты интеллекта и креативности / Психология. Журнал Высшей школы экономики. 2004.-№2(Т1).-С.54-65.
- 76 Дружинин, В.Н. Диагностика общих познавательных способностей / В.Н. Дружинин // Когнитивное обучение: современное состояние и перспективы. - М.: «ИП РАН», 1997. - С. 60 - 69.
- 77 Поваренков, Ю.П. Психологическое содержание профессионального становления человека / Ю.П. Поваренков. — М.: УРАО, 2002. — 160.
- 78 Ананьев, Б.Г. Человек как предмет познания / Б.Г. Ананьев. — М., 1998. — 341 с.
- 79 Днепров Э. Д. Ушинский и современность / Гос. ун-т — Высшая школа экономики. — М.: Издательский дом ГУ ВШЭ, 2007. — 232 с.
- 80 Р.Фишер Эмоциональный интеллект в переговорах.- Манн Иванов и Фербер, 2015.-336 с.
- 81 Жұмабаева А.Е., Умирбекова А.Н. Тұлғаның әлеуметтік – психологиялық ерекшеліктері/ Педагогика және психология. Ғылыми-әдістемелік журнал. 2017.-№1(30).-Б.49-56.
- 82 Ж.Аймауытов Психология. Жан жүйесі және өнер таңдау. Алматы.: Рауан. 1995. - 311 б.
- 83 Сухомлинский В.А. : Биобиблиография / Сост. А. И. Сухомлинская, О. В. Сухомлинская. — К.: Рад. шк., 1987.— 255 с.
- 84 Кошенова Р. Н. „Педагогические взгляды М. Жумабаева“, Алматы, 1995 г.
- 85 Ушаков, Д.В. Социальный интеллект как вид интеллекта / Д.В. Ушаков, Д.В. Люсин // Социальный интеллект: Теория, измерение, исследования. М.: Институт психологии РАН, 2004. - С.11 - 28.
- 86 Савенков, А. И. Маленький исследователь: коллективное творчество младших школьников / Художник А. А. Селиванов - Ярославль: Академия развития, 2004. - 128 с: ил. - (Развивающее обучение). ISBN 5-7797-0175-X.
- 87 Суслов В.И. Социальный интеллект умственно отсталых старшеклассников. [Http: // psychology.spb.ru/articles/tez/2000/ d20.htm](http://psychology.spb.ru/articles/tez/2000/d20.htm).
- 88 Годфруа, Ж. Что такое психология: В 2-х т. Изд. 3-е, стереотипное. Т. 2: Пер.с- франц. - М.: «Мир», 2005. - 376 с, ил. - ISBN 5-03-003696-2 (русск.);
- 89 Майерс, Д. Социальная психология. - СПб.: Питер, 1997.
- 90 Умирбекова А.Н. Психология ғылымындағы әлеуметтік зияттылық ұғымы/ Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Психология» сериясы. 2016.- №1(46).-Б.120-125.
- 91 Холодная; М.А. Когнитивные стили: О природе индивидуального ума./ М.А. Холодная. - М.: ПЕР СЭ, 2002. - 304с. ISBN 5-9292-0061-0.
- 92 Стернберг, Р. Дж. Практический интеллект. - СПб.: Питер; 2002.- 272 с.
- 93 Лужбина Н.А. Социальный интеллект как системообразующий фактор психологической культуры личности: автореф. дис. ... канд. психол. наук / Н.А. Лужбина. - Барнаул: изд-во БГПУ, 2002.- 34 с.

- 94 Ясницкий А. Реконструкция поездки А. Р. Лурии на IX международный психологический конгресс // Вопросы психологии. — 2012. — № 4. — С. 86-93.
- 95 Куницына, В. Н. Межличностное общение [Текст] : учебник для вузов / В. П. Куницына. - СПб.: Питер, 2002. - 544 с: ил. - (Учебник нового века).
- 96 Умирбекова А.Н. Әлеуметтік зияттылық психологиялық феномен ретінде/ Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Психология» сериясы. 2015.- №4(45).-Б.87-91.
- 97 Кудрявцева Н.А. Единство интеллекта. Научный отчет (Грант РФФИ 1993-1994).- СПб, 1995. - 96 с.
- 98 Асмолов А.Г. Личность как предмет психологического исследования. — М.: Изд. МГУ, 1980. - 265 с.
- 99 Франкл В. Сказать жизни «Да!»: психолог в концлагере. — М.: Альпина Нон-фикшн, 2009. — 239 с.
- 100 Леонтьев А.Н. Педагогика и психология. «Школа 2100». Пути модернизации начального и среднего образования / под ред. А.А.Леонтьева. - М.: Баласс, 2002. - Вып. 6. – С. 258-265.
- 101 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген ЖББ МЖМС (ҚР Үкіметінің 13.05.2016 №292 өзгертулермен).
- 102 Вартофский М. Дидро и развитие материалистического монизма // Вартофский М. Модели. Репрезентация и научное понимание. - М.: Прогресс, 1988. - С. 324 - 375. - ISBN 5-01-001033-X.
- 103 Умирбекова А.Н. Зияттылықты дамыту субъектіліктің құралы ретінде. - «Білім және ғылымдағы инновациялар» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы, 2017. – Б. 550-554.
- 104 Ерментаева А.Р. «Субъект» ұғымының психологиядағы әдіснамалық маңызы// Педагогика және психология ғылыми-әдістемелік журналы №3-4. - 2012ж. –Б.101-106.
- 105 Андреева И.Н. Азбука эмоционального интеллекта// -СПб.: БХВ-Петербург, 2012. -288с.
- 106 Субъект // Философия: Энциклопедический словарь. — М.: Гардарики. Под редакцией А.А. Ивина. 2004.
- 107 Юдин К.А. Артур Шопенгауэр «об учености и ученых»: штрихи к интеллектуальному портрету сквозь призму эпоху // На пути к гражданскому обществу. 2016. № 3(23). С. 48-59.
- 108 Ухтомский А. А. Интуиция совести. — СПб.: «Петербургский писатель», 1996.
- 109 Hayes D. (2010) The seductive charms of a cross-curricular approach[Пәнаралық байланыс тәсілінің көз тартарлық қасиеті]. Education 3–13: International Journal of Primary, Elementary and Early Years Education, 38(4): 381–7.
- 110 Smith, C., Dakers, J., Dow, W., Head, G., Sutherland, M., Irwin, R. (2005). A systematic review of what pupils, aged 11–16, believe impacts on their motivation to learn in the classroom[11-16 жастағы оқушылар олардың оқуға деген уәжіне не

ықпал етеді деп ойлайтынын жүйелі талдау]. In: Research Evidence in Education Library. London: EPPI-Centre, Social Science Research Unit, Institute of Education, University of London.

111 Roach A.T., Niebling B.C. Kurz A. Evaluating the alignment among curriculum, instruction and assessments: Implications and applications for research and practice [Білім беру бағдарламасы, оқыту мен бағалаудың ретін бағамдау: зерттеу мен тәжірибе үшін маңызы мен ықпалы]. *Psychology in the Schools*, 45(2), 158-176.

112 Джанбубекова М.З. Жаһандану жағдайында болашақ бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың педагогикалық негіздері. – Алматы, - 2010. - 287 б.

113 Умирбекова А.Н. Болашақ педагог мамандардың әлеуметтік зияттылығының даму мүмкіндіктері. - Қазақстанның ғылымы және өмірі Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал. – Астана, №6(52), 2017. – Б. 216-220.

114 Огнев А.С. Субъектогенетический подход к психологической саморегуляции личности: монография. М.: Изд-во МГГУ им. М.А Шолохова, 2010. - 188 с.

115 Тұрғынбаева Б.А. Педагогикалық акмеология:оқу құралы/ Б.А. Тұрғынбаева. –Алматы: «ЖС Тантеев баспаханасы», 2017. – 165 б.

116 Райысов У. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Бастауыш мектеп, 2004ж.

117 С. Қожагелдиева, Н. Нұртазаева. Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқытудың тиімділігі. Бастауыш мектеп, 2009ж №4.

118 Мустафина С.Ф. Формирование культуры логического мышления будущего учителя начальных классов//[Текст]: автореферат. – Казань. – С.206.

119 Brodie K. Teacher intervention in small-group work [Шағын топтық жұмыстағы мұғалімнің үлесі]. *For the Learning of Mathematics*. 20 (1), 9-16. (2000).

120 Bergen D. The Role of Pretend play in Children`s Cognitive Development[Балалардың танымдық дамуындағы ойын баламаларының рөлі]. *Early Childhood Research & Practice*, 4 (1). (2002).

121 Cavagnetto, A. R., Hand, B., & Norton-Meier, L. (2011). Negotiating the inquiry question: A comparison of whole class and small group strategies in grade five science classrooms[Зерттеу сұрағын келісу: 5-сыныпқа арналған жаратылыстану пәніндегі бүкіл сынып және шағын топ стратегияларын салыстыру]. *Research in Science Education*, 41, 193-209.

122 Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту аясында қазақ тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы // Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Бірінші басылым. –Астана, 2017.

123 Шарков Ф.И. Коммуникология: коммуникационный консалтинг. Учебное пособие. — М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К°», 2010. — 408 с.— ISBN 978-5-394-00777-4.

124 Ахметова Г.К., Нурумжанова К.А. Инновационно-стратегическая модернизация современной сельской школы Казахстана.:монография/ - Павлодар: Кереку, 2015. – С. 177.

125 Ушаков Д. В. Интеллект: структурно-динамическая теория. М.: Изд"во ИП РАН, 2003.

126 Геранюшкина Г.П. Социальный интеллект студентов-менеджеров и его развитие в условиях формирующего эксперимента : Дис. ... канд. психол. наук : 19.00.07 : Иркутск, 2001 194 с. РГБ ОД, 61:02-19/158-4.

127 Умирбекова А.Н. Кіші мектеп жасындағы баланың әлеуметтік интеллектісінің гендерлік ерекшеліктері. - Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршы. - «Психология» сериясы. – Алматы, №2 (47), 2016. – Б. 148-151.

128 Жұмабаева Ә.Е. Бастауыш мектепте қазақ тілі синтаксисін дамыта оқыту. – Монография. –Алматы: РАДиАЛ, 2008. – 250 бет.

129 Степанов С. Ю., Семенов И. Н. Проблема формирования типов рефлексии в решении творческих задач. — Вопросы психологии, 1982, № 1, С. 99—104.

130 Шигабетдинова Г.М. Феномен рефлексии: границы и понятия Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского, 2014, № 2 (1), С. 415–422.

131 Бизязева А.А. Психология думающего учителя: педагогическая рефлексия. - Псков: ПГПИ им.С.М.Кирова, 2004. - 216 с.

132 Тұрғынбаева Б.А. Болашақ мұғалімдердің әлеуетін дамыту: кәсіби шығармашылық жолында. / Б.А. Тұрғынбаева. – Алматы: «Полиграф сервис К», 2012. – 316б.

133 Нұрғалиев Р.Н., Ақмамбетов Ғ.Ғ. Философиялық сөздік. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы». 1996.— 525 бет. ISBN 5-89800-097-6.

134 . Слостенин В.А. Педагогика: учебник для студентов. учреждения высшего проф. образования/ В.А. Слостенин, И.Ф. Исаев, Е.Н. Шиянов; под.ред В.А. Слостенина. – 11-е изд.,стер. – М.: Издательский центр «Академия», 2012. – 608с.

135 Таубаева Ш.Т. Педагогиканың философиясы және әдіснамасы: оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 360 б. ISBN 978-601-04-1925-4.

136 Педагогика: учебник для студ. учреждений высш. проф. образования / П.И.Пидкасистый, В.А.Мижериков, Т.А.Юзефовичус ; под ред. П. И. Пидкасистого. — 2-е изд., перераб. и доп. — М.: Издательский центр «Академия», 2014. — 624 с. — (Сер. Бакалавриат). ISBN 978-5-4468-0229-6.

137 Умирбекова А.Н. Әлеуметтік зияттылықты зерттеудің негізгі амалдары. - ПМУ Хабаршысы.- Педагогикалық сериясы – Павлодар, №4(2017) – Б. 330-340.

138 Бондаревская Е.В., Кульневич С.В. Педагогика: личность в гуманистических теориях и системах воспитания. - Ростов-на-Дону: Учитель, 1999. — 560 с. (в эл. варианте - 263 с.).

139 Хакен Г. Принципы работы головного мозга: Синергетический подход к активности мозга, поведению и когнитивной деятельности. — М.: Per Se, 2001. — 353 с.

140 Абсатова М.А. и др. Методология научно-педагогического исследования: в схемах и таблицах. - Алматы:Шугла, 2012. -136 с.

141 Тұрғынбаева Б.А. Андрагогика: оқу құралы. – Алматы: Алатау, 2011. – Б. 62.

142 Жансерикова Д.А. Студенттердің танымдық іс-әрекеті мотивациясына жалпы мағыналық қор құру мен жаңсақ нанымдардың әсер етуін зерттеу. психол. ғыл. кан. 19.00.07. Қарағанды, 2010. - 147 б.

143 Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения – М.: Педагогика, - 1981. – 116с.

144 Аяғанова А.Ж. Жоғары оқу орындарында болашақ педагог-психологтарды кәсіби дайындау [Текст] / А. Ж. Аяғанова // Әл-Фараби атындағы ҚҰУ психология және социологи сериясы -Вестник КАЗНУ им. аль-Фараби Серия психологии и социологии. - 2015. - №1. - С. 21-27.

145 Емельянов Ю.Н. Теория формирования и практика совершенствования коммуникативной компетентности. М.: Просвещение, 1995. - 183 с.

146 Умирбекова А.Н. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың жүйесі. - Қазақстанның ғылымы және өмірі Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал. – Астана, №1(54), 2018. – Б. 216-220

147 Умирбекова А.Н. Феномен социального интеллекта как фактор самореализации будущих педагогов. - Материалы LVI Международной научно-практической конференции «Молодой исследователь: вызовы и перспективы» - Москва, №3(56), 2018 – С. 20-24.

148 Лукичева М.А. Развитие социального интеллекта у будущих педагогов. – дисс...кан..наук., Чероповец, 2004. – 156 с.

149 Умирбекова А.Н. Әлеуметтік зияттылық зерттеу мәселесі ретінде. - «Педагогика и психология в современном мире: теоретические и практические исследования» сборник статей по материала V международной научно-практической конференции. - Москва, №5(5) Часть 2, 2017. – С. 126-130.

150 Таубаева, Ш. Т. Научный статус, структура и функции методологии педагогики [Электронный ресурс] : научное издание / Ш. Т. Таубаева.

151 Қосанов Б.М. Педагогика мен психологиядағы математикалық өңдеу әдістері: Оқу құралы/Б.М. Қосанов. – Алматы; Абай атындағы ҚазҰПУ. – 2012. – 102 бет.

152 Михайлова (Алешина) Е.С. Методика исследования социального интеллекта (Адаптация теста Дж. Гилфорда и М. Салливена). – СПб., 1996.

153 Akerke Nurlanbekovna Umirbekova, Ardakh Rizabekovna Yermentayeva, Kundyž Serikovna Kenzhebeyeva, Zhanat Kanashovna Aubakirova, Akmaral Bakytbekovna Iskakova. Structural Peculiarities of Social Mental Abilities of Future Teachers International journal of environmental and science education.- 2016.- Vol.11. - Iss. 18. – Number of article – ijese.2016.935. - P. 12629-12636.

154 Әлімов А.Қ. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. Оқу құралы/А.Қ. Әлімов.-Алматы, 2013.-448 бет.

155 Зарукина Е. В. Активные методы обучения: рекомендации по разработке и применению: учеб.-метод. пособие / Е. В. Зарукина, Н. А. Логинова, М. М. Новик. СПб.: СПбГИЭУ, 2010. – 59 с.

КОСЫМША А

Әлеуметтік зияттылықтың шетел еңбектерінде зерттелуінің хронологиясы (О.В. Лунева зерттеулері негізінде)

Зерттелудің I кезеңі 1920–1924 жылдар аралығында, «Әлеуметтік зияттылық» ұғымының пайда болуы.		
1920 жыл	американ ғалымы Э. Торндайк	Психология ғылымының терминологиясына «әлеуметтік зияттылық» ұғымының енуі; Автор әлеуметтік зияттылықты тұлғааралық жағдайларда жетістікке жету мүмкіндігі ретінде анықтаған.
Зерттелудің II кезеңі 1925–1938 жылдар аралығында. Психометриялық		
1926 жыл	Гарри Бансом	Ғылыми монография «Тарих және әлеуметтік зияттылық»
1933 жыл	Ф. Вернон	Психометриялық амал бағытында ӘЗ сипаттамалары: - өзге адамдармен дұрыс қарым-қатынас құру; - әлеуметтік әдістер кешенін игеру; - әлеуметтік мәселелер мен сұрақтарды білу; - әлеуметтік топ мүшелерінен шығатын түрткілерге сезімталдылық; - өзге адам тұлғалық сипаттамаларын түсіну және оған ену;
1933-1938 жылдар	Дж. Вашингтона; Вудроу, Р. Торндайк, Стейн, Хант	GWIST – тестінің пайда болуы, аталған тест бірнеше субтесттерден тұрады: - әлеуметтік жағдайларды бағалау; - есім және адам бетәлпетін жаттай алу; - адам іс-әрекетін бақылау; - адам сөздеріне қарай менталды күйлерін анықтау; - әлеуметтік ақпарат; Аталған тест бойынша көрсетілген ғалымдар зерттеу жүргізу арқылы белгілі бір нақты нәтижеге қол жеткізе алмаған;
Зерттелудің III кезеңі 1930 жылдар аяғы мен 1965 жылдар аралығында. ӘЗ ұғымының психология зерттеу аясынан шығуы		
1927 жыл	Спирмен	Құрылған зияттылық моделінде әлеуметтік зияттылыққа тоқталмаған;
1938 жыл	Терстоун	Зияттылық үлгісінде әлеуметтік зияттылық жоқ
Зерттелудің IV кезеңі 1965–1969 жылдар. Дж. Гилфорд зияттылық моделі құрамындағы		

әлеуметтік зияттылық		
Зерттелудің V кезеңі 1970 г. — бүгінгі күнге дейін. Әлеуметтік зияттылық зерттелуінің қазіргі бағыттары		
1978 жыл	Д. Китинг	Әлеуметтік зияттылық көрсеткіштері әлеуметтік зиялылық шкаласы бойынша абстрактылы зияттылықтан төмен пайымдаған;
1983 жыл	М. Форд; М. Тисак	Әлеуметтік зияттылық және академиялық зияттылық жеке факторларын ерекшелеген
1984 жыл	Н.Фредериксон, С. Карлсон; У. Уорд	Оқу үлгерімі және мәселені шешу мінез-құлқы мүмкіндіктерін өлшеу кезінде әлеуметтік зияттылықпен корреляциялық байланыс орнамаған;
1988 жыл	Р. Лоуман Г. Лиман	Академиялық зияттылық пен әлеуметтік зияттылықтың әлеуметтік мүмкіндіктер, әлеуметтік қажеттіліктер сынды жақтары өзара корреляцияланбаған;
1990 жыл	Л. Стрикер Д. Рок	Зерттеулерден кейін вербалды қабілеттермен корреляция орын алғанын байқаған;
1991 жыл	Rosch, Cantor, Mischel, Smith, French, Mezzich, Neisser, Kosmitzki, John, Sternberg	Аталған ғалымдардың факторлы талдау жүргізуі «әлеуметтік құзыреттілік» факторын анықтауға мүмкіндік берген. Оның құрамына күрделі де қарапайымда сипаттамалар кірген, Мысалы: мәселе мен ақпараттың арасындағы сәйкестікті дұрыс түсіну, өзге адамдар қажеттіліктеріне сезімталдылық, өзге және өзіне деген шынайылық, зейін қоюшылық, тыңғылықтылық, әлем өзгерістеріне қызығушылық. Көптеген зерттеулерде әлеуметтік зияттылықтың нақты сипаттамасы берілді «әлеуметтік әсер» және «әлеуметтік зерде».
1995 жыл	С.М. Вонг, Дж. Дэй, С. Максвелл Н. Мира	Әлеуметтік перцепция, әлеуметтік байқампаздық пен әлеуметтік білім өлшеу құралын құрған;
1996 жыл	Р. Шнейдер, П. Акерман Р. Канфер	Жоғарыда берілген зерттеулер негізінде аталған ғалымдар психометриялық зерттеулер жүргізіп сауалнама арқылы әлеуметтік құзыреттілік деңгейлерін анықтаған. Нәтижесінде әлеуметтік зияттылық — жалпы зияттылықтың әлеуметтік жағдайларда көрінуі деген анықтамадан бас тарту керектігін ұсынған.
1997 жыл	Н. Кантор Дж. Кихлстром	Әлеуметтік зияттылық түрлі аспектілері өзгешіліктері арасындағы өзарабайланыстылықты айқындаған;

1999 жыл	Г. Гарднер	Теория множественных интеллектов
2000 жыл	Келли Кантор, Килстром	Тұлғаға әлеуметтік зияткерлік амал. Әлеуметтік зияттылық тұрғысынан тұлғаны қарастыру әлеуметтік – когнитивті амалға негізделген. Қарастырылған модель аясында әлеуметтік зияттылық бағыттарында екі категориясын анықтаған: декларативті білім, олар абстрактілі түсініктер мен ерекше зердеден тұрады, және процессуалды білім ереже, біліктілік, дағды, стратегиялар көмегімен білімді әрекетке алмастыру. Бірлесе отырып олар әлеуметтік өмір мәселелерінің шешімдерін табушы арнайы білімдерді және құзыреттіліктерді құрайды, және күнделікті міндеттер мен жеке жобаларды шешуге әсер етеді.
2002 жыл	Стенберг	Практикалық зияттылық
2006 жыл	Малышева	Зияттылықтың қолданбалы моделдері. Бұл бағытта әлеуметтік зияттылық және оның практикалық бөлігін құраушы амалдар мен теориялар енген. Автор пікірінше, әлеуметтік зияттылық әлеуметтік мәдени және кәсіби құрамды анықтайды. Осы теория негізінде көптеген тесттер мен сауалнамалар құрастырылған.
2006 жыл	К. Альбрехт	Бизнес оқытудың қажеттіліктері оқытудың дамытушы моделдерінің туындауына алып келді. Ұйымдастырушылық психология аясында автор әлеуметтік зияттылық теорияларын зерттеу арқылы өзіндік әлеуметтік зияттылық моделін құрастырды. Оның моделі көп деңгейде тәжірибе мен жалпы сезімдерге негізделді. Модел қызметкерлерді оқытуға бағытталған ол бес позициядан тұрады: жағдаяттық, психологиялық бағыттылық, тұлға презентациясы, шынайылық, анықтылық, эмпатия. Семинар мен тренинг негізінде ғалым өзге адамдармен дұрыс өзара әрекеттесуге көмек беруші сипаттамаларды дамытады.
2008 жыл	В.О. Лунева	Бұл бағытта эмоционалды зияттылық пен әлеуметтік зияттылық байланысын анықтау орын алған. Эмоционалды зияттылық адам өміріндегі эмоцияның маңызы, оны түсіну. Сонымен қатар әлеуметтік зияттылық дамуындағы қиындықтар. Әлеуметтік зияттылықты зерттеу эмоционалды зияттылықты зерттеуге қызығушылықты арттырған.

ҚОСЫМША Ә

Гилфорд – Салливен әдістемесі бойынша ЖАУАПТАР БЛАНКІСІ

Есімі, тегі _____

Күні _____

Жасы _____

Жынысы _____

Мамандығы (немесе болашақ мамандығы) _____

Жұмыс өтілі (немесе оқу курсы) _____

1-субтест				2-субтест				3-субтест				4-субтест			
№	1	2	3	№	1	2	3	№	1	2	3	№	1	2	3
1.	1	2	3	1.	1	2	3	1.	1	2	3	1.	1	2	3
2.	1	2	3	2.	1	2	3	2.	1	2	3	2.	1	2	3
3.	1	2	3	3.	1	2	3	3.	1	2	3	3.	1	2	3
4.	1	2	3	4.	1	2	3	4.	1	2	3	4.	1	2	3
5.	1	2	3	5.	1	2	3	5.	1	2	3	5.	1	2	3
6.	1	2	3	6.	1	2	3	6.	1	2	3	6.	1	2	3
7.	1	2	3	7.	1	2	3	7.	1	2	3	7.	1	2	3
8.	1	2	3	8.	1	2	3	8.	1	2	3	8.	1	2	3
9.	1	2	3	9.	1	2	3	9.	1	2	3	9.	1	2	3
10.	1	2	3	10.	1	2	3	10.	1	2	3	10.	1	2	3
11.	1	2	3	11.	1	2	3	11.	1	2	3	11.	1	2	3
12.	1	2	3	12.	1	2	3	12.	1	2	3	12.	1	2	3
13.	1	2	3	13.	1	2	3					13.	1	2	3
14.	1	2	3	14.	1	2	3					14.	1	2	3
				15.	1	2	3								

ҚОСЫМША Б

Гилфорд – Салливен әдістемесі бойынша зерттеу нәтижелерін өңдеу КІЛТІ

№	1-субтест	2-субтест	3-субтест	4-субтест
1	2	1	3	4
2	2	4	3	3
3	2	3	3	3
4	3	3	1	2
5	1	2	1	1
6	3	1	2	1
7	3	2	2	4
8	3	2	1	1
9	3	1	2	1
10	3	4	3	2
11	3	1	1	1
12	1	1	2	2
13	1	2		2
14	2	4		1
15		4		

Гилфорд – Салливен әдістемесі бойынша стандартты мәндерді анықтаудың НОРМАТИВТІ КЕСТЕСІ

(18 – 55 жас кезеңі бойынша)

Стандартты мәндер	Субтесттер				<i>Композитті баға</i>
	№ 1	№ 2	№ 3	№ 4	
1	0 – 2	0 – 2	0 – 2	0 – 1	0 – 12
2	3 – 5	3 – 5	3 – 5	2 – 4	13 – 16
3	6 – 9	6 – 9	6 – 9	5 – 8	27 – 37
4	10 – 12	10 – 12	10 – 11	9 – 11	38 – 46
5	13 – 14	13 – 15	12	12 – 14	47 – 55

ҚОСЫМША В

Қысқа мерзімді жоспар

Пәні: Жаратылыстану			
Ортақ тақырып	Бөлім	Бөлімше	Сабақ тақырыбы
Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	Жер және ғарыш	Ғарыш	Ғарыш дегеніміз не?
Құрастырған	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасы		
Сынып 1	Қатысқандар саны		Қатыспағандар саны
Осы сабақта жүзеге асатын оқу мақсаттары	1.4.2.1. Астрономияны ғарыш туралы ғылым ретінде сипаттау 1.4.2.3. Жекелеген ғарыштық денелерді атау және сипаттау		
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: ғарыш туралы түсінік алады Көпшілік оқушылар: ғарыш денелеріне ғаламшарлар, жер серіктері, жұлдыздар жататынын біледі Кейбір оқушылар: астрономия-аспан денелерін, олардың құрылысын, қозғалысын зерттейтін ғылым екенін біледі		
Ойлау дағдыларының деңгейлері	Білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау.		
Бағалау критерийлер	Астрономияны ғарыш туралы ғылым ретінде сипаттайды Жекелеген ғарыштық денелерді атайды, сипаттайды		
Тілдік мақсат	Оқушылар: астрономия нені зерттейтіні туралы пікір алмасады		
	Лексика және термин сөздер (кейбір сөз тіркестері): астрономия сөзі гректің «астрон» жұлдыз, «номос» заң деген екі сөзінен шыққан. Ол «жұлдыздар заңы» деп аударылады. Кометалар, астероидтар, шокжұлдыздар, галактика, ғылым, ғылым ретінде астрономияның даму тарихы. Ай-луна- moon, Күн-солнце-sun Жұлдыз-звезда-star, галактика-galaxy.		
	Талқылауға арналған сұрақтар: 1. Ғарыш дегеніміз не? 2. Ежелгі заманда астрономиямен не үшін айналысқан? 3. Астрономия нені зерттейтін ғылым? 4. Аспанда шоғырланып тұратын жарық жұлдыздарды не деп атайды? 5. Ғарыш денелеріне нелер жатады?		
Құндылықтар	Өмір бойы білім алу, қарым-қатынас, ынтымақтастық		

Пәнаралық байланыс	Математика (сағат, минут, секунд) , көркем еңбек (жер шарының суретін салу) тақырыптарымен байланысады	
АКТ қолдану дағдылары	Ғарыш балалар үшін сайты; Күн жүйесінің ғаламшарлары туралы бейнероликтер	
Бастапқы білім	Қозғалыс дегеніміз не?	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басталуы 3-минут	Ұйымдастыру кезеңі. STEM- Ғылымға түсінік беру. Миға шабуыл стратегиясын қолдану (сұрақ-жауап) 1.Аспан әлемі деген сөзді қалай түсінесіңдер? 2.Ғарыш деген сөзді естідіңдер ме? Оқушылардан ғарышты қалай елестететіндерін сұраймын. Әли мен Айяның «Мен ғарышкер боламын» атты видеоролигін көрсетіп әнін тыңдату.  Ықтимал сұрақтар қою арқылы оқушыларды бүгінгі сабақтың тақырыбын ашуға көмектесемін. Ғарышта не бар? (Ғарыш — бұл шексіз кеңістік, онда сан алуан ғарыш денелері бар.) Ғарыш дегенді қалай түсінесіңдер? деген түрткі болатын сұрақтар қою арқылы сабақ тақырыбын ашу; мақсатымен таныстыру; бағалау критерийларымен дескриптормен таныстыру. Ай, Күн, Жер, Жұлдыздар деп жазылған қағаздар бойынша топқа біріктіру.	Суреттер, АКТ, қажет деректер, жұлдызды аспанның картасы; ең танымал шоқжұлдыздардың суреттері. Әли мен Айя мультфильм

Сабақтың ортасы 6-минут	1-тапсырма. (А.Т.) «Ғарыштағы сен білмейтін қызықтар » атты бейнеролик көрсету. (3-минут)Ұжымдық жұмыс Оны топта талдатамын. Топтық жұмыс 	«Ғарыштағы сен білмейтін қызықтар » бейнеролик
7-минут	Ынталандырушы бағалау жұлдызша арқылы жүзеге асады 2-тапсырма Оқулықпен жұмыс (А.Т.О.) STEM- Ғылымға түсінік беру. Ерте заманда адамдар аспанда көрінетін жұл- дыздарды аспан күмбезіне қағылып тұрған шегелер деп есептеген деп айтып өтіп, оқушылардың назарын оқулықтағы суретке аударамын. “Ежелгі адамдар астрономиямен не үшін айналысты, олар нені байқаулары мүмкін еді?” дегенге болжам жасауға тапсырма беремін. Ықтимал сұрақтар қою арқылы, оқушыларды әңгімеге тартамын. «Көршіңе әңгімеле» әдісін қолдану  Талқылаудан кейін барлығын тыңдап, барлық жауап нұсқаларын тақтаға жазамын. Оны қорытындылау үшін, оқулықтағы суретпен жұмыс жүргіземін («Сұрақ шеңбер» әдісі арқылы) Сабақ барысында қазақтардың көшпенді өмірі бейнеленген суретке назар аудартамын. “Адамдар не үшін көшпенді өмір салтын ұстанды?” — деп сұрақ қоямын.Ол сұраққа жауап алу үшін өзім	«Астрономия тарихы» туралы бейнефильм

6-минут

ЖАДА-ны ұйымдастырамын. (Жайылымдық жерді ауыстыру үшін және жыл мезгілінің өзгеруімен байланысты көшпенділік салтын ұстанды.)



Ынталандырушы бағалау жұлдызша арқылы жүзеге асады

3-тапсырма Мұғалімнің түсіндірмесі (А.Т.)
«Ізденіс» әдісі

«Астрономия, ғарыш, шоқжұлдыз»
сөздеріне мән бергізе отырып олардың мағынасын ашу үшін, интернет-ресурстарын пайдаланып «Астрономия тарихы» туралы бейнефильмді көрсету. Көрген бейнефильмдерді топта талқылату. Сол көргендерін түйіндеу мақсатында оқулықтан «Астрономия» сөзіне берілген анықтаманы және «Астрономия» –нені зерттейтін ғылым екенін оқулықтан тауып оқыту



Ынталандырушы бағалау жұлдызша арқылы жүзеге асады

Сабақтың соңы 5-минут	4-тапсырма Бақылауға арналған тапсырма. (А.Т.) «Серпілген сауал» әдісі арқылы оқушыларға сұрақ лақтыру Аспанда не көрінеді? (Ай, Күн, жұлдыздар.) Жұлдыздардың барлығы бірдей болып көріне ме? (Жарық жұлдыздар, сонымен қатар күңгірттері де бар.)  Мұғалімнің түсіндірмесі Жұлдызды аспанның суретін көрсетіп, кейбір жұлдыздардың бір-біріне жақын орналасқанына ерекше назар аударуға болады. Осындай жұлдыздар тобы шокжұлдыз деп аталатынын түсіндіру. Сол шокжұлдыздарға атау берілгенін айтып түсіндіру. (Осы тапсырмамен жұмыс кезінде белсенді оқушыларға сұрақ қоюға болады) Ынталандырушы бағалау жұлдызша арқылы жүзеге асады	Аспан әлемі туралы суреттер
5-минут	5- тапсырма. Белсенді жұмыс. (А.Ж.) STEM-инженерия. Шығармашылық және жазылым дағдысы жүзеге асады. Ғарыштың суретін салуды ұсынамын (Сыныпта оқушылардың жұмыстарынан көрме ұйымдастырамын. Ең жақсы салынған сурет көрме арқылы анықталады) Салған суреттерін қорғайды. Ол үшін, ықтимал сұрақтар беремін — Не себепті осы шокжұлдыз таңдап алдың? — Ол несімен қызықты? — Шокжұлдыздарды ажырату не үшін қажет болды? Салған суреттерінің астына «Ғарышта» қандай аспан денелері бар екенін жазады	

4-минут		
3-минут	Ынталандырушы бағалау жұлдызша арқылы жүзеге асады 6- тапсырма. Ойын әдісі STEM-инженерия. Шығармашылық дағдысы мен белсенді жұмыстарын шыңдау үшін «Шокжұлдызды құрастыр» ойынын ойнатамын Жұлдыздардағы әріптерден «ҒАЛАМШАР» сөзін құрастырады. Қандай шокжұлдыз шыққанын айтқызып, оны дәлелдейді.	
9-минут	 Ынталандырушы бағалау жұлдызша арқылы жүзеге асады 7- тапсырма Топтық жұмыс.(А.Т.) STEM-технология математикамен кіріктірілген. Белсенді жұмыс. Оқушылардың шығармашылық дағдысын жетілдіру. Оқушыларға Ғарышқа саяхат жасау үшін не қажет екенін сұрай отырып, әр түрлі фигуралардан зымыран құрастырту.	

	  Топтық жұмысты жұлдызша арқылы бағалау. Кері байланыс сұрақ жауап арқылы жүзеге асады.	
Бағалау критерийлері	Дескрипторлар - құс тұмсығы арқылы белгіленеді	
Астрономияны ғарыш туралы ғылым ретінде сипаттайды	1.Ғарышты сипаттай алады	
	2.Астрономия нені зерттейтін ғылым екенін біледі	
Жекелеген ғарыштық денелерді атайды, сипаттайды	3.Ғарыш денелеріне қандай денелер жататынын атай алады	
	4. Шоқжұлдыздарды атай алады	
	5.Сурет бойынша ежелгі адамдардың немен айналысқанын айта алады	
	6.Шоқжұлдыздарды құрастыра алады	
	7. Ғарыштың суретін сала алады	
	8. Зымыран құрастыра алады	
	9. Геометриялық фигураларды анықтай алады	
Қосымша ақпарат		
Саралау - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз	Бағалау - оқушылардың білімін тексеруді қалай жоспарлайыз?	Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ-мен құзіреттілігі
Сыныптағы белсенді оқушыларға қосымша тапсырма беру арқылы немесе үлгермей жатқан оқушыға ЖАДА-ны ұсыну Белсенді оқушыларға қазақ ғарышкерлері және жұлдызнама туралы сұрақ беру(Сендер	Ынталандырушы бағалауға жұлдызшалар таратып отырамын 	Математика (сағат, минут, секунд) Көркем еңбек (жер шарының суретін салу) тақырыптарымен байланысады АКТ-ны пайдаланған кезде қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігін ескертіп айтамын Сабак барысында мультфильмдер, бейнематериалдарды интернет ресурстары арқылы қолданамын

ғарышкерлерді білесіндер ме? Жұлдызнама дегенді естулерің бар ма?)	Кері байланысты сұрақ-жауап әдісі арқылы жүзеге асырамын Нақты бағалауға дескрипторларды таратып беріп құс тұмсығымен белгілетемін	
Рефлексия Сабақтың оқу мақсаты шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен бүкіл уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?	Мен бүгінгі сабағымда оқу бағдарламасының талаптарын орындап, оқушылардың қажеттілігін қанағаттандыра алдым деп ойлаймын. Өйткені, оқу мақсатын оқу бағдарламасына сәйкес алдым. Бүгінгі өткен сабақта оқушылар «Ғарыш әлемі» туралы түсінік алды. Ғарыш денелеріне ғаламшарлар, жер серіктері, жұлдыздар жататынын біліп, астрономия - аспан денелерін олардың құрылысын, қозғалысын зерттейтін ғылым екенін білді. Оқушыларым бастауыш сынып болғандықтан, олардың ішкі уәжін ашу мақсатында ынталандырушы бағалауды жұлдызшалар беру арқылы жүзеге асырып отырдым. Оқулықпен жұмыс жүргізіліп, берілген суретті талдап әр оқушы өз ойын ортаға салды. Интернет ресурстарын пайдаланып бейнефильмдер көрсетілді. Сол көргендерін түйіндеу мақсатында «Ізденіс әдісін» пайдаланып «Астрономия» –нені зерттейтін ғылым екенін оқушылар оқулықтан тауып оқыды.Әрбір берілген тапсырмаларда «Белсенді жұмыс» жүзеге асып отырды. Оқушылар «Ғарыш» туралы өз қиялдарынан сурет салып, салған суреттерінің астына бүгінгі сабақта танысқан ғарыш денелерінің атын жазды. Шығармашылық дағдысы мен белсенді жұмыстарын шыңдау үшін «Шоқжұлдызды құрастыр» ойыны арқылы жұлдыздардағы әріптерден «ҒАЛАМШАР» сөзін құрастырды. Саралау шаралары тиімді болды деп ойлаймын, себебі сабақ мақсаты жүзеге асқандықтан оқушылардың барлығы « Ғарыш» туралы түсініп өз ойларын ортаға салса, ал оқушылардың көпшілігі ғарыш денелеріне ғаламшарлар, жер серіктері, жұлдыздар жататынын түсінді. Кейбір оқушылар сабаққа белсене қатысып, астрономия-аспан денелерін, олардың құрылысын, қозғалысын зерттейтін ғылым екенін айтып өз деңгейлерін жоғарыдан көрсете білді.Үлгерімі орта оқушыларға сыныптағы белсенді оқушылар дер кезінде көмек көрсете білді. Сабақ барысында жүргізілген жұмыстардың барлығы оқушы қажеттілігін қанағаттандырып, тапсырмалар өз уақытында орындалды.	

ҚОСЫМША Г

Студенттерге арналған сауалнама

Құрметті студент! Сізден ұсынылып отырған сауалнама сұрақтарына барынша шынайы түрде жауап беруіңізді сұраймыз! Сіздер берген жауаптар ешбір ақпарат көздерінде пайдаланылмайтындығына кепілдік береміз. Статистикалық ақпарат алуға ғана бағытталған және жасырын түрінде жүргізіледі. Бірнеше жауаптарды белгілесеніз болады.

1. Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығын, Сіз не себепті таңдадыңыз?

- а) балалармен жұмыс мен үшін аса қызықты
- ә) мұғалім мамандығы ұнайды
- б) жоғары білім дипломы керек болғандықтан
- в) таңдауым кездейсоқ болды
- г) жауап беруге қиналамын
- д) Сіздің жауабыңыз _____

2. Бастауыш сынып мұғалімі қандай маңызды қасиеттерге ие болуы керек? Маңызды 5 қасиетті атап өтсеңіз.

3. Г. Олпорт пайымдауынша «әлеуметтік зияттылық - бұл «әлеуметтік күш», ол адамдар арасындағы қарым – қатынас қиындықтарын реттей отырып, сәтті түрде әлеуметтік бейімделу». Сіздің пікіріңізше, әлеуметтік зияттылық дегеніміз не? _____

4. «Әлеуметтік зияттылық» ұғымының сіздің болашақ кәсібіңізге, яғни бастауыш мектеп мұғалімі кәсіби іс-әрекетіне байланысы қандай?

- а) әлеуметтік зияттылық педагогикалық қарым-қатынас сәтті болуын қамтамасыз етеді
- ә) ешқандай байланысы жоқ
- б) жауап беруге қиналамын
- в) Сіздің жауабыңыз _____

5. Егерде білім алушы басқалардың тарапынан айтылған ойларды қабылдауға дайын болмаса, онда ол өз ойын да жеткізіп, өткізе алмайды. Сіз пікірталас барысында өзге ойларымен келісіп, белгілі бір тұжырым айтасыз ба әлде өзге ойын қабылдау Сіз үшін қиындық тудырады ма?

- а) әрине, себебі?
- ә) жоқ
- б) кейде, неліктен?
- в) өз жауабыңыз

6. Сіздің пікіріңіз бойынша, «Әлеуметтік зияттылығы дамыған бастауыш сынып мұғалімі» қандай болуы керек?

а) Сіздің жауабыңыз _____

7. Сіздің пікіріңіз бойынша, әлеуметтік зияттылығы дамыған бастауыш сынып мұғаліміне қандай біліктіліктер тән?

а) кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас орнатудың және өзара әрекеттесудің траекториясын құра алу шеберлігі;

ә) өзінің өмірлік, кәсібилік, табиғи, ұйымдастырушылық ресурстарын пайдаланудың әлеуметтік және педагогикалық жаңа тәсілдемелерін жүзеге асыруы және жүйелі орындай алуы;

б) тұлға ретінде өзін-өзі іске қосу, өз мүмкіндіктерінен тыс кеңістікте жасампаздық орнату біліктілігі

в) Сіздің жауабыңыз _____

8. Педагогикалық үрдісте бастауыш сынып мұғалімінің өзараәрекеттестігінде кездесетін қиындықтар қандай деп ойлайсыз?

9. Бастауыш сынып мұғаліміне кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыру үшін қандай білім қажет деп ойлайсыз? _____

10. Сіздің ойыңызша, ЖОО-да оқыған қандай пәндер оқушылардың оқутанымдық іс-әрекеті туралы білімді, әлеуметтік зияттылық дамуына әсер етеді? _____

11. Сіздің ойыңызша, «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту» атты арнайы (электив) курсты өтсеңіз қандай пайда алатын едіңіз?

а) «зияттылық», «әлеуметтік зияттылық» ұғымдары туралы теориялық білім қалыптасады

ә) әлеуметтік зияттылық деңгейінің көтерілуіне қажетті қасиеттер мен сапалар дамиды

б) мұғалімнің кәсіби-маңызды қасиеттерін дамытуға көмектесетін еді

в) Сіздің жауабыңыз: _____

12. Сіздің ойыңызша, әлеуметтік зияттылықты дамыту үшін қандай пән курстарын немесе қосымша іс-шараларды өту маңызды?

13. Сіздің ойыңызша, әлеуметтік зияттылығы дамыған тұлға болу үшін қосымша нені оқу керек? _____